ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАСЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИТЕТ

unesco Kazakhstan National Commission

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАНДЫ МҰРАСЫ – 2024

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасы

2018 - 2023

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАНДЫ МҰРАСЫ – 2024

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасы

2018 - 2023



Жалпы редакцияны басқарған Музафаров Р.Р.

Сарапшылар тобы:
Музафаров Р.Р., Шахгулари В.В., Шайгөзова Ж.Н., Сұрағанова З.Қ., Маулет А., Елеманова С.А., Қожахметов Б.С., Бекқұлова А.Ә., Құрманғалиева М.С., Мамбеков Е.Б.

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасы. - Астана, 2024. – 120 б.

Бұл баяндама Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Конвенцияны іске асыруға арналған. Баяндамада Қазақстанның ұлттық және халықаралық бастамаларды жүзеге асыру аясында МЕММ-ны сақтау мен ілгерілету бойынша атқарған жұмыстары туралы ақпарат берілген, одан бөлек халықаралық қорлар арқылы қаржыландырылатын жобалар да қамтылған. Сондай-ақ ЮНЕСКО-ның бекіткен критерийлеріне сәйкес Конвенцияны іске асыру тиімділігін бағалау нәтижелері ұсынылады. Баяндамада ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміне енгізілген Қазақстанның МЕММ элементтерінің мәртебесі, олардың қазіргі жай-күйі, сақтау перспективалары мен әрі қарай сақталуына әсер ететін ықтимал қауіптер туралы мәліметтер қамтылған.

Қорытынды бөлімде Қазақстанда материалдық емес мәдени мұраны қорғау тетіктерін жетілдіру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және қоғамның МЕММ-нің маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру бойынша ұсынымдар мен тұжырымдар беріледі.

Баяндама мәдениет саласындағы мамандарға, мемлекеттік органдар өкілдеріне, зерттеушілерге және Қазақстанның бірегей мұрасын тереңірек түсініп, оны сақтауға ұмтылатын барлық адамға арналған. Ұсынылған материалдар мәдени дәстүрлерді зерттеу мен насихаттау бағытындағы алдағы жұмыстарға үлес қосып, оларды келешек ұрпаққа жеткізуге ықпал ететініне сенім білдіреміз.

Баяндамада сарапшылар тобы жүргізген далалық зерттеулердің материалдары және ашық дереккөздерден алынған фотосуреттер көрнекілік ретінде пайдаланылды.

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ГЛОССАРИЙ 12

КІРІСПЕ 14

I. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ 21

1.1 Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімі 21

1.2 Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне енгізілген элементтер 22

1.3 ЮНЕСКО қарауындағы МЕММ элементтері 28

1.4 Қазақстан ұсынған МЕММ элементтері жөніндегі Репрезентативтік тізіміне басқа елдерді қосу бойынша өтінімдер 31

1.5 МЕММ-ді қорғаудың үздік тәжірибелері реестрі 32

1.6 Халықаралық көмек. Материалдық емес мәдени мұра қоры 34

1.7 Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізімі 35

1.8 МЕММ-ге қатысы бар өзге де халықаралық келісімдер мен нормативтік құжаттар 38

II. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ (тақырыптық бағыттар мен бағалау критерийлері) 43

2.1 Институционалдық және адами әлеует (1–3 критерийлер) 44

2.2 Ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және білім беру (4–6 критерийлер) 49

2.3 Түгендеу және зерттеулер (7–10 критерийлер) 53

2.4 Саясат, сондай-ақ құқықтық және әкімшілік шаралар (11–14 критерийлер) 59

2.5 Материалдық емес мәдени мұра рөлі мен қоғамда қорғалуы (15-16 критерийлер) 65

2.6 Хабардарлықты арттыру (17-20 критерийлер) 67

2.7 Қауымдастықтардың, топтардың және жеке тұлғалардың, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптардың қатысуы (21–22 критерийлер) 73

2.8 Халықаралық ынтымақтастық (23-26 критерийлер) 76

III. ЮНЕСКО-НЫҢ РЕПРЕЗЕНТАТИВТІК ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРА ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ МӘРТЕБЕСІ 80

IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫМДАР 121



Құрметті оқырман!

Сіздердің назарларыңызға соңғы жылдардағы маңызды зерттеулердің бірі – «Қазақстанның жанды мұрасы» баяндамасын ұсынамыз. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ЮНЕСКО Конвенциясын іске асыру аясында дайындалған.

Тәуелсіздік жылдарында «мәдени мұра» ұғымы айтарлықтай өзгеріп, кеңейді. Бұл процесс ЮНЕСКО ұсынған жаңа тәсілдердің әсерінен одан әрі нығая түсті. Бүгінде мәдени мұра тек тарихи ескерткіштер мен жәдігерлерді ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын дәстүрлер мен құндылықтарды да қамтиды. Оның ішінде халық ауыз әдебиеті, дәстүрлі ән өнері мен ұлттық музыкалық аспаптарда орындау шеберлігі, салт-дәстүрлер мен қолөнерді жасауға қажетті дағдылар ерекше орын алады.

Аталған баяндама – мәдениет пен өнер, білім мен ғылым салаларындағы сарапшылар мен ғалымдардың кәсіби еңбегінің нәтижесі. Зерттеу Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасын сақтаудың ең тиімді тәсілдерін әзірлеуге негіз болды.

Бұл еңбектің басты қозғаушы күші – мәдени мұраның шынайы иелері. Олар халқымыздың мәдени мұрасы ретінде танылған білім мен дағдылардың сақталуы мен қайта жаңғыруында маңызды рөл атқарады. Дәл осы адамдардың өлшеусіз еңбегінің арқасында мәдени мұрамыз сақталып қана қоймай, әрі қарай дамуын жалғастыруда. Бұл – қазақ халқының «жанды мұрасы», оның рухани өзегі.

Біздің міндетіміз – ЮНЕСКО ұсынған әдістер мен құралдарды пайдалана отырып, осы рухани құндылығымызды тек сақтап қалу ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетіміздің әлемдік мәдени мұраның ортақ қазынасына лайықты үлес қосуын қамтамасыз ету.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі
Е. Карин



Құрметті оқырман!

«Қазақстанның жанды мұрасы» баяндамасында Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ЮНЕСКО Конвенциясын іске асырудың негізгі тұжырымдамалық тәсілдері қарастырылады. Оларға заманауи гуманитарлық білім, ЮНЕСКО-ның халықаралық институционалды-құқықтық дискурсы, Қазақстан заңнамасы, сондай-ақ ұлттық ақпараттық және мәдени саясат негіз болады.

Қазіргі халықаралық мәдени тәжірибеде «Intangible cultural heritage» ұғымы кеңінен қолданылғанымен, ЮНЕСКО-ның «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Конвенциясын түсіндіруде осы тұжырымдаманы қабылдау және теориялық негіздеу әр елдің ұлттық ерекшеліктеріне қарай өзгешеленеді.

Аталған баяндамада мәдени мұраның бір бөлігі ретінде қабылданатын тәжірибелер, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін білім мен дағдылар, олармен байланысты құралдар, заттар, артефактілер мен мәдени кеңістіктер талданады.

Зерттеу мәдениет пен өнер, білім және ғылым саласындағы беделді сарапшылар мен ғалымдардың еңбектеріне негізделген. Бұл зерттеу – Конвенция ратификацияланғаннан бері Қазақстанда материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жайлы ортақ түсінік қалыптастыруға арналған алғашқы кешенді еңбек.

Бұл еңбек «Конвенция рухын» көрсетіп, оның нәтижелері Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасын сақтау саясатының тиімділігін арттыруға ықпал ететініне сенімдімін.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі
А. Балаева

АЛҒЫ СӨЗ

Авторлық ұжым осы баяндаманы дайындауға елеулі үлес қосқан барлық жандарға шынайы ризашылығын білдіреді. Әсіресе, ұлттық дәстүрге байланысты дағдылар мен шеберліктердің заманауи қоғамда өзектілігі мен құндылығын сақтауға белсене атсалысып жүрген азаматтарға ерекше алғыс айтамыз.

Бұл – өз ісіне шынайы берілген энтузиастар мен тұтас қауымдастықтар. Олар мәдени мұраны дамыту мен насихаттауға бар күш-жігерін арнап, шеберлік мектептерін ашып, үйірмелер ұйымдастырып, өз тәжірибелерімен бөлісіп келеді. Дәл осы жандардың табанды еңбегінің арқасында біз бүгін киіз үй жасаудың дәстүрлі әдістерін, атбегілердің көктемгі ғұрыптары, домбырада күй тарту өнерін және басқа да ұлттық дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды сақтап қала алдық. Олардың күнделікті еңбегі ұлттың бай мұрасын сақтап қана қоймай, келешек ұрпақтың оны зерттеуге және дамытуға деген құлшынысын оятады.

Сонымен қатар материалдық емес мәдени мұраны сақтау саясатын ілгерілету ісінде қолдау көрсетіп, белсенді атсалысқан Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға шынайы алғысымызды білдіреміз.

БАЯНДАМАНЫ ӘЗІРЛЕУГЕ ҚАТЫСҚАН САРАПШЫЛАР ТІЗІМІ



МУЗАФАРОВ РУСТАМ РАХИМҰЛЫ

Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитеті төрағасының орынбасары



ШАХГУЛАРИ ВАСИЛИЙ ВАЧИКОВИЧ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор. «Молодиум» халықаралық білім беру орталығының директоры, Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитетінің мүшесі



ШАЙГӨЗОВА ЖАНЕРКЕ НАУРЫЗБАЙҚЫЗЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитетінің мүшесі



СУРАГАНОВА ЗУБАЙДА ҚАБИҚЫЗЫ

Тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері



МАУЛЕТ АРДАБИ

Өнертану ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институтының Қазақтың дәстүрлі мәдениеті бөлімінің жетекшісі

БАЯНДАМАНЫ ӘЗІРЛЕУГЕ ҚАТЫСҚАН САРАПШЫЛАР ТІЗІМІ



ЕЛЕМАНОВА САИДА АБДРАХИМҚЫЗЫ

Өнертану ғылымдарының докторы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының музыкатану және композиция кафедрасының профессоры, мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитетінің мүшесі



ҚОЖАХМЕТОВ БАҚТИЯР САПАРБЕКҰЛЫ

«Ұлы Тағзым» қоғамдық қорының атқарушы директоры. Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитетінің мүшесі



БЕККҰЛОВА АЙЖАН ӘБДІМАНАПҚЫЗЫ

Қазақстан қолөнершілер одағының төрағасы, Бүкіләлемдік қолөнершілер кеңесінің/APR құрметті мүшесі және кеңесшісі,
Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитетінің мүшесі



МАМБЕКОВ ЕВФРАТ БАҒДАТҰЛЫ

Педагогика ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік антрополог, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, Қазақстанның өнер сыншылары гильдиясының төрағасы, Халықаралық Тәңірді зерттеу қорының басқарма мүшесі, мәдениет шеберлерінің Халықаралық Консультативтік кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының сарапшысы, Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитетінің мүшесі



ҚҰРМАНҒАЛИЕВА МЕРУЕРТ САНАТҚЫЗЫ

Өнертану ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық өнер университетінің «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, Евразиялық «Atamder» қауымдастығының (Түркия) Қазақстандағы мәдениет саласындағы өкілі. Халықаралық Тәңірді зерттеу қорының (Саха Республикасы) мүшесі. Қазақстан композиторлар одағының тең құрылтайшысы және мүшесі. Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитетінің сарапшысы

ҚЫСҚАРТУЛАР

ЮНЕСКО	Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.
ИСЕСКО	Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымы
КММ	Коммуналдық мемлекеттік мекеме
ҚР СІМ	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ЖАО	Жергілікті атқарушы орган
ҚР МАМ	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҚР ҒжЖБМ	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ОАМ	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
ҚР ТжСМ	Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі
МЕММ	Материалдық емес мәдени мұра
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйым
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ОМО	Орталық мемлекеттік органдар
ЖН	Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияны орындау жөніндегі жедел нұсқаулық (2022 жылғы басылым)
СОМ шешімі	МЕММ-ды қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитеттің 24 қатысушы-мемлекет қабылдайтын шешімдері

ГЛОССАРИЙ

Материалдық емес мәдени мұра элементтері – әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, көрініс пен өрнек формалары, білім мен дағдылар, сондай-ақ оларға қатысты құралдар, заттар, артефактілер мен мәдени кеңістіктер. Бұлар қауымдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жеке тұлғалардың арқасында олардың мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде танылып, тарихи және мәдени маңызға ие болған. Бұл ұғым 1990 жылдары материалдық мәдениетке баса назар аударатын Әлемдік мұра тізімінің баламасы ретінде ұсынылған. ЮНЕСКО болашақ ұрпақ үшін осы жаһандық мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға ұмтылады.

Элементтерді сақтаушылар мен қауымдастықтар – жергілікті және этникалық қауымдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жеке тұлғалар. Олар материалдық емес мәдени мұраны қалыптастыру, сақтау және қайта жаңғырту ісінде маңызды рөл атқарады, мәдени әртүрлілікті байытып, адамның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Материалдық емес мәдени мұра элементтерін қорғау олардың қатысуынсыз және тиісті міндеттемелерді қабылдаусыз мүмкін емес.

Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізімі – ЮНЕСКО-ның «Ауызша және материалдық емес мәдени мұра жаһарлары» бағдарламасы аясында жасалған тізім. Тізімнің мақсаты – материалдық емес мәдени мұраға назар аударып, оны қорғау мен дәріптеуге ықпал ету.

Конвенция домендері – материалдық емес мәдени мұра элементтері көрініс табуы мүмкін негізгі бағыттар. Атап айтқанда, ауызша дәстүрлер мен өрнек формалары, оның ішінде материалдық емес мәдени мұра тасымалдаушысы ретінде тіл, орындаушылық өнер, әдет-ғұрыптар, рәсімдер, мерекелер, табиғат пен ғаламға қатысты білім мен әдет-ғұрыптар, дәстүрлі қолөнерге байланысты білім мен дағдылар. Материалдық емес мәдени мұра элементтері көбінесе осы көрсетілген бірнеше бағыттарға сәйкес келеді. Мысалы, рәсім ауызша өрнектерді, биді, музыканы және табиғат туралы білімдерді қамтып, Конвенцияда аталған төрт бағытқа жатуы мүмкін.

Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің тізімі – халықтың материалдық емес мәдени мұрасы туралы деректер банкін қамтитын ақпараттық жүйе. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясына сәйкес, әрбір қатысушы мемлекет оларды қорғау мақсатында өз аумағындағы материалдық емес мәдени мұра элементтерінің бір немесе бірнеше тізімін жасайды. Бұл тізімдер жүйелі түрде жаңартылып отырады және Конвенцияны ратификациялаған әрбір мемлекет осы тізімдер туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Мәдени кеңістіктер – материалдық емес мәдени мұра элементтерімен ерекше байланысы бар ғимараттар, қоғамдық орындар немесе табиғи аймақтар. Олар қауымдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жеке тұлғалар мойындаған мәдени мұраның бір бөлігі ретінде танылатын әдет-ғұрыптармен, өрнек формаларымен, білімдерімен және дағдылармен байланысты. Мәдени кеңістіктер МЕММ элементінің тәжірибесімен байланысы тұрғысынан ғана құрамдас бөлігі болғанымен жеке-дара мәдени мұра элементтері болып саналмайды. Кейбір материалдық емес мәдени мұра элементтерінің жүзеге асырылатын сакралды ландшафттар мен «күш орындары» да мәдени кеңістікке жатуы мүмкін.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғау – материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданатын шаралар. Оларға оның идентификациясы, құжаттандырылуы, зерттелуі, сақталуы, қорғалуы, насихатталуы, рөлін арттыру, мәдени құндылықтардың берілуі (негізінен формальды және бейресми

білім беру арқылы), сондай-ақ мұраның әртүрлі аспектілерінің қайта жаңғыруы жатады. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитеті – Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесетін, оның орындалуын қолдайтын және мониторинг жүргізетін атқарушы орган. Комитет материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың ең үздік тәжірибелері бойынша кеңес береді, қорғау шаралары бойынша ұсыныстар әзірлейді, сондай-ақ қатысушы мемлекеттер ұсынған баяндамалар мен өтінімдерді қарайды. Үкіметаралық комитет Бас Ассамблеяға бағынады және өз қызметі мен шешімдері туралы есептер ұсынады. Комитет құрамына 18 мүше мемлекет өкілдері кіреді.

Конвенцияның хатшылығы – материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитетке көмек көрсететін орган. Хатшылық Бас Ассамблея мен Комитет отырыстарының күн тәртібін дайындайды, құжаттарды әзірлейді және қабылданған шешімдерді іске асырады.

Қатысушы мемлекеттердің баяндамалары (мерзімді есептер) – Комитетке қатысушы мемлекеттер ұсынатын құжаттар. Олар Комитет белгілеген формада және мерзімдерде ұсынылады және Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында қабылданған заңнамалық және нормативтік ережелер немесе басқа да шаралар туралы мәліметтерді қамтиды.

Хабардарлықты арттыру – адамдарды, соның ішінде тиісті қауымдастықтардың мүшелерін, материалдық емес мәдени мұра құндылықтарын мойындауға, құрметтеуге және оның өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауға ынталандыру. Бұл сонымен қатар Конвенция туралы хабардарлықты арттыруды да қамтиды. Хабардарлықты арттыруға әртүрлі тараптар – мемлекет, қауымдастықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес және басқа да ұйымдар, оқытушылар мен жеке сектор үлес қоса алады.

Идентификациялау және анықтау (МЕММ қорғау шаралары ретінде) – оған атау беру, оның контекстіндегі қысқаша сипаттамасын жасау және оны басқа элементтерден ажырату. Егер идентификация МЕММ элементінің қысқаша сипаттамасын білдірсе, анықтау белгілі бір уақыттағы толық сипаттамасын қамтиды. МЕММ-ді идентификациялау және анықтау мүдделі қауымдастықтар мен топтардың, сондай-ақ тиісті үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс.

Түгендеу (инвентаризация) – МЕММ элементтері туралы ақпаратты жүйелі түрде жинау және ұсыну. Конвенцияға қатысушы мемлекеттер тізімдерді өздеріне ыңғайлы кез келген әдіспен ұйымдастыра алады. МЕММ тізімдері толық болуы және үнемі жаңартылып отыруы тиіс. Тізімдеу мүдделі қауымдастықтармен, топтармен және тиісті ҮЕҰ-мен тығыз ынтымақтастықта жүргізілетін идентификациялау және анықтау процесіне негізделуі қажет.

КІРІСПЕ

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (бұдан әрі – ЮНЕСКО). ЮНЕСКО білім, ғылым, мәдениет, коммуникация және ақпарат саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді. Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ға 193 мемлекет мүше және оның құрамында 2 300-ден астам қызметкер жұмыс істейді. Ұйым бүкіл әлем бойынша 2 000-нан астам қорғауға алынған дүниежүзілік мұра объектілерін, биосфералық қорықтарды, ғаламдық геопарктерді, шығармашылық қалалар мен инклюзивті және тұрақты дамуға бағытталған білім беру желісін үйлестіреді. Сонымен қатар құрамына 13 000-нан астам қауымдастырылған мектептер, университет кафедралары, білім беру және зерттеу мекемелері кіреді. ЮНЕСКО-ның 54 елде өкілдіктері бар, штаб-пәтері Францияның астанасы Париж қаласында орналасқан.

Мұраны қастерлеу – оны сақтаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар оны келер ұрпаққа аманат ету. Бұл жастардың өз мұрасын танып, мақтан тұтып, әрі қарай дамытуына мүмкіндік беру деген сөз.

Бас директор Одрэ Азуле, ЮНЕСКО-ны 2017 жылдан бері басқарады.

Эпостар мен ауызша аңыздар, дәстүрлі ойындар, қолөнер, музыка мен би, спорттық жарыстар, аспаздық өнер, әдет-ғұрыптар мен рәсімдер – бұлардың барлығы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан материалдық емес мәдени мұрамыздың бір бөлігі ғана. Жаһандану үдерісінің күшеюімен осы мәдени мұра элементтерінің кейбірінің жойылып кету қаупі артып келеді. ЮНЕСКО бұл құнды мұраны қорғау мақсатында қатысушы мемлекеттердің қауымдастықтарымен бірлесе жұмыс істейді.

Ұзақ уақыт бойы мәдениетті қорғау тек ескерткіштерді, символдық мүсіндер мен нысандарды сақтау ісімен шектеліп келді. ЮНЕСКО мәдени мұраны түсіну аясын кеңейтіп, мемлекеттік саясаттың дәстүрлер мен халықтардың «Жанды мұрасының» сақталуына ықпал етті. 2003 жылы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенция қабылданып, мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын мойындай отырып, мемлекеттердің осы саладағы күш-жігерін біріктіруге жол ашылды.

ЮНЕСКО-ның басты басымдықтарының бірі – халықты өздерінің жанды мұрасын құжаттауға және зерттеуге жұмылдыру, осылайша бұл дәстүрлердің келешек ұрпаққа берілуіне ықпал ету. Қабілеттілікті арттыруға бағытталған арнайы бағдарламалар адамдардың осы мұраны меңгеріп, тәжірибелі маман ретінде дамуына мүмкіндік береді.

Құрамына 24 елдің өкілдері ротация тәртібімен кіретін ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитеті (Қазақстан 2018-2022 жылдары Комитет құрамына сайланды) әлемдік деңгейде маңызды мәдени құндылықтарды қорғау тиімділігін арттыру және олардың адамзат үшін маңыздылығы туралы хабардарлықты күшейту мақсатында материалдық емес мәдени мұра тізіміне жаңа мәдени тәжірибелерді тіркеуді жалғастырып келеді.

ЮНЕСКО-ның міндеті – осындай мәдени элементтерді, әсіресе аз қамтылған елдерде, барынша сақтап қалу арқылы қауымдастықтарға қолдау көрсету және мәдени тәжірибелердің келешек ұрпаққа берілуін қамтамасыз ету. Ғаламдық деңгейде бұл білімдерді қазіргі заманның өзекті мәселелерін шешу үшін тиімді пайдалануға болады. Себебі, «Жанды мұра» XXI ғасырда адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру мен әлеуметтік байланыстарды нығайтуға қатысты болып жатқан сын-қатерлердің жауабын табуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасы (бұдан әрі – МЕММ) – ұлттық мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі, ұлттық руханияттың өзегі.

Бұл мұра ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайтып, Қазақстанның мәдени дамуы жолында шешуші рөл атқарады.

2011 жылғы 21 желтоқсанда Қазақстан 2003 жылғы ЮНЕСКО Конвенциясын ратификациялады. Конвенцияға қосылу Қазақстан Республикасында Материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту тұжырымдамасымен (Қазақстан Үкіметі 2013 жылғы сәуірде қабылдаған), Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңымен (2006 жылғы 15 желтоқсанда қабылданып, кейін толықтырылған) және Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңымен (2019 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған) қолдау тапты.

Ұлттық заңнама Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігін (бұдан әрі – ҚР МАМ) материалдық емес мәдени мұраны қорғау және ілгерілету жұмыстарын үйлестіруші орган ретінде бекітті. Бұл іс-шаралар Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясымен, сондай-ақ Қазақстанның Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитетімен бірлесе жүзеге асырылуы тиіс.

ҚР МАМ материалдық емес мәдени мұра элементтерін қорғау және ілгерілету бойынша іс-шараларды қамтамасыз етеді, Ұлттық тізімге енгізілген элементтердің статусын бақылауды жүзеге асырады, материалдық емес мәдени мұра мамандарын даярлайды, ЮНЕСКО-ға есептер дайындап, ұсынады. Сондай-ақ ҚР МАМ Ұлттық тізімді жүргізу және жаңарту, оның ішінде жаңа элементтерді қосу және тұрақты жаңарту рәсімдерін іске асыруға жауапты.

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне номинацияларды енгізу жұмысын үйлестіреді, сондай-ақ Конвенцияны жүзеге асыруға халықаралық және ұлттық сарапшыларды тартуға ықпал етеді.

Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі Ұлттық комитет басқа елдердің Конвенцияны жүзеге асырудағы табысты тәжірибелерін зерттеп, оларды енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар береді, сондай-ақ Ұлттық тізім мен Бүкіләлемдік мұра тізіміне ұсынылатын номинацияларды қарайды. Комитет материалдық емес мәдени мұра тасымалдаушыларының, практиктері мен қауымдастықтарының қорғау, дамыту және білім мен дағдыларды беру шараларын ұйымдастыруға жауапты.

Бұл баяндамада ратификацияланған Конвенция аясында Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласындағы қызметіне кешенді шолу жасалынды.

Аталған баяндамада 2018-2023 жылдар аралығында материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласында практиктердің, мемлекеттік органдардың және жеке сектор өкілдерінің бірлесіп атқарған жұмыстарын қарастырады. Мұнда 2016 жылы дайындалған алдыңғы есептен бері қоғамдық басқару органдары мен Ұлттық комиссияның бастамасымен қолға алынған немесе қолдау тапқан шаралар қамтылған. Сонымен қатар осы салаға тартылған қауымдастықтар, топтар және жеке тұлғалар жүзеге асырған сақтау іс-шаралары да баяндалады.

Жақында Ұлттық тізімге өзгерістер енгізу тәртібі қайта қаралып, қазіргі уақытта жаңартылған Ұлттық тізімге 79 элемент енгізілді. Үкімет «Туған жер» ұлттық жобасы, арнайы оқу бағдарламасы, «Өлкетану» пәнінің оқу жоспары мен оқулықтары сияқты бастамалар арқылы материалдық емес мәдени мұраның маңыздылығы туралы халықтың хабардарлығын арттырды. «Қазақстанның сакралды жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен тығыз байланысты ұлттық маңызы бар 200-ден астам киелі ескерткіш пен 580-ге жуық жергілікті нысан қалпына келтіріліп, сақталды. Шеберлер мен қолөнершілерді қолдауға бағытталған бастамалар да енгізілді, оның ішінде дағдыларды үйрету мен қаржылық ынталандыру шаралары бар.

Осы жобалар мен іс-шаралардың мысалдары баяндаманың келесі бөлімдерінде егжей-тегжейлі қарастырылған. Құжатты дайындау барысында барлық мүдделі тараптардың, соның ішінде стратегиялық даму басымдықтары мен білім беру бағдарламалары туралы ашық ақпараттар кеңінен ескерілді.

Бұл баяндама Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі 2003 жылғы

Конвенцияны іске асыруға жауапты және мерзімдік есепті әзірлеу жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық комитет өкілдерінен құралған сарапшылар тобымен әзірленді.

ЮНЕСКО-ға ұсынылған Мерзімдік есепті әзірлеу мен мониторинг жүргізу мақсатында Мәдениет және ақпарат министрінің жетекшілігімен ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды. Бұл топ есепті дайындау барысында деректерді жинау, серіктестерді тарту және қажетті сұхбаттарды ұйымдастыру ісінде маңызды қолдау көрсетті.

Жұмыс тобының құрамына келесі мемлекеттік органдардың вице-министрлері кірді:

- Сыртқы істер министрлігі;
- Оқу-ағарту министрлігі;
- Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- Туризм және спорт министрлігі;
- Әділет министрлігі.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі кең көлемді аудиторияны қамту мақсатында онлайн және офлайн форматта бірқатар талқылаулар ұйымдастырды. Бұл кездесулерде мерзімдік есепке қатысты өзекті мәселелер қаралып, барлық мүдделі тараптар арасында пікір алмасу жүргізілді. Сонымен қатар есептің мазмұнын толықтыруға қажетті ақпаратты жинау үшін арнайы сауалнамалар әзірленіп, оларды толтыруға жәрдем көрсетілді. Бұл консультациялар есепті сапалы дайындауға елеулі үлес қосты.

ҚР Сыртқы істер министрлігі материалдық емес мәдени мұраны қорғауға ықпал ететін халықаралық келісімдер мен шарттар туралы ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, есепті әзірлеуге белсенді қатысты. Өзге мемлекеттік органдар да өз құзыреті шеңберінде МЕММ-ды қорғау және оның маңыздылығы туралы ақпараттандыру бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде деректер ұсынды.

Есепті дайындау барысында **Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы** да маңызды рөл атқарды. Жүктелген міндеттер аясында МЕММ-ды қорғауға бағытталған іс-шаралар туралы ақпарат берді. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитет аталған салаға қатысы бар мекемелер, қауымдастықтар мен МЕММ сақтаушылары арасында үйлестіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ консультативтік кездесулер, жиналыстар мен онлайн сауалнамалар арқылы қажетті деректерді жинақтады. Бұдан бөлек, басқарушы органдар мен МЕММ қауымдастықтарының өкілдері арасында тұрақты онлайн кездесулер ұйымдастырылып отырды. Ұлттық комитет жанынан арнайы сарапшылар тобы құрылып, олар МЕММ-ды қорғау бойынша оң тәжірибелерді зерделеп, еліміздің әр аймағындағы МЕММ элементтерінің жай-күйіне талдау жүргізді. Бұл зерттеулер Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО алдындағы халықаралық міндеттемелерін орындау барысын бағалауда және МЕММ-ның жалпы жағдайын сипаттауда маңызды рөл атқарды.

Этномәдени орталықтар тікелей есеп бөлімдерін дайындауға қатыспаса да, маңызды ақпарат көзі болды. Дәстүрлі музыкалық аспаптарда орындайтын ұлттық өнер қайраткерлерінің қауымдастықтары (күйшілер, айтыскерлер және т.б.), халық билері мен дәстүрлі рәсімдік қойылымдардың орындаушылары, ұлттық спорт жарыстары мен дәстүрлі ойындардың шеберлері материалдық емес мәдени мұра элементтерінің өмір сүруі, олардың таралуы мен дағдылардың берілуі туралы деректердің қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты. Бұл қауымдастықтардың басым бөлігі ұлттық орталықтар мен өңірлік қауымдастықтарды қамтитын жүйеге біріктірілген.

Елдің материалдық емес мәдени мұрасын сақтау мәселелерінде ғылыми-зерттеу институттары маңызды рөл атқарады. Олар өз қызметі аясында МЕММ элементтерін зерттеу, насихаттау және жаңғырту жұмыстарымен айналысады. Атап айтқанда, есепті дайындауға келесі мекемелер қатысты:

- Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Алматы);
- М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы);

- Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (Алматы);
- Мемлекет және құқық институты (Астана);
- ЮНЕСКО аясындағы Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығы (Алматы);
- Қазақстандық қоғамдық даму институты (Астана).
- Сараптамалық топтың құрамына еліміздің келесі ұлттық университеттерінің өкілдері енді:
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы);
- Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы);
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы);
- Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана).

Музей коллекцияларын этнографиялық дереккөз ретінде пайдаланудың маңыздылығы баршаға мәлім. Музейде жинақталған этнографиялық коллекциялар халықтың дәстүрлі мәдениетін көрнекі түрде сақтап, оны зерттеу арқылы соңғы онжылдықтардағы халықтық дәстүрлердің трансформациясын байқауға мүмкіндік береді. Бұл этнографиялық коллекциялар халықтардың материалдық және рухани мұрасы туралы құнды ақпараттарды қамтиды, сондай-ақ ақпараттар этнографтар, тарихшылар, археологтар, мәдениеттанушылар және басқа да зерттеушілер тарапынан сұранысқа ие. Түрлі музей коллекцияларының көмегімен өңір халқының археологиясы, тарихы және мәдениетіне қатысты мәселелерді терең зерттеуге болады.

2022 жылы Прагада өткен Бас Ассамблеясында ICOM (ЮНЕСКО аясындағы Халықаралық музейлер кеңесі) келесі анықтаманы ұсынды: музей (лат. museum – музалар ғибадатханасы) – қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени институт. Ол белгілі бір қағидаттарға сәйкес тарихи-мәдени мұраның жылжымалы және жылжымайтын ескерткіштерін жинау, сақтау, зерттеу және көрсету арқылы оларды қорғауға және ортақ рухани құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл құндылықтар идеялар, ұжымдық тәжірибе, әлеуметтік жады және ғылыми білім түрінде көрініс табады. Сонымен қатар музей әлеуметтенудің, тәрбиенің, білім берудің, танымның, жеке және топтық өзін-өзі анықтаудың, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудің маңызды құралы саналады.

Осыған байланысты музейлер материалдық емес мәдени мұраны қорғау және оның әлеуетін арттыру ісінде, ұлттық және жергілікті деңгейде маңызды рөл атқарады. Есепті дайындау барысында келесі музейлердің материалдары мен деректері пайдаланылды:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі (Астана);
- Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі (Алматы);
- «Ұлытау» ұлттық музей-қорығы (Ұлытау);
- Шығыс Қазақстан, Орталық Қазақстан, Батыс және Оңтүстік Қазақстанның өңірлік өлкетану музейлері.

Қазақстанның әрбір өңірлік тарихи және өлкетану музейлеріндегі этнографиялық коллекциялар тарихшылар, мұражайтанушылар, мәдениеттанушылар үшін ғылыми зерттеулердің маңызды дереккөзі болып табылады. Бұл коллекциялардың жасақталуы жоғары оқу орындарының мамандандырылған білім беру бағдарламаларымен тығыз байланысты және тарихтың әртүрлі ғылыми бағыттарын қамтитын материалдарды өзіне енгізеді. Музейлердегі этнографиялық коллекциялар тек ғалымдар мен музей мамандары үшін ғана емес, сонымен қатар этномәдени бірлестіктерді қоса алғанда, көптеген қоғамдық ұйымдар үшін де құнды. Бұл коллекциялар арқылы халық мәдениетінің трансформациясын байқауға, дәстүрлі тұрмыс пен мәдениеттің ерекшеліктерін белгілеуге, сондай-ақ белгілі бір уақыт кезеңінде орын алған өзгерістерді анықтауға болады. Этнографиялық музей қорлардың құндылығы олардың құрамындағы жекелеген тұрмыстық және шаруашылық заттарының кейбір этникалық ерекшеліктерді сақтап қалуымен де байланысты. Көптеген артефактілер қазіргі уақытта тұрмыста қолданылмаса да, музей коллекциялары арқылы оларды көруге және зерттеуге мүмкіндік береді.

Қатысушы музейлер өз қызметі туралы ақпарат ұсынды, оның ішінде халықтың

хабардарлығын арттыру және дәстүрлі білімді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатында семинарлар ұйымдастыру, сондай-ақ материалдық емес мәдени мұраның әртүрлі салаларындағы иегерлері мен иелерінің қатысуымен театрландырылған қойылымдар көрсету шаралары бар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде мәдени мұраны зерттеумен айналысатын Ғылыми-зерттеу институтының жұмыс істейтін негізгі бағыттары:

- қазақтардың дәстүрлі мәдениетін зерттеу;
- мәдени мұраны ғылыми және цифрлық құжаттау;
- қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерттеу, насихаттау және сақтау.

Музейде сегіз бөлімнен тұратын, қазақ халқының материалдық емес мәдени мұра элементтері ұсынылған, қолөнершілер және аудио аймағы бар «Материалдық емес мәдени мұра» залы құрылған.

Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі ғылыми-зерттеу, реставрациялық және білім беру қызметімен айналысады. Музей қызметкерлері жыл сайын мәдени мұра, соның ішінде материалдық емес мәдени мұра саласында халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырады.

Музейде Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерін зерттейтін ғылыми орталық жұмыс істейді. Бұл орталық қазақ халқының қолданбалы өнеріндегі этно-стильдің негізгі қағидаларын, әртүрлі материалдарды өңдеудің дәстүрлі техникаларын, сондай-ақ халық өнерінің түрлік және өңірлік ерекшеліктерін анықтау мәселелерін зерттейді.

Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қазақтың аспаптық музыкасы саласында ғылыми және тәжірибелік жұмыстар жүргізеді. Музей жанында дәстүрлі қазақ музыкалық аспаптарын жасайтын белгілі шеберлерден (Ж. Тұрдығұлов, Н. Оханов, Е. Рақымбеков, М. Әділов және т.б.) құралған Шеберлер кеңесі жұмыс істейді. Музей «Аңыз Домбыра» республикалық музыкалық аспап жасау шеберлері байқауының бастамашысы. Бұл байқау жас қолөнершілердің музыкалық аспап жасау шеберлігін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылады.

Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығында бірнеше бөлім бар. Материалдық емес мәдени мұраны сақтау және зерттеу мәселелерімен қазақ этнографиясы, этнография (этностар мен аз санды этнотоптар), сондай-ақ сәндік-қолданбалы өнер бөлімдері айналысады. Музей құрамында ашық аспан астындағы сәулет және тұрмыс этнографиялық кешені орналасқан. Жалпы аумағы 10 гектарға жуық бұл кешенде XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың ортасына жататын түрлі халықтардың 17 қонысы қалпына келтірілген. Олардың барлығы архивтік материалдар мен ғылыми деректер негізінде қайта жасалған. Этнографиялық кешен құрамына «Шеберлер қаласы» да кіреді. Бұл бес павильоннан тұратын ерекше сәулеттік нысан. Сонымен қатар фибробетоннан жасалған заманауи технологиялық киіз үйлер бар, олардың бірі оқу тренингтерін өткізуге арналған. Мұнда көрмелер, қолөнершілер жәрмеңкелері, шеберлік сабақтары мен тренингтер ұйымдастырылады. Музей жанында қолөнершілерге арналған Ресурстық орталық та жұмыс істейді.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрылымында дәстүрлі қазақ қолөнерін дәріптейтін «Дәстүр» галереясы жұмыс істейді, онда шеберлік сабақтары өткізіледі. Сонымен қатар музейдің «Археология және этнография» бөлімі аймақтағы материалдық емес мәдени мұра элементтеріне зерттеу экспедицияларын жүргізеді, соның ішінде жедел қорғауды қажет ететін элементтерді зерттеу жұмыстары да бар.

Маңғыстау тарихи-мәдени музей-қорығы ғылыми-зерттеу, реставрация және білім беру қызметімен айналысады. 2018 жылы музей «Маңғыстау облысының материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұрасы» (этнографиялық, этно-археологиялық, этимологиялық, топонимикалық, тарихи-архитектуралық, археологиялық зерттеулер) атты кешенді экспедиция ұйымдастырды. Экспедиция «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілді. Зерттеу барысында Маңғыстаудың киелі орындары мен оларды құрметтеу дәстүрі терең зерттелді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінде елдің тарихи-мәдени мұрасының құнды құжаттары сақталған. Ұлттық архивтің негізгі мақсаты – рухани және білім беру кеңістігін дамыту, мәдени мұраны зерттеу, сақтау, қалпына келтіру және тиімді пайдалану. Жыл сайын Ұлттық архивте тарихи-құжаттық, тарихи-көркем, тақырыптық көрмелер мен ақпараттық іс-шаралар өткізіледі. Олардың қатарында ғылыми және ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, деректі және анықтамалық-ақпараттық басылымдардың тұсаукесерлері, соның ішінде материалдық емес мәдени мұраға қатысты шаралар бар. 2022 жылы Ұлттық архив бастамасымен этнограф А. Диваев жазып алған қазақ фольклорының араб қарпіндегі сирек кездесетін жазбалары қазақ тіліне аударылды.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві материалдық емес мәдени мұраның әртүрлі салалары бойынша материалдарды, соның ішінде түрлі жылдардағы экспедициялық зерттеулердің деректерін сақтайды. Архив жүйелі түрде фотокөрмелер ұйымдастырады, олардың ішінде материалдық емес мәдени мұра элементтеріне арналған көрмелер де бар: «Көктем мерекесі – Наурыз» (09.04.2021), «Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы» (05.03.2021), «Наурыз мейрамы құтты болсын!» (22.04.2020) және басқа да шаралар.

Қазақстан Республикасының ұлттық спорт қауымдастығы дәстүрлі спорт түрлері мен ұлттық ойындарды дамытатын 15-тен астам федерацияны біріктіреді. Олардың қатарында көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату, құсбегілік, бәйге, асық ату, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындар бар. Қауымдастық дәстүрлі спорт түрлерінің қазіргі жағдайы туралы кең көлемді ақпарат ұсынды.

Сазгерлер және күйшілер одағы дәстүрлі музыка мен музыкалық аспаптар жайында мәлімет берді. Халықаралық айтыскерлер, жыршылар және терме орындаушылар одағы Қазақстандағы айтыстың қазіргі мәртебесіне қатысты ақпаратпен бөлісті.

Қазақстанның ЮНЕСКО клубтары федерациясы шығармашылық мектептерді материалдық емес мәдени мұраны насихаттау және сақтау ісіне тарту жөніндегі жұмыстар туралы мәлімет ұсынды.

Қазақстан қолөнершілер одағы қолданбалы өнер шеберлерін, өнертанушыларды және халық қолөнершілерін біріктіреді. Одақ Қазақстандағы дәстүрлі қолөнерді сақтау және дамыту, қолөнершілер мәртебесін көтеру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы, сондай-ақ материалдық емес мәдени мұра аясындағы бастамалар мен 8 аймақтағы өкілдіктерінің (Ақтау, Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Түркістан) және Алматы қаласында орналасқан Бас кеңсесінің қызметі жөнінде ақпарат ұсынды.

Жергілікті атқарушы органдар:

Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері материалдық емес мәдени мұра туралы қоғамның хабардарлығын арттыру және оны қорғау шаралары бойынша ақпарат ұсынды.

ЮНЕСКО-ға мерзімді есеп барлық облыстық әкімдіктердің және республикалық маңызы бар қалалар – Астана, Алматы, Шымкент әкімдіктерінің белсенді қатысуымен әзірленді.

Аталған 10 облыстың әкімдіктері материалдық емес мәдени мұраны қорғауға қатысты ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, мүдделі қауымдастықтардың сарапшылары, жекелеген МЕММ тасымалдаушылары мен практиктерін қамтитын жұмыс топтарын құрды.

ЮНЕСКО-дан аккредитациядан өткен ҮЕҰ

Ұлытау облысында орналасқан «Ұлы Тағзым» қоғамдық қоры 2003 жылғы Конвенцияның Үкіметаралық комитеті жанындағы аккредитациясын алған сәттен бастап, материалдық емес мәдени мұра иегерлері мен қауымдастықтары арасындағы желілік өзара іс-қимылды дамытуда маңызды рөл атқарып келеді.

Аталған ҮЕҰ, ЮНЕСКО ICHCAP (Корея) жобасы аясында 2021-2022 жылдары Жібек жолының жергілікті фестивальдеріне қатысты екі зерттеуді жүргізуге Ұлттық

комитетке қолдау көрсетті. Есепті кезеңде төрт қазақстандық фестиваль ЮНЕСКО ІСНСАР жергілікті фестивальдер тізіміне енгізілді: «Қазақ жылқышыларының көктемгі дәстүрлері», «Көшпенділер әлемі», «Spirit of Tengri», «Tup turkinin torge ozdyrgan Mangystau».

2023 жылы «Ұлы Тағзым» қоры ЮНЕСКО ІСНСАР қолдауымен ЮНЕСКО-ның цифрлық платформасына енгізу үшін МЕММ элементтерін креативті таныстыруға арналған ұлттық байқау ұйымдастырды. Байқауға 101 жоба тіркелді.

Сонымен қатар «Ұлы Тағзым» ҚҚ ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енген «Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі әдет-ғұрыптары» элементін Қазақстанның бес облысында және Түркиядағы қазақ диаспорасы арасында ілгерілету және насихаттау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

I. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

1.1 Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімі

ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясының халықаралық механизмдерінде Қазақстанның белсенділік танытуы халықаралық ынтымақтастықтың тиімді платформасына айналуының стратегиялық, мәдени және әлеуметтік аспектілерде МЕММ-ді сақтау мен таратуда маңыздылығы артуда. Бұл Қазақстанның жаһандық мәдениаралық диалогқа белсенділігі мен мәдени байлығының артуына ролін көрсетеді, үн қосу, ал оған Қазақстанның қосар үлесі салмақты әрі маңызды.

Мәдени мұраны қорғаудың халықаралық механизміне Қазақстанның қатысуы бай мұрасы бар ел ретіндегі беделін әлемдік қауымдастықтар алдында арттырып қана қоймай, ЮНЕСКО аясындағы жобаларға қатысу үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Бұл басқа мемлекеттермен және қауымдастықтармен тәжірибе алмасуға, көршілес елдермен мәдени байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Мәселен, ортақ көшпелі өркениеті бар елдер ЮНЕСКО тізіміне трансмемлекеттік номинациялар ретінде ұсынуына болады. Ұлттық элементтердің ЮНЕСКО тізіміне енуі салт-дәстүрлердің мәртебесін көтеріп, халықтың мақтанышына айналады.

Конвенцияның екі тізімі және бір реестрі бар:

- Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімі (Шұғыл қорғау тізімі)
- Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізімі (Репрезентативтік тізім)
- Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың үздік тәжірибелері реестрі.

Қатысушы мемлекеттер МЕММ элементтерін Конвенция тізіміне ұсынады. Ұсынылған элементтер мүдделі қауымдастықтар толықтай қарап дайындап, келісім бергеннен кейін тізімге енгізіледі. Номинацияларды Конвенцияның кез келген тізіміне жолдауға болады. Бірақ МЕММ-нің мазмұнына және сипаттамасына байланысты элемент бір ғана тізімге енгізілуі мүмкін.

Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізімі (List of Intangible Cultural Heritage in Need of Urgent Safeguarding) – ЮНЕСКО-ның өзі жасайтын тізім. Оған жоғалу қаупі төніп тұрған материалдық емес мәдени мұра элементтері енгізіледі. Бұл тізім бірегей салт-дәстүрлерді қорғауға және сақтауға халықаралық қауымдастықты жұмылдыруға ықпал етеді.

Шұғыл қорғауды қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізу критерийлері.

Қатысушы мемлекеттер ұсынатын номинациялық құжатта **шұғыл қорғау тізіміне** енгізуге ұсынылған элементтің төмендегідей критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

1. Элемент Конвенцияның 2-бабында көрсетілген материалдық емес мәдени мұра ұғымымен сәйкес келуі керек.

2. А) Аталған элементке шұғыл қорғау қажет, өйткені оны сақтауға мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе тиісті жағдайда жеке тұлғалар мен қатысушы мемлекеттер бар күш-жігерін салып сақтауға тырысса да, бәрібір жоғалу қаупі төніп тұруы немесе В) Аталған элемент ерекше шұғыл қорғауды талап етеді, өйткені төніп тұрған қатер өте қауіпті әрі дереу қорғау шаралары қолға алынбаса, элементтің сақталып қалуы екіталай болуы тиіс.

3. Элементті тәжірибе жүзінде қолдануды және оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беретін қорғау жоспарының әзірленуі.

4. Элементті бұл тізімге енгізу туралы ұсыныс мүдделі қауымдастықтардың, топтардың немесе жеке тұлғалардың жаппай әрі ерікті түрде алдын ала құлағдар етілген келісімі арқылы ұсынылуы тиіс.

5. Қатысушы мемлекет (мүше мемлекеттер) Конвенцияның 11-ші және 12-баптарына сәйкес аталған элементті өз аумағында (аумақтарында) бар деп танып, материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізуі қажет.

6. Конвенцияның 17.3-бабына сәйкес, ерекше шұғыл жағдайларда, аталған элементті тізімге енгізу мәселесіне қатысты (тиісті) қатысушы мемлекеттердің қатысуымен (мүше мемлекеттермен) қажетті кеңес жүргізеді.

Осылайша, шұғыл қорғау тізіміне элементтің енгізілуі оны қорғауға және сақтауға бағытталған шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етіп, ұлттық әрі халықаралық деңгейде мәдени тәжірибелерге құрмет көрсетуге септігін тигізеді.

1.2 Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне енгізілген элементтер

Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізімі - әлемдік мәдени мұраның әртүрлілігі мен мәдени байлығын көрсететін тәжірибелер, дәстүрлер, рәсімдер, білім мен дағдыларды қамтитын ЮНЕСКО-ның тізімі. Негізгі мақсаты - материалдық емес мұраның маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру және оның халықаралық деңгейде таралуын қамтамасыз ету.

Тізімнің құндылығы оның мәдени дәстүрлерді сақтау мен таратылуына, халықтардың ұлттық және мәдени сәйкестігін нығайтып, мәдениетаралық диалог пен өзара түсіністікті дамытуға ықпал етуінде. Тізімге элементтерді енгізу олардың статусын арттырып, ерекше дәстүрлерді назарға алып, болашақ ұрпаққа жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар мәдени туризмді дамыту, қаржылық қолдау алу және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер ашады. Мұндай статус жергілікті қауымдастықтардың мәдени тәжірибелерін сақтау процесіне тартылуына және мұраны қорғаудағы белсенді қатысушыларға айналдырады. Тізімде әлемнің түкпір-түкпірінен элементтер ұсынылған, дәстүрлі қазақ домбырасынан бастап, аргентиналық танго мен жапон театрына дейін, бұл адамзаттың мәдени мұрасының алуан түрлілігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның материалдық емес адамзат мәдени мұрасының Репрезентативтік тізімінде 150 елдің мәдени мұрасын көрсететін 788 элемент тіркелген[1].

Бұл тізім әлем бойынша материалдық емес мәдени мұраның алуан түрлілігі мен байлығын көрсетіп, тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Элементтерді Репрезентативтік тізімге енгізу үшін Конвенцияға қатысушы мемлекет номинациялық құжатты дайындау бойынша бірқатар шараларды жүзеге асыруы керек.

Репрезентативтік тізімге енгізуге ұсынылған кез келген элемент келесі критерийлерге сәйкес болуы тиіс (ЖН I.2):

1. Элемент Конвенцияның 2-бабында анықталатын материалдық емес мәдени мұра тізімінде болуы.
2. Бұл элементті тізімге қосу материалдық емес мәдени мұраның ерекшелігі мен маңыздылығын түсінуге, сондай-ақ диалогты ынталандыруға ықпал етеді. Осылайша бүкіл әлемдегі мәдени әртүрлілікті және адамның шығармашылық белсенділігін көрсетеді.
3. Осы элементтерді қорғау мен танымал етуді қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленуде.
4. Бұл элемент мүдделі қауымдастықтардың, топтардың немесе тиісті жағдайларда жеке тұлғалардың барынша кең қатысуымен және олардың

[1]European Association of Folklore Festivals. (2024, 9 желтоқсан). ЮНЕСКО материалдық емес мәдени мұра тізіміне 63 жаңа элемент қосты. https://eaff.eu/ru/news/2024-12-09-unesco-adds-63-new-elements-to-the-intangible-cultural-heritage-lists?utm_source=chatgpt.com

еркін, алдын ала және ақпараттандырылған келісімімен тізімге енгізу үшін ұсынылған.

5. Бұл элемент Конвенцияның 11 және 12-баптарында анықталғандай, қатысушы мемлекеттің (қатысушы мемлекеттердің) номинациясын берген, аумағындағы (аумақтарындағы) материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілген.

Жоғарыда көрсетілгендей, Конвенцияға қатысушы кез келген мемлекет Репрезентативтік тізімге элементтер ұсына алады, бірақ барлық элементтер тізімге енбеуі мүмкін.

Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның Репрезентативткік тізімінде Қазақстан Республикасының 14 материалдық емес мәдени мұрасы бар.

ДОМБЫРАДА КҮЙ ТАРТУ ӨНЕРІ (2014)



Қазақ күйі – домбыра деп аталатын екі ішекті, ұзын мойынды, алмұрт тәрізді пішіні бар дәстүрлі шертпе музыкалық аспабында жеке орындалатын шығарма. Күйдің мақсаты – классикалық шығармалар мен импровизацияларды орындау арқылы халық пен оның тарихи тамырлары мен дәстүрлері арасындағы байланысты орнату. Күй көбінесе отбасылық немесе қоғамдық шараларда орындалып, әдетте аңыздар мен ертегілермен сүйемелденеді. Күй өнері қазақ халқының әлеуметтік бірлігін нығайтып, оның өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

ҚАЗАҚТЫҢ КИІЗ ҮЙ ЖАСАУ ӨНЕРІ (2014)



Көпұлтты номинация: Қазақстан, Қырғызстан

Киіз үй — көшпелі халықтардың дәстүрлі баспанасы. Ол қазақ пен қырғыздың көшпелі халқында кең таралған. Киіз үйдің негізгі құрылымы — дөңгелек ағаштан жасалған қаңқа, ол арқанмен бекітіліп, қой жүнінен дайындалған киізбен жабылады. Киіз үйдің ерекшелігі — оны тез құрастырып, тез жинауға болады. Оның ағаш торларын (кереге) ер адамдар мен олардың шәкірттері дайындайды, ал әйелдер оның ішкі және сыртқы бөліктерін сәндеумен айналысады. Олар киіз үйді дәстүрлі геометриялық өрнектермен, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктердің бейнелерімен әсемдейді. Киіз үй — отбасының және дәстүрлі қонақ-жайлылықтың символы, қазақ пен қырғыз халықтарының мәдени ерекшелігінің ажырамас бөлігі болып саналады.

АЙТЫС ӨНЕРІ (2015)

Көпұлтты номинация: Қазақстан, Қырғызстан



Айтыс – поэтикалық суырып салма өнеріндегі екі адамның сайысы. Ол дәстүрлі музыкалық аспаптардың, мысалы, қазақтың домбырасының сүйемелдеуімен орындалады. Айтыстың тақырыптарын тыңдаушылар таңдайды, ал жеңімпаз ретінде музыкалық қабілеті, ырғақ сезімі, тапқырлығы және шығармашылық ерекшелігімен көзге түскен қатысушы танылады. Айтыс – қазақ және қырғыз халқының ортақ мәдениетінің бір бөлігі әрі олардың ұлттық сәйкестігінің белгісі. Сайыстар жергілікті немесе жалпыұлттық мерекелерде өткізіледі, көбінесе маңызды әлеуметтік мәселе қозғалады. Бұл дәстүрді аға буын жастарға үйретіп, жалғастырып келеді.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ (2016)

Қазақ күресі – халық арасында таралған дәстүрлі күрес түрінің бірі. Сайыстың мақсаты – қарсыластың жауырынын жерге тигізу, құлату. Бұрын ер балаларды осы күрес түріне жергілікті спорттық жарыстарға қатысу үшін үйрететін. Қазіргі таңда күрес – қоғамдық спорт түрі. Бұл спортпен ерлер де, әйелдер де айналысады және халықаралық жарыстар бағдарламасына енгізілген. Күрес қауымдастықтар арасында өзара түсіністік, мейірімділік және ынтымақтастық принциптеріне негізделген қарым-қатынастарды нығайтады. Бұл дәстүрді шеберлік сыныптар мен спорттық клубтары арқылы насихатталады.



ҚҰСБЕГІЛІК – АДАМЗАТТЫҢ ЖАНДЫ МҰРАСЫ (2016)



Көпұлтты номинация: Біріккен Араб Әмірлігі, Австрия, Бельгия, Чехия, Франция, Германия, Мажарыстан, Италия, Қазақстан, Корея Республикасы, Моңғолия, Марокко, Пәкістан, Португалия, Қатар, Сауд Арабиясы, Испания, Сирия Араб Республикасы

Құсбегілік – бұрыннан бапталған және арнайы үйретілген қырандар арқылы аң аулау дәстүрі. Мұнда құсбегілер аңды табиғи мекенінде аулайды. Құсбегілік мәдениеті әлемнің 60

елінде дамыған. Бұрындары құсбегілік адамдарға азық-түлік табу үшін қажет болса, қазіргі таңда бұл ұғым достық рухы, жалпы қызығушылықтар мен құндылықтармен байланыстырылады. Құсбегілік көбінесе құстардың ұшу бағыттары бойынша таралған. Құстармен аң аулауды кәсіби мамандар да, әуесқойлар да айналыса алады. Жыныстық және жас шектеулері жоқ. Құсбегілер әдетте өз құстарымен тығыз байланыста болады және жыртқыш құстардың ерекшеліктерін жақсы біледі. Бұл қасиеттер құстарды асырау, үйрету және аңға шығару үшін қажет. Құсбегілер құстарды басқарғанда, олармен жеке байланыс орнатып, құстардың иесі мен қорғаушыларына айналады. Бұл дәстүрдің элементтері әлемнің әртүрлі елдерінде әртүрлі көрініс табуы мүмкін, бірақ жалпы әдістері өзгеріссіз қалады. Құсбегілер топ болып аң аулайды. Олардың кейбіреулері бірнеше апта бойы аңшылықпен айналысып, ал кешке «аңшылық» туралы аңыз-әңгімелерін айтады. Бұл дәстүр отбасылық ортада, жеке оқыту, тәлімгерлік арқылы, сондай-ақ клубтар мен мектептерде үйретіледі.

ҚАТЫРМА ДАЙЫНДАУ (2016)

Көпұлтты номинация: Әзербайжан, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия



Нан пісіру және оны дайындау (лаваш, қатырма, жұпка, юфка) мәдениеті Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан және Түркияда кеңінен таралған дәстүр. Әдетте, нан пісіруге бір отбасының мүшелері қатысады, бірақ ауылдық жерлерде көршілер де араласа алады. Темір табақшада немесе қазанда пісірілген нан күнделікті және мерекелік дастархандарда, туған күндер мен тойларда, сондай-ақ жерлеу рәсімдерінде таратылады. Нанды таратқанда жағдайға байланысты жігерлендіретін сөздер мен жақсы тілектер айтылады. Бұл дәстүр шеберден шәкіртке тікелей беріледі, қонақжайлылық пен ынтымақтастықты білдіріп, мәдениеттің шығу түбірін бейнелейді.

НАУРЫЗ (2016)

Көпұлтты номинация: Ауғанстан, Әзербайжан, Үндістан, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Пәкістан, Тәжікстан, Түркменстан, Түркия, Өзбекстан



Наурыз – табиғатқа, күнге және ғаламға құрмет көрсетуді білдіретін дәстүрлі көктемгі мереке. Оны Азия мен Таяу Шығыстың бірқатар елінде атап өтеді, және ол табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрметті, адамдар арасындағы ізгілік пен үйлесімділікті білдіреді. Ауғанстан, Әзербайжан, Үндістан, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Пәкістан, Тәжікстан, Түркіменстан және Түркияда жаңа

жыл 21 наурызда тойланады. Бұл мереке Новруз, Нав-враз, Неороз, Наурыз, Нооруз, Навруз, Невруз немесе Наврӯз деп аталады. Наурыз – татулық пен келісімнің символы. Бұл уақытта адамдар татуласып, қарыздар қайтарылады. Екі апта бойы әртүрлі дәстүрлі әдет-ғұрыптар орындалып, арнайы тағамдар әзірленеді. Адамдар бір-біріне отбасымен қонаққа барып, қоғамдық рәсімдерге қатысып, көшелерде түрлі көріністер ұйымдастырады. Мерекелік жоралғылар қауымдастық ішінде бейбітшілік пен үйлесімділікті сақтауға ықпал етеді. Бұл мерекеге қатысу арқылы, наурызды тойлау дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Мереке кезінде ұлттық ойындар, сайыстар, ұлттық музыка, ән мен би сияқты салтанатты шаралар қоғамдағы өзара құрмет, бірлік пен ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізеді.

АСЫҚ ОЙЫНЫ (2017)

Асық ойыны — қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі ойыны. Әр ойыншының өз асықтары мен «сақасы» болады, олар дәстүрлі түрде қойдың асық сүйегінен жасалып, түрлі түстерге боялады. Негізінен, бұл ойынға 4 пен 18 жас аралығындағы балалар қатысса да, жастар мен ересектер де ойнайды. Асық ату — адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынасты, әлеуметтік бірлікті және достықты нығайтудың жарқын үлгісі. Бұл дәстүр кіші балалардың үлкендердің ойынын бақылау арқылы үйреніп, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

АТБЕГІЛЕРДІҢ КӨКТЕМГІ ҒҰРЫПТАРЫ (2018)

Қазақтың дәстүрлі көктемгі мерекелік ғұрыптары қазақ атбегілерінің жыл сайынғы аттардың буаздылығының аяқталуы мен төлдеуінің басталуын білдіреді. Бұл мерекелер жыл бойы өтетін ғұрыптардың үш бөлікке бөледі: «Бие байлау» - ежелгі ғұрып, бие сауууды бастау; «Айғыр қосу» ғұрпы және «Қымыз мұрындық» - алғашқы қымызды дайындау ғұрпы. XX ғасырда көшпелі өмір салтынан отырықшы өмір салтына көшудің нәтижесінде, атбегілер аттардың дәстүрлі жұптау ғұрыптарын қазіргі заманға бейімдеді.



ҚОРҚЫТ АТА МҰРАСЫ/ҚОРҚЫТ АТА/- ЭПОС, ХАЛЫҚ АҢЫЗДАРЫ ЖӘНЕ МУЗЫКА (2018)

Көпұлтты номинация: Әзербайжан, Қазақстан, Түркия



Эпос, халық аңыздары және музыкадағы атақты кейіпкер Қорқыт ата/Қорқыт деде/Қорқыттың орындауындағы 12 ерлік аңыз, оқиғалар мен әңгімелер және 13 дәстүрлі музыкалық шығарма ауызекі әдебиетінде кеңінен таралған. Қорқыт ата қойылымдары белгілі бір мәдени кодтар, музыкалық шығармалармен байланысты. Қорқыт ата аңыз-әңімелерде қарт адам ретінде

суреттеледі. Оның сөздері, музыкасы және дана өсиеттері туған күн, үйлену тойы және өліммен байланысты дәстүрлерді баяндайды. Аңыздар түркі тілдес елдердің тарихы мен мәдениеті туралы терең білімді жеткізеді. Бұл аңыздар әртүрлі шаралар кезінде кеңінен айтылады.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ (2021)

Көпұлтты номинация: Қазақстан, Қырғызстан, Түркия



Дәстүрлі интеллектуалды және стратегиялық ойын: тоғызқұмалақ, тоғыз қоргоол, мангала/гёчюрме – арнайы немесе импровизацияланған тақталарда, мысалы, жердегі ойықтарда ойнайтын дәстүрлі ойын. Ойынның бірнеше нұсқасы бар. Оған тастар, ағаштар, жаңғақтар немесе тұқымдардан құралған «себеттер» қолданылып, олар ойықтарға бөлінеді. Ойында ең көп «себет» жинаған ойыншы жеңеді. Бұл дәстүр басқа да дәстүрлі қолөнер түрлерімен байланысты, мысалы, ағаш пен тасқа ою-өрнек салу және зергерлік бұйымдар жасау. Ойын ойыншылардың когнитивті, моторикалы және әлеуметтік дағдыларының дамуына көмектеседі. Дәстүр ресми және бейресми түрдегі білім арқылы беріледі.

ОРТЕКЕ, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕР: БИ, ҚУЫРШАҚТАР ЖӘНЕ МУЗЫКА (2022)



Ортеке – қазақтың орындаушылық өнері. Онда дәстүрлі екі ішекті домбыра аспабы мен тауешкінің ағаш фигурасы қолданылады. Дауылпаз бетіне бекітілген қуыршақ музыканттың саусақтарына бір немесе бірнеше ішек арқылы жалғанады. Музыкант дом быраны шерткен кезде, қуыршақ қозғалып, музыкаға сай секіріп, дауылпазға ритм береді. Ортекеге балалар да, ересектер де қызыға қарайды. Ол халық мұрасының және аймақтың өзіндік ерекшелігінің маңызды бір бөлігі.

ҚОЖАНАСЫРДЫҢ АУЫЗША ӘЗІЛДЕРІ (2022)

Көпұлтты номинация: Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан



Қожанасырдың әзілдерін айту – Еуразияның бірнеше мемлекетінде кеңінен таралған қоғамдық дәстүр. Даналық пен тапқырлыққа толы бұл анекдоттар көп

жағдайда қалыпты нормаларды бұзып, күрделі жағдайлардан күтпеген жолмен шығуды көрсетеді. Сөздің құдіреті арқылы әрдайым жеңіске жететін Қожанасыр туралы анекдоттар ауызша да, жазбаша да таралады.

БЕТАШАР, ДӘСТҮРЛІ ҮЙЛЕНУ ҒҰРПЫ (2024)



Қазақстанда беташар ғұрпы – үйлену салтанатында жаңа түскен қалыңдықтың бетін ашу рәсімі. Қалыңдыққа дәстүрлі қазақтың бас киімі сәукеле кигізіп, ақ жаулық жауып, оны қонақтар отырған бөлмеге алып барады. Беташар жыры орындалғаннан кейін, ақын (әнші және салтанатты жүргізуші) қалыңдықтың жаулығын көтереді. Жігіттің анасы қалыңдықты отбасына шақырып, жігіт оны қолынан ұстайды. Содан кейін, туыстары жас жұбайларға тәттілермен немесе тиындармен шашу шашады.

Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілуі олардың халық пен жекелеген қауымдастықтар үшін әлеуметтік-мәдени маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ бұл ұлттық және халықаралық деңгейде элементті кеңінен насихаттау, оны сақтау мен дамытуға жағдай жасау, әртүрлі жас топтары арасында танымал ету, сондай-ақ оны қорғауға бағытталған мемлекеттік қолдауды ынталандыруға ықпал етеді.

Жаһандану жағдайында, дәстүрлі мәдени мұра трансформацияға ұшырап, жойылу қаупі төнген кезде, мұндай қолдау ерекше маңызға ие. Сонымен қатар Репрезентативтік тізімге енгізілген әрбір элементтің мойындалуы халықаралық деңгейде мәдени алмасу мен ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бұл ұлттық бірегейлікті нығайтуға, ішкі және халықаралық туризмді дамытуға, сондай-ақ дәстүрлерді зерттеу мен сақтау ісіне қызығушылық танытатын ғалымдар мен шығармашылық қауым өкілдерінің назарын аударуға ықпал етеді.

1.3 ЮНЕСКО-ның қарауындағы МЕММ элементтері

Қазіргі уақытта ЮНЕСКО қарастырып жатқан Қазақстан Республикасы ұсынған үш өтінім бар. 2021 жылы қазақтың құсбегілік және тазы иттермен аңға шығу дәстүрі — Салбурын бойынша ұлттық өтінім берілді. Екінші өтінім — көпұлтты, дәстүрлі киіз басу өнеріне қатысты, ол 2024 жылдың наурыз айында Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан, Түркия және Өзбекстан елдерімен бірлесіп ұсынылды. Үшінші өтінім де көпұлтты — дәстүрлі кесте тігу өнері (Кесте/Сюзане) туралы, ол 2024 жылдың наурыз айында Тәжікстан және Өзбекстан елдерімен бірге ұсынылды.

САЛБУРЫН: ҚЫРАНМЕН, ТАЗЫ ИТПЕН АТ ҮСТІНДЕ АҢ АУЛАУ ӨНЕРІ

Қазақстан ЮНЕСКО-ға 2021 жылы ұсынған ұлттық номинациясы

Салбурын – қыран құстар және тазы иттермен аң аулауға арналған ежелгі мереке. Бұл мереке дәстүрлі ритуалды аң аулау процесін және аң аулағаннан кейінгі ортақ салт-жоралғыларды дастархан басында біріктіреді. Бұл дәстүр Қазақстанның барлық аумағында таралған, әсіресе қыран құстарды және тазы иттерді өсіруге және үйретуге



қолайлы климаттық аймақтарда, яғни, жазық дала кеңістіктерінде немесе орманды дала аймақтарында кеңінен көрініс табады. Тау мен тау етектері Салбурын үшін қолайлы саналмайды, бірақ бұл аймақтарда да Салбурын өткізілетін жағдайлар кездеседі.

Салбурынның өткізілу орны таңдалған кезде екі негізгі критерийге сүйенеді: аймақтар қоныстандырылмаған болуы және оларда жабайы аңдардың көп болуы маңызды.

Салбурын – қазақтың қырандар және тазы иттермен ат үстінде аң аулау өнерінің мерекелік шарасы және аңшылар үшін маңызды дәстүрлі ритуал. Тәжірибелі аңшылар өздерінің білімдері мен тәжірибелерін жас аңшыларға үйретеді.

Салбурын 5-7 күнге созылады және қысқы аңшылық маусымында өтеді. Ол кең әрі ашық алаңда ұйымдастырылады. Салбурынға қатысушылар ортақ алаңда қазақтың киіз үйін мен шатырларын орнатып, жалпы аймақтар құрады. Алғашқы 2-3 күнде тәжірибелі аңшылар жас аңшыларға өз білімдерін және аңшылық әдістерін бөліседі. Аңшылық ақсақалдар батасын бергеннен соң таң ата басталады. Алғашқы топ – із кесушілер аңның іздерін қарап, аңшылық жолдарын салады. Екінші топ тәжірибелі аңшылар мен жаңадан бастаған аңшылардан тұратын топтарға бөлінеді. Бүркітшілер (саятшы) аңды тауып, қыранды ұшырып, оның ұшу траекториясын қол қозғалысымен бағыттайды. Тазы иттері жұппен қолданылады. Кейбір аңшылар тазы мен қырандарды бірге пайдалана отырып аң аулайды.

Дастархан ритуалы аңшылықтан қайтып келген соң ұйымдастырылады. Егде жастағы әйелдер аңшыларға тәттілер ұсынады (шашу). Аңшылар олжасын ақсақал-аңшыларға тапсырады. Бұл олжаға рәсімдік дастархан жайылып, оған аңшылар алдында өнер көрсету үшін әнші-ақындар мен музыканттар шақырылады.



Салбурын элементіне барлық адам – ақсақалдар, бүркітшілер, тазы, қырандармен аң аулайтын аңшылар, із кесушілер, иттерді ұстаушылар, аңшылық және қолөнер шеберлері, ұйымдастырушылар қатысады. Сақтаушылар - тазыны баптап өсіретіндер, сондай-ақ спорттық аңшылық шеберлері және қыранмен аң аулауды өздеріне тән деп есептейтін қауым мүшелері. Қоғамдық институттар - «Жалаир Шора» ассоциациясы, «Қыран» және «Қансонар» федерациялары, Ұлттық аңшылық шаруашылықтары Ассоциациясы - бұлардың барлығы қазақтың дәстүрлі аңшылығын қайта жаңғырту және сақтау жұмыстарына қатысады.

ДӘСТҮРЛІ КИІЗ БАСУ ӨНЕРІ

Көпұлтты номинация: 2024 жылдың наурызында ЮНЕСКО-ға Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан, Түркия және Өзбекстан ұсынған

«Киіз басу» (қаз. «киіз», «кигіз», войлок) – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дәстүр. «Киіз» – ежелгі заманнан бастау алады, көшпелі халықтардың күнделікті өмірінде қолданған құнды материал. Киіз қой, түйе немесе ешкінің жүнін басу әдісімен дайындалады. Киіз басу дәстүрі Еуразияның көшпелі халықтары мен Тибет, Памир, Алтай, Кавказ, Балқан таулары мен Таяу Шығыстағы малшылар арасында кеңінен таралған. Киіз жасау –

күрделі өндірістік процесс. Оған дәстүр бойынша тек киіз жасап шығаратын отбасының әйелдері ғана емес, бүкіл ауылдың тұрғындары да қатысқан.

Қазақтар киіздің екі түрін пайдаланған, олар өндіріс әдісі мен функционалдық мақсаты бойынша ерекшеленеді. Қатты киізді киіз үйдің төбесін жабу үшін және оның ішіндегі жер еденге төсеу үшін қолданған. Көбінесе киізге өрнек салып әшекейлеген. Өрнектеудің әртүрлі әдістері бар: аппликация, оюлы тігіс және басқа да әдістер. Шебер әйелдер, әдетте, киіз жолақтарының барлық бетін әртүрлі түстермен өрнектеп безендіреді.





«Киіз басу» дәстүрі қабілет пен шеберлікті талап етеді. Қазақ малшылары ғасырлар бойы жүннен түрлі бұйымдар жасап келген. Қазіргі заманғы музейлерде өрнектелген киіз бұйымдарының бай коллекциялары көрсетіледі. Олардың арасында кілемдер, сөмкелер, тұрмыстық бұйымдарына арналған қапшықтар, киімдер бар. Киіз бұйымдарын жасаудың көркемдік ерекшеліктері олардың өндіріс технологиясына байланысты болады.

Қазіргі қазақ қоғамында «киіз басу» дәстүрі ауылдық жерлерде кең таралған. Бұл қолөнермен айналысу көбінесе – жүнді өңдейтін орындармен де байланысты.

ДӘСТҮРЛІ КЕСТЕ ТІГУ

Көпұлтты номинация: 2024 жылдың наурыз айында ЮНЕСКО-ға Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан ұсынған



Кесте - көне түркі тілінде «суреттелген» дегенді білдіреді – қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің ең көрнекті және ерекше түрлерінің бірі. Бұл – қазақтың дәстүрлі қолмен жасалатын кестесі, түрлі-түсті жіптермен, ине немесе ілмек біз/ілгек/ілме және кергіш (пяльцы) көмегімен жасалады. Түрлі-түсті жүн жіптермен жасалған кестенің б.з.д. IV ғасырға жататын аналогтары Берел қорымының артефактарынан (Шығыс Қазақстан) табылған.

Қазақ кесте тігу өнері көшпелі өмір салтында қалыптасып, мал шаруашылығының табиғатына байланысты дамып отыр. Кесте тігу тек әйелдерге тән қолөнер түрі. Бұл дәстүр анасынан қызына мұра ретінде берілу арқылы кең таралып отыр. Кесте тігу үшін дәстүрлі материалдар ретінде, ең алдымен, киіз, өңделген жұқа

тері, үйде тоқылған жүн маталар барқыт, шұға, вельвет, ситец және т.б. қолданылады. Кестелер жүн, мақта, жібек, алтын және күміс түсті зерлі жіптермен жасалады. Сонымен қатар позумент, маржандар, перламутр моншақтар, күміс бөлшектер пайдаланылады. Қазақ кестесінің шамамен 40 күрделі және қарапайым тігіс түрлері: біз кесте – нәзік ине-ілмекпен жасалатын тамбурлы тігіс; тізбек тігіс, шыраш тігіс, тышқан із, құс ізі (құстың тігісі) және басқалары. Әртүрлі тігіс техникалары бір-бірімен үйлесіп қолданылуы мүмкін.

Кесте тігу қазақтың дәстүрлі киімін сәндеуде (әсіресе әйелдер киімі) маңызды. Кестеленген бұйымдар тұрмыстағы қажеттіліктерге және түрлі әдет-ғұрыптарға арналған. Өз кезегінде бұл кестеленген бұйымдардың көптүрлілігін тудырды. Мерекелік ерлер мен әйелдер киімдері: көйлектер, ашық белдемшелер, жеңсіз киімдер - бешпет, бас киімдер, орамалдар; тұрмыстық заттар: дастархандар, коржындар және т.б. Кестемен бас киімнен бастап аяқ киімге дейін әртүрлі киім аксессуарлары безендірілген. Кесте бүгінгі күні де халық шығармашылығының кең таралған түрлерінің бірі.





Көркем тілдің экспрессивтілігі ою-өрнек түрінде – шеңберлерде, өсімдік мотивтерінде, космогониялық белгілерде көрініс тапты. Бұл белгілер далалық өңірдің байлығын және барлық руға (әулетке) бақыт пен гүлдену тілеуді білдіреді.

Табиғаттың заңына сай тұрақтылығына қарамастан, импровизацияға, түстік гамманың өзгеруіне, негізгі және қосымша элементтердің болуы үлкен маңызға ие. Сондықтан екі кестенің бірдей түрін табу қиын. Кесте өнерінің кең түрлері Наурыз мерекесі кезінде киіз үйлерде, сондай-ақ Ұлттық музейлерде көрсетіледі. Кесте тігу дәстүрін қайта жаңғыртуға Қазақстан қолөнершілер одағы, өнер колледждері және мемлекеттік музейлер белсенді түрде атсалысып жатыр.

1.4 Қазақстан ұсынған МЕММ элементтері жөніндегі Репрезентативтік тізіміне басқа елдерді қосу бойынша өтінімдер

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың, қолөнер мен өнер түрлерінің тарихи, географиялық, экономикалық және әлеуметтік факторлардың әсеріне байланысты кең тарап, ауқымды аймақты алып жататыны белгілі. Оларды бірлесе қорғау арқылы елдердің арасындағы мәдени байланыстар нығайып, ортақ мәдени мұраға деген жауапкершілік пен құрмет арта түседі.

МЕММ элементтерін ЮНЕСКО тізіміне енгізу мәдени дәстүрлерді сақтауға және кейінгі ұрпаққа жеткізуге ерекше наза аудартып қана қоймай, олардың халық арасында танымалдылығын арттырады. Бірлескен номинациялар түрлі ұлттар арасында диалог пен білім алмасуға ықпалдасып, халықаралық ынтымақтастықты дамытады.

ЮНЕСКО-ның құжаттау рәсімдері МЕММ-нің ұқсас элементтерін мемлекеттердің бірлесіп өтінім беруіне және бір ел ұсынған элементке басқа елдердің де қосылуына мүмкіндік береді.

Мультиноминациялық өтінімдер және Қазақстан бұрын ұсынған, ЮНЕСКО-ның

Репрезентативтік тізіміне енгізілген материалдық емес мәдени мұра элементтеріне бірнеше елдің қосылып өтінім берсе, ұлттық мәдениеттің шекарадан асып мойындалуына жол ашады, әрі оны сақтауға мүдделі елдер арасындағы өзара серіктестікті одан әрі арттыра түседі.

Бірнеше ел бірігіп элементті Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізуге бірге өтінім беруі мультиноминация деп аталады. Мұндай өтінімдер бір элементті бірнеше мемлекеттің мәдени мұрасы деп танығанжағдайда беріледі (мысалы, лаваш пісіру, Наурыз мейрамын тойлау және т.б.).

Басында номинацияға қосылмай қалған мемлекеттің кейін барып қосылуына болады. Ол үшін өз аумағында осы элементті ұстанушы қауымдастықтар, топтар және тиісті жағдайларда жеке тұлғалар атынан бұрынғы Шұғыл қорғау тізіміне енгізілген немесе Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне (ЖН I.6) енгізілген көпұлтты элементке қосылу жөнінде өтінім беруі керек. Ал ол үшін қосылғысы келген мемлекет бұл элементті кең тараған элемент деп мойындауы әрі жариялауы тиіс. Конвенцияның веб-сайты арқылы арнайы онлайн форманы (ЖН 16.2) пайдалана отырып жасайды. Құжаттау рәсімі елде де осы дәстүр бар екенін және оның халықтың мәдени бірегейлігінің бір бөлшегі екенін растайды.

Халықаралық деңгейде қосылып жатқан ұйымға мүше мемлекет (мемлекеттер) жаңа кеңейту туралы ұсыныстың барлық талапқа сай келетінін көрсетуі керек. Бастапқы өтінім берген кезде келісімін берген мүдделі қауымдастықтар, топтар және қажет болса, жеке тұлғалар да ұсынылып отырған элементті мақұлдауы тиіс; жаңа қосылған қауымдастықтар мен мемлекеттік органдар бірлесе отырып, жаңадан ұсынылған, қайта қарастырылған, жаңартылған қорғау шараларына қатысуға келісуі керек (ЖН 16.3). Ұлттық деңгейде элементті алғашқы болып ұсынған қатысушы мемлекет номинацияның кеңейтілгендігін және құжаттық талаптарға сәйкес келетіндігін дәлелдейді.

Сонымен бірге номинация бойынша қолданыстағы мүше мемлекеттер бұл элементтің тізімге кеңейтілген/қысқартылған түрде енгізілгенін дәлелдеу үшін жаңа номинациялық құжат ұсынады. Мұндай өтінім номинациялар ұсынудың белгіленген рәсімдері мен мерзімдеріне сәйкес беріледі (ЖН 18).

Егер Комитет ұсынылған жаңа номинациялық құжатқа сүйеніп, элементті тізімге енгізу туралы шешім қабылдаса, басында енгізілген ұсыныстардың орнын жаңасы баспақ. Мысалы, Үкіметаралық комитет 2024 жылы өткен 19-сессиясында 2016 жылы «Жаңа жылды тойлау дәстүрлері – Наурыз» деген атаумен қабылдаған көпұлтты номинациясын кеңейте отырып, оған Моңғолияны да қосуға келісті. Ал егер Комитет жаңа ақпаратқа сүйеніп элементті енгізбеу туралы шешім қабылдаса, элемент өзгеріссіз бастапқы қалпында қалады (ЖН 19).

Тағы бір айта кететін жайт, қосумен қатар қысқарту процедурасыда бар: ол материалдық емес мәдени мұраны шұғыл қорғау тізімі немесе Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізімін қысқарту деп аталады (ЖН 17.1). Оған аталған элементтің иесі – мүше мемлекеттің өзі өтінім береді.

Қорыта айтқанда, ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілген МЕММ элементтеріне мемлекеттердің қосылу өтінімдері ортақ мәдени мұраны мойындауға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және салт-дәстүрді сақтауға ықпал етеді. Элементтің тізімге енгізілуі мәдени дәстүрлердің беделін арттырады, аймақтың туризмін және экономикасын дамытуға үлес қосады, сондай-ақ элементтердің жойылып кетуінен немесе рұқсатсыз пайдаланылуынан қорғайтын құқықтық шаралар жасалынады.

1.5 МЕММ қорғаудың үздік тәжірибелері реестрі

2008 жылы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы ЮНЕСКО конвенциясы (2003 ж.) күшіне енгеннен кейін, МЕММ-ді қорғаудың озық тәжірибелер реестрі құрылды. Бұл реестр мәдени дәстүрлерді сақтау тәжірибесін кеңінен таратуға арналған маңызды құрал ретінде бағаланды.

Реестрдің мақсаты – мәдени мұраны сақтауға бағытталған үздік бағдарламалар

мен жобалардың үлгілерін жинақтап, тіркейді. Ол тиімді әдістер мен стратегияларды бөлісуге арналған платформа ретінде түрлі елдер мен мәдени қауымдастықтардың тиімді тәжірибелерді бейімдеп қолдануына мүмкіндік береді. Реестр дәстүрлерді сақтай отырып, олардың заманауи жағдайларға бейімделуін, өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

ЮНЕСКО-ның үздік тәжірибелер тізімінде материалдық емес мәдени мұра элементтерін сақтау мен ұрпақтан-ұрпаққа табыстауға бағытталған табысты бағдарламалар, жобалар мен бастамалар топтастырылады. Репрезентативтік тізімнен айырмашылығы – ол мәдени дәстүрлерді паш етеді, дәріптейді, ал үздік тәжірибелер реестрі оларды қорғаудың ең тиімді тәсілдерін жинақтап, басқа мемлекеттер мен қауымдастықтардың өз шараларында қолдануына мүмкіндік береді. Реестр құрылғаннан бері оған түрлі елдерден ондаған үздік тәжірибе үлгілері енгізілді. Олардың қатарында халық ауызекі әдебиеті үлгілерін цифрлық технологияларды пайдалана отырып құжаттау, жойылып бара жатқан қолөнер түрлерін жаңғыртуға арналған білім беру бағдарламаларын құру, оны ұрпаққа жеткізу, табыстау және басқа да көптеген қолданбалы тәжірибелер көрініс тапқан.

Реестрдің құндылығы – халықаралық тәжірибе алмасу мен мәдени мұраны сақтаудың тиімді стратегияларын әзірлеуге ықпал етеді. Тізімге енген жобаларды: әсіресе білім беру бағдарламалары мен дәстүрлі қолөнер шеберлерін қолдаудан бастап, заманауи технологияларды пайдалануға дейінгі заңнамалық бастамалады әзірлеуге, халық ауыз әдебиетін сақтау мен қорғаудың әртүрлі шараларын жүзеге асырады. Бұл үлгілер тек мәдени бірегейлікті нығайтып қана қоймай, салт-дәстүрді, ұлттық мәдениет үлгілерін қазіргі заманға сай бейімдейді.

Реестр халықаралық ынтымақтастық тұрғысынан маңызды. Себебі ол бүкіл әлем бойынша сарапшылардың, ұйымдар мен қауымдастықтардың байланыс орнату, жұмыс істеу алаңын ұсынады. Мемлекеттер онда көрсетілген тәжірибелерді зерттеп, сәтті мысалдарды өзіне бейімдеп, материалдық емес мұраны қорғау жөніндегі бастамаларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл тек дәстүрлерді сақтауға ғана емес, оларды қазіргі өмірге интеграциялауға, болашақ ұрпақ үшін олардың өміршеңдігі мен қажеттілігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. 2022 жылы ЮНЕСКО үздік тәжірибелер реестрдің статусын Репрезентативтік тізіммен теңестіру туралы шешім қабылдады.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың үздік тәжірибелері реестрі қатысушы мемлекеттерге, қауымдастықтарға және басқа да мүдделі тараптарға рухани мұра элементтерін, практикалары мен білімдерін болашақ ұрпаққа жеткізуде кездесетін қиындықтарды еңсеруге және қорғау бойынша табысты тәжірибелер алмасуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер мен тәсілдердің пайдасын, бейімдеуге келетін үлгі мен тәжірибе ретінде қарастыру қажет.

Қорғауға арналған бағдарламалар, жобалар мен іс-шараларды іріктеу және ілгерілету кезінде Комитет дамушы елдердің қажеттіліктері мен географиялық орналасу ортасына ерекше мән береді. Ұсынылған бағдарламалар, жобалар немесе іс-шаралардың ішінен төмендегі талаптардың барлығына сай келетіндері іріктеледі (ЖН I.3):

Бағдарлама, жоба немесе іс-шара:

1. МЕММ-ді қорғаумен тікелей байланысты болу (Конвенцияның 2.3-бабында көрсетілген).

2. Материалдық емес мәдени мұраны өңірлік, субөңірлік және/немесе халықаралық деңгейде қорғау шараларын үйлестіру.

3. Конвенция қағидаттары мен мақсаттарына сәйкес келуі.

4. Материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосатынын дәлелдеу.

5. Мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе қажет болған жағдайда жеке тұлғалар белсенді әрі ерікті түрде қатыстырылып, іске асырылған немесе іске асырылып жатқаны туралы алдын ала құлағдар етілу арқылы келісім алу.

6. Субөңірлік, өңірлік немесе халықаралық деңгейдегі қорғау шараларын жүзеге асыруға үлгі бола алу (әртүрлі жағдайға байланысты).

7. Ұсыныс беруші қатысушы мемлекет (тер), атқарушы органдар, сондай-ақ

мүдделі қауымдастықтар, топтар немесе жеке тұлғалар, егер олардың бағдарламасы, жобасы немесе іс-шарасы іріктеліп алынса, үздік тәжірибені таратуға бірлесе қатысуға дайын болу.

8. Нәтижесін бағалай алатын шараларды ғана қабылдау.

Осылайша, материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың Үздік тәжірибелері реестрі мәдени дәстүрлерді сақтау жөніндегі тиімді стратегияларды әзірлеу мен таратуды көздейтін халықаралық ынтымақтастықтың маңызды құралына айналған. Ол МЕММ қорғаудың сәтті мысалдарын тіркеумен ғана шектелмей, оларды қазіргі заманауи ортаға бейімдеп, болашақ ұрпаққа жеткізуге де жауапкершілік алады. Реестрге енгізілген жобалар әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды үйлестіруге, білім беру бастамаларын қолдауға және озық технологияларды енгізуге көмектеседі. Дамушы елдерді қоса алғанда, барлық өңірлер үшін бірдей жағдай жасайды. Осылайша, реестр жаһандық ынтымақтастықты нығайтуға, материалдық емес мәдени мұраны қорғау үшін инновациялық шешімдер іздеуге және мәдени бірегейлікті бекітуге үлес қосып, қауымдастықтар мен мемлекеттер арасындағы байланысты жандандырады.

1.6 Халықаралық көмек. Материалдық емес мәдени мұра қоры

Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны іске асыруда Материалдық емес мәдени мұра қорының қызметі маңызды рөлді атқарады. Бұл мақсатты қор болып табылады, және оның қаражаты қатысушы мемлекеттердің немесе басқа елдердің жарналарынан, қордың қаражаты бойынша пайыздық төлемдерден, қайырымдылықтар мен мұрагерлік мүліктен, сондай-ақ басқа халықаралық ұйымдардан алынған қаржыдан құралады. Қорға жеке тұлғалардың қаражаттары мен қор үшін ұйымдастырылған жинақтардан да түсуі мүмкін.

Қордың қаражаты Бас Ассамблеяның басшылық нұсқауларына негізделіп жұмсалады. Қорға салынатын қаржы саяси, экономикалық немесе басқа да шарттармен байланысты болмауы тиіс.

Конвенцияға қатысушы мемлекеттер осы қорға кемінде екі жылда бір рет жарна салуға міндетті, бұл кез келген қосымша ерікті жарналарға кедергісіз жүзеге асырылады.

ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұра қоры мемлекеттерге материалдық емес мәдени мұраны қорғау, сақтау және тарату бойынша жобаларды іске асыру үшін қаржылық және сараптамалық қолдау көрсетеді. Бұл жобалар жергілікті қауымдастықтардың тұрақты дамуына, білім беруге және мәдени бірегейлікті нығайтуға бағытталады.

Қаржыландырылатын жобалардың негізгі аспектілері мыналарды қамтиды: материалдық емес мәдени мұра элементтерінің жоғалуының қаупін жою, жергілікті қауымдастықтардың өз мәдени мұрасын басқару қабілеттерін нығайту, дәстүрлердің болашақ ұрпақтарға тұрақты берілуін қамтамасыз ету, жойылып бара жатқан дәстүрлерді құжаттау, болашақ ұрпақ үшін білім беру бағдарламаларын жасау, қорғау және тарату механизмдерін ұйымдастыру, мемлекеттер мен ұйымдар арасындағы серіктестіктерді дамыту.

Қордың қызметі шеңберінде барлық Конвенцияға қатысушы мемлекеттер материалдық емес мәдени мұраны қорғау үшін халықаралық көмек сұрауға құқылы, көмек ұлттық деңгейде жүзеге асырылып жатқан қорғау шараларын толықтырып отыруға тиіс. Бұл ретте халықаралық көмекке қатысты өтінімдерге келесі бағыттар бойынша басымдық беріледі:

- Материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілген шұғыл қорғауды қажет ететін мұраны сақтау;
- Конвенцияның 11 және 12-баптарында қарастырылған тізімдерді дайындау;

- Материалдық емес мәдени мұраны қорғауға бағытталған ұлттық, субөңірлік және аймақтық деңгейлерде жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар, жобалар мен іс-шараларды қолдау;
- Номинациялық құжаттарды дайындауға көмек көрсету.

Осылайша, ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұра қоры материалдық емес мәдени мұраны сақтау және таратуға бағытталған бастамаларды қаржыландыру үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Қазақстан өзінің бай мәдени мұрасын сақтау, дамыту және халықаралық аренада насихаттау үшін бұл құралды барынша тиімді әрі белсенді түрде пайдалана алады.

1.7 Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізімі

2003 жылы қабылданған материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияға сәйкес, әрбір қатысушы мемлекет ұлттық және өңірлік деңгейде бір немесе бірнеше ұлттық тізімдерді анықтау, құжаттау (инвентаризациялау) және тіркеу шараларын қабылдайды.

Тізімдерді дайындау — бұл Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің міндеті, бірақ бұл міндетті түрде мемлекеттік мекемелер арқылы дайындауды білдірмейді. Кейде инвентаризация процесін қызығушылық танытқан қауымдастықтар да жүргізе алады — әртүрлі ұйымдар, 11-бап (b) және 15-бап бойынша тізімдер қауымдастықтардың қатысуымен және олардың келісімімен құралуы тиіс.

Тізімдерді дайындау үшін халықаралық көмек көрсетілуі мүмкін. Тізімдерді дайындау процесі мемлекеттік органның қатысуынсыз дайындалған жағдайда, міндетті түрде Конвенцияға қатысушы мемлекеттің уәкілетті органы тарапынан мақұлдануы тиіс.

Қатысушы мемлекеттер қауымдастықтардың, сондай-ақ мамандардың, арнайы орталықтар мен зерттеу мекемелерінің өздерінің материалдық емес мәдени мұраларын анықтау мен түгендеу процесіне қатысуын ынталандыру үшін кеңес беретін орган немесе үйлестіру механизмі құруға шақырылады (ЖН 80). Түгендеу үлкен көлемдегі МЕММ элементтерінің әртүрлі елдерде болуы, МЕММ сипатының тұрақты өзгеруі (және оның өмір сүру жағдайларының өзгеруі), сондай-ақ тізімдердің үнемі жаңартылуын талап етуі себебінен үздіксіз үдерістер орын алады.

Тізімді жүргізу ережелерінде элементтерді енгізу/шығару процедуралары мен критерийлері, олардың мәртебесін бағалау және сақталуы мен дамуын бақылау — ЮНЕСКО-ның Жедел Басшылығының уәкілетті органның жауапкершілігінде.

Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның МЕММ бойынша Комитетінің Үкіметаралық Тобы 2018-2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының қатысуымен, ЮНЕСКО-ның халықаралық тізімдеріне қатысты процедуралар мен критерийлер бойынша үш консультациялық кезеңнен өтті. Үкіметаралық Топтың ұсынымдары 2024 жылдың маусым айында Оперативтік Басшылыққа өзгерістер енгізу туралы 10-шы Бас Ассамблеяның шешімдеріне енгізілді.

Қазақ халқының рухани дәстүрлері мен мәдени формаларының алуан түрлілігін көрсететін динамикалық каталогта Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұра элементтерінің Ұлттық тізімі жарияланды. Бұл тізімге ел мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде танылған материалдық емес мәдени мұра элементтері енеді. Оларды болашақ ұрпаққа жеткізіу үшін мемлекет тарапынан ерекше қорғау мен қолдауды қажет етеді. Тізім мәдени мұраның бес негізгі көрінісін бөліп көрсетеді:

- ауызекі әдебиет пен жеткізу формалары, соның ішінде тілдің материалдық емес мәдени мұраны тасымалдаушысы ретінде;
- орындаушылық өнер;
- әдет-ғұрыптар, рәсімдер, мерекелер;
- табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар;
- дәстүрлі қолөнер

Қазақстан Республикасының алғашқы Ұлттық тізімі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 01.03.2013 ж. №50 бұйрығымен бекітілген, кейіннен ол материалдық емес мәдени мұра элементтерін қосуға бағыт алған кезде толықтырылды (бұйрық өзгеріссіз қалды).



Мәдениет және спорт министрлігінің 30.11.2015 ж. №368 бұйрығымен «Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің Ұлттық тізімін жүргізу ережелері» бекітілді. Бұл ережелер элементтерді қосу/шығару рәсімдерін, олардың мәртебесін бағалау және олардың сақталуын бақылауды реттейтін — барлық жұмысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы жүзеге асыруға жауапты. Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің тізімі мезгіл-мезгіл толықтырылып, жаңартылады.

Ереженің 6-бабы бойынша, «Мәдени құндылықтарды зерттеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар, элементті анықтаған жағдайда, оған қатысты қажетті мәліметтермен бірге уәкілетті органға хат жолдайды».

Ереженің 8-бабы бойынша, уәкілетті органда тұрақты жұмыс істейтін сарапшылар комиссиясын құру қарастырылады (құрамын 2020 жылы Мәдениет және спорт министрлігі қайта бекіткен), комиссия келіп түсетін өтініштерді қарауға және өз ұсыныстарын уәкілетті органға ұсынуға тиіс. Министрлік құрылымында өзгерістер болғандықтан, сарапшылар комиссиясының құрамы 2023-2024 жылдары өзгертілді.


Ұлттық тізімді жаңарту тәртібі

Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізімі бірнеше кезеңмен жаңартылып отырады. Бұл процесс мүдделі тараптармен өзара байланысуды, мәлімет жинау және талдау жасауды, сондай-ақ жаңартылған ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуді қамтиды. Бұл әрекет қоғамдастықтармен,

этномәдени топтармен және жеке тұлғалармен өзара байланысу арқылы сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Ұлттық тізім жаңартылып, жаңартылған ақпарат жарияланады және оның кең аудиторияға қолжетімді болуы қамтамасыз етіледі.

2024 жылдың мамырында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 28.05.2024 ж. № 211 бұйрығымен Ұлттық тізімнің жаңартылған құрамы бекітілді. Құрамға Конвенцияның (2003 ж.) бес домені бойынша 79 элемент енгізілді.

Материалдық емес мәдени мұра элементтерін ұлттық тізімге енгізу тәртібі



01 Материалдық емес мәдени мұра қауымдастығы номинациялық досьені дайындап, оны Мәдениет және ақпарат министрлігіне жібереді

02 Сарапшылардан тұратын комиссия номинацияны қарастырып, алдын ала шешім шығарады

03 Сарапшылар комиссиясы ұсынған номинациялық досье жаңартылған тізімге енгізіледі

Ұлттық тізімнің құрылымы

Ұлттық тізім – элементтің атауы мен оған тән сипаттамаларды қамтитын құжат. Оның ішінде элементтің түрі, рәсім, мереке, қолөнер, білім, рухани дәстүрлердің формалары көрсетіледі. Сондай-ақ тізімде элемент туралы қысқаша және нақты сипаттау, оның қандай этносқа, жанрға тиесілі екені, қысқаша тарихы жайлы мәлімет берілген. Тізімде міндетті түрде элементтің таралу орны, оның еліміздің әртүрлі өңірлерінде қалай ұсынылатыны, сақталу деңгейі туралы ақпарат көрсетіледі. Жоғарыда айтылған барлық деректер фото және бейнемазмұнмен расталады, элементті көрсету үшін сол элементті сипаттайтын ғылыми материалдар, жарияланымдар және басқа да дереккөздер көрсетіледі. Қосымша, маңызды

бөлік ретінде элементті тізімге енгізетін жеке тұлға (сақтаушы) немесе тұлғалар қауымдастығы (құқықтық тұлға болуы мүмкін, мысалы, шығармашылық одақ/ YEҰ және т.б.) көрсетілетін бөлім қарастырылады.

Элементтерді Ұлттық тізімге енгізу тәртібі Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылы 30 қарашадағы №368 бұйрығында бекітілген.

Ұлттық тізімге енгізу үшін бастамашы топ, өзін материалдық емес мәдени мұра элементімен байланыстыратын қауымдастықпен бірлесіп, Мәдениет және ақпарат министрлігіне (немесе оның аумақтық органына) хат жолдайды. Хатта элементтің сипаттамасы, тарихы, қолданыстағы практикасы, қауымдастықтар мен сақтаушылар туралы мәліметтер баяндалып, хат алмасуға жауапты тұлғаның байланыс ақпараты көрсетіледі. Хатқа бірнеше фотосурет қосылады, онда суретте бейнеленген адамдар мен әрекеттер, түсірілімнің күні мен орны, сондай-ақ фотографтың аты-жөні белгіленеді.

Келесі қадамда уәкілетті органдағы сарапшылар комиссиясы өтінішті қарастырып, ұсыныстар береді, содан кейін оң шешім қабылданған жағдайда қауымдастыққа оның өкілі арқылы құжаттардың үлгілерінен тұратын пакетті жібереді. Толтырылған өтініш немесе ақпараттық құжат сарапшылар комиссиясына қайта жіберіледі де, бағаланып, сараптамалық қорытынды дайындалады. Элементтерді бағалау кезінде сарапшылар комиссиясы келесі мәселені талдайды:

1. Бұл элемент мемлекет және мәдени мұра тұрғысынан маңызды ма?
2. Бұл элемент ұрпақтан-ұрпаққа белсенді түрде беріле ме, оның өміршеңдігі сақталады ма?
3. Бұл элемент Қазақстан аумағында қолданылады ма және оны басқа этнос өкілдері, топтар немесе жеке тұлғалар өздерінің мәдени сәйкестігінің бір бөлігі ретінде тани ала ма?

Комиссияның шешімі дауысқа салынады. Шешім қабылдау үшін қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілігінің дауысы қажет. Дауыстар тең бөлінген жағдайда, соңғы шешім Комиссия төрағасының дауысына сәйкес қабылданады. Комиссияның Ұлттық тізімге элемент енгізу туралы шешімі негізінде уәкілетті орган 10 жұмыс күн ішінде МЕММ элементтерін Ұлттық тізімге енгізіп, оны уәкілетті органның ресми сайтында жаңартады. Уәкілетті орган қауымдастыққа қабылданған шешім мен келесі қадамдар туралы хабар береді.

Осылайша, Ұлттық тізімді жаңарту елдің халықаралық міндеттемелерін орындауда және материалдық емес мәдени мұраны қорғау мәселесінде республика деңгейінде де, халықаралық деңгейде де маңызды.

1.8 Материалдық емес мәдени мұраға қатысы бар өзге де халықаралық келісімдер мен нормативтік құжаттар

Материалдық емес мәдени мұра конвенциясын жүзеге асыруға және МЕММ-ді ұлттық деңгейде қорғауға әртүрлі халықаралық құжаттар әсер етеді. Оған басқа конвенциялар, ұсыныстар, декларациялар, этика және мінез-құлық кодекстері, сондай-ақ басқа да нормативтік актілер жатады.

Конвенцияны іске асыруға халықаралық және ұлттық деңгейде түрлі ұйымдардың (зерттеу орталықтары мен YEҰ және т.б.) бірлескен қызметі де әсер етуі мүмкін.

Мысалы, төмендегі құқықтық құралдар мен институттарды атап өтуге болады:

- Адам құқықтары туралы халықаралық-құқықтық актілер (2.1-бап);
- Бүкіләлемдік мұра конвенциясы (МЕММ конвенциясының 3(a)-бабында көрсетілген) және ЮНЕСКО-ның мәдениет пен мұра бағытындағы басқа да конвенциялары;
- Зияткерлік меншік және биологиялық, экологиялық ресурстарды пайдалану саласындағы халықаралық-құқықтық актілер (3(b)-бапта көрсетілген),

соның ішінде Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (WIPO) әзірлеген құжаттар;
- Халықаралық, екіжақты және өңірлік ынтымақтастық механизмдері (19-бап), ЮНЕСКО-ның 2–ші санаттағы орталықтары (мемлекеттер тарапынан қаржыландыру, ЖН 86 және 88).

Жоғарыда аталған және басқа да халықаралық келісімдер мен нормативтік құжаттар 2003 жылғы Конвенцияны жүзеге асыруда кешенді орта қалыптастырып, мемлекеттерге материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың тиімді механизмдерін әзірлеуге жәрдемдеседі. Олар қауымдастықтардың құқықтарын мойындауға, қаржылай қолдауға, құқықтық қорғау құралдарын қамтамасыз етуге және мәдени дәстүрлерді сақтау үшін инновациялық тәсілдерді пайдалануға үлес қосады.

Қазақстан қатысатын БҰҰ/ЮНЕСКО Конвенциялары

Қазақстан Республикасы БҰҰ мен ЮНЕСКО-ның бірқатар халықаралық келісімдері мен конвенцияларына белсенді қатысып, мемлекеттің түрлі саладағы халықаралық стандарттарды орындауға қызығушылық танытуда. Төменде Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын іске асыруға азды-көпті ықпал ететін негізгі Конвенциялардың тізімі берілген.

- **Мәдени құндылықтарды қарулы қақтығыс кезінде қорғау туралы Гаага конвенциясы және оның Бірінші хаттамасы (1954 ж.), 1954 және 1999 жылдардағы Қарулы қақтығыс кезінде мәдени құндылықтарды қорғау туралы Гаага конвенциясының Екінші хаттамасы.**

Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 14 наурызда құқықтық мирасқорлық жөніндегі хабарлама арқылы қосылды. Конвенцияны Қазақстанда іске асыруға жауапты уәкілетті орган – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Халықаралық Қызыл Ай Комитеті (Швейцария) ЮНЕСКО-ның қолдауымен Қорғаныс министрлігінің өкілдеріне арналған семинарлар мен тренингтер жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Бұл оқу бағдарламалары көбіне «соғыс қағидаларына» және қарулы қақтығыстар кезіндегі әскери қызметкерлердің іс-әрекетіне бағытталса да, оның бір бөлігінде мәдени мұраны қорғау мәселелері, мәдени және қасиетті нысандардың қорғалуы міндеті қаралады.

Мәдени құндылықтарды заңсыз әкету, әкелу және оларға меншік құқығын беруді тоқтату мен алдын алуға бағытталған шаралар туралы Конвенция (1970 ж.). Конвенцияға Қазақстан Республикасының Парламенті 2011 жылы 9 желтоқсанда ратификацияланды. Қазақстанда аталған Конвенцияны іске асыруға жауапты уәкілетті орган – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Көшпелі түркі өркениетінің бірнеше ғасырлар бойы ажырамас бөлігі болған қазақтың мәдени мұрасы – тері, ағаш, металл, киіз және басқа да материалдардан жасалған сан алуан өнер туындыларын қамтиды; бұл бұйымдар сән-салтанат, рәсім жасау, әлеуметтік және тұрмыстық қажеттерге пайдалану мақсатында жасалған.

Тарихтың тоғысуы салдарынан осындай материалдық мәдени мұралардың біршамасы Қазақстанның мәдени кеңістігінен тыс қалып, бүгінде шетелдік музейлер мен жекеменшік коллекцияларда сақтаулы тұр. .

Үкімет бұл қорлардың шетелдік сақтаушылармен бастапқы келіссөздер жүргізіп, оларды қазақстандық зерттеушілерге қолжетімді етудің амалдарын қарастырып жатыр. Сонымен бірге 1970 жылғы Конвенцияның орындалуына қатысты қоғамды ақпараттандыру үшін түрлі тренингтер өткізуге қолдау көрсетіп келеді; мұндағы мақсат – қазақ мәдениетінің адамзат мұрасына қосқан үлесін растау.

- **1972 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Конвенция.** Бұл Конвенцияны Қазақстан Республикасының Парламенті 1994 жылғы 29 сәуірде ратификациялаған. Елде аталған Конвенцияны іске асыруға жауапты уәкілетті орган – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Репрезентативтік тізімге енген МЕММ (материалдық емес мәдени мұра)

элементтерінің бірқатары Дүниежүзілік мұра тізіміне қосылған нысандарда немесе басқа да дүниежүзілік тізімдерге кіретін нысандарда жатқаны белгілі.

Мәселен, **Жібек жолының Ферғана–Сырдария** дәлізі атты 2018–2023 жылдары қабылданған номинациясында мынандай критерий (VI) есепке алынған: мәдени нысанға қатысты салт-дәстүрлер, идея мен наным-ненімдер, көркемдік әдеби туындылар жаһандық маңызы зор оқиғаларға тікелей немесе көзге көрінетіндей деңгейде қатысты болуы тиіс деген критерийі болған.

Атап айтқанда, «Ежелгі Отырар қалашығы» нысаны тарих пен салт-дәстүрлерді, наным-сенімдер мен құндылықтар жүйесіне тікелей қатысы бар. Отырар атауы – Аристотель еңбектеріне түсініктемелер жазған ортағасырлық шығыс философиясының көрнекті өкілі, ұлы математик әрі музыка теоретигі Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фарабимен (872–950 жж.) тығыз байланысты. «Фараби» деген тегі оның Фараб өңірінен шыққанын аңғартады. Әл-Фарабидің есімі көлемі жөнінен Александрия кітапханасынан кем түспеген әйгілі Отырар кітапханасының аңызымен байланысты, алайда ол кітапхана моңғол шапқыншылығынан қирап қалған еді.

2022 жылы Ұлттық мәдени және дүниежүзілік мұра комитеті Талғар халқының буферлік аймағында «Silk Roads: the Routes Network of Chang'an–Tianshan Corridor (Kazakhstan, China, Kyrgyzstan)» номинациясына кіретін «Этноауыл» кешенін салу жобасын қолдамаған еді. Талғар халқының буферлік аймағы Іле Алатауы ұлттық табиғи қорығының аумағында, атақты алматы апорт алмасының өсетін жерінде орналасқан. Ұлттық комитеттің бұл ұстанымы 45-сессиясында (Эр-Рияд) өткен Үкіметаралық комитеттің шешіміне енді.

- **Биологиялық әртүрлілікті сақтау туралы конвенция** 1993 жылдың соңында күшіне еніп, бүгінде БҰҰ-ға мүше елдердің көбісі ратификациялаған. Қатысушы мемлекеттерге биологиялық алуан түрлілікті сақтау, оны орнықты пайдалану және генетикалық ресурстарды пайдаланудан түсетін пайданы әділ бөлу жөнінде заңдық міндеттемелер жүктейді. Биологиялық әртүрлілік туралы Конвенцияда «дәстүрлі өмір салтын ұстанатын байырғы және жергілікті қауымдастықтардың білімін, жаңалықтарын және практикаларын құрметтеу, сақтау және қолдау» талап етіледі, бұл биологиялық саналуандылықты сақтауға және орнықты пайдалануға көмегі зор. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 19 тамыздағы №918 қаулысымен елдің Конвенцияға қосылуын мақұлдаған. Қазақстанда бұл Конвенцияны іске асыруға жауапты уәкілетті орган – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.
- **Сулы-батпақты алқаптар туралы конвенция (Рамсар конвенциясы, 1971).** Қазақстанда бұл конвенция 2007 жылдың 2 мамырында күшіне енді. Қазіргі таңда Қазақстанда халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар деп танылған жалпы аумағы 3 281 398 гектар болатын 10 нысан бар[2]. Рамсар конвенциясы, ең алдымен, суда жүзетін құстардың мекені саналатын сулы-батпақты алқаптарды сақтауды мақсат ететін халықаралық деңгейдегі құжат. Ол сулы-батпақты алқаптар мен олардың ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану бойынша ұлттық шаралар мен халықаралық ынтымақтастықтың негізін қалайды. Конвенцияға Орталық Азия елдерін қоса алғанда, 170-тен астам мемлекет мүше. Аталған халықаралық келісім елдердің трансшекаралық аумақтағы сулы-батпақты алқаптарды орнықты пайдаланып, экологиялық тұтастығын қолдауға және биоәртүрлілікті сақтау мақсатында көршілес елдермен ынтымақтастықта болуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Рамсар конвенциясы шартқа қосылған тараптардың сулы-батпақты алқаптарды

---

[2]Дәулетбақов, А. Т., Қозыбақов, А. М., Рустамов, Э. А., & Карина, Ж. О. (2018). Қазақстан, Қырғызстан және Түрікменстандағы су-батпақты алқаптардың (СБА) мәртебесіне қатысты мәліметтерді жаңарту және жергілікті қауымдастықтардың су-батпақты алқаптарды сақтау мен ұтымды пайдалануына арналған үздік тәжірибелерді жинақтап, тарату. Орталық Азияның Рамсар аймақтық бастамасы (ОАРА).

(СБА) басқару жөнінде жеке орган немесе органдар жүйесін құруды міндеттемейді, мемлекеттерге осы міндеттемелерді орындау жолдары мен құралдарын өздері таңдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты әр Орталық Азия мемлекеті СБА басқаруда экологиялық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктермен байланысты өз тәжірибесін қалыптастырған. СБА жергілікті қауымдар үшін табиғи ресурстарды пайдаланудың бірнеше түрін дамытуға жағдай жасайды: сумен қамтамасыз ету, балық аулау, ауыл шаруашылығы (жерасты сулары деңгейін сақтап, топырақтың құнарлы болуына көмектеседі), мал шаруашылығы, құс өсіру, ара өсіру, аңшылық шаруашылығы, дәрілік шикізат дайындау, демалыс пен туризм және т.б. 2018 жылы Орталық Азия елдерінің сарапшылары СБА-ны сақтау және ұтымды пайдалану барысында жергілікті қауымдардың үздік тәжірибелерін жинақтап, тарату мақсатында «Қазақстан, Қырғызстан және Түркменстандағы сулы-батпақты алқаптардың жағдайы туралы ақпаратты жаңарту» жөніндегі әдістемелік құрал әзірлеген.

Қазақстан қатысатын халықаралық бағдарламалар

Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы мен Қазақстан арасындағы келісім және жобалар: 2004 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы арасындағы ауыл шаруашылығы саясаты мен сауда мәселелерін талдау әлеуетін арттыруға бағытталған техникалық көмек туралы келісім шеңберінде уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгіленген. 2018 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Қазақстан Республикасы Үкіметі мен осы Ұйым арасындағы Қазақстанда Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен байланыс және әріптестік бюросын құру туралы келісімді ратификациялады.

«Адам және Биосфера» (МАБ) бағдарламасы (ЮНЕСКО): Қазақстан ЮНЕСКО-ға мүше болған сәттен бастап осы Үкіметаралық бағдарламаға қосылған, ал 2019–2023 жылдар аралығында МАБ Үкіметаралық комитетінің мүшесі болып сайланды. 2018–2023 жылдар аралығында МАБ Ұлттық комитеті қоршаған орта мәселелерін бірлесіп шешуге және дәстүрлі білімді пайдалану ісіне бағытталған бірқатар семинарлар, халықаралық конференциялар (онлайн/офлайн форматта) ұйымдастырып, өткізді:

1. ЮНЕСКО-ның түрлі бағдарламаларын (МАБ, Дүниежүзілік мұра, Геопарктер, Су бағдарламасы т.б.) тұжырымдамалық тұрғыдан талқылауға және іске асыруға арналған ортақ семинарлар/конференциялар;
2. Биосфералық резерваттар аумағындағы бояу алуға жарамды жануарлар мен өсімдіктерді пайдалану жөніндегі жергілікті/ұлттық технологиялар мен білімді сақтау және ілгерілету;
3. Биосфералық резерваттар аумағындағы емдік қасиеті бар жануарлар мен өсімдіктерді пайдалану жөніндегі жергілікті/ұлттық технологиялар мен білімді сақтау және ілгерілету;
4. Руханиятты нығайтуға, ұрпақтар сабақтастығын қамтуға, сондай-ақ мәдени дәстүрлерді сақтауға бағытталған үлгілердің (өнер, қолөнер, поэзия, әндер, ою-өрнек және т.б.) табиғи нысандарда қолдану тәжірибелерін талдау;
5. Табиғи нысандарды көркем бейнелеуге арналған шығармашылық конкурстар өткізу (бейнелеу өнері, поэзия, көркем әдебиет, фото, видео) – 1) жергілікті/ұлттық деңгейде, 2) халықаралық деңгейде[3].

[3]ЮНЕСКО-ның «Адам және Биосфера» (МАВ) бағдарламасы бойынша Қазақстанның Ұлттық комитеті. (2015). «Восьмая река» көркемдік жобасы. Қазақстанның ЮНЕСКО-ның «Адам және Биосфера» (МАБ) бағдарламасы бойынша Ұлттық комитеті. https://www.kazmab.kz/index.php/proekty/vosmaya–reka/khudozhestvennyj–proekt–vosmaya–reka

Ұлттық ICOMOS комитеті, ЮНЕСКО және ICOMOS-тың қатысуымен, мұраны сақтау және басқару саласындағы халықаралық/өңірлік конференциялар мен семинарларды белсенді ұйымдастырады. Дүниежүзілік мұра объектілері бойынша дерекқорлардың жасалуына қатысып, университеттер мен КазГАСА жанындағы ЮНЕСКО мектебінде мұраны сақтау жөніндегі оқу курстарын өткізуге атсалысты. Сондай-ақ Наурыз мерекесіне орай «Таңбалы петроглифтері» археологиялық ландшафты нысанында жергілікті тұрғындарды және т.б. тарта отырып ұйымдастырылған өңірлік мұралар фестивалін әзірлеу жұмыстарына қатысты.

Атап айтқанда, ICOMOS комитеті «Таңбалы петроглифтері» археологиялық ландшафты, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, «Жібек жолы» сияқты нысандарды дерекқорларға қосу мәселесін бірнеше рет көтерген.

«Жібек жолы» дәліздерін ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізу бойынша номинацияларды талқылау барысында Каспий теңізінің деңгейі төмендеген кезеңдерде сауда жолдарының қазіргі теңіз түбі арқылы өткеніне назар аударылды. Осыған байланысты тиісті органдар алдында суасты мұрасын зерттеу қажеттілігі туралы мәселелер көтерілді.

Табиғи орта мен рухани мұра – мәдени мұраның ажырамас бөлігі. Мәселен, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның хатшылығы Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің рухани құндылығын, оның дүниежүзілік маңызға ие басты айрықша белгісі екенін мемлекеттік органдарға түсіндіруге көп күш жұмсап келеді. Бұл құндылық тек кесененің өзінен ғана емес, оның маңындағы ортадан да көрініс табады, сондай-ақ күллі түркітілдес мұсылман әлемі үшін қасиетті қалаға айналған Түркістанның дамуынан-ақ байқалады. Алайда кесене маңындағы тарихи-киелі орта мен қаланың сәулет келбетін сақтау жөніндегі комитет ұсыныстары өкінішке қарай діттеген мақсатына жете алмады.

Қазіргі таңда комитет мүшелері ЮНЕСКО тізіміне ұсынуға дайындалып жатқан «Маңғыстау түбегіндегі мешіттер/Rocky Mosques of Mangyshlak Peninsula» нысаны бойынша жұмыстарға қатысып жатыр. Бұл мешіттер өңірдегі мұсылмандар үшін аса зор рухани маңызға ие, әрі малшы-көшпелілердің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан рухани дәстүрлерімен тығыз байланысты. Шөлейтті Маңғыстау түбегінің ерекше табиғи ландшафты да осы нысанның ажырамас бөлігі болып саналады.

Қазақстан қатысатын басқа да халықаралық нормативтік актілер

Қазақстан Республикасы 1994 жылғы ақпанда Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымына (ДЗМҰ) қосылды, бұл зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесінің дамуына ықпал етті. Енгізілген өзгерістер мен түрлі құқықтық механизмдерді қолданудың арқасында материалдық емес мәдени мұра (МЕММ) аясындағы білім мен оны көрсету формаларын коммерциялық мақсатта пайдалануға мүдделі компанияларды сол мұраны тасымалдаушы қауымдастықтармен табысты әділетті бөлісу туралы келісімдер жасасуға ынталандыруға, тіпті міндеттеуге мүмкіндік туды.

Зияткерлік меншік құқықтарын тиімді қорғау жергілікті қауымдардың мәдени мұраны пайдаланудан түсетін экономикалық табысты – концерттерден түсетін кірістерді, жазбалар мен дәстүрлі білім, қолөнер бұйымдарын сатудан түсетін қаржыны – бақылауда ұстауына септігін тигізеді. Бұдан тыс, ол мәдени дәстүрлердің бұрмалануына және МЕММ сақтаушылар жөніндегі жаңсақ пікірлердің қалыптасуына жол бермейді. Алайда қолданыстағы заңнама туралы ақпараттың жеткіліксіздігі мен оны іс жүзінде қолданудың күрделілігі – қауымдастықтардың өз құқықтарын қорғауға кедергі жасайды. Мұндай жағдайда оларға өздерінің мәдени мұрасы мен экономикалық мүдделерін қорғауға арналған келісімдер әзірлеуге қолдау көрсету қажет.

Сөйтіп, материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау саласындағы зияткерлік меншік мәселелері дәстүрлі білімнің, қолөнердің, әдет-ғұрыптардың және өзге де мәдени үлгілердің заңсыз пайдаланылуы, шамадан тыс коммерцияландырылуы және жойылып кету қауіптерінің алдын алуда маңызды рөл атқарады. Олар құқықтық тұрғыдан тиімді қорғалса, жергілікті қауымдар өз мұрасын сақтап қалу мен иелік етуге, ұрпақтан-ұрпаққа табыстауға толықтай мүмкіндік алып, оны коммерциализациялаудан түсетін қаржыны да иемденуге құқық алады. Географиялық көрсеткіштер жүйесі, авторлық құқық және патенттік құқық сынды халықаралық механизмдер МЕММ элементтеріне заң жүзінде қорғалып, мәдениет иесінің келісімінсіз олардың көшіріліп, коммерциялық мақсатта қолданылуына жол бермеуге көмектеседі.

II. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

(ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАР МЕН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ)

2013 жылы ЮНЕСКО-ның Мәдениет секторының норма шығару қызметіне жүргізілген бағалау шеңберінде Ішкі қадағалау қызметі (IOS) ұсынған тұжырымдарға сәйкес, Нәтижелерді бағалаудың жалпы жүйесін (НБЖЖ) әзірлеу процесі басталды. Сол жылы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитет осындай жүйе құру туралы шешім қабылдады (8.COM 5.c.1 шешімі), ал 2014 жылы ашық құрамдағы Үкіметаралық жұмыс тобына жобаны әзірлеуді тапсырды (9.COM 13.e шешімі).

Алғашқы қадам ретінде ЮНЕСКО 2016 жылы 7–9 Қыркүйек аралығында Қытайдың Бейжің қаласында VI санаттағы сарапшылар кездесуін ұйымдастырды. Комитет өзінің он бірінші сессиясында сол жиында жасалған жоғары деңгейдегі нәтижелер картасына (11.COM 14 шешімі) оң бағасын берді. Осы құжат негізінде ашық құрамдағы Үкіметаралық жұмыс тобы бағалау жүйесін әзірлеуді жалғастырып, бағалаудың 86 факторын анықтады.

2018 жылы Комитеттің ұсынымы бойынша, Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің Бас Ассамблеясының жетінші сессиясында нәтижелерді бағалаудың жалпы жүйесі ресми түрде мақұлданып (7.GA. 9 резолюциясы), оны әзірлеу процесі аяқталды.

Нәтижелерді бағалаудың жалпы жүйесі – 2003 жылғы Конвенцияның түрлі деңгейдегі ықпалын айқындауға арналған, Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНЕСКО әзірлеген құрал. Ол нақты айқындалған мақсаттар, көрсеткіштер мен критерийлер арқылы және нәтижеге бағдарланған мониторинг жүйесі негізінде жұмыс істейді. Бағалау жүйесі материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау іс-қимылдарын, олардың салдары мен күтілетін нәтижелерін сипаттайтын 8 тақырыптық бағыт пен 26 негізгі көрсеткішті қамтиды. Осы 26 көрсеткіштің барлығы бойынша Нәтижелерді бағалаудың жалпы жүйесін қолдануды жеңілдетуге арналған нұсқаулықтар әзірленген; бұл нұсқаулықтар қатысушы мемлекеттер мен басқа да тараптар үшін жүйені іске асыру барысында қолдау көрсетеді[4].

[4]ЮНЕСКО. (2003). Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның негізгі мәтіндері (2022 жылғы басылым). ЮНЕСКО.

Тақырыптық бағыттар:

1	Институционалдық және адами әлеует	5	Материалдық емес мәдени мұраның және оны қорғаудың қоғамдағы рөлі
2	Ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және білім беру	6	Хабардарлықты арттыру
3	Түгендеу мен зерттеулер	7	Қауымдастықтардың, топтардың және жеке тұлғалардың, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптардың қатысуы
4	Саясат, сондай-ақ құқықтық және әкімшілік шаралар	8	Халықаралық қатысу

Осылайша, нәтижелерді бағалаудың жалпы жүйесі 2003 жылғы Конвенцияның әсерін талдауда құрылымданған тәсілді қамтамасыз етіп, оның тиімділігін нақты айқындалған көрсеткіштер мен критерийлер арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Тақырыптық бағыттар, негізгі көрсеткіштер мен бағалау факторлары жүйелі мониторинг пен атқарылып жатқан жұмысқа салыстырмалы талдау жүргізуге негіз болады. Бағалау процесін тереңірек түсіну үшін нәтижелердің өлшемділігін қамтамасыз ететін, әрі қатысушы мемлекеттердің жүйені тиімді қолдануына жәрдемдесетін критерийлер мен факторларға жүгіну қажет.

Биыл ЮНЕСКО-ға тапсыратын мерзімді есепті дайындау аясында сарапшылар тобы Нәтижелерді бағалаудың жалпы жүйесінің критерийлеріне сәйкес Қазақстан Республикасының саясатын талдаудан өткізді.

2.1 ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ АДАМИ ӘЛЕУЕТ
(1–3 КРИТЕРИЙЛЕР)

Бұл тақырыптық бағытта материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау саласындағы уәкілетті органдардың дәстүрлерді қолдау мен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге араласу деңгейі, мәдени мұраны қорғау үшін адами әлеуетті дамытуды қолдайтын бағдарламалар және осы саладағы мамандар немесе қауымдастықтардың өздері жүргізетін оқыту бастамалары қарастырылады. Аталған механизмдердің тиімділігі, қолжетімділігі мен тұрақтылығы, сондай-ақ мәдени мұраны сақтауды қамтамасыз ететін білім мен дағдыны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу ісіне жергілікті қауымдастықтардың қаншалықты белсенді қатысатыны үлкен маңызға ие.

1-критерий. Уәкілетті органдар, мекемелер мен консультативтік механизмдер МЕММ-нің тұрақты түрде дамуына және ұрпақтан-ұрпаққа берілуіне қаншалықты қолдау көрсетеді

Бұл критерий Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) 11.4 - міндеттеріне «дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау мен сақтауға бағытталған күш-жігерді белсендіру» сәйкес келеді. Ол мемлекеттік органдарды МЕММ–ді қорғау ісіне қоғамның кең ауқымды қатысуын үйлестіруге ынталандырады. Мұнда қарастырылып отырған органдар мен мекемелер, әдетте, мемлекеттік мекемелер немесе мемлекет қолдауымен құрылған құрылымдар. Ал ҮЕҰ, қоғамдық бірлестіктер және жеке сектор ұйымдарының қызметі 21-критерийде сипатталады. Ал зерттеу және құжаттау шараларының іс-шаралары мен нәтижелері 9 және 10-критерийлерде қарастырылады. Ғылыми-зерттеу институттары мен мамандандырылған орталықтарды мониторинг жүргізуге тарту 22-критерийде

көрсетілген.

Қазақстан Республикасында МЕММ-ді және жалпы мәдениет саласын қорғау ісімен айналысатын уәкілетті органдар бар. Елдегі МЕММ саласындағы басты уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі (Мәдениет комитеті, музей қызметі және материалдық емес мәдени мұра бөлімі). 2013 жылғы 29 сәуірде «Қазақстан Республикасындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту тұжырымдамасы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің №408 қаулысы) қабылданды.

Материалдық емес мәдени мұраны дамытудың негізгі бағыттарын ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен ҚР Оқу-ағарту министрлігі үйлестіреді. Бұл іске ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан ұлттық комиссиясы мен Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитеті белсенді қатысады.

ҚР МАМ және ҚР ҒжЖБМ Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізіміне енген элементтердің сақталуы мен дамуын қамтамасыз етеді. Өз құзыреті шеңберінде олар бұл элементтерді құжаттап, МЕММ элементтерінің жай-күйін қадағалайды (мониторинг), осы саладағы кадрларды даярлау мен біліктілігін арттыру шараларын іске асырады, сондай-ақ Конвенцияның орындалу барысы туралы ЮНЕСКО-ға есептер жолдайды.

ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан ұлттық комиссиясы – Қазақстан тарапынан ЮНЕСКО тізімдеріне ұсынылатын өтінімдерді дайындау мен ұсыну процесін үйлестіреді, Конвенцияны ұлттық және өңірлік деңгейде іске асыруға халықаралық және ұлттық сарапшыларды тартуға ықпал етеді, Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитетінің қызметін үйлестіреді.

Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитетінің негізгі функциялары: Конвенция мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу; Тұжырымдаманы әзірлеу мен іске асыруға қатысу, материалдық емес мәдени мұраны қорғау шараларын қабылдау бойынша ұсынымдар әзірлеу; осы саладағы озық халықаралық тәжірибе жөнінде консультациялар беру; бастамашыл топтар мен қауымдастықтар ұсынатын МЕММ элементтерін ЮНЕСКО тізімдері мен Қазақстанның МЕММ ұлттық тізіміне енгізу өтінімдерін қарастыру. Өз қызметі барысында Ұлттық комитет материалдық емес мәдени мұраны жасайтын, сақтайтын және ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыратын қауымдастықтардың, топтардың және қажет болған жағдайда жеке адамдардың бұл іске кеңінен қатысуына жағдай жасайды.

2-критерий. Бағдарламалар МЕММ-ді қорғауға және оны басқаруға қажет адами әлеуетті нығайтуға қаншалықты қолдау көрсетеді

МЕММ-ді қорғауға жәрдемдесу аясында адами әлеуетті қолдау және нығайту ісі еліміздегі жетекші ЖОО-лардың жұмысы арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасында этнология, дәстүрлі музыкалық өнер және ауызша поэтикалық шығармашылық (ән айту, ұлттық аспаптарда ойнау, хореография және т.б.), сәндік-қолданбалы өнер, фольклор және басқа салаларында маман даярлайтын бірқатар ЖОО мен факультеттер жұмыс істейді.

Олардың ішінде Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын, Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетін, Қазақ ұлттық хореография академиясын (Астана), Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін (Алматы), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін (Алматы) және мәдени мұра саласында мамандар даярлайтын бірқатар өңірлік ЖОО-ларды ерекше атап өтуге болады.

Мамандарды даярлау үш деңгейлі бағдарламалар арқылы іске асырылады: бакалавриат, магистратура және PhD докторантура. Бұл университеттердің оқу бағдарламаларына МЕММ элементтеріне қатысты пәндер енгізілген, сондай-ақ

этнология мен мәдениеттану саласындағы мамандарды даярлау ісі жүзеге асырылады. Кейбір университеттерде ЮНЕСКО кафедралары құрылған, мәселен, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі ЮНЕСКО-ның Тұрақты даму кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі ЮНЕСКО-ның Педагогика және мұғалімдер даярлау кафедрасы; мұнда БҰҰ мен ЮНЕСКО бастамалары мен қағидаттарын өркениеттер, мәдениеттер және халықтар арасындағы диалогты дамыту үшін ілгерілету жұмыстары жүргізіледі.

Қазақстан ЖОО-ларында МЕММ-ге тікелей қатысты бірқатар білім беру бағдарламалары іске асырылады. Мысалы, «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы («Халық аспаптары», «Халық әні» бағыттары бойынша) бакалавриат, магистратура және PhD докторантура деңгейлерінде оқытылады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – қобыз күйлерінің (Қорқыт, Ықылас), домбыра күйлерінің («төкпе» және «шертпе» дәстүрін қалыптастырған Құрманғазы, Тәттімбет) орындаушылық дәстүрлерін сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу. Сондай-ақ бағдарлама қазақтың дәстүрлі әншілік өнерін дамытуға бағытталған, оның ішінде Арқа, Жетісу, Батыс Қазақстан, Сырдария және Алтай-Тарбағатай өңірлерінің әншілік мектептері қамтылады.

«Филология» мамандығы ауызша дәстүрлер мен шығармашылық түрлерін, соның ішінде тілді материалдық емес мәдени мұраның бір көрінісі ретінде терең зерттеуді мақсат етеді. «Сәндік өнер» мамандығы ағаш, киіз сияқты материалдармен жұмыс істеп, оларға көркем өңдеу жасайтын, сондай-ақ тоқыма және киіз басу өнерін үйрететін шеберлерді даярлауға бағытталған. «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында асық ату, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындар оқытылады.

«Этнология және антропология» мамандығында МЕММ-ге қатысты ғылыми-зерттеулермен айналысатын болашақ этнографтар дайындалады. Ал «Мәдениеттану» мамандығы түлектерінің қызмет саласы мәдени саясаттың динамикасын ғылыми тұрғыдан зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеулер рухани жаңғыру үдерістерінің қоғам мен әлеуметтік институттардағы көрінісін талдауды, мемлекеттік билік жүйесіндегі басқару органдарының қызметін қамтамасыз ету арқылы, қазақстандық бірегейлікті іске асыруға атсалысады.

Сонымен қатар Қазақстанның кейбір ЖОО-ларында МЕММ–ді қорғау және дамыту саласының түрлі аспектілерін қамтитын пәндер енгізілген. Мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Мәдени мұра теориясы», «Мәдени зерттеулер тарихы мен методологиясы», «Түркі халықтарының дәстүрлі музыкалық мәдениеті», «Қазақ халқының рухани мәдениеті және дәстүрлі білімі» сияқты пәндер оқытылады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-да «Материалдық емес мәдени мұра және көркемдік білім», «Қазақ ою-өрнегі – этнозаттық код», «Мәдени мұра және білім беру» пәндері жүргізіледі.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Қазақ фольклористикасы», ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Қорқыттану» пәндері оқытылады.

Республиканың бірқатар ЖОО-сында МЕММ-дің түрлі бағыттарына арналған орталықтар құрылды. Мәселен, Этнографиялық сән театры мен Қазтұтыну одағы Қарағанды Университетіндегі Халықтық киім этномузейі, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіндегі Этнографиялық музейі, Ақтөбедегі Қазақ-Орыс халықаралық университетіндегі «Ақтөбе кіндігі» қазақ халық кәсіпшілігі мен өнері бойынша этнографиялық музей-зертханасы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы Жас түркітанушылар мектебі (Алматы), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу республикалық орталығы (Алматы) және т.б.

Қазақстанда сәндік-қолданбалы өнер мен дизайн бағытында шеберлерді даярлайтын 8 колледж жұмыс істейді. Оқу орындарында дәстүрлі қолөнер мен дизайнға қатысты білім беру бағдарламалары бар. Олардың қатарында Алматы қаласындағы Алматы сән және дизайн колледжі, Алматы құрылыс және халық кәсіпшілігі колледжі, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының колледжі, «Сымбат» сән бизнес академиясының колледжі, Т. Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының колледжі, О. Тансықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі, Шымкент қаласындағы Ә. Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжі,

Қаскелең мәдениет колледжі, Ақтау қаласындағы Маңғыстау өнер колледжі бар. Бұл мекемелер дәстүрлі өнерді ресми оқытуда маңызды рөл атқарады. Оқу бағдарламалары қолданбалы өнер мен дизайн саласындағы ресми білім беру арқылы шеберлікті сақтауға, дәстүрлі білім мен дағдыларды келешек ұрпаққа жеткізуге бағытталған.

ҚР МАМ 2006 жылғы 15 желтоқсанда қабылданған «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының №207 талаптарына сәйкес өзіне бағынысты мекемелердің қызметкерлерінің біліктілігін жүйелі түрде арттырады.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты Мәдениет және музей қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы жанында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің базасында, «Архив–2025» жобасын іске асырудың кешенді жоспары аясында 2022 жылы мемлекеттік және ведомстволық архивтердің қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығы ашылды.

2020 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған №395–VI ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес, дене шынықтыру сабағында күрес, тоғызқұмалақ және асық ату сынды ұлттық спорт түрлері міндетті компонент ретінде енгізілді.

ҚР Туризм және спорт министрлігінде (бұдан әрі – ҚР ТжСМ) спорттық-білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне Республикалық дене шынықтыру және спорт бойынша оқу-әдістемелік және талдау орталығы арқылы біліктілікті арттыру курстары жүйелі түрде өткізіледі.

Жергілікті деңгейде де облыс әкімдіктерінің мәдениет басқармалары аясында біліктілікті арттыру курстары өтіп тұрады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы 2019–2023 жылдары «Білім–құзіреттілік–креатив» атты кітапхана мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асырды. Пайдаланушыларға жергілікті ресурстарға кеңінен қол жеткізу мүмкіндігі, аймақтың тарихи жадыны сақтау бойынша интерактивті формаларды енгізу, кітапхана ісінде өлкетанулық туризмді дамытудың инновациялық тәсілдеріне бағытталған маңызды модульдердің бірі – «Кітапханалық өлкетанудың заман ағымындағы рөлі».

Қазақстан Республикасы қауымдастықтар немесе ҮЕҰ қатысуымен МЕММ-ді қорғау және басқару саласында мамандар даярлау бастамаларын іске асыруға ұмтылады. Мүдделі қауымдастықтар мен ҮЕҰ белсенді қатысуымен МЕММ-ді қорғау бойынша түрлі тренингтер мен семинарлар өткізіліп тұрады.

Жас қолөнершілерге арналған шеберлік сабағын тәжірибелі ұсталар тұрақты түрде Қазақстан қолөнершілер одағы, «Qagaz oner» ұлттық қолөнер қауымдастығы, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы және т.б. жүргізеді.

МЕММ-ді зерттеумен айналысатын ғылыми қауымдастықты нығайтатын маңызды бастамалардың бірі – «Орталық Азияның материалдық емес мәдени мұрасының феноменіне философиялық көзқарас» атты IV Халықаралық конференциясының өткізілуі. Іс-шара 2023 жылы ЮНЕСКО-ның қолдауымен Мәдениеттерді жақындастыру орталығы (МЖО) және Философия, саясаттану және дінтану институты бірлесіп, сондай-ақ ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитеттің серіктестігімен өтті.

3-критерий. Оқыту процесіне қауымдастықтар, топтар немесе жеке тұлғалар қандай деңгейде қатысады, сондай-ақ мәдениет пен мұра саласында жұмыс істейтіндер үшін немесе олардың қатысуымен қаншалықты жүзеге асырылады

МЕММ-дің жекелеген дәстүрлері аясында оқыту көбіне барлық ауызекі мәдениеттерде кездесетін «ұстаз – шәкірт» деп аталатын халықаралық жүйесі бойынша іске асады. Шәкірт шебермен бірге сапарларға шығып, концерттер мен қойылымдарға қатысу арқылы, білім мен дағдыларды тікелей ұстазымен өзара әрекеттесу барысында меңгереді. Оқудың аяқталу мерзімі шәкірттің қабілеті мен дайындық деңгейіне байланысты.

BilGen авторлық әдістемелер мен бағалау жөніндегі ұлттық орталық Алматы қаласындағы Тоғызқұмалақ федерациясымен бірге дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне арналған тоғызқұмалақ бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырады. Ал Қазақстанның ұлттық спорт түрлері қауымдастығы жүйелі түрде асық ату, бес асық, қазақ күресі және құсбегілік сияқты ұлттық спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар мен мұғалімдерге оқу-жаттығу жиындарын өткізеді.

Қолөнер саласында маңызды рөл атқаратын Қазақстан қолөнершілер одағы, 2021 жылғы 19–21 қазанда Батыс Қазақстан облысында киіз және кесте тақырыптары бойынша бірнеше кездесу-тренинг өткізді, сондай-ақ 2022 жылы «Шығармашылықты ояту» атты семинарлар сериясын ұйымдастырды.

Дәстүрлі қолөнерді қолдау кәсіпкерлік бастамалар аясында да жүзеге асырылады. Қолөнерге негізделген кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы ерекше көңіл бөледі. Мысалы, 2022 жылы Алматы мен Түркістан қалаларында өткен қолөнершілер форумы – «BORN NOMAD», 2021 жылы Ақмола облысында «BORN NOMAD – POWER AWARDS» атты қолөнершілер байқауы (дәстүр, жаңашылдық, қолөнерші әйел, жас талант, 3D қолөнер, креативті коллаборация номинациялары бойынша) ұйымдастырылған. Мәселен, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының бағдарламасы бойынша білім алып, 2023 жылы грант иеленгендердің бірі – Қызылорда облысынан келген этнодизайнер Бақжан Шайхыслам (киізден жасалатын бұйымдар өндірісі), сондай-ақ Батыс Қазақстан облысынан келген Жаркынай Әкімғалиева (құрақ бұйымдар өндірісі).

Дәстүрлі өнерді білім беру жүйесіне интеграциялаудың ең сәтті үлгілерінің бірі ретінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, қазақ домбыра күй өнерін сақтаушы Абдулхамит Раимбергеновтың «Көкіл» жеке мектебін айтуға болады. Раимбергенов әзірлеген «Мұрагер» білім беру бағдарламасы аясында домбыра үйрету бірінші сыныптан бастап оқытылып, мектеп бітіргенге дейін жалғасады. Отыз жылдан астам іске асырылып жатқан ұжымдық музыкалық білім беру моделі қазақтың дәстүрлі домбыра күйлерін сақтауға ғана емес, оны келешек ұрпаққа тиімді түрде жеткізуге де мүмкіндік береді.

Оқытудың тағы бір мысалы ретінде МЕММ-ді қорғау жөніндегі ұлттық комитет пен ҮЕҰ бірлесіп ұйымдастырған тренингтер мен семинарларды атауға болады. Мәселен, 2019 жылы Ұлттық комитет пен Қазақстан қолөнершілер одағы Ақтөбе облысында МЕММ-ді түгендеу бойынша тренингтер өткізді. Ақтөбеде мұндай тренинг «тері өңдеу» элементін (қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнерін) түгендеуге бағытталды. Оған жергілікті мұражай қызметкерлері, мәдениет саласының өкілдері, шенеуніктер, БАҚ өкілдері және ең бастысы осы өнерді сақтаушы шеберлер қатысты.

2023 жылы Қызылорда, Қарағанды, Ұлытау, Шығыс Қазақстан және өзге де облыстарда МЕММ-ді қорғау және осы саладағы әлеуетті нығайту тақырыбында бірқатар семинарлар өтті. Семинарларға жергілікті атқарушы органдар, музей және кітапхана қызметкерлері, басқа да мүдделі қауымдастықтар қатысып, өзге өңірлерге үлгі боларлық табысты жобалар талқыланды.

2.2 ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
(4–6 КРИТЕРИЙЛЕР)

Бұл тақырыптық бағытта материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) ресми және бейресми білім беру арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тәсілдері мен оны білім беру бағдарламаларына кіріктіру шаралары қарастырылады. МЕММ–ді қорғау, оған құрметпен қарау және оны келешек буынға орнықты жеткізу ісінде бастауыш, орта және орта білімнен кейінгі оқудың рөлін зерделеудің маңызы зор. Сонымен қатар мәдени дәстүрлерді сақтауға оқушыларды ақпараттандыру мен белсенді қатыстыруды қолдайтын білім беру бастамалары талданады.

4-критерий. Ресми және бейресми білім беру МЕММ-ді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге және оған құрметпен қарауға қаншалықты ықпал етеді

Бұл көрсеткіш ТДМ-нің 4.7-міндетінің білім беру бағытындағы «мәдени әралуандылықты және мәдениеттің орнықты дамуға қосатын үлесін мойындауға ықпал етуге қажет» орындалуына өз үлесін қосады. Сондай-ақ ол ТДМ–нің 11.4-міндетіне «дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау мен сақтауға бағытталған күш-жігерді белсендіру» қол жеткізуге де қызмет етеді.

2022 жылғы 3 тамызда №348 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, Қазақстанда материалдық емес мәдени мұра (МЕММ) сақтаушылары мен орындаушылардың қатысуымен әзірленген білім беру бағдарламаларын іске асыру тәжірибесі бар.

Бастауыш білім беру деңгейінде «Тіл және әдебиет», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер» сияқты салаларда материалдық емес мәдени мұра элементтері қарастырылады; мұндағы мақсат – оқушылардың өнердің алуан түрлілігін түсінуіне ықпал ету және шығармашылық ойлау мен негізгі құндылықтарды дамыту[5]. «Көркем еңбек» пәнінде дәстүрлі қолөнер мен дағдыларды ұрпақтан-ұрпаққа беру тәсілдері қолданылады; мұнда халық шеберлерінің, суретшілер мен қолөнершілердің тікелей тәжірибесі ескеріледі. Пән тек теориялық біліммен шектелмейді, оқушылар материалы, техникасы мен дәстүрі аймақтың немесе белгілі бір мәдени-тарихи кезеңнің ерекшелігіне сай келетін іс-тәжірибеден өтеді. Мысалы, 5-сыныптағы «Бейнелеу өнері» бөлімінде шеберлік сабақтары, суретшілер мен қолөнершілердің қатысуымен практикалық жұмыстар, сондай-ақ шығармашылық жобалар арқылы мәдени мұрамен танысу қарастырылған. Ал 7–9-сыныптарда халық қолөнерімен танысу, ағаш, балшық, тоқыма, былғары сияқты дәстүрлі материалдармен жұмыс істеу, кестелеу, өру, ұсталық іс сияқты дәстүрлі техникаларды қолдану әдістері қамтылады.

МЕММ-ді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тәсілдері мен әдістеріне шеберлік сабақтары, практикалық іс-әрекеттер, сыныптан тыс іс-шаралар, жоба жұмыстары, мәдени фестивальдерге қатысу, дәстүр мен қолөнерді сақтаушы адамдармен кездесулер жатады. Бұл әдістер қауымдастықтар тарапынан мойындалып, болашақ ұрпаққа қажетті білім мен біліктілік беретін негізгі тәсілдер ретінде қолданылады. Білім беру бағдарламасының мазмұнына «Музыка», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу

[5]Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Әділет: Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031

өнері», «Әдебиеттік оқу» және «Дүниетану» пәндері арқылы материалдық емес мәдени мұраны зерттеу элементтері енгізілген. Бейресми білім беру аясында оқушылар музыка кештері, шығармашылық үйірмелер, шеберлік сабақтары мен қауымдастық деңгейіндегі мәдени іс-шараларға қатысады. Мысалы, Қазақстан халықтары тілдері күніне арналған мереке.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы өз оқу бағдарламаларында мәдени дәстүрлердің сақтаушылары мен шеберлерінің белсене қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл бағдарламаларда материалдық емес мәдени мұраны білім беру іс-әрекетінің түрлі формалары арқылы сақтау және ұрпаққа жеткізу көзделеді. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында «Дәстүрлі музыкалық өнер» білім беру бағдарламасына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, танымал әнші-орындаушылар Еркін Шүкіманов («Ән хаттау» курсын жүргізеді), Сауле Жанпейісова («Орындаушылық өнер тарихы» пәнін оқытады) және тағы басқалары өз үлесін қосуда. Консерватория базасында баян аспабының халықаралық фестивалі (2022 ж.), «Бабадан аманат» атты республикалық дәстүрлі музыка фестивалі (2018 ж.), «Ғасырлар үні» атты дәстүрлі музыканың халықаралық фестивалі сияқты түрлі шығармашылық шаралар ұйымдастыру арқылы, дәстүрлі өнерге деген құрметтің артуына септігін тигізеді.

МЕММ саласында жұмыс істейтін мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін түрлі форматтағы (офлайн және қашықтан оқыту) курстар өткізіледі. Бұл курстар педагогтарға МЕММ-ді оқу процесіне кіріктіруге қажетті құзыреттерді игеруге жәрдемдеседі. Қазақстандағы мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында МЕММ-ді білім беру процесіне енгізу тәсілдері қарастырылған. Мысалы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ЮНЕСКО өкілдері мен басқа да мәдени ұйымдардың қатысуымен МЕММ-ді ілгерілету және сақтау бойынша іс-шаралар[6] мен талқылаулар өткізеді[7]. Абай атындағы ҚазҰПУ-да мұғалімдерді даярлау әдістемесі МЕММ-нің өзіне ғана емес, оны мектеп білімінде қолдану әдістері мен тәсілдеріне де мән береді. Бұл фольклорды (халық ертегілері, мифтер, аңыздар, эпостар) және қазақ әдебиеті классиктерінің еңбектерін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы аясында оқыту, тілді және ауызша дәстүрлерді халықтың бірегей белгілері ретінде дәріптеу мақсатын көздейді. «Музыкалық білім» мамандығында оқитын студенттер халық аспаптарында (домбыра, жетіген және т.б.) ойнауды меңгеріп қана қоймай, аталған аспаптарды ресми және бейресми музыкалық білім беру аясында (домбыра, қобыз, жетіген үйірмелерінде) үйрету әдістемесін де игереді. «Көркемдік білім» мамандығында оқитын студенттер дәстүрлі қолөнердің кейбір түрлерін меңгеріп қана қоймай, «Көркем еңбек» пәні мен қосымша көркемдік білім беру (киіз басу, кестелеу, ағаш өңдеу сияқты дәстүрлі қолөнер үйірмелері) жүйесінде балаларды оқыту әдістемесіне де машықтанады. МЕММ саласындағы педагогтарды оқыту және қолдауға арналған қосымша шаралардың бірі – мәдени-тарихи контекст пен практикалық орындаушылық қырын қамтитын біліктілікті арттыру курстарын әзірлеу, сондай-ақ сабақтар мен шараларды жүргізуге дәстүрлі өнер мен мәдениеттің сақтаушыларын тарту.

---

[6]BUTIA. (2023, 25 қыркүйек). Орталық Азиядағы материалдық емес мәдени мұраны дамыту саласындағы ТДМ-ға қол жеткізу үшін серіктестік. Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа. https://greenbridgework.kaznu.kz/?p=5300

[7]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (2024, 27 қыркүйек). Abai University-де Қазақстанның дүниежүзілік мұра нысандарын қорғау бастамалары талқыланды.https://www.kaznpu.kz/ru/36376/news/

5-критерий. МЕММ және оны қорғау бастауыш және орта білім беру жүйесіне қаншалықты енгізілген? Міндетті пәндердің мазмұнында қаншалықты көрініс тапқан, МЕММ-ді оқыту мен зерттеу сапасын жақсартуға қаншалықты пайдаланылып жатыр, сондай-ақ ұлттық және өзге халықтардың МЕММ-не деген құрмет қалыптастыруда қандай рөл атқарады

Қазақстанда МЕММ-дың әртүрлі стратегиялар мен бағдарламаларын міндетті білім беру пәндерінің мазмұнына біріктіру тәжірбиесі қалыптасқан. Бастауыш сыныптарда МЕММ-ді оқыту халық мәдениетінің өнер, қолөнер, фольклор, музыка және т.б. аспектілерін қамтиды. Мысалы, ұлттық ою-өрнектер, дәстүрлі қолөнер, халық музыкасы мен билері бастауыш сыныптың еңбекке баулу, бейнелеу өнері, музыка пәндеріне енгізілген. Әдеби оқу пәні аясында халық ертегілері, батырлық жырлар мен мысалдар оқытылады. «Әдебиеттік оқу» пәнінің негізгі мазмұнында ауыз әдебиетінің жанрлары (мифтер мен аңыздар, бата, мысалдар, өсиет сөздер, шешендік өнер, эпостар, ертегілер, мысалдар, әңгімелер, танымдық шығармалар, мақалалар, естеліктер, өмірбаяндар, күнделіктер), әлем халықтарының танымал балалар жазушыларының (әңгімелер, мысалдар, ертегілер) шығармалары қамтылған[8]. Еңбекке баулу пәні оқушылардың ұлттық ою-өрнек пен Қазақстан аумағын мекендейтін басқа да халықтардың өрнек дәстүрлерін пайдаланып, қолөнер технологияларын меңгеруін көздейді. МЕММ тарихи оқиғалар, табиғат құбылыстары немесе әлеуметтік қарым-қатынастар секілді пәнаралық тақырыптарды түсіндіру үшін де пайдаланылады. Мысалы, ою-өрнектерді оқыту барысында оның символдық мағыналары түсіндіріледі[9].

2023–2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасында біртұтас мәдени кеңістік қалыптастыру және мәдениеттің халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеті көзделген; бұған көптілді білім беруді қолдау шаралары да кіреді. Мәдени бірегейлікті нығайтуға және материалдық емес мәдени мұраға (МЕММ) деген құрметті арттыруға бағытталған қадам мектеп бағдарламалары мен сыныптан тыс іс-шаралармен бірлеседі. Мектеп деңгейінде МЕММ-ға арналған мәдени фестивальдер, көрмелер мен байқаулар өткізіліп отырады[10].

МЕММ-ны ана тілінде түсіндірудің бір жолы – халық қолөнері мен дәстүрлерін дәл сол халықтың тілі мен мәдениетіне тән терминдер мен ұғымдар арқылы оқыту. Мысалы, аймаққа немесе этностық топқа қарай, мәдени мұраның бірегей бөлігі болып саналатын қолөнер атаулары мен терминологиясы өзгеруі мүмкін. Оюларға, кестелеуге және МЕММ символдық мағынасы бар маталарға қатысты терминдерді зерттеу балаларға олардың маңызын түсінуге және халықтың тарихымен байланысын ұғынуға мүмкіндік береді. Мысалы, ою-өрнек атаулары, кестелеу әдісі, бұйымдардағы өрнек, олардың символдық мәні туралы мәліметтер, көбіне белгілі бір жерге не халықтың тарихына қатысты қанатты сөздермен қатар жүреді. Сабақ процесінде осы терминдерді үйрету оқушыларға өз халқының дәстүрі мен тілдік мұрасымен тығыз байланыс орнатуға.

Қазақ, орыс және ағылшын, неміс, француз тілдерінде қазақ мәдениеті мен өзге

---

[8]Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. (2022). Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Әділет: Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z159

[9]Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. (2022). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Әділет: Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031#z141

[10]Черненко, Л. (2023, 5 сәуір). Қазақстанда 2023-2029 жылдарға арналған Мәдени саясат тұжырымдамасы бекітілді. Zakon.kz. https://www.zakon.kz/kultura–shoubiz/6389368–v–kazakhstane–utverdili–kontseptsiyu–kulturnoy–politiki–na–20232029–gody.html

этностардың дәстүрлері туралы мәтіндер мен материалдар қатар оқытылуы МЕММ туралы түсінікті кеңейте түседі және оқушылардың оны әртүрлі тілде талдап, түсіндіріп беру қабілетін дамытады. Көптілділік оқушыларға МЕММ-мен бірнеше тіл арқылы танысуға жағдай жасап, дәстүрлердің сақталуы мен терең ұғынылуына септігін тигізеді. Мұндай оқыту жүйесі этностық топтардың ерекшеліктері мен олардың мәдени мұрасын ескеріп, «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Тәжік тілі», «Ұйғыр тілі», «Өзбек тілі» және «Әдебиеттік оқу» пәндері арқылы оқушылардың өз халқының да, Қазақстанды мекендейтін өзге этностардың да тілін, дәстүрін оқып-үйренуіне мүмкіндік береді. Наурыз сияқты мерекелер кезінде тілге қатысты МЕММ элементтері кеңінен қолданылады; оқушылар қазақ және Қазақстандағы басқа да халықтардың тілінде дәстүрлі әндер мен өлеңдерді айтып, мәдени байланысты тереңдетіп, тілдік машықтарын дамытады.

Орта және жоғары сыныптағы әдебиет сабақтарына халық ертегілері, эпостар, әндер мен аңыздар енгізілген. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қорқыт ата» сынды туындылар оқушылардың ауызша мұраны сақтау және жалғастыруға деген қызығушылығын оятады.

Сондай-ақ ана тілі мен әдебиет сабақтарында қазақтың халық мақал-мәтелдері мен қанатты сөздері оқытылады; олар халықтың дүниетанымы мен даналығын бейнелейді.

6-критерий Орта білімнен кейінгі білім беру МЕММ-нің іс жүзінде қолданылуына, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына, сондай-ақ оның әлеуметтік, мәдени және басқа да бағыттарының зерттелуіне қаншалықты жағдай жасалуда

Бұл көрсеткіш ТДМ-ның 11.4-міндетіне «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау мен сақтауға бағытталған күш-жігерді белсендіру» қол жеткізуге үлес қосып, МЕММ-ді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тәжірибесін жандандырады. Ол ТДМ–ның 4.7-міндетін де толықтырады, өйткені МЕММ-нің әлеуметтік, мәдени және басқа аспектілерін зерттеу «мәдени әралуандылық пен мәдениеттің орнықты дамуға қосатын үлесін тануға» ықпал етеді. Сондай-ақ өнімді жұмыспен қамту және баршаға лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған ТДМ-ның 8.9-міндетіне қол жеткізу тұрғысынан да бұл көрсеткіштің маңызы бар.

Бұл критерийде негізгі назар материалдық емес мәдени мұраны ресми түрде оқыту мен оны қоғамда насихаттаудың бір әдісі ретінде орта білімнен кейінгі білім беруге (яғни, колледждер мен университеттерде) аударылады. Мұнда МЕММ-ны жалғастыру мен таратудың практикасына назар аударылады, бірақ талдау контекстінде – жоғары білімнің орны ерекше көрсетіледі. Ол 5-критериймен (бастауыш және орта білім) өзара байланысты және осы жерде жоғары білім мәселесіне ден қояды. Қоғамдағы МЕММ-ді зерттеу бойынша бағдарламалар (6.2-бағалау факторы) МЕММ-ді қорғау және басқару дағдыларын дамыту бағдарламаларымен (2.1-бағалау факторы) жиі ұштасады. Білім беру саясаты, сондай-ақ құқықтық және әкімшілік шаралар 12-критерийге жатады.

Қазақстанның жоғары оқу орындарының бірқатары МЕММ-нің іс жүзінде қолданылуына және ұрпақтан-ұрпаққа берілуіне бағытталған оқу бағдарламаларын ұсынады. Мысалы, Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университеті (ҚазҰӨУ) музыка, театр өнері, хореография және дәстүрлі қолөнер бағыттарында білім беру бағдарламаларын жүргізіп, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және тарату жұмысына үлес қосып келеді. Университет мәдени дәстүрлерді сақтаушыларды белсенді түрде оқу процесіне тартады. Алматыдағы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы да дәстүрлі қазақ өнері мен қолөнерін зерттеу арқылы материалдық емес мәдени мұраны дамытуға ықпал ететін ұқсас бағдарламаларды ұсынады. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де мәдени мұраны сақтауға үлес қосып, киіз үй жасау, кілем тоқу және былғары өңдеу сияқты дәстүрлі қазақ қолөнеріне арналған бағдарламаларды ұсынады. Сонымен қатар, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің кәсіби-шығармашылық факультетінде «Көркем еңбек және дизайн» және «Музыка және

хореография» кафедралары жұмыс істейді. Бұл кафедраларда дәстүрлі қолөнер, ұлттық спорт түрлері және материалдық емес мәдени мұраның басқа да элементтері оқытылады. Сондай-ақ Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде барлық жоғары білім деңгейлерінде «Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып, студенттерге материалдық емес мәдени мұра элементтерін зерттеу мүмкіндігі беріледі.

Қазақстанда докторантура бағдарламаларын қамтитын жоғары оқу орындары МЕММ мен оның әлеуметтік, мәдени және басқа да қырларын зерттеу тақырыптарын ұсынады. Мәселен, Қазақ ұлттық өнер университеті (ҚазҰӨУ) мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті фольклор, этнография, дәстүрлі музыкалық және қолданбалы өнерді зерделейтін пәндерді оқу бағдарламаларына енгізді. Бұл бағдарламалар МЕММ туралы білімді сақтау, оны жасөспірімдерге жеткізу, мәдениет пен қоғамға тигізетін ықпалын ғылыми зерделеу мақсатын көздейді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мәдени антропология және дәстүрлі әдет-ғұрыптардың қазіргі әлеуметтік-мәдени үдерістермен ықпалдасуын қарастыратын курстар ұсынады. Қосымша білім беру аясында, Ықылас Дүкенұлы атындағы Қазақ халық музыка аспаптары мұражайы тәрізді орталықтар және мамандандырылған мәдени мекемелер мен басқа да салалық оқу орындары дәстүрлі қолөнер, музыка және орындаушылық өнер бойынша кәсіби даярлау бағдарламаларын іске асырады. Аталған бағдарламалар МЕММ құрамдас бөліктерін оқу процесіне біріктіріп, нәтижесінде дәстүрлердің сақталуы мен берілуіне, сондай-ақ мәдени әртүрлілікке құрмет қалыптасуына септеседі.

2.3 ТҮГЕНДЕУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР (7–10 КРИТЕРИЙЛЕР)

Бұл тақырыптық бағытта материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғаудың маңызды құралдары ретінде есепке алуды (инвентаризация) жүргізу, зерттеу және құжаттау үдерістері қаралады. Тізімдер мен реестрлер мәдени дәстүрлердің, тәжірибелер мен көріністердің сан алуан түрін көрсетіп, олардың сақталуына ықпал етуі тиіс. Түгендеп, есепке алудың инклюзивтілігі үлкен рөл атқарады, себебі бұл іс-әрекет белгілі бір мұраны өз бірегейлігінің ажырамас бөлігі деп қарайтын қауымдастықтар мен топтардың белсенді қатысуын талап етеді, әрі мәдени әралуандылыққа деген құрметті көрсетеді.

Аталған үдерістер білім беру бағдарламаларында, ғылыми зерттеулерде және мәдени мұраны мемлекеттік қорғау саясатында пайдалануға болатын сенімді дереккөздер базасын құруға қажет. Зерттеулердің нәтижелері ашық болған жағдайда, қауымдастықтар, мамандар және жалпы жұртшылық МЕММ-ді тек танып-біліп қана қоймай, сондай-ақ оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру мен қолдаудың стратегияларын әзірлеп, оның келешек ұрпақ үшін тұрақты сақталуына жағдай жасайды.

Бұл критерийлер ТДМ-нің 16.10-міндетіне «қоғамның ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету және ұлттық заңнама мен халықаралық келісімдерге сәйкес негізгі бостандықтарды қорғау» сәйкес келеді. Басқа критерийлер тәрізді, ТДМ–ның 11.4-міндетіне «дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау мен сақтауға бағытталған күш-жігерді күшейту» де қолдау білдіреді.

7 және 8-критерийлер мұраны есепке алуға қатысты болса, 9 және 10-критерийлер оларды зерттеу мен құжаттауға арналған. Бұл критерийлер өзара тығыз байланысты, өйткені түгендеу үдерісі, әдетте, зерттеу элементтерін қамтиды және оның нәтижелері бір немесе бірнеше құжат түрінде дайындалады. Мұнда түгендеудің нәтижелеріне, оның ішінде дайындалған тізімдерге және оларды МЕММ-ді қорғауға қалай қолдануға болатынына баса назар аударылады. 8-критерий – түгендеу процесі мен оның инклюзивтілігіне бағдарланса, 9-критерий – қамту аясын кеңейтіп, түгендеуден тыс жүргізілуі мүмкін басқа зерттеу түрлерін де қамтиды, ал 10-критерий – 7.4-факторды толықтырып, тізімдерден бөлек, зерттеу нәтижелерінің қолжетімділігіне мән береді.

7-критерий. Тізімдер материалдық емес мәдени мұраның алуан түрлілігін қаншалықты көрсетеді және оның қорғалуына қаншалықты үлес қосады

Ұлттық МЕММ тізіміне әр өңірдің әдет-ғұрыптарын, көрінісі мен бейнелеу формаларын, білім мен дағдыларын, сондай-ақ ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, материалдық емес мәдени құндылықтарға жататын құралдар мен заттарды қамтитын элементтер енгізілген. Бұл тізім материалдық емес мәдени мұраның бүкіл спектрін 5 домен бойынша толықтай көрсетеді.

8-критерий. Түгендеу процесі қаншалықты инклюзивті, МЕММ-нің әралуандығы мен оның тасымалдаушылары қаншалықты құрметтеледі және қауымдастықтар, топтар мен жеке тұлғалар тарапынан МЕММ қорғалады ма

Инклюзивтілік түгендеудің негізгі қыры болып табылады, сондықтан номинациялау (элементті тізімге ұсыну) баршаға ашық, әрі оған кез келген қауымдастық, не жеке адам қатыса алады. Мүдделі қауымдастықтар өз ұсыныстарын тікелей ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолдайды. Тізімге енгізілетін элементтердің санына ешқандай шектеу қойылмайды. Өтінімдер мерзімсіз, тұрақты түрде қабылданады. Белгілі бір элементті номинациялау үшін қауымдастықтар бекітілген форманы толтырып тапсыруы тиіс. Бұл форма ЮНЕСКО формасына негізделген, бірақ ұлттық деңгейдің ерекшеліктеріне бейімделген. Ұлттық тізімге енгізілетін элементтер Қазақстандағы МЕММ-нің әлеуметтік, жыныстық, өңірлік алуан түрлілігін көрсетеді. Инвентеризациялау қазір бастапқы даму сатысында болғанымен, бұл үдеріс облыстардағы мәдениет, туризм және спорт басқармаларымен, жергілікті әкімдіктер мен мәдени орталықтар және қауымдастықтар желісімен тығыз ынтымақтастықта ұдайы жетілдіріліп келеді. Түгендеу үдерісінде жынысқа қатысты шектеу жоқ, ерлер мен әйелдер өздерінің МЕММ-ді іс жүзінде ұстануы және ұрпаққа жалғастырудағы рөлдеріне сәйкес тең дәрежеде қатысады.

9-критерий. Зерттеу және құжаттау (ғылыми, техникалық және өнертану бағытындағы зерттеулер) МЕММ-ді қорғауға қаншалықты үлес қосады

Материалдық емес мәдени мұраны зерттеу және құжаттау – осы саладағы мамандардың жұмысын айқындайтын, Конвенцияның қағидаттары мен мақсаттарына сәйкес жүргізілуі тиіс негізгі үдерістердің бірі.

МЕММ-ді анықтау және құжаттау – зерттеу саласына байланысты мамандар мен ғалымдардың негізгі міндеттері. Әзірге Мәдениет және ақпарат министрлігі және басқа да ведомстволар жариялайтын гранттардың зерттеулерді қаржыландыруда маңызы зор, бірақ олардың тізімге енгізілген немесе ЮНЕСКО-ның репрезентативтік тізіміндегі элементтерді тереңірек зерттеуге арналған ақпарат тарату шаралары жеткіліксіз деңгейде. Қазіргі таңда МЕММ-ді зерттеуге арналған басқа қаржыландыру көздері жоқ.

Дәл қазір оқыту ісі мен каталогтар шығаруға келгенде МЕММ элементтері мен қауымдастықтарын әлдеқайда терең әрі жан-жақты зерттеу қажет. Зерттеу мен құжаттау нәтижелерін Конвенция рухына сай жүргізіп, оның нәтижелерін МЕММ-ді қорғауды жақсарту мен елдің мәдени-идеологиялық саясатын нығайту үшін пайдалану керек. Дәстүрдің өткеннен бүгінге дейінгі даму үдерісін сапалы әрі ғылыми тұрғыдан зерделеу ғана МЕММ-нің жетілуіне, құжаттамамен толыққанды алмасуға және МЕММ-ді қорғау бойынша бағдарламалық шараларды әзірлеуге ықпал ете алады. Конвенция талаптарына сай МЕММ-ді зерттеу міндетті түрде сол элементтің практиктарымен және тасымалдаушыларымен бірлесіп жүргізілуі тиіс.

Қазақстанда ғылыми, техникалық және өнертану бағытындағы зерттеулерге қаржылық қолдау көздері мыналар:

1) ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі (ҚР МАМ) мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒжЖБМ) мақсатты гранттары;

2) Университеттік гранттар мен ғылыми зерттеулерге арналған стипендиялар;

3) Халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың гранттары;

4) ЮНЕСКО тарапынан көрсетілетін қаржылай көмек.

Мысалы, М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті қазақтың отбасылық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге арналған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҒжЖБМ) грантын иеленді.

МЕММ жөніндегі ұлттық комитет 2021–2023 жылдары төрт облыста пилоттық түгендеу жүргізу үшін Ұлттық комиссиядан грант алды.

МЕММ элементтерін зерттеу, құжаттау және мұрағаттау істерін мұрағаттар мен музейлер жүзеге асыра алады. «Архив–2025» ұлттық жобасын іске асыру аясында Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты Қытай, Франция, Швейцария және Жапония архивтері мен музей қорларында, сондай-ақ жеке жинақтарда сақтаулы қолжазбалар мен мұрағаттық құжаттарды және оларға байланысты артефактілерді зерттеу үшін грант алды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі 2021–2022 жылдары Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы музыкалық мұраны анықтап, құжаттауға байланысты ҚР ҒжЖБМ мақсатты грантын иеленіп, зерттеу жүргізді.

Қазақ мәдениетін зерттеу институты Қазақстандағы қолөнердің қазіргі ахуалын сараптады; бұл зерттеуде БАҚ-ғы насихат пен қорғау шараларының киіз үй жасау, ағаш пен металды өңдеу, киіз бен мата (тоқыма) бұйымдары, кілем тоқу, зергерлік өнер секілді дәстүрлі қолөнердің дамуына қалай әсер еткені қарастырылған.

«Қазақ ертегілері мен эпостарындағы уақыт пен кеңістіктің тілдік репрезентациясының кейбір ерекшеліктері»[11], «Тойбастар салтының семантикасы мен ерекшеліктері»[12], «Шетел қазақтарының ғұрыптық әндерін қазіргі пайдалану мәселесі»[13], «Қазақ үйлену фольклорының этнографиялық бастауы»[14], «Қазақ мақал-мәтелдерінің өзіндік сипаты және олардың басқа түркі тілдеріндегі мақалдармен ұқсастығы»[15], «Ритуалдық ойындардың тарихи дамуын сипаттау»[16] тақырыптарындағы зерттеулердің нәтижелері М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Керуен» атты ғылыми журналында жарияланғандығын институттың сайтында танысуға болады.

МЕММ жөніндегі ұлттық комитетпен бірлесіп жүргізілетін инвентеризация аясындағы зерттеулердің нәтижелері, міндетті түрде сақтаушылардың келісімімен, ЮНЕСКО жариялап отырады. Қауымдастықтар тек жоспарлау мен іске асыруда ғана емес, түгендеу және өнертану сипатындағы зерттеулердің нәтижелерін таратуда да аса маңызды рөл атқарады. Мысалы, Ақмола, Қызылорда, Батыс Қазақстан және Ұлытау облыстарында жүргізілген зерттеулер барысында жойылу қаупі бар кейбір

---

[11]Жакупов, Ж. А., Мейрамбекова, Л., Абдыханова, Б. А., & Бейсембаева, С. Т. (2021). Қазақ ертегілері мен эпикалық поэмаларында уақыт пен кеңістіктің тілдік репрезентациясының кейбір ерекшеліктері. Keruen, 73(4). https://keruenjournal.kz/main/article/view/116

[12]Жолдыбаев, О., Матыжанов, К., & Хабибулла, А. (2023). Тойбастар жоралғысының семантикасы мен ерекшеліктері. Keruen, 78(1). https://keruenjournal.kz/main/article/view/585

[13]Турмагамбетова, Б. (2021). Шетелдегі қазақтардың жоралғы әндерін қазіргі заманғы қолдану мәселелері. Keruen, 73(4). https://keruenjournal.kz/main/article/view/109

[14]Матыжанов, К., Азап С., & Мухан А. (2024). Қазақтың үйлену фольклорының этнографиялық бастаулары. Keruen, 83(2), 17–26. https://keruenjournal.kz/main/article/view/947

[15]Сарсек, Н. (2021). ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАСҚА ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ. Keruen, 73(4). https://keruenjournal.kz/main/article/view/100

[16]Жаксан, Д. (2021). Ритуалды ойындардың тарихи дамуын сипаттау. Keruen, 73(4). https://keruenjournal.kz/main/article/view/124

материалдық емес мәдени мұра элементтерінің қазіргі жағдайы қарастырылды. Атап айтқанда, қазақтың кілем тоқу өнері, киіз үй жасау және безендіру өнері, сондай-ақ кейбір орындаушылық өнер түрлері зерттелді.

Осыған байланысты бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылып, мұраның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тасымалдаушыларымен кездесулер өтті, қауымдастықтармен талқылаулар жүргізілді және элементтердің алдын ала түгендеуі жасалды. Бұл жұмыстар елдің ұлттық тізімін жаңарту процесін бастауға негіз болды.

Аталған зерттеулердің нәтижелері 2024-2026 жылдары Ұлттық тізімді қайта қарау мақсатында ЮНЕСКО-дан халықаралық көмек сұрауға арналған алғашқы өтінімді әзірлеуге елеулі үлес қосты.

10-критерий. Зерттеу және құжаттау нәтижелеріне қолжетімділік қандай деңгейде, олар МЕММ-ді қорғауға бағытталған саясатты қалыптастыруға қаншалықты ықпал етеді

Бұл көрсеткіш зерттеулер мен құжаттау жұмыстарының қорытындысы мен әсерін, олардың нәтижелерін МЕММ-ді қорғауды күшейту мен саясатты әзірлеуге қалай қолдануға болатынын атап көрсетеді. Осылайша, ол алдыңғы зерттеу мен құжаттау үдерістерінің өзіне бағытталатын 9-шы критерийді толықтырады. Екеуі 1-ші критериймен (құжаттау ісіне қолдау көрсетуі тиіс мекемелер туралы) және 24-ші критериймен (құжат алмасуға негізделген халықаралық ынтымақтастық) үндеседі. Сонымен бірге ол мәдениет пен білім саласын қоса алғанда, әртүрлі секторларда жүргізілетін саясат мәселелеріне қатысты 11, 12 және 13-ші критерийлерді де толықтырады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты мекемелер материалдық емес мұра саласындағы зерттеулерді кеңейту және оларға қолжетімділікті арттыру бағытында күш салып жатыр. Құжаттау және зерттеу нәтижелері осы мекемелердің сайттарында қолжетімді.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалары архивінің сайтында МЕММ нысандарына қатысты құжаттар қорын көруге болады.

Мысалы, 1943–1991 жылдардағы айтыс пен ақындар туралы жазбалар, 1989 және 2007 жылдардағы аудиожазбалар[17], 1943–1987 жылдардағы фотосуреттер[18], 1980–2014 жылдардағы бейнетаспа құжаттары Наурыз мейрамын атап өтуге қатысты материалдарды қамтиды.

Бейнеқұжаттар арасында[19] 1989 жылы жасалған, көрнекті абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың жеке қорынан алынған аудиожазбада «Наурыз мерекесінің шығу тегі туралы»[20], «Наурыз мерекесі қарсаңында өткен республикалық айтыс»[21] тақырыптары жайында әңгімелейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің құрамындағы Қазақ мәдениеті

---

[17]Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбаларының орталық мемлекеттік архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі.http://kfdz.kz/Fono

[18]Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбаларының орталық мемлекеттік архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі.http://kfdz.kz/Foto

[19]Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбаларының орталық мемлекеттік архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі.http://kfdz.kz/Fono

[20]Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбаларының орталық мемлекеттік архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі.
«Наурыз мейрамының шығу тегі туралы». http://kfdz.kz/Kart_Fono.php?do=BrowSound&id_file=7599

[21]Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбаларының орталық мемлекеттік архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі.
«Наурыз мейрамының шығу тегі туралы». Наурыз мейрамы қарсаңында өткен республикалық айтыс.http://kfdz.kz/Kart_Fono.php?id=579.

мұраларын зерттеу ғылыми-зерттеу институтына (ҒЗИ) қарасты «Қазақтардың дәстүрлі мәдениеті» бөлімі МЕММ-ны зерттеу, құжаттау және оның нәтижелерін баршаға қолжетімді ету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. 2021 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде (жалпы ауданы 647,7 шаршы метр) 8 тақырыптық бөлімнен тұратын және бейне–аудио мазмұны бар «Материалдық емес мәдени мұра» атты тұрақты тақырыптық экспозиция ашылды[22].

2022 жылы Ұлттық музей МЕММ жағдайы туралы екі ғылыми монография жарияланды:

«Солтүстік Қазақстан облысының материалдық емес мәдени мұрасы: экспедициялық зерттеулер». I том. Астана, 2022. 232 б. (ISBN 978–601–06–8974–9);

«Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер». I том. Астана, 2022. 600 б. (ISBN 978–965–23–615–0).

Бұл еңбектер 2021–2022 жылдары жүргізілген музыкалық-этнографиялық экспедиция барысында жиналған материалдарды қамтиды. Жинақтарда МЕММ үлгілерінің сипаттамасы (күйлер, әндер, салттық әндер, жұмбақтар) және оларды сақтаушы 22 адамның (Тайынша, Уәлиханов, Мүсірепов аудандары) мәліметтері берілген. Еңбектер Қазақстан ұлттық электронды кітапханасында (ҚазҰЭК)[23] және Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында[24] ашық түрде қолжетімді.

Екінші томда Ақмола облысының 12 ауданындағы 183 МЕММ сақтаушыдан жиналған МЕММ үлгілері (күйлер, қара өлең, бата, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тыйымдар) құжатталған. Жиналған материалдар ауыз әдебиеті мен оны жеткізу формалары, орындаушылық өнер түрлері, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер мен мерекелер, табиғат пен ғарышты тануға қатысты білім мен әдет-ғұрыптар домендеріне жатады. Бұл жинақ та Қазақстан ұлттық электронды кітапханасында (ҚазҰЭК)[25] және ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында[26] ашық түрде қолжетімді.

«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының негізінде 2021–2023 жылдары дәстүрлі ғұрыптар мен мерекелердің қазіргі жағдайын зерттеуге бағытталған «Салт-дәстүр – мәдениеттің мәңгілік көрінісі: далалық Евразияның рәміздік капиталының ресурстары мен стратегиялары» атты ғылыми бағдарлама іске асырылды. Зерттеулер нәтижесінде:

- «Далалық Евразияның дәстүрлі ғұрыптары материалдық емес мәдени мұра ретінде: ресурстар және репрезентация стратегиялары» (2022) атты ғылыми семинар материалдары жинағы (ISBN 978–9965–23–609–9);
- «Дәстүрлі салт – мәдениеттің мәңгілік көрінісі: далалық Евразияның рәміздік капиталының ресурстары мен стратегиялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы (2023), (ISBN 978–9965–23–625–9);
- «Еуразия далалық әлемінің қымыз мейрамы: лейтмотив, жад және бірегейлік» атты монографиясы. Авт.: З.К. Сурағанова, Е.Н. Романова, З.Ж. Наурызбаева (2023), (ISBN 978–9965–23–627–3) жарық көрді.

Бұл жобаны ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан ұлттық комиссиясының жанындағы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитет, «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени

---

[22]Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. Көрме қызметі.https://nmrk.kz/structure/exhibition–activities/

[23]Маулет, А. (2022). Солтүстік Қазақстан облысының материалдық емес мәдени мұрасы: экспедициялық зерттеулер. 1-том. Астана, 2022. – 232 б. https://kazneb.kz/en/bookView/view?brId=1662044

[24]Маулет, А. (2022). Нематериальное культурное наследие Северо-Казахстанской области: экспедиционные исследования. Том 1. Астана, 2022. – 232 С. https://nabrk.kz/bookView/view/?brId=1662044&simple=true&green=1

[25]Маулет, А. (2022). Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. 1-том. Астана, 2022. – 600 б.https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1662039&simple=true#

[26]Маулет, А. (2022). Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. 1-том. Астана, 2022. – 600 б. https://nabrk.kz/bookView/view/?brId=1662039&simple=true&green=1#

музей-қорығы бірлесіп ұйымдастырды. Конференцияға Әзербайжан, Бельгия, Италия, Қырғызстан, Польша, Ресей және Түркияның ғалымдары мен зерттеушілері қатысты. Халықаралық конференция туралы ақпарат ЮНЕСКО-ның сайтындағы Конвенцияның 20 жылдығына арналған бөлімде жарияланған[27].

«Қазіргі қымыз мейрамы дәстүрлері» атты еңбекте 2021 жылы Сарыарқа макроөңірінің (Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстары) аумағында жүргізілген этнографиялық экспедициялар барысында жиналған материалдар негізінде қазақтың қымызға қатысты мерекелік дәстүрлерінің қазіргі жай-күйі баяндалады. Экспедиция туралы мәліметтер www.facebook.com[28] және www.instagram.com[29] әлеуметтік желілерінде жарияланған.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі де МЕММ-ді құжаттау және оның қолжетімділігін арттырумен айналысады. Мысалы, 2023 жылғы 13 қыркүйекте ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Кластерлік бюросының қолдауымен Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияның 20 жылдығына арналған фотокөрме ашылды. Көрме үш тақырыптық бөлімнен тұрды: Конвенция мен МЕММ туралы жалпы ақпарат; Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра туралы ақпарат; Орталық Азия елдері Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізген элементтер[30].

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының визит-орталығының ғылыми тұжырымдамасы (2020 ж.) бойынша әзірленген мұражай экспозициясының жетекші тақырыптарының бірі – «Ұлытаудың материалдық емес мәдени мұрасы». Бұл экспозициямен кез келген келуші таныса алады.

2023 жылғы 26 маусымда Алматы қаласында МЕММ-ді қорғау туралы Конвенцияның 20 жылдығына орай «Жинақталған библиографиялық және музейлік ресурстар негізінде жаңа ғылыми білім алу перспективалары» атты семинар өтті. Шараны МЕММ-ді қорғау жөніндегі Ұлттық комитет ҚР Сыртқы істер министрлігі мен ЮНЕСКО орталығының қолдауымен Орталық ғылыми кітапханада ұйымдастырды.

2023 жылдың 20 қыркүйегінде ЮНЕСКО-ның Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, Қазақстанның МЕММ жөніндегі Ұлттық комитеті және Қазақстан Республикасының Философия, саясаттану және дінтану институты бірлесе отырып, ЮНЕСКО-ның 2022-2029 жылдарға арналған орта мерзімді стратегиясы мен білім қоғамын қалыптастыру идеяларын жүзеге асыру мақсатында «Орталық Азияның материалдық емес мәдени мұрасы феноменіне философиялық көзқарас» атты IV халықаралық конференция ұйымдастырды.

Конференция барысында «Қазақтардың көшпелі өркениетінің жанды мұрасы: қазіргі жағдайы мен болашағы» сессиясында ұлттық тізімге енгізілген МЕММ элементтерінің қазіргі жай-күйі, оларды қорғайтын қауымдастықтар мен тасымалдаушылар туралы баяндамалар тыңдалып, қолдау мен қорғау шаралары бойынша ұсыныстар жасалды.

МЕММ-нің құжаттау жұмыстары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі және ҚР Туризм және спорт министрлігі (ҚР ТжСМ) сияқты өзге де ведомстволардың қолдауымен

---

[27]UNESCO Intangible Cultural Heritage. (2023, 24 мая). Festive Ceremonial as a Manifestation of the Remembering Culture: Resources and Strategies of the Symbolical Wealth of the Steppe Eurasia. (Мерекелік рәсім есте сақтау мәдениетінің көрінісі ретінде: Дала Еуразиясының символдық байлығының ресурстары мен стратегиялары.). https://ich.unesco.org/en/activities/festive-ceremonial-as-a-manifestation-of-the-remembering-culture-resources-and-strategies-of-the-symbolical-wealth-of-the-steppe-eurasia-00295

[28]Bozoq Museum. (2021). «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы». («Государственный историко-культурный музей-заповедник »Бозок»). Facebook. https://www.facebook.com/bozoqmuseum

[29]Bozoq Museum. (2021). «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы». («Государственный историко-культурный музей-заповедник »Бозок»). Instagram. https://www.instagram.com/bozoqmuseum/

[30]UNESCO. (2023). Алматыда Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенцияның 20 жылдығына арналған фотокөрме ашылды.. https://www.unesco.org/ru/articles/fotovystavka-posvyaschennaya-20-letiyu-konvencii-ob-okhrane-nematerialnogo-kulturnogo-naslediya

іске асырылады және МЕММ-ді қорғау саясатын жүзеге асыруға бағытталған шараларды қамтиды.

Мәселен, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» (ҚҚДИ) 2020 жылы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық алаң» атты пікірталас алаңын ұйымдастырды; онда Наурыз мемлекеттік мерекесін тойлаудың жаңа тәсілдері[31], оны 14–22 наурыз аралығын қамтитындай етіп өткізудің жаңа регламенті ұсынылды[32]. 2021 жылы ҚҚДИ «Наурыз шуағы» көктемгі мерекесінің тұжырымдамасын әзірледі, онда 14–23 наурыз аралығын қамтитын 9 күндік тақырыптық шаралар тізбегі ұсынылды[33]. Бұл тұжырымдамада отбасылық дәстүрлер мен ұлттық бірлікті нығайту басты міндет ретінде көрсетілген. Тұжырымдамада Қазақстанның батыс өңірлерінде сақталған «Амал мерекесі» немесе «Көрісу күні» сияқты көне көктем мерекесінің дәстүрлері қамтылған; бұл дәстүрлер Қазақстанда көктемгі күн мен түннің теңелу мерекесін (XIX ғасырға дейін) тойлаумен байланысты.

2.4 САЯСАТ, СОНДАЙ-АҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШАРАЛАР (11–14 КРИТЕРИЙЛЕР)

Бұл тақырыптық бағыт аясында мәдениет, білім беру және өзге де салалардағы саясаттың, құқықтық және әкімшілік шаралардың материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және дамыту ісіне тигізетін ықпалы қарастырылады. Атап айтқанда, бұл шаралардың тәжірибелік тұрғыда қолданылуы, олардың дәстүрлі ережелерге және МЕММ-ді жеткізудің қалыптасқан формаларымен сәйкестігіне ерекше мән беріледі.

11-критерий. Мәдениет саласындағы саясат, құқықтық және әкімшілік шараларда МЕММ-нің әралуандылығы, оны қорғаудың маңыздылығы қаншалықты ескеріліп, іс жүзінде қалай атқарылады

Егер мәдениет тұрақты дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық компоненттерінің қозғаушы күші ретінде танылатын болса, онда мәдени саясат Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) ауқымды ықпал ете алады. Осы тұрғыдан алғанда, МЕММ-ді қорғау ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы (ТДМ 2), денсаулық сақтау және әл-ауқат (ТДМ 3), суды үнемді пайдалану (ТДМ 6), биоәртүрлілік (ТДМ 15) және т.с.с. мақсаттарға жетуге үлес қоса алады. Бұл көрсеткішті ТДМ-ның 16.7-міндеттерін қолдауы ретінде қарастыруға да болады, онда «қоғамның барлық жіктері қатысатын, өкілетті органдардың жауапты ету және есеп беріп, шешім қабылдауын қамтамасыз ету» және ТДМ-ның тұрақты даму үшін саясатты соған сай үйлесімді жүргізу қажет 17.14-міндеттеріне де сәйкес келеді. Барлық көрсеткіштер сияқты, бұл көрсеткіш те ТДМ-ның 11.4 міндетіне – «әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау мен сақтау жөніндегі күш-жігерді жандандыру» мақсатына сәйкес келеді.

Қазақстан материалдық емес мәдени мұраны қорғау мәселесіне байыппен қарайтынын көрсететін МЕММ саласындағы стратегиялар мен жоспарларды әзірлеу

---

[31]«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ. (2020). «Наурыз мейрамын» атап өтудің жаңа тәсілдері туралы. https://ru.kipd.kz/article/o–novyh–podhodah–po–prazdnovaniyu–nau

[32]«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ. (2020). Сарапшылар Наурыз мейрамын атап өтудің жаңа тәсілдерін ұсынды.. https://ru.kipd.kz/article/eksperty–predlozhili–novye–podhody–pr

[33]Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, «Қазақстандық қоғамдық даму институты «Рухани жаңғыру» КЕАҚ. (2021). «Наурыз шуағы» көктем мерекесін атап өтудің тұжырымдамасы. https://www.google.com/url?sa=i&url=https%3A%2F%2Fwww.gov.kz%2Fuploads%2F2021%2F3%2F18%2Fc07ad061ffafedc2726ceb723286ef8c_original.185735.docx&psig=AOvVaw1RKhO1vZpaYmSW1GWyk6X3&ust=1732207362343000&source=images&cd=vfe&opi=89978449&ved=0CAQQn5wMahcKEwjwqtyWoOuJAxUAAAAAHQAAAAAQBA

және іске асыруда белсенділік танытып отыр. Бұл бастамалар ұлттық, әрі өңірлік деңгейлерде жүзеге асып, жергілікті қауымдастықтарды тартуға ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақстанда МЕММ-ге қатысты бірқатар шаралар, бағдарламалар мен стратегиялар қабылданған. Мысалы, 2006 жылы қабылданған «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (2008–2024 жылдары бірқатар толықтырулар енгізілген) МЕММ-ді қорғау мен жеткізудің қажеттігін айқындайды. Заңда мәдени әралуандылықты қолдау мен мәдени үлгілерді қорғауға арналған арнайы баптар бар. Маңызды бастамалардың бірі – 2023 жылғы 28 наурызда №250 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасына материалдық емес мәдени мұра аспектілерінің енгізілуі. Бұл МЕММ мәселелерін мемлекеттік саясатқа интеграциялауға мүмкіндік берді[34].

«Рухани жаңғыру» (2017 ж.) бағдарламасын іске асыру барысында да мәдени мұраны (соның ішінде МЕММ-ді) сақтауға бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылды. Бағдарлама аясында мәдени мұраны сақтауға және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге бағытталған жүйелі жұмыстардың көрсеткіші болған дәстүрлі өнер мен қолөнерді дәріптеу жобалары, тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау шаралары, шетел архивтеріндегі тарихи құжаттарды іздеп табу және зерттеу жұмыстары, ұлттық спорт түрлерін насихаттау іс-шаралары жүзеге асырылды.

2020 жылдан 2025 жылға дейінгі мәдени дамудың ұлттық стратегиясы бекітілді, онда МЕММ-ны қорғау және насихаттау бойынша нақты қадамдар, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен қоғамдық өмірге МЕММ-ны үйлестіруге арналған жергілікті жерлердегі жобаларды қолдау шаралары көзделеді.

Ұлттық стратегияларды тәжірибе барысында жүзеге асыру мақсатында, өңірлік әкімдіктер мен мәдениет мекемелері жергілікті дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға арналған іс-шаралар мен фестивальдер ұйымдастырады.

Сондай-ақ жергілікті бастамалар мен бағдарламалар аясында МЕММ-нің әртүрлі элементтерін (мысалы, дәстүрлі қолөнер мен көркемөнер тәжірибелерін) қорғаумен айналысатын ҮЕҰ мен қауымдастықтар белсенді жұмыс істейді. Қауымдастықтар деңгейінде музыка, би, қолөнер сияқты өнердің дәстүрлі түрлерін насихаттайтын әртүрлі фестивальдер мен байқаулар өткізіледі. Бұл шаралар ҮЕҰ мен жергілікті мәдени орталықтармен бірлесіп ұйымдастырылып, мемлекеттік саясаттың практикалық іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Мектептер мен университеттер сияқты білім беру мекемелерінде МЕММ-ді оқып-үйренуге арналған курстар енгізіліп, жас ұрпақтың мәдени әралуандылыққа құрметпен қарауға деген көзқарас қалыптастырылады.

Қазақстанда ұлттық тізімге, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енген немесе енгізуге жоспарланған МЕММ элементтерін қорғау үшін мемлекеттік деңгейде қаржылай және техникалық қолдау көрсетіледі. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының» мәліметтері бойынша, 2018–2023 жылдары этнография саласы бойынша 20 ғылыми жоба гранттық қаржыландыру аясында жүзеге асырылды. Сондай-ақ 2018–2023 жылдары мәдениеттану саласында гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 55 ғылыми жоба іске асырылды[35].

Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2018–2020 жылдары «Туған ел» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру контексінде «Қазақстан композиторлары шығармаларының көркемдік-орындаушылық интерпретациясының этномәдени аспектілері» атты іргелі зерттеу жобасына грант алды. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері

---

[34]Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. (2023). Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы. Әділет: Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000250/info

[35]2024 жылы ЮНЕСКО-ға Мерзімдік есепті дайындау барысында сарапшылардың мемлекеттік органдармен кездесулері кезінде алған деректер.

университеті 2018–2020 жылдары «Қазіргі Қазақстанның мәдени кодтары (әдеби және медиадискурстар)» тақырыбындағы іргелі зерттеу жобасын жүргізуге грант иеленді. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 2020–2022 жылдарға арналған мемлекеттік грант аясында «Ұлы даланың ойындары (ойын фольклоры): ұлттық ойындардың теңдесі жоқ мәдени құбылыс ретіндегі қоғамдық сананы жаңғыртудағы функциясы» атты зерттеуіне қолдау алды.

12-критерий. Білім беру саласындағы саясат, құқықтық және әкімшілік шараларда МЕММ-нің әралуандылығы және оны қорғаудың маңызы қаншалықты ескеріліп, тәжірибе жүзінде іске асырылуда

Конвенцияда білім беру МЕММ-ді құрметпен қарауды қамтамасыз ету және оның маңызын ұғындыру (1-бап), сондай-ақ МЕММ-ді қолдау арқылы оны қорғаудың (2.3-бап) маңызды құралы ретінде айрықша аталады. Конвенцияның 14 (а)-бабында «тиісті қауымдастықтар мен топтарға арналған білім беру және кадрларды даярлау саласындағы нақты бағдарламалар» қабылдау қажеттігі айтылып, олардың «материалдық емес мәдени мұраны құрметтеуді қамтамасыз етуге және оның қоғамдағы орнын нығайтуға» септігі тиетіні баса көрсетіледі. МЕММ саласындағы тиімді де тұрақты білім беру бағдарламалары мен іс-шараларды әзірлеуге, іске асыруға және атқаруға мүмкіндік беретін тиісті саясатпен қатар, құқықтық және әкімшілік шаралардың жасалуы аса маңызды.

Қазақстанда білім беру саласында МЕММ-нің танылуын, құрметтелуін және оның қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған саясатты, сондай-ақ құқықтық және әкімшілік шараларды әзірлеу және іске асыру ісіне белсенді қадамдар жасалады. Солардың бірі – 2013 жылы бекітілген «Қазақстан Республикасындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту тұжырымдамасы». Бұл құжат МЕММ өміршеңдігін қамтамасыз етуге арналған іс-шараларды айқындайды; оның ішінде МЕММ элементтерін анықтау, құжаттау, зерттеу, сақтау, қорғау, дәріптеу және мәдени құндылықтарды ресми және бейресми білім беру арқылы жеткізу сияқты қадамдар қарастырылған[36]. 2023 жылы 2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы бекітілді, онда мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығына ерекше назар аударылған. Тұжырымдамада халықтың ұлттық тарих пен мәдениетке деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларына МЕММ-ді кіріктіру шаралары қамтылған. Бұл тұжырымдамалар мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар арқылы қолданысқа енгізіледі.

2023 жылғы ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің конкурстық құжаттамасында «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты аясында «Қазақстанның рухани киелі жерлері. Қазақстанның сакралды географиясы. «Өлкетану», «Тіл білімі, әдебиеттану және фольклористика», «Мәдениет пен өнер саласындағы пәнаралық зерттеулер. Қазақстанның креативтік индустриялары», «Қазақстан қоғамының рухани жаңғыруы», «Қазақстан қоғамының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің гуманитарлық аспектілерін зерттеу және идеялық платформасын қалыптастыру», «Жалпыұлттық бірлік, дәстүрлер мен діндер диалогы» сияқты арнайы ғылыми бағыттар белгіленген.

Жоғары білімнің аталған бағыттарының мазмұнын талдау барысында МЕММ элементтерінің кейбірі академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс жұмыстар, қосымша білім беру және элективті курстар арқылы пайдаланылатыны, енгізілетіні анықталды. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультетінде заң талабына сай МЕММ-ді қорғау жөнінде әкімшілік және құқықтық шаралар қолданылады. Мәселен, факультет жанындағы «Қазақ халқының рухани

[36]Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. (2013). Қазақстан Республикасындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту тұжырымдамасы туралы. Әділет: Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300000408

мұрасын зерттеу» институты қазақ халқының рухани мұрасын насихаттауға, көрсетуге, жинақтауға және сақтауға арналған ғылыми конференциялар, жобалар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырады.

Аталған жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын талдау нәтижесінде, кейбір МЕММ элементтері академиялық пәндер, ғылыми-зерттеу және оқудан тыс іс-шаралар, қосымша білім беру, элективті курстар арқылы енгізіліп, белсенді қолданып жатқаны анықталды. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде МЕММ-ді қорғау мақсатында заң талаптарына сәйкес әкімшілік және құқықтық шаралар қабылдануда. Осы факультетте құрылған «Қазақ халқының рухани мұрасын зерттеу» институты қазақ халқының рухани мұрасын насихаттау, жарыққа шығару, жинау және сақтау бойынша ғылыми конференциялар, жобалар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырып келеді.

Тарих ғылымдарының кандидаты Л.П. Турова «XX–XXI ғасырлардағы Шығыс Қазақстан өлкетануы» атты оқу құралын шығарды, онда Шығыс Қазақстандағы өлкетанудың XX–XXI ғасырлардағы дамуы сипатталып, Семейдегі Ресей география қоғамының филиалы мен Қазақстанды зерттеу қоғамының, облыстық, қалалық, мектеп музейлері мен архивтердің рөлі мен қызметі айтылады. Еңбекте өлкетанушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының қазақ халқы мен аймақтағы басқа да этностардың мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы білімді дәріптеудегі маңызы көрсетілген.

Абай атындағы ҚазҰПУ-да мәдени мұра және ұлттық тәрбие саласында бірқатар орталықтар ашылған: Оразалы Досбосынов атындағы Жас ақындар орталығы, «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығы, «Айтылған тарих» зертханасы, Немат Келімбетов атындағы Түркология орталығы, «Латын» ғылыми-тәжірибелік зертханасы. Бұл орталықтардың ғылыми қызметі МЕММ-нің түрлі салаларын зерттеп, насихаттауға бағытталған. 2019 жылы Жастар жылы аясында 20–21 қарашада суырып салма ақын Оразалы Досбосыновтың туған күніне орай, Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Ақынның сөзі жетер сан ғасырға...» атты жас ақындар айтысы өтті. Байқауға Алматыдағы бес жетекші жоғары оқу орнынан 20-дан астам жас ақын қатысты.

13-критерий. Мәдениет пен білім беруден өзге салалардағы саясатта, құқықтық және әкімшілік шараларда МЕММ-нің әралуандылығы және оны қорғаудың маңызы қаншалықты ескеріліп, тәжірибе жүзінде іске асырылуда

Конвенцияда әрбір мемлекетке «Материалдық емес мәдени мұраның қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған және бұл мұраны қорғау шараларын жоспарлау бағдарламаларына қосатын жалпы саясат қабылдау» міндеттеледі (13(а)-бап). Бұл критерий мәдениет пен білім беру саласынан өзге салаларда (мысалы, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы (ТДМ 2), денсаулық және әл-ауқат (ТДМ 3), суды тұрақты пайдалану (ТДМ 6), биоәртүрлілік (ТДМ 15) т.б.) МЕММ-ны қорғау шараларының қамтылуына және қолданылуына бағытталады.

Қазақстанда бұл мақсаттар келесі шаралар арқылы іске асады:

Қолданыстағы ұлттық және аймақтық және аймақтық стратегиялар, мәдени мұраны сақтау мақсатында, МЕММ-ге ие қауымдастықтардың құқықтары мен дәстүрлерін құрметтеу қажеттілігі туралы ережелерді қамтиды. МЕММ-ді дамыту саласындағы бағдарламаларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде осы дәстүрлерді ұстанатын қауымдастықтардың пікірлері мен белсенді қатысуы ескеріледі. Бұл олардың мәдени элементтерін пайдалану мен эксплуатациялаудан сақтануға көмектеседі. Мәдени және білім беру мекемелері аясында МЕММ-ді зерттеу, сақтау және танымал ету кезінде этикалық принциптерді сақтауды реттейтін кәсіби стандарттар мен кодекстер әзірленеді. Бағдарламалар барлық мүдделі тараптың, оның ішінде маргиналды топтар, әйелдер мен жастардың МЕММ-ді сақтау мен тарату процесіне тең қатысуы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы тұрақты даму және инклюзивті көзқарас контексінде ұлттық мәдени дәстүрлерді сақтау мен ілгерілетуге қатысты ережелерді қамтиды. Ол мәдени мұраның әлеуметтік тұтастықтың элементі ретіндегі маңыздылығына назар аударады. Қоршаған орта саясаты аясында табиғи және мәдени мұра арасындағы байланыстарға, оның ішінде ресурстарды тұрақты басқаруға ықпал ететін дәстүрлі білім мен тәжірибеге ерекше көңіл бөлінеді. Заңнамалық актілер барлық халық тобының, оның ішінде этникалық азшылықтар мен осал топтардың МЕММ-мен байланысты жобаларға қатысуына тең мүмкіндік қамтамасыз етеді. Білім беру жүйесіне экологиялық және мәдени хабардарлыққа байланысты элементтер енгізіліп, тұрақты даму мен МЕММ-ді қорғауға ықпал етеді.

Табиғи апаттар немесе қарулы қақтығыстар жағдайында әрекет етуге бағытталған шаралар мен саясат материалдық емес мәдени мұраны қорғауды және оның зардап шеккен халықтың өміршеңдігі үшін маңыздылығы ескерілуі қажет.

Қазақстан Республикасының заңнамасы, оның ішінде «Мәдениет туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы» және «Төтенше жағдай туралы» Заң табиғи апат пен төтенше жағдай кезінде материалдық емес мұраларды қоса алғанда мәдени мұра объектілерін қорғау мәселелерін реттейді. Қазақстан ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдармен бірлесіп, дағдарыс жағдайында МЕММ-ді қорғау механизмдерін әзірлеуде, 2003 жылғы Конвенцияның басшылық принциптерін енгізу бойынша жаһандық бастамаларға қатысады. Апаттан кейін қалпына келтіру жұмысы кезінде мәдени элементтер, мысалы, әдет-ғұрып, дәстүрлі қолөнер және ауызша дәстүрлер қауымдастықтарды қалпына келтіру бағдарламаларына енгізіледі. Олар әлеуметтік тұтастықты нығайту және қалыпты өмірге оралу тәсілі ретінде қарастырылады. Бұл шаралар МЕММ-нің жапа шеккен халықтың әлеуметтік және мәдени тұрақтылығын қалпына келтірудегі маңыздылығын айқындайды.

МЕММ-ді сақтауға және оның орнықты, инклюзивті дамуын қамтамасыз ету үшін экономикалық қызметке интеграциялауға ықпал ететін шаралар қабылдау:

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы экономикалық белсенділік және тұрақты даму үшін маңызды құрал саналатын дәстүрлі қолөнер, өнер және білімді қоса алғанда МЕММ-ді сақтау мен танымал етудің маңыздылығын көрсетеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен басқа да бастамалар аясында дәстүрлі білім иелерін, қолөнершілерді қолдау және оларды экономикаға интеграциялау арқылы жаңа жұмыс орындарын құру, туризмді дамыту және жергілікті брендтерді ілгерілету ерекше назарға алынған. МЕММ тасымалдаушылары, практиктері мен қауымдастықтарын тарту арқылы этно және мәдени туризмді дамыту инклюзивті экономикалық дамудың маңызды құралына айналды. Дәстүрлі қолөнер, музыка және билерді туристік бағдарламаларға енгізу олардың сақталуын ғана емес, сонымен қатар жергілікті қауымдастықтар үшін экономикалық мүмкіндіктердің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Қазақстан ЮНЕСКО-мен белсенді түрде ынтымақтасып, МЕММ-ді тұрақты экономикалық дамудың маңызды элементі ретінде қорғау концепциясын ілгерілетуді қолға алды, себебі халықаралық форумдар мен семинарларда МЕММ-нің экономикалық интеграциясының табысты мысалдары талқыланады. Бұл шаралар тек мәдени әртүрлілікті сақтау ғана емес, сондай-ақ ауылдық өңірлер мен осал топтар арасында әлеуметтік және экономикалық инклюзия үшін жағдайлар қалыптастыруға да ықпал етеді.

Елде МЕММ-ді сақтау үшін қолайлы қаржылық жағдайлар жасау мақсатында шаралар қабылдануда. Мемлекет Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы арқылы ҮЕҰ жобаларына, МЕММ-ді сақтау және ілгерілетуге бағытталған мемлекеттік гранттық қаржыландыру ұсынады[37]. Қолдау шараларына ұйымдар тарапынан іс-шаралар ұйымдастыру, оқыту бағдарламаларын өткізу және МЕММ-ді насихаттау мақсатында іске асыруға көмектесуді қамтиды.

[37]«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» (2025). КЕАҚ «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» ресми сайты. https://cisc.kz/

Сонымен қатар ҚР МАМ қолдауымен Қазақстанның кәсіби шығармашылық ұжымдары мен жеке өнер қайраткерлеріне шығармашылық жетістіктері мен кәсіби табыстары үшін «Ұмай»[38] сыйлығы беріледі. Бұл сыйлық театр, хореография, музыкалық-орындаушылық, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер саласындағы жетістіктері үшін тағайындалады.

Мемлекет дәстүрлі қолөнершілерге, мәдени мұра саласында жұмыс істейтін шеберлерге қолдау көрсетеді, бұл МЕММ-ді экономикалық айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Қолдау «Атамекен»ҰКП қолдауымен «Бастау» жобасы аясында жүзеге асырылады. Соңғы 4 жылда 150 мыңнан астам адам (оның 52%-ы әйелдер) микро және шағын бизнес негіздерін оқып, 2000-нан астам қолөнер жобасы іске асты[39].

14-критерий. Саясат, құқықтық және әкімшілік шаралар дәстүрлі құқықтарды, әсіресе МЕММ тәжірибесі мен тасымалына қатысты қабылданған тәжірибелер мен таныту тәсілдерін қаншалықты құрметтейді

Бұл көрсеткіш Конвенцияның «Материалдық емес мәдени мұраны қорғауды жоспарлау бағдарламаларына қосудың» маңыздылығы туралы айтылатын, 13(a)-бабына сай келеді. Дүниежүзіндегі көптеген ел дәстүрлі құқықтарды, қабылданған тәжірибелер мен таныту тәсілдерін өздерінің кең ауқымды құқықтық, саяси шеңберіне біріктіруді пайдалы деп есептейді, себебі бұл интеграция теңдік пен азаматтардың қатысуын арттыратынын байқаған. МЕММ бөлігі ретінде қауымдастықтар мен топтарда мойындалған дәстүрлі жүйелер тұрақты дамудың маңызды ресурсы. Байырғы халықтарға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының байырғы халықтар құқығы туралы Декларациясы (31-бап) олардың «мәдени мұраларын, дәстүрлі білімдері мен дәстүрлі мәдени көріністерін сақтау, бақылау, қорғау және дамыту құқығына», сондай-ақ олармен байланысты зияткерлік меншікке ерекше ден қояды. Көптеген ел, халықаралық ұйымдар сот төрелігін жүзеге асыру және дауларды шешу үшін тарихи қалыптасқан дәстүрлерін енгізді. Сонымен қатар БҰҰ биологиялық әртүрлілік туралы конвенциясының 8(j)-бабы биологиялық әртүрлілікті қамтамасыз ету үшін байырғы және жергілікті қауымдастықтардың білімі, тәжірибесі мен жаңалықтары маңызды екенін атап өткен.

Қазақстанда практикалық танытушы, таратушы, сондай-ақ олардың қоғамдастығына материалдық емес мәдени мұраларын коммерциялық және өзге де мақсатта пайдалануға жол бермес үшін зияткерлік меншік құқықтары мен жеке өмір сүру құқығын қоса алғанда, құқықтық қорғаудың біршама нысаны ұсынылады. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы дәстүрлі білім мен практика негізінде құрылған объектілерді қорғауды көздейді. Бұл практикалық танытушы мен таратушыға МЕММ-нің белгілі бір элементтерін авторлық құқық объектілері ретінде тіркеуге мүмкіндік беріп, оларды рұқсатсыз пайдаланудан қорғайды.

МЕММ-ді коммерциялық мақсатта пайдалану қауымдастық пен практикалық танытушылардың келісімін талап етеді. Бұл шара мұраны коммерцияландырудың алдын алуға бағытталған.

Қазақстан мәдени мұраны қорғау жөніндегі жаһандық күштің бір бөлігі ретінде зияткерлік меншікке байланысты мәселелерді қоса алғанда, МЕММ қорғауды қамтамасыз ету үшін ЮНЕСКО-мен бірлесіп жұмыс істейді. Бұл шаралар МЕММ таратушыларының құқығын сақтауға және олардың мәдени тәжірибелерін теріс

---

[38]«Астана Опера» АҚ. (2022). «Umai» 2022 ұлттық сыйлығы.. https://astanaopera.kz/premiya-umai-2022

[39]«Атамекен». (2024, 11 наурыз). АҚШ елшілігі мен «Атамекен» қолөнер және әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бойынша бірлескен жобаны іске қосты. «Атамекен». https://atameken.kz/ru/news/43553-posol-stvo-ssha-i-atameken-zapuska-yut-sovmestnyj-proekt-po-podderzhke-remeslennichestva-i-zhenskogo-predprinimatel-stva

пайдаланудан сақтауға көмектеседі.

Қазақстанда ішкі саясат пен құқықтық шаралар материалдық емес мәдени мұра (МЕММ) тәжірибесі мен таратуға қажетті қауымдастықтар мен экожүйе топтарының дәстүрлі құқықтарының маңыздылығын мойындайды. Мәселен, «Қоршаған ортаны қорғау туралы» және «Мәдениет туралы» Заңды қоса алғанда, Қазақстанның экологиялық және мәдени заңнамасы шеңберінде МЕММ-ге байланысты дәстүрлі білім, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді сақтау үшін аса маңызды экожүйелерді қорғау қажеттігі көрсетіледі. Қауымдастықтар мен топтарға дәстүрлі тәжірибелерімен байланысты ресурстарды, атап айтқанда жайылымдар, ормандар, су айдындары мен МЕММ таралуына маңызды рөл атқаратын басқа да табиғи нысандарды пайдалану құқығы беріледі. Қазақстан МЕММ үшін қажет табиғи ресурстармен байланысты қауымдастықтардың дәстүрлі құқығының сақталуын қамтамасыз ету үшін ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады. Бұл шаралар табиғи ресурстар мен мәдени мұраны қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, сондай-ақ белгілі бір экожүйеге қол жеткізуі маңызды қауымдастықтардың дәстүрлі өмір салтын қолдауға бағытталған.

Қазақстанда ішкі саясат пен құқықтық шаралар даулардың алдын алуға және жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге ықпал ететін МЕММ практикасын, ұсынымдарын және алдын алу көріністерін мойындайды. Айтыс (ауызша поэтикалық сайыс) және медиациялық ғұрыптар (мысалы, дауларды шешудегі дәстүрлі би төрелігі) сияқты таныту тәсілдері қақтығыстардың алдын алу мен шешудің мәдени тетіктері ретінде қарастырылады. Түрлі топтар арасындағы бейбітшілік пен түсіністікті сақтауға бағытталған МЕММ элементтері білім беру бастамаларына біріктіріледі. Мысалы, жанжал шешудің дәстүрлі тәсілдерін оқыту кейбір университеттік курстарға енгізілген. Заңнама, оның ішінде «Мәдениет туралы» Заң әлеуметтік байланыстарды нығайтып, жанжалдардың алдын алуға ықпал ететін МЕММ нысандарын қорғауға аса ден қояды. Қазақстан ЮНЕСКО-ның тұрақты бейбітшілік пен мәдениетаралық диалогқа ықпал ететін, МЕММ элементтерін қамтитын, татуласу мен үйлесімділікке бағытталған дәстүрлі мерекелер мен рәсімдер сияқты жобаларына қатысады. Мұндай шаралар МЕММ-нің бірлік орнату құралы ретіндегі рөлін нығайтуға, сондай-ақ мәдениетаралық және этносаралық өзара түсіністікке ықпал етуге көмектеседі.

2.5 МЕММ РӨЛІ МЕН ҚОҒАМДА ҚОРҒАЛУЫ
(15-16 КРИТЕРИЙЛЕР)

Материалдық емес мәдени мұраның маңыздылығы мен құндылығы ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға, қоғамда өзін-өзі құрметтеу мен өзара сыйластықты дамытуға ықпал ететін мәдени бірегейліктің негізінде жатыр. Қауымдастықтардың да, жалпы қоғамның да оны мойындауы дәстүрлі білімді сақтауға, ұрпаққа таратуға, мәдени әртүрлілікті нығайтуға және әлеуметтік ауызбіршілікті дамытуға мүмкіндік береді. Мұраны қорғау мәселелерін жоспар мен бағдарламаларға қосу мәдени мұраны өткеннің меншігі деп қана емес, сонымен қатар түрлі мәдениетті құрметтеуге, үйлесімді қоғамды қалыптастыруға ықпал ететін жанды мұра ретінде қарастыратын тұрақты қауымдастықтарды құрушы рөлін айқындайды.

15-критерий. МЕММ-нің және оны қорғаудың маңыздылығын тиісті қауымдастықтар, топтар және жеке тұлғалар, сонымен қатар жалпы қоғам қаншалықты мойындайды

Бұл көрсеткіш МЕММ-нің қоғамдағы маңыздылығын атап, құқық қорғау мен әлеуметтік әділеттіліктің пәрменді аспектілерін қамтып, адамдардың тұрақты дамуы мен әл-ауқатына қалай ықпал ете алатынын көрсетеді. Конвенцияда «қоғамдағы

материалдық емес мәдени мұраның рөлін арттыруға және осы мұраны қорғауды жоспарлау бағдарламаларына енгізуге бағытталған жалпы саясатты» қабылдау туралы сөз қозғалады (13 (а)-бап. Дегенмен саясат қалыптастыру мен дамуды жоспарлау абстрактілі әрекет емес екенін есте сақтаған жөн, олар бағдарламалар мен іс-шаралар тізіміне енгіп, жүзеге асырылған кезде ғана тиісті нәтижеге қол жеткізе алады.

МЕММ ұлттың мәдени бірегейлігінің қайнар көзі және ұрпақтарды байланыстырушысы ретінде қазақ қоғамында маңызды рөлге ие. Ол белгілі бір географиялық және климаттық жағдайларда адамдардың өмір сүру тәжірибесін жинақтап, этностың қайталанбас ерекше бейнесімен астасады. МЕММ-нің спорттық ойындарын, саят құстарымен аңға шығу, зергерлік және қолданбалы өнер (киіз үйдің безендірілуі, киім, киіз үй) түрлерін тұрақты дамуға ықпал ететін, әл-ауқатты арттырушы құрал ретінде қолдануға болады. Музыкалық-поэтикалық өнердің жекелеген түрлері (домбырамен ән айту, айтыс) ғана емес, сонымен қатар таратушылардың әл-ауқатын арттыру негізі бола алады. Экологияға келер болсақ, қазақ мәдениетінде табиғатты қорғауға бағытталған сенімдер бар деп болжауға болады, атап айтқанда, күй, жыр мен әндер қоршаған ортаны қадірлеуді дәріптеу үшін қолданылады. Мысалы, «Ақсақ құлан» сияқты күйді адам мен табиғат үйлесімінің айқын көрінісі ретінде түсінуге болады, олар табиғи ресурстардың маңыздылығына қатысты түсінікті арттыруға көмектеседі. Күйлердің мазмұны белгілі бір сюжет не бір күйді сипаттаумен шектелмейді. Дәстүрлі музыканың көне негізі – барлық тіршілік иесінің – адам мен табиғаттың дыбыстар арқылы бірігуі. Мұндай жағдайларда күйдің сырлы әуені көбіне тыңдаушыларды табиғи мұраны сақтауға шақырады.

Күй Қазақстанның түрлі этникалық тобының бірлігіне арналған фестиваль мен кездесулерде жиі орындалады. «Көрұғлы» сияқты композициялар бейбітшілік пен өзара түсіністік идеяларын жеткізе алады. Бұл күйдің пайда болуы оғыз тайпаларымен (IX–XI ғасырдағы түрікмен, түрік және Әзербайжан халықтарының құрамында) байланысты. Осымен аттас эпос бар. Тарихи тұрғыдан қазақтар оғыздардың мәдени дәстүрлерін мұра етті. Қалыпты өмірде және сахнада Көрұғлы күйі жиі орындалады, Қармақшы өңірінің дәстүрінде Көрұғлы жыры/эпосы құрметті орынға ие. Осындай іс-шараларда күйлерді орындау түрлі мәдени қауымдастық өкілдері арасында қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

2006 жылдан бері Қызылорда облысында түркі тілдес елдердің дәстүрлі музыкалық өнерін біріктіретін «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фестивалі өткізіледі. Іс-шараға Түркия, Алтай, Тыва, Хакасия мен Саха Республикаларынан, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан мен Қазақстаннан бірқатар дәстүрлі музыканттар қатысады. Фестивальдің негізгі мақсаты – дәстүрлі музыканы, Қорқыт ата мұрасын насихаттау және түркітілдес халықтардың байланысын арттыру. Бұл материалдық емес мәдени мұраны құрметтеуге және тұрақты даму ресурстарын нығайтуға ықпал етеді. 2023 жылы осы тақырып төңірегінде ірі ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді[40].

Мұндай фестивальдар дәстүрлі музыка тыңдаушылар/қауымдастықтардың тұтас буынын тәрбиелейді және өзара түсіністік пен шығармашылық қарым-қатынас рухын нығайтады.

Қазақстанның әртүрлі облысында дәстүрлі қолөнерді насихаттау бойынша іс–шаралар өткізіледі: жәрмеңке, көрме және шеберлік сыныптары. Дәстүрлі спорт түрлерінен (ат спорты (бәйге, т.с.с.), асық, тоғызқұмалақ және т.б.) жарыс өткізіледі. 2022 жылы алғаш «Ұлы дала жорығы» атты республикалық бәйге-марафоны өтті[41].

Мектептер мен университеттерде домбыра тарту, эпос орындау мен дәстүрлі өнер тарихын зерттеу бойынша таңдау пәндері ұйымдастырылады. Бұл жас ұрпаққа

---

[40]Ли Юрий. (2019, 1 қазан). Қорқыт және Ұлы дала әуендері. «Казахстанская правда». https://kazpravda.kz/n/korkyt–i–melodii–velikoy–stepi–8s/

[41]«Қызылординские вести». (2022). «Ұлы дала жорығы» байге-марафоны өз мәресіне жетті. https://kzvesti.kz/sport/zavershilsja–bajge–marafon–ly–dala–zhory–y–68929/

тарихи тамырына құрметпен қарауға көмектесіп, қазақ мәдениетінің бірегейлігін танытады. Дәстүрлі өнерді зерттеу мен насихаттауды қолдауға арналған Материалдық емес мәдени мұраны сақтау жөніндегі республикалық орталық құрылса, бұл жұмысты Қазақстанда тереңірек жүргізіп, жетілдіруге және нақты даму мақсаттарына қарай мол табысқа жетуге болады. МЕММ-ді қорғау қызметін сапалы орындау материалдық емес мұра мен оның таратушыларына құрмет көрсетуді арттыру үшін өте маңызды және оны сақтауға ықпал етеді.

16-критерий. МЕММ-ді қорғау маңыздылығы өзін-өзі құрметтеуге және өзара сыйластыққа ықпал ететін инклюзивті жоспар мен бағдарламалар шеңберінде қаншалықты ескерілді

Бұл көрсеткіш Материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың этикалық принциптерінде баяндалған Конвенцияның негізгі қағидаттарымен тікелей байланысты.

Конвенцияның «қауымдастықтар, топтар және жеке тұлғалар арасындағы өзара сыйластық» талабы (2.1-бап) МЕММ анықтамасында кездеседі және Конвенцияның мақсаты (1(b)-бап) «тиісті қауымдастықтардың, топтардың және жеке тұлғалардың материалдық емес мәдени мұраларын құрметтеуді қамтамасыз ету» сол адамдарға, сондай-ақ олардың МЕММ құрметтеу қажеттілігін білдіреді. БҰҰ мен ЮНЕСКО-ның да негізгі құндылықтарына инклюзивтілік пен кемсітуге жол бермеу принциптері кіреді және ол Жедел басшылық пен Этикалық принциптер құжаттарында расталған.

МЕММ-ді сақтау үшін қоғамның түрлі тобын қамтитын инклюзивті тәсілдер қолданылады. Мысалы, көптеген мәдени орталықтар пен музейлерде дәстүрлі өнер бойынша шеберлік сыныптары мен концерттер өткізіледі. Мұндай іс-шаралар барлығына, яғни жасқа да, кәріге де, түрлі этникалық топтардың өкілдеріне де қолжетімді. Мысалы, Қазақстанда өткізілетін «The Spirit of Tengri» және «Ұлытау» фестивальдары еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелдіктерді, соның ішінде туристерді қазақ дәстүрлі мәдениетімен таныстыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның барлық облыстарында этномәдени орталықтар бола бермейді, ал олардың қызметі белгілі бір халықтың дәстүрлеріне негізделетіні сөзсіз. Өйткені, бұл халықтардың материалдық емес мәдени мұрасы, қазақ халқы секілді этникалық бірегейлікпен тығыз байланысты болуы тиіс.

2.6 ХАБАРДАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ (17-20 КРИТЕРИЙЛЕР)

МЕММ элементтері мен мемлекеттің жалпы МЕММ қорғау саласындағы саясаты туралы хабардарлықты арттыру мәселелері маңызды рөлге ие, өйткені ол қорғау және насихаттауға мүдделі тараптардың үлкен тобын жұмылдыруға, сондай-ақ МЕММ элементтерін құрметтеп, ұқыпты қарауды қалыптастыруға ықпал етеді.

17-критерий. Материалдық емес мәдени мұра мен оны қорғаудың маңызы туралы хабардарлықты арттыруға қауымдастық, топ және жеке тұлғалардың қатысу деңгейі

Конвенцияның төрт мақсатының бірі – «материалдық емес мәдени мұраның маңыздылығына және оны өзара тануға жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде назар аударту». Сонымен қатар мемлекеттерге «қоғамдағы материалдық емес мәдени мұра рөлін тануды, құрметтеуді және арттыруды, атап айтқанда: (i) білім беру саласындағы бағдарламалар, халықты, әсіресе жастарды хабардар ету арқылы» қамтамасыз ету ұсынылады (14(a)-бап). Конвенция мүмкіндігінше «мұраны құру, сақтау және тарату жұмыстарын атқаратын қауымдастықтар, топтар мен тиісті жағдайларда жеке тұлғалардың» барынша белсенді қатысуын қамтамасыз етуге үндейді (15-бап). Бұл критерийлер адамдардың хабардарлықты арттыруға бағытталған шараларға белсенді қатысуының этикалық принциптерге сәйкестігін анықтайды.

2018 жылы Қазақстан президенті Домбыра күнін мерекелік күнтізбеге енгізе отырып, МЕММ элементтері домбыра тарту, күй өнері немесе айтыс туралы хабардарлықты арттыруға маңызды қадам жасады. Бұл күні ел ішінде музыканттар өз өнерін паш етеді (мектеп оқушыларынан бастап, ересек музыканттарға дейін мыңдаған домбырашы жиналады), бәріне қолжетімді шеберлік сыныптары мен күйлер тақырыбында дәрістер өткізіледі. Осындай іс–шаралар аясында домбыра тарта алмайтын қатысушылар шеберлік сыныбынан соң базалық дағдыларды игере алады. Мұндай шара үлкен аудиторияға дәстүрдің маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Бұл тұрғыда материалдық емес мәдени мұраның шынайы дәстүрлерінің маңызды ерекшелігі – дәстүр таратушылары мен қауымдастық мүшелері, яғни тыңдаушы, көрермен және қатысушылар арасындағы байланыс. Егер қауымдастық мүшелерінің МЕММ өнері туралы түсінігі болмаса, олар дәріптеушілердің өнерін бағалай алмас еді, бұл жерде белгілі бір дағдыларды кәсіби және кәсіби емес меңгерудің айырмашылығы туралы сөз болып отыр. Мысалы, қазақ мәдениетінде қолданбалы өнер (қолөнер) – тұрмыстық керек-жарақтарды (көрпе, жастық және т.б.) безендіру (ою-өрнек) өте кең таралған. Әрбір әйел оны өз бетінше жасай алады. Мамандандыру – осы ортадан неғұрлым талантты және шеберлісін анықтау, ол ұлттық киім өндірісіндегідей өздігінен жүреді. Мұраның басқа түрлері былғары мен ағаштан, күміс пен басқа қорытпалардан бұйымдар жасау арнайы құрал-саймандарды, талант пен білімді талап етеді.

Материалдық емес мәдени мұраны қолдауға байланысты барлық іс-шаралар осы дәстүрлерді таратушылар, қауымдастық мүшелерімен тікелей байланысты болғандықтан, МЕММ элементтеріне қатысты хабардарлықты арттыруға алдын ала ақпараттандырылған келісім қамтамасыз етілуі керек. Мәселен, кез келген шынайы, қолданыстағы МЕММ дәстүрінде таратушылар мен қоғамдастық мүшелерінің келісімісіз (орындалатын музыкалық шығарманы таңдау, қолданбалы өнер заттарын ұсыну, ұжымдық мерекелер мен рәсімдерді ұйымдастыру) қатысуын елестету мүмкін емес.

Қазақстанда күйлерге байланысты фестивальдар өткізілмес бұрын, мәдени ұйымдардың өкілдері, әкімдер (жергілікті басшылар) мен орындаушылар іс-шаралардың мазмұнын талқылау үшін жиі бас қосады. Бұл күй мәдениетіне тікелей қатысты адамдардың пікірін ескеруге, дәстүрлерге деген құрметті сақтауға кепілдік береді. Мысалы, «Алтын домбыра» фестивалі аясында түрлі өңірлерден келген қатысушылармен бағдарламаны алдын ала келісу жүргізіледі.

18-критерий. БАҚ-тың МЕММ мен оны қорғаудың маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыруға қатысуы және түсіністік пен өзара сыйластыққа ықпал ету деңгейі

17-критерийде атап өткендей, Конвенцияның төрт мақсатының бірі – «материалдық емес мәдени мұраның маңыздылығына және оны таратуға жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде назар аудару» (1(c)-бап). БАҚ - жеке немесе мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ұйым болуына қарамастан, осы мақсатты атқарудағы маңызды серіктес. МЕММ-нің мүдделі тараптары мен медиа ұйымдар арасындағы ынтымақтастық немесе серіктестік біріншісіне екіншісінің ақпараттық-насихаттық қызметі мен техникалық мүмкіндіктерінен пайда табуға, сонымен қатар соңғысына біріншісінің білімі мен тәжірибесінен пайда табуға мүмкіндік береді. МЕММ және оны қорғаудың маңыздылығы туралы ақпаратты мүмкіндігінше кең және дәл жеткізу үшін БАҚ инклюзивті болып, түрлі аудитория мүшелерімен олардың ана тілінде қатынас орнатқаны абзал. БАҚ-тың әлеуетін нығайту Конвенцияны, оның тұжырымдамалары мен терминологиясын жеткілікті түрде түсінуді және өзара сыйластықты сақтап, көтермелеуге тиімді үлес қосуын қамтамасыз ету үшін де маңызды.

Қазақстанда БАҚ материалдық емес мәдени мұра туралы хабардарлықты арттыру және оны қорғау үшін маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары мәдени әртүрлілікті түсінуге, құрметтеуге ықпал ететін дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен мәдени бастамалар туралы жарияланымдарды қоса алғанда, МЕММ мәселелерінің белсенді

жариялануы байқалады. Мысалы, түрлі медиа форматтар, соның ішінде телевизиялық бағдарламалар, радиохабарлар мен интернет-ресурстар қазақ дәстүрлері мен олардың қазіргі қоғамдағы маңыздылығын насихаттауға бағытталған. БАҚ материалдық емес мәдени мұралардың маңызы туралы хабардарлықты арттыру науқанына белсенді қатысып жатыр. Бұған арадағы түсіністік пен құрметті нығайтуға көмектесетін мақалалар жарияланымы, ток-шоулар өткізу және түрлі этникалық топтардың мәдени дәстүрлеріне қатысты оқиғаларды жариялау кіреді. Сондай-ақ Қазақстанның көпұлтты қоғамындағы бірлік пен толеранттылықтың маңыздылығына баса назар аударылып жүр, бұл қоғам қайраткерлері мен билік өкілдерінің мәлімдемелерінен байқалады. Атап айтқанда, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушылары дәстүрлі музыканың тарихы мен проблемаларына, музыкант-орындаушылар мен мәдени мұраның басқа да элементтеріне арналған теле және радио-бағдарламалар даярлауға белсенді қатысып келеді.

Қазақстанда медиакеңістіктегі отандық контент үлесін арттыруға бағытталған бастамалар іске асырылып жатыр. Бұл жергілікті мәдени құндылықтарды дамытуға және мәдени әртүрлілікке қатысты мәселелерді талқылау үшін платформалар құруға ықпал етіп, халықтар арасындағы өзара сыйластықты нығайтады. БАҚ МЕММ туралы, ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік тізімдеріне жаңа элементтер енгізуі жайлы ақпараттарды белсенді жариялап, қоғамдық қызығушылықты арттырады. Материалдық емес мәдени мұраны сақтауға бағытталған білім беру бағдарламалары мен мәдени іс-шараларды жариялау жастардың ұлттық мәдени мұраға деген құрметін қалыптастыруға ықпал етеді. БАҚ жергілікті қауымдастықтар мен ҮЕҰ бастамасымен шыққан материалдық емес мәдени мұраны сақтауға, дамытуға бағытталған жобалар туралы хабарлайды. Бұлда осы мәселелер туралы хабардарлықты арттыруға өз септігін тигізеді. Қазақстандағы БАҚ материалдық емес мәдени мұра маңыздылығы туралы хабардар етіп қана қоймай, оны насихаттауға, қорғауға белсенді қатысуда, сол арқылы жеке қауымдастықтар аясында да, бүкіл қоғам деңгейінде де мәдени бірегейлікті қалыптастыруға және мәдени мұраны құрметтеуге ықпал етеді.

19-критерий. Қоғамдық ақпарат саласындағы шаралар МЕММ-нің маңыздылығы мен оны қорғау қажеттілігі туралы хабардарлықты арттыруға, сондай-ақ түсіністік пен өзара сыйластыққа қаншалықты ықпал етеді

Қатысушы мемлекет, БАҚ ұйымдары немесе басқа субъектілердің қандай да бір шара қабылдағанына қарамастан, 17,18-көрсеткіштердегідей, назар жергілікті және ұлттық деңгейдегі күш–жігерге аударылады. Конвенция жұртшылықты ақпараттандыру жөніндегі шаралардың басымдықтарын және оларды барынша тиімді жүзеге асыру қағидаттарын (жалпылама қатысу негізінде және өзара сыйластық пен тануға жәрдемдесу мақсатында инклюзивті) айқындады. МЕММ-ді қорғау бойынша озық тәжірибелерді насихаттауға ерекше мән берілді.

МЕММ мен оны Қазақстан Республикасында қорғаудың маңызы туралы хабардарлықты арттыру құқықтық негізде айқындалады. Ол МЕММ қорғау және дамыту туралы Тұжырымдамада (1.5-тармақ) басымдық ретінде қарастырылады және жеке міндетке негізделіп, басты принциптің бірі ретінде белгіленген. ҚР мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес Қазақстанның мәдени мұрасын ақпараттандыру және танымалдығын арттыру мақсатында PR ілгерілету құралдарын дамытып, аудиторияны кеңейту үшін қоғамдық пікір көшбасшыларын, БАҚ пен блогерлерді тарту көзделеді. Бұл тұжырымдамада материалдық емес мәдени мұраны зерттеуге ғалымдарды жұмылдыру, МЕММ жаңа элементтерін анықтау, ЮНЕСКО-дағы адамзаттың МЕММ репрезентативтік тізімін толықтыру, мәдени шығармашылық өнімді іске асыру үшін алаңдар құру жөніндегі өңірлік жоспарларды әзірлеуге ықпал ететін шаралар ескерілген (5-тармақ).

Қазақстанда мұра туралы хабардарлықты арттыру мен таратуды қамтамасыз

етудегі маңызды фактор – түрлі өңірлерден келген мәдени элементтерден тәжірибесі бар адамдар мен таратушыларды біріктіру және мойындау. МЕММ Репрезентативтік тізіміне енгізілген «Сұңқармен аң аулау – адамзаттың өшпес мұрасы» элементінің этникалық нұсқаларының бірі ретінде МЕММ «Құсбегілік – аңшы құстармен аң аулау» элементін аймақтық фестивальда көрсету арқылы адамдар оның маңыздылығы туралы хабардар бола алады. 2018-2024 жылдар аралығында аталған элементті дамытуға бағытталған 8 іс-шара өтті.

Материалдық емес мәдени мұраны сақтау, фольклор мен «Ұлытау» туристік кластерін дамыту, халық мәдениетін алуан түрлілігін ескеріп, дәріптеу «Жезкиік» халықаралық фольклорлық музыка фестивалінің негізгі мақсаты деп көрсетілген. Қазақстандағы «Жезкиік» фестивалі «Рухани жаңғыру» бағдарламалы мақаласын жүзеге асыру аясында 2018-2019 жылдары өткізілген. I фестивальға (2018 ж. 12–15 шілде) Қазақстаннан басқа, әлемнің 10 елінен (Мексика, Перу, Польша, Ресей, Түркия, Тәжікстан, Франция, Шотландия, Жапония)[42], II фестивальға (2019 ж. 24 тамыз күні) 4 елден (Мажарстан, Италия, Испания және Сербия)[43] фольклорлық ұжымдар қатысты. II фестиваль аясында қазақтың белгілі айтыскерлері Аманжол Әлтаев пен Сара Тоқтамысованың қатысуымен «Ұлы дала дүбірі» ақындар айтысы өтті. Іс-шара барысында қатысушылар мен қонақтар қазақтың тұрмыс-тіршілігінің балаға қатысты, үйлену тойларына байланысты тұсаукесер, бесікке салу, беташар сияқты және т.б.[44] салт-дәстүрлерімен танысты[45].

Осылайша хабардарлықты арттыру, МЕММ және оны қорғаудың маңыздылығы, сондай-ақ түсіністік пен өзара құрметке жәрдемдесу, көрнектілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың құрамдас бөліктерін қамтитын түрлі іс-шара арқылы көрсетіледі. Олардың ішінде өңірлік фестивальдардың маңызы зор.

Жергілікті билік органдарымен табысты әрекеттестікке «Қыран» ұлттық спорт түрлері федерациясы» ҚҚ, «Жалайыр Шора» жыртқыш құстармен аң аулау орталығы, «Сұңқар» сұңқар баптау орталығы, «Құсбегілік» республикалық федерациясы сияқты қоғамдастықтар мен ҮЕҰ қызметтері мысал бола алады. Олардың бірлескен қолдауымен Қазақстанның түрлі аймағында МЕММ элементін дамытуға бағытталған инклюзивті әрі көпшілікке қолжетімді іс-шаралар өткізіледі. Олардың ішінде «Қансонар-2018» республикалық турнирі (Орал қаласы, ақпан 2018 ж.), II Азия чемпионаты (Алматы қаласы, қараша 2018 ж.; 9 мемлекет қатысты), «Ұлы дала мұрасы» халықаралық турнирі (Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, қараша 2019 ж.), «Жайық қыраны – 2020» Республикалық жыртқыш құстармен аң аулайтын аңшылар турнирі (Батыс Қазақстан облысы, қаңтар 2020 ж.).

Төрт жыл бойы (2021–2024 ж.) Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы Бозанбай ауылының маңында күз мезгілінде жыртқыш құстармен аң аулау дәстүрлерін дамыту, сақтау және насихаттау, сондай-ақ қазақтың тазы иттерін үйрету, ат спорты (теңге алу және жамбы ату) жарыстарын өткізуге арналған «Шығыс салбурын» фестивалі өткізілді. «Салбурын» фестивалі ертеде ұлттық мереке ретінде тойланып келген Еуразия жылқы өсірушілерінің күзгі немесе қысқы ұжымдық аңшылық дәстүрінен бастау алады.

2021 жылы «Қансонар-2021» фестиваліне Шығыс Қазақстан облысының тек Ұлан және Үржар аудандарынан келген құсбегілер қатысты, ал «Қансонар-2022» фестивалі халықаралық сипатқа ие болды. Оған 6 елдің (Мажарстан, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей және Түркия) өкілдері қатысты. Фестивальда жыртқыш

---

[42]Қарағанды облыстық ғылыми-әдістемелік халық шығармашылығы және демалыс орталығы. (2018). I Халықаралық фольклорлық музыка фестивалі «Жезкиік». https://onmcdint.kz/i–mezhdunarodnyj–festival–folklornoj–muzyki–zhezkiik/

[43]Tengrinews.kz. (2018, 13 шілде). «Жезкиік» халықаралық музыка фестивалінің алғашқы қатысушылары Ұлытауға келді. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pervyie–uchastniki–mejdunarodnogo–muzyikalnogo–festivalya–349053/

[44]Goodluckov. (2018, 15 шілде). I Халықаралық фольклорлық музыка фестивалі «Жезкиік» - 2. YouTube. https://www.youtube.com/watch?v=zh_EBuqeVPw

[45]Tengrinews.kz. (2019, 13 тамыз). Әртүрлі елдердің музыканттары «Жезкиік» фестиваліне қайтадан Ұлытауға келеді. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/muzyikantyi–raznyih–stran–vnov–priedut–ulyitau–festival–376367/

құстардың жаттығуын көрсетумен қатар, практиктер мен өнерді таратушылар асау аттарды жүгендеу шеберлігін көрсетті.

Қосымша білім беру мекемелері инклюзивтілік шеңберінде жасөспірімдер мен балаларды жүйелі түрде оқыту мен шараларға, байқауларға және жарыстарға қатыстыру арқылы мәдени элементтердің әртүрлілігін практиктер мен таратушылар санын арттыру процесіне жұмылдырды. Осылайша республиканың әр өңірінде 2020 жылы репрезентативтік тізімге енген «Тоғызқұмалақ» зияткерлік ойынынан жыл сайын жарыстар өткізіліп тұрады. Шығыс Қазақстан облысында тоғызқұмалақтан өткен турнирге ерлер мен әйелдерден 30 адам қатысты. Ұлан ауданында бұл ойын балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінде белсенді дамып, арнайы «Тоғызқұмалақ» бөлімі ашылған. Бөлімде 158 спортшы бар, оның 10-ы спорт шеберіне үміткер және Азия чемпиондары[46]. Қарағанды облысында өткен тоғызқұмалақ жарысында облыстың 12 ауданынан келген 140 қатысушының арасында жас санаттары бойынша (15 және 21 жасқа дейін) ұлдар мен қыздар қатысты[47]. Ойын ересектер арасында да, жастар арасында да танымал. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды да жұмылдырады. Мәселен, Астана қаласының 40 жалпы білім беретін мектебінде 10 мыңнан астам бала қамтылған дәстүрлі жарыстар (Тоғызқұмалақ, Қазақ күресі, Асық ату) және өнер (домбыра тарту, дәстүрлі ән мен би) бойынша «ALTYN URPAQ» жобасы жыл сайын жүзеге асырылып келеді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтендіру мақсатында Астанадағы Оқушылар сарайында 200-ден астам балаға домбыра тартуды үйрететін «AIALA» әлеуметтік жобасы жұмыс істейді[48]. Тоғызқұмалақ міндетті пән ретінде Қазақстанның аймақтарынан келген ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Балдәурен-Қапшағай» оқу-сауықтыру орталығының базасында өтетін паралимпиялық жарыстар аясында бағдарламаға енгізілген.

Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитет МЕММ қорғауға және насихаттауға арналған іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысады. Қорғауға қатысты озық тәжірибелерді насихаттау мен тарату бойынша бағдарламаларды ынталандырады және қолдайды. 2021 жылы 26–27 қазанда «Ұлы тағзым» қоғамдық қоры МЕММ қорғау жөніндегі ұлттық комитеттің қолдауы арқасында МЕММ сақтауға, дамытуға арналған алғашқы Қазақстандық қоғамдық онлайн-форум өткізді. Форумға қауымдастықтар мен таратушылар, халық қолөнершілері, мұражай қызметкерлері, зерттеушілер мен сарапшылар жиналды. Форумда қазақстандық қолөнершілерді дамыту әрі қолдау, музей қызметінде МЕММ-ді дамыту мен Қазақстандық дәстүрлі білімді таратушылардың ЮНЕСКО-ның «Ұлы Жібек жолындағы фестивальдар» атты жаңа жобасына қатысуы туралы мәселелер талқыланды[49].

2023 жылы 22–24 мамырда МЕММ қорғау жөніндегі Ұлттық комитет Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенция (2003 ж.) қабылданғанына 20 жыл толуын, Қазақстан Республикасында Материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту туралы тұжырымдамаға 10 жыл толуын (2013 ж.) мерекелеу аясында «Traditional ritual as a manifestation of a remembering culture: resources and strategiesof symbolic capital of steppe Eurasia» атты халықаралық ғылыми–практикалық конференцияны

---

[46]Бурцева Алина. (2024, 16 қараша). Өскеменде тоғызқұмалақтан турнир өтті. Altainews.kz. https://altainews.kz/ru/obzor–sobytij/vko/59167–v–ust–kamenogorske–proshel–turnir–po–togyzkumalaku.html

[47]Қарағанды облысы әкімдігі. (2024, 6 ақпан). Қарағандыда тоғызқұмалақтан облыс чемпионатының қорытындысы жарияланды. Gov.kz. https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news/details/699512?lang=ru

[48]Астана қаласы әкімдігі. (2023, 5 сәуір). Өнер, спорт, ғылым: Астанада балаларға арналған қосымша білім беру жүйесі қалай дамуда? Gov.kz https://www.gov.kz/memleket/entities/astana/press/news/details/532145?lang=ru

[49]Агильбаева Айзада. 2021, 29 қазан). Ұлытауда материалдық емес мәдени мұраны сақтау форумы өтті. Казинформ. https://www.inform.kz/ru/forum–po–sohraneniyu–nematerial–nogo–kul–turnogo–naslediya–proshel–v–ulytau_a3855569

ұйымдастыруға қатысты[50]. ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясы жанындағы МЕММ қорғау жөніндегі ұлттық комитет мүшелері 2023–2024 жылдар ішінде республика өңірлеріне (ШҚО, БҚО, Атырау және т. б. облыстар) барып, ҮЕҰ таратушылары, зерттеушілері мен өкілдері туралы ақпарат жинап, қорғау жөніндегі озық тәжірибелерді танымал ету, тарату жөніндегі бағдарламаларды ынталандыруға және ілгерілетуге серпін береді[51].

20-критерий Материалдық емес мәдени мұра туралы хабардарлықты арттыру бағдарламалары тиісті этикалық принциптерді қаншалықты құрметтейді

МЕММ қорғаудың этикалық принциптерінде, хабардарлықты арттыру бағдарламаларын қоса алғанда, қорғау бойынша басшылыққа алынуы тиіс бірқатар іргелі құндылықтар баяндалған. Бұл принциптер журналистер мен басқа БАҚ қызметкерлері немесе музей қызметкерлері сияқты хабардарлықты арттыруға қатысатын кәсіби ұйымдар мен қауымдастық мүшелері әзірлеген тиісті этикалық кодекстермен немесе стандарттармен толығып отырады.

Қазақстанда материалдық емес мәдени мұра (МЕММ) туралы хабардарлықты арттыру бағдарламаларын іске асыру кезінде мәдени дәстүрлерді құрметтеуге және қауымдастықтардың белсенді қатысуына бағытталған этикалық қағидаттар сақталады. Бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру процесіне жергілікті мәдени мұра таратушыларын жұмылдыру негізгі аспектілердің біріне жатады. Бұл МЕММ қорғаудың этикалық тәсілінің негізі болатын, келісімі мен қолдауын қамтамасыз етеді. Хабардарлықты арттыру шаралары кезінде құрмет, ашықтық пен жауапкершілік ұстанымын сақтауға баса назар аударылады. Ұйымдастырушылар мәдени тәжірибелердің түпнұсқалығын сақтай отырып, дәстүр иелері білімі мен тәжірибесін бөлісе алатын қауіпсіз орта құруға тырысады. Мысалы, бағдарламаларға этикалық нормалар мен ең жақсы тәжірибелерді талқылайтын тренинг пен семинарлар кіреді, бұл қатысушыларға қызмет барысында аталған принциптерді сақтау маңыздылығын жақсы түсінуге көмектеседі. Одан бөлек мәдениет саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар және халықаралық қорлармен ынтымақтастық МЕММ қорғау тәжірибесіне этикалық стандарттарды енгізуге ықпал етеді. Бұл Қазақстанның түрлі этникалық топтарының дәстүрі мен мәдениетін құрметтеуге негізделген ақпараттық материалдарды дайындауды қамтиды. Осылайша, Қазақстандағы МЕММ туралы хабардарлықты арттыру жөніндегі қызметте этикалық принциптерді сақтау мәдени мұраның тұрақты дамуына және оның әртүрлілігін құрметтеуге ықпал ететін маңызды құрамдас бөлік саналады.

Қазақстанда материалдық емес мәдени мұра (МЕММ) туралы хабардарлықты арттыру жөніндегі қызмет түрлі кәсіби кодекстер мен стандарттарда бекітілген этикалық принциптерді сақтай отырып жүзеге асырылады. Бұл кодекстер мәдени дәстүрлерге, оларды таратушылар мен қауымдастықтарына құрмет пен жауапкершілік танытуға бағытталған. Мәдени әртүрлілікті құрметтеуге, МЕММ танытушыларымен бірлесіп жұмыс істеуге, олардың мәдени мұраға қатысты құқықтарын сақтауға үндейтін құжаттың бірі мәдениет саласы қызметкерлерінің Әдеп кодексі. Атап айтқанда, білім беру бағдарламалары мен іс-шараларда олардың мәдени тәжірибелерін пайдалануға қауымдастықтың келісімін алу маңызын атап көрсетеді. Сондай-ақ іс-шара ұйымдастыру кезінде мәдени мұраны қорғау саласындағы этикалық ұстанымдарды

[50]UNESCO Intangible Cultural Heritage. (2023, 24 мая). Festive Ceremonial as a Manifestation of the Remembering Culture: Resources and Strategies of the Symbolical Wealth of the Steppe Eurasia. (Мерекелік рәсім есте сақтау мәдениетінің көрінісі ретінде: Дала Еуразиясының символдық байлығының ресурстары мен стратегиялары). https://ich.unesco.org/en/activities/festive-ceremonial-as-a-manifestation-of-the-remembering-culture-resources-and-strategies-of-the-symbolical-wealth-of-the-steppe-eurasia-00295

[51]Altaitv.kz. (2024, 16 қазан). Материалдық емес мәдени мұраны сақтау. https://altaitv.kz/ru/news/19875

айқындайтын ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынысы ескеріледі. Бұл принциптерге жергілікті қауымдастықтың МЕММ қорғау және тарату процесіне қатысу маңыздылығы, сондай-ақ іс-шаралар бағдарламасын даярлауда мәдени сезімталдық пен инклюзивтілік стандарттарын сақтау жатады. Елімізде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әдеп мәселелері жөніндегі Орталық комиссиясы бар (Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес Комиссияның бастапқы атауы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы», 2009). Ол 2008 жылы биомедициналық зерттеулер жүргізу, биология мен медицинада жаңа медициналық технологияларды қолдану барысында адам құқығы мен қадір-қасиетін қорғау мақсатында тәуелсіз сараптамалық орган ретінде құрылған. Комиссия қызметін жүргізу негізінде тиісті халықаралық құжаттар, атап айтқанда, Дүниежүзілік медициналық қауымдастықтың Хельсинки Декларациясы, ЮНЕСКО-ның биоэтика және адам құқығы жөніндегі декларациясы, ICH-GCP тиісті клиникалық практикасы жөніндегі нұсқаулық, сондай-ақ елдің ұлттық заңнамасы жатыр. Комиссия құрамына түрлі ғылыми және медициналық мамандық өкілдері, этика, құқық, биология, дін саласындағы сарапшылар, қоғам өкілдері кіреді. Этикалық комиссия қызметін құрып, халықаралық ұсынымдарды орындайды және биомедициналық зерттеулерге қатысушы адамдардың құқықтары мен әл-ауқатын қорғау кепілдігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін реттейді.

2.7 ҚАУЫМДАСТЫҚ, ТОП ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ, СОНДАЙ-АҚ БАСҚА ДА МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ (21–22 КРИТЕРИЙЛЕР)

Осы тақырып аясында материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) сақтау процестерінде қатысушылардың МЕММ-ді қорғау, тарату және насихаттау бастамаларына қатысу белсенділігі бағаланады. Сонымен қатар азаматтық және сараптамалық қауымдастықтың НКН жағдайын мониторингтеуге, зерттеулерге қатысуына, стратегияларды әзірлеуге және жүзеге асырылатын шаралардың тиімділігін арттыруға қосқан үлесі талданады. Бұл мәселе ерекше маңызды, себебі олардың қатысуы материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз етіп, оны қорғау шараларының тиімділігін арттырады, мәдени бірегейлікті нығайтып, дәстүрлі тәжірибелердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

21-критерий. Материалдық емес мәдени мұраны қорғауға мүдделі тараптар қаншалықты белсенді қатысады

Конвенцияның 15-бабы әр мемлекетті мүмкіндігінше қауымдастық, топ және тиісті жағдайларда жеке тұлғалардың көбірек қатысуын қамтамасыз етуге өзінің МЕММ-ін қорғауға және басқаруға ынталандырады. Бұл принцип ЮНЕСКО-ның жедел ұйымдастыру және этикалық нормаларының негізінде жатыр. Мемлекет пен қауымдастық арасындағы екіжақты серіктестіктен бөлек, ЮНЕСКО үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да азаматтық қоғам субъектілерін, жеке секторды қорғау жұмыстарында маңызды рөл атқарды. Кең көлемдегі қатысушыларды тарту, жалпы МЕММ үшін де, оның нақты элементтері үшін де ең жоғары қауіпсіздікке қол жеткізуге маңызы зор.

Қазақстанда қауымдастық, топ мен жеке тұлғалардың тұтастай алғанда материалдық емес мәдени мұрасы, сондай-ақ оның жекелеген элементтерін қорғауға, олардың Ұлттық тізімге немесе Конвенция тізімдеріне енгізілгеніне қарамастан, инклюзивті қатысуына да мүмкіндік береді. МЕММ таратушылары, практиктері мен қауымдастықтары жеке мәдени сәйкестендірудің ажырамас бөлігі ретінде еркін және тікелей материалдық емес мәдени мұрасын қорғауға қатысады. Соңғы онжылдықта қазақ қоғамында жалпы ұлттық мәдени мұраға, оның ішінде, материалдық емес мұраға

қызығушылықтың арту процестері байқалады. Бұл ұлттық және өңірлік деңгейдегі арналар мен басылымдар сияқты БАҚ-тың МЕММ тақырыбына қатысты үндеу санының өсуі дәлел. Ғаламтор кеңістігінде МЕММ таратушыларының жұмысы туралы бейнематериалдар көбірек қаралуда. Қазақстан номинацияларын Репрезентативтік тізімге енгізу туралы жаңалықтар мемлекеттік телеарнаның бәрінде, мемлекеттік басылымдар мен тәуелсіз медианың басты беттерінде жарияланып, оң көзқарас тудырып жатыр. Бұл материалдық емес мәдени мұраның қоғамдық санадағы маңызын арттыруға және оны қолданатын қауымдастықтың кеңеюіне ықпал етеді.

Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы елдің демократиялық және орнықты даму стратегиясының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Осыған орай, азаматтық қоғам институттары материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) сақтау және қорғау процестеріне белсенді түрде тартылып отыр. Ұлттық спорт түрлеріне қатысты МЕММ элементтері — қазақ күресі, тоғызқұмалақ, құсбегілік, асық ату және басқалары — салалық ұлттық федерациялар аясында жүйелі түрде дамып келеді. Бұл федерациялар құрамына аймақтық деңгейдегі ұйымдар кіреді, ал олар өз кезегінде жергілікті қауымдастықтар мен нақты спорт түрлерін ұстанатын клубтарды біріктіреді. Аталған бағыттағы үйлестіру және қолдау қызметтерін Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс басқармасы жүзеге асырады. Сонымен қатар, облыстық деңгейдегі тиісті басқармалар тарапынан да ақпараттық-коммуникативтік, ұйымдастырушылық және халықаралық деңгейдегі қаржылық-құқықтық қолдау көрсетіледі. Қатысудың неғұрлым еркін схемасын «Орындаушылық өнер», «Қолданбалы өнер мен қолөнер» домендеріндегі Қазақстанның материалдық емес мәдени мұра элементтері ұсынады. Ширек ғасырдан астам уақыт бойы жүздеген қолөнерші мен ұлттық қолөнер шеберін біріктіретін, оқытып, тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасайтын, оларды халықаралық аренада ұсынатын Қазақстан қолөнершілер одағы табысты жұмыс істеп келеді. Қазақстанда «Күйшілер одағы» және «Домбырашылар одағы» қоғамдық бірлестігі де құрылды.

Қазіргі таңда Қазақстандағы кәсіпкерлік сектордың МЕММ-ді қорғауға қатысуы тұрақты жүйелі сипатқа ие болмады. Ірі кәсіпорындар көбіне еліміздің барлық өңірінде қолдау тапқан Наурызды тойлау секілді маңызды мәдени іс-шараларға демеушілік етеді. Ал орта бизнес жергілікті мерекелерге, мәселен, Маңғыстаудағы «Амал-көрісу» дәстүрі, сондай-ақ кейбір дәстүрлі өнер түрлері мен жанрларын орындаушылардың қатысуымен өтетін фестивальдар мен байқауларға қолдау білдіреді. Ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар көбірек демеуші тартады: энтузиаст кәсіпкерлер жүлде қорын қалыптастырып, жеңімпаздарға марапаттау барысында бағалы сыйлықтар ұсынады.

22-критерий. Азаматтық қоғам материалдық емес мәдени мұраны қорғау мониторингіне қаншалықты үлес қосады

МЕММ қорғау жөніндегі бағдарлама мен шаралардың тиімділігін тұрақты мониторинг арқылы, сондай-ақ оларды ғылыми, техникалық, өнертанулық зерттеу арқылы арттыруға және жақсартуға болады. Мұндай мониторинг пен зерттеу бағдарлама мен шаралардың қандай деңгейде екенін көрсетеді. Үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да азаматтық қоғам органдары білімі мен тәжірибесін біріктіру арқылы аталмыш мониторинг пен зерттеулер жүргізуде айрықша рөл атқарады. Ғылыми-зерттеу институттары мен мамандандырылған орталықтар әр елдегі ахуалға байланысты үкіметтік немесе үкіметтік емес, ал ғалымдар мен сарапшылар мемлекеттік қызметкер не жеке тұлға болуы мүмкін. Мұндай қатысушылар кез келген жағдайда ел деңгейінде Конвенцияның жүзеге асырылуын бақылау үшін маңызды орынға ие болуы керек.

Қазақстанда тарихи тұрғыдан қазақтың дәстүрлі мәдениетін, әсіресе ұлттық бірегейліктің өзегі - дәстүрлі музыкалық-поэтикалық өнерді зерттеудің дербес ғылыми мектебі қалыптасқан. Аталмыш өнер, әсіресе ел тарихы үшін қиын кезеңдерде МЕММ-ді ұрпақтар арқылы жеткізіп, сақтауда басты рөл атқарды, ал Тәуелсіздік

кезеңінде мүдделі қауымдастық, топ және жеке таратушылар үшін МЕММ қорғау бағдарламалары мен шараларын еркін бақылауға өте қолайлы орта құрылды. Көптеген МЕММ таратушысы мен кейбір қауымдастықтар тәжірибені зерттеу жұмыстарымен біріктіреді, ұмыт болған бабалар мұрасын қалпына келтіріп, жандандырады. Көрнекі мысал ретінде Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Теңге ауылының «Amanat» Мәдениет үйі жанындағы жыр-терме клубының басшысы Қармыс Разбаев құрастырған Маңғыстаудағы жыраулар мұрасы мен олар туралы әңгімелер ұсынылған «Janaözen – jyr kerueni» («Жаңаөзен – жыр керуені») кітабын[52] атауға болады. Мұндай мысалдар Маңғыстау облысының аудандарында да, Қазақстанның басқа облыстарында да көп. Конвенцияның басқа домендерін ұсынатын таратушылар, атап айтқанда, қолөнершілер шығармашылық тәжірибесін өзінің далалық зерттеулеріне де, өнертанушы ғалымдардың еңбектеріне де сүйеніп, сонымен қатар материалдық емес мәдени мұраны сақтау бойынша тәжірибе алмасу бағдарламаларына үнемі қатысып отырады. Ұлттық спорт түрлері қауымдастықтары да зерттеу жұмысын белсенді жүргізеді, олардың жарияланымдары ғаламтор желілерінде жиі кездеседі.

ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы қызметі үшін қолайлы орта құру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылы 23 қаңтардағы №85 қаулысымен қабылданған «Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасынан» басталды және жүйелі жетілдіріліп, кеңейтілді. Қазіргі таңда мәдениет және спорт басқармасының мемлекеттік органдары ұлттық және облыстық деңгейде ЮНЕСКО арасында өнер жанрлары, спорт түрлері, мәдени процестер мен құбылыстарды ғылыми зерттеу саласындағы бағдарлама мен жобаларды қаржыландыруға тұрақты түрде ашық конкурстар өткізіп жүр. Өкінішке қарай, әзірге материалдық емес мәдени мұраны сақтауды ынталандыратын жекелей бөлінген мемлекеттік гранттарға арналған конкурс жоқ. Дегенмен, МЕММ қауымдастықтары, топтары мен жеке таратушылары көптеген ғаламтор желілерінде: сайт, платформа, арналар мен подкастарда дәстүрлі өнер, салт-жоралғыға байланысты, мереке мәдениеті мен т.б. саладағы ғылыми зерттеулерге мониторинг жасау мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар елде жан-жақты кітапханалық жүйе бар, онда қағаз тасымалдаушылардан басқа, сандық тасымалдағыштарда қомақты қор жинақталған және оларды оқу мүмкіндігі де бар.

Қазақстанда дәстүрлі мәдениет пен өнерді ғылыми зерттеуге арналған бірнеше орталық бар, олардың ішінде М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Ұлттық ғылым академиясының Тіл білімі институты; ұлттық және аймақтық жоғары оқу орындарының көптеген кафедраларын атап өтуге болады. Материалдық емес мәдени мұра тақырыбы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының музыка теориясы мен тарихы, дәстүрлі вокал және дәстүрлі музыкалық аспаптар кафедраларында, Ұлттық өнер университеті, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының өнертану кафедрасы (қазақ сәндік-қолданбалы өнері) мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасында даярланады. Зерттеу нәтижелері елдегі және әлемдік мамандандырылған ғылыми басылымдарда жарияланады, оларды арнайы ғаламтор ресурстарынан табуға болады. Қазақстандағы МЕММ тақырыбындағы мақаланың көбі рецензияланбаған журналдарда, ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинақтарында жарияланып жатыр. Өз жолын МЕММ зерттеуге арнаған ғалымдар әрдайым ұлттық телеарналар мен танымал медиа басылымдарда, баспасөзде сұранысқа ие.

Одан бөлек МЕММ-нің танымал зерттеушілері өз аймақтарында далалық зерттеумен айналысып, облыстық жоғары оқу орындарында жұмыс атқарады. Соңғы жылдары жарық көрген маңызды еңбектердің бірі Әбділхамит пен Сайра Райымбергеновтердің «Күй патшасы Қазанғап» атты іргелі еңбегін атап өту керек. Онда XIX ғасырдағы көрнекті күйшінің ғана өмірі мен шығармашылығы емес, Батыс Қазақстан музыкалық мұрасының алтын қорын

[52]Разбаев Қармыс. (2018). Janaözen – jyr kerueni. (Жанаозен – караван сказаний). Алматы: Теларна. 352 б.

құрайтын көптеген шәкірттері мен ізбасарлары жайлы тиянақты баяндалған. Бұл іргелі еңбек «Қазанғап. Күйлер» атты ноталық жинақ пен «толғау», «ақжелең» жанрларында орындалатын жүздеген күйдің аудио және бейнематериалдар жинағымен құнды.

2. 8 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
(23-26 КРИТЕРИЙЛЕР)

Халықаралық ынтымақтастық мемлекеттер, ұйымдар мен қауымдастықтар арасындағы әрекеттестікке ықпал етіп, материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғауда шешуші рөл атқарады. ҮЕҰ-ны, мемлекеттік және жеке құрылымдарды тарта отырып, МЕММ қорғау және таныту мүмкіндіктерін ұлғайтады. Халықаралық байланыстар тәжірибе мен озық практиканы алмасу үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы нығаяды. МЕММ қорының мәдени мұраны сақтауға бағытталған бастамаларды қаржылық қолдау қызметі де өте маңызды. Мұндай ынтымақтастық МЕММ қорғаудан бөлек, мәдени диалог пен әлемдік бірліктің негізін құрай отырып, халықтар арасындағы түсіністікті нығайтуға оң әсер етеді.

23-критерий. Комитет ҮЕҰ, мемлекеттік және жеке органдарды, жеке тұлғаларды тартады

9-бапта «материалдық емес мәдени мұра саласында құзыреті мойындалған үкіметтік емес ұйымдарды аккредиттеу» процесі баяндалады. Бұл ұйымдар Комитетке қатысты консультативтік қызметтер атқарады, ал 8.4-бап негізінде Комитетке үкіметтік емес ұйымдарды, кез келген мемлекеттік не жеке органдарды, жеке тұлғаларды нақты мәселелер бойынша кеңес өткізу мақсатында өз отырыстарына шақыруға рұқсат берілген. Номинация, ұсыныс, өтінімдер мен баяндамаларды бағалау (ОР 96) тапсырылған бағалау органының жұмысындағы айқындалған рөліне қосымша ретінде Комитет ҮЕҰ мен басқа да тұлғаларға консультативтік қызметтер ұсыну құзырын берген.

МЕММ қорғауға және дамытуға жұмылдырылған ҮЕҰ-ға және Қазақстан қауымдастықтарына Конвенцияның үкіметаралық комитеті жанынан аккредиттелген Үкіметтік емес ұйымдар форумы маңызды консультациялық көмек береді.

Дәстүрлі спорт және ұлттық ойындар қауымдастықтары Этноспорт федерациясымен (Түркия) ынтымақтасып жұмыс істейді. ЮНЕСКО-да аккредиттелген «Айгине» қырғыз ҮЕҰ-ы қазақстандық ҮЕҰ өкілдерін семинар мен тренингтерге қатысу үшін жиі шақырады.

Дәстүрлі музыкалық аспаптарда ойнайтын әртістер мен орындаушылардың ұлттық қауымдастықтары, сонымен қатар Композиторлар мен «Күйшілер одағы» және «Домбырашылар одағы», «Халықаралық айтыскерлер одағы», жыршылар мен термешілер, халық билері мен салттық қойылымдарды, халық арасындағы спорт жарыстары мен дәстүрлі ойындарға қатысушылар МЕММ элементтерінің өміршеңдігі туралы деректерді қалыптастыруға, оларды таратуға және дағдыларын беруге айтарлықтай үлес қосты. Бұл қоғамдастықтардың басым бөлігі ұлттық орталықтар мен аймақтық қоғамдарды қамтитын жүйеге біріктірілген. Ұлттық қоғамдық бірлестіктер этномәдени орталықтармен және жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен (әкімдіктермен) бірлесіп өңірлердің дәстүрлі мәдени ортасы мен халықты біріктіруге көмектесетін тиімді жобаларды әзірлеп, жүргізеді. Көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату, құсбегілік, бәйге, асық ату, тоғызқұмалақ секілді дәстүрлі спорт түрі мен ұлттық ойынның 15-тен астам федерациясын қамтитын Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы дәстүрлі спорт түрлері мен ойындарының мәртебесі туралы толық

ақпарат берді. Қазақстанның түрлі өңірінде инклюзивті және барлығына қолжетімді МЕММ элементін дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізіледі. Мәселен, Қызылорда облысының өзінде 11 этномәдени (славян, корей, татар, өзбек, неміс, грек, түрік, еврей, қырғыз, шешен, орыс) бірлестік жұмыс істейді. Жергілікті билік органдарымен табысты әрекеттестікке «Қыран» ұлттық спорт түрлері федерациясы» ҚҚ, «Жалайыр Шора» жыртқыш құстармен аң аулау орталығы, «Сұңқар» сұңқар баптау орталығы, «Құсбегілік» республикалық федерациясы секілді қоғамдастықтар мен ҮЕҰ қызметтері мысал бола алады.

2021 жылы қазан айында «Ұлы тағзым» қоғамдық қоры Ұлытау ауылында ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы МЕММ қорғау жөніндегі ұлттық комитеттің қолдауы арқасында МЕММ сақтауға, дамытуға арналған тұңғыш Қазақстандық қоғамдық онлайн-форум өткізді. Аталған шараға қауымдастық өкілдері мен мұра тасымалдаушылар, халық шеберлері, музей мамандары, зерттеушілер мен сарапшылар қатысты. Форум барысында қазақстандық қолөнершілерді қолдау, музейлердің қызметінде МЕММ-ді дамыту, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның «Ұлы Жібек жолындағы фестивальдер» жаңа жобасына дәстүрлі білім иелерінің қатысуы мәселелері қарастырылды[53].

24-критерий. Қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясында басқа қатысушы мемлекеттермен белсенді әрекеттестік жасайтын қатысушы мемлекеттердің пайызы

Конвенцияның төрт мақсатының бірі – «халықаралық ынтымақтастық пен көмек» (1(d)-бап). Конвенцияда халықаралық ынтымақтастықтың құрамына, басқа да бағыттармен қатар, «ақпарат пен тәжірибе алмасу және бірлескен бастамалар» кіретіні атап көрсетілген (19-бап). Мемлекеттер «екіжақты, субөңірлік, өңірлік және халықаралық деңгейде ынтымақтасуға міндеттеледі» (19-бап), яғни олардың халықаралық ынтымақтастық жөніндегі әрекеттері Конвенцияның негізгі принциптеріне сай келеді. Мемлекеттер арасындағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастық Конвенцияның ынтымақтастық рухын да танытады. МЕММ қорғау көптеген көрсеткішті қамтитындықтан, осында сипатталған іс-шаралар ішкі үлесті толықтырып тұрады. Аталған критерий жоғарыда баяндалғандарды қоса алғанда қорғау бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыратын мекемелер мен қатысушыларға қатысты.

Қазақстан басқа қатысушы мемлекеттермен екіжақты, өңірлік және халықаралық деңгейде ынтымақтастық орнатты. Мәселен, екіжақты деңгейде қазақстандық зерттеу институттары, университеттер мен ҮЕҰ Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстандағы серіктес ұйымдар арасындағы ынтымақтастық жалғасып жатыр. Бұл жұмыс сарапшылардың конференция, семинар және екіжақты жобаларға қатысуымен шектелмейді. Көпұлтты номинацияларды (дәстүрлі киіз басу, кесте тігу) дайындау, сондай-ақ Жібек жолындағы жергілікті фестивальдар өткізуді нығайтып, дамыту бойынша бірлескен жұмыстар жақсы нәтижеге жеткізді. ЮНЕСКО-ның «Көшпелі өркениет тарихы» атты жаңа академиялық жобасына Моңғолиямен бірлескен дайындық жүріп жатыр. Азия-Тынық мұхиты аймағындағы материалдық емес мәдени мұра бойынша ЮНЕСКО-ның өңірлік орталықтарымен (2-санатты) ынтымақтастық жүзеге асырылады. Атап айтқанда, қазақ мәдени мұрасын ЮНЕСКО порталдарында насихаттау бойынша ICHLINKS жобасы аясында ICHCAP орталығымен (Корея Республикасы) көпжылдық табысты ынтымақтастық жүргізілді. Сондай-ақ МЕММ зерттеулерін талдау және библиографиялық деректер базасын дамытумен айналысатын IRCI орталығымен (Жапония) ынтымақтастық жүргізілуде.

---

[53]Агильбаева Айзада. (2021, 29 қазан). Ұлытауда материалдық емес мәдени мұраны сақтау форумы өтті. Казинформ. https://www.inform.kz/ru/forum–po–sohraneniyu–nematerial–nogo–kul–turnogo–naslediya–proshel–v–ulytau_a3855569

ЮНЕСКО-ның Орталық және Батыс Азиядағы ТІСН Тегеран орталығы құрылған сәттен бастап, Қазақстан оның жұмысына, ең алдымен, музыкалық мәдени мұраны тұрақты дамыту және ілгерілету жобаларына белсенді қатысып келеді. 2023 жылы жекпе-жек өнерін сақтау және дамыту бойынша ЮНЕСКО-ның ІСМ (Корея Республикасы) орталығымен бірлескен жұмыс басталды.

Белсенді өңірлік ынтымақтастық Түркі мемлекеттері басшыларының кеңесі аясында және оның мәдени әрекеттестік пен ынтымақтастық жөніндегі қызметтік органдары – TÜRKSOY, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры шеңберінде жүргізіледі. Бұл жұмыс Түркі мемлекеттерінің ұлттық комиссиялары арасындағы ынтымақтастық аясында іске асып жатыр.

Халықаралық деңгейде Конвенция хатшылығымен және қосалқы органдарымен өзара әрекеттеседі. Қазақстан 2018-2022 жылдары Үкіметаралық комитетке сайланып, рәсімдерді бағалау жөніндегі (2021-2023) және Конвенциядағы 18-бабты қолдану тиімділігін (2023-2024) бағалау жөніндегі Үкіметаралық топтар жұмысына белсенді қатысты.

25-критерий. Халықаралық желілік және институционалдық ынтымақтастыққа белсенді қатысатын қатысушы мемлекеттердің пайызы

Конвенция мемлекеттердің «екіжақты, субөңірлік, өңірлік және халықаралық деңгейде ынтымақтасуын» талап етеді және мұндай ынтымақтастықты, осында сипатталғандай, желілер құру және институционалдық ынтымақтастық арқылы қалыптастыруға болады. II-санаттағы орталықтар әдетте халықаралық және аймақтық желілерді нығайтуға, қорғау саласында тәжірибе алмасуға, әсіресе Конвенцияның әлеуетін нығайту бағдарламасын қолдау аясында қатысады. Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа агенттіктері мен аймақтық органдардың іс-әрекеті МЕММ және оның қорғалуымен байланысты, ал көптеген мемлекет оларды халықаралық ынтымақтастық үшін маңызды платформа деп санайды.

Қазақстан Өзбекстанның 1995 жылы Самарқан қаласындағы Халықаралық Орталық Азия зерттеулер институты (ХОАЗИ) мен 1998 жылы Моңғолияның Ұлан-Батор қаласындағы Халықаралық көшпелі өркениеттер институтының құрылуын қолдай отырып, олармен белсенді ынтымақтастықты жалғастыруда.

2011 жылы Қазақстан Республикасы Батыс және Орталық Азиядағы МЕММ жөніндегі Өңірлік зерттеу орталығын (UNESCO-Tehran ICH Centre) құруға белсене қатысты. Бұл орталықтың құзыретіне қатысушы мемлекеттерден ақпарат жинау және тарату, сондай-ақ зерттеу әдістемелерін әзірлеу, МЕММ-ді қорғау, түгендеу және үздік тәжірибелерді ілгерілету бойынша зерттеулер жүргізу кіреді. Қазіргі уақытта Қазақстан аталмыш орталықпен ынтымақтастықты жалғастырып, Басқару кеңесінің сессияларына, сарапшылар жиналысы мен өңірлік семинарларға қатысып келеді.

АТМА-дағы МЕММ халықаралық оқу орталығымен (UNESCO-CRIHAP) ынтымақтастық аясында Қазақстан 2022 жылдан бері CRICHAP ұйымдастыратын әлеуетті нығайту жөніндегі тренингтерге және өзге іс-шараларға қатысады.

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы МЕММ бойынша халықаралық зерттеу орталығы (IRCI) Қазақстандағы МЕММ Ұлттық комитетінің қатысуымен МЕММ бойынша ғылыми және зерттеу ақпаратын жинап, оны АТМА-да қорғап, ақпаратты IRCI зерттеу дерекқоры арқылы тарату бойынша ұзақ мерзімді жобаға кірісті. 2019 жылы IRCI ведомствоаралық ынтымақтастыққа және қатысушы мекемелер арасында осы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге негізделген ақпаратты жүйелі жинау үшін «Азия мен Океания аймағындағы МЕММ қорғау ғылыми жобалары бойынша деректерді тұрақты жинақтау» жобасын бастады. Бірінші жылы IRCI Орталық Азияда Қазақстан, Моңғолия, Тәжікстан мен Өзбекстанмен серіктес болды. Серіктес мекемелер өз елдеріндегі мекемелермен бірлесіп, МЕММ-ді зерттеуге және қорғауға қосқан үлесі жайында материал көлемін бағалау үшін библиографиялық тізімдер даярлады. Артынша

2023 жылы толық ақпарат жиналды және әр ұйым 70 ақпараттық материал ұсынды. 2023 жылы ҚР ҒжЖБМ Орталық академиялық кітапханасы ЮНЕСКО мен ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссияның және UNESCO–IRCI орталығының қолдауымен МЕММ Ұлттық комитетімен бірлесіп, библиографиялық деректерді жинау және музей қорларын зерттеу негізінде жаңа ғылыми білім алу перспективалары жөнінде ұлттық семинар ұйымдастырды.

АТР өңіріндегі МЕММ халықаралық ақпараттық және желілік орталығы (UNESCO-ICHCAP) 2009 жылы (Қазақстан 2003 жылы Конвенцияға қосылғанға дейін) Қазақстанмен ынтымақтастық орнатуды бастады. UNESCO-ICHCAP орталығы алғашқы шолу есебін дайындап, жариялауға және қазақстандық материалдық емес мәдени мұра элементтерін бастапқы инвентаризациялауына ықпал етті. 2020 жылы Қазақстан АТР өңіріндегі МЕММ элементтеріне қол жеткізу бойынша интеграцияланған цифрлық платформа – ICHlinks жобасын құрған алғашқы 8 елдің тобына енді. 2020-2023 жылдары МЕММ қауымдастықтары мен елдегі серіктестер МЕММ-нің 36 элементі бойынша мәтін, аудио және бейне ақпаратты цифрлық платформаға жүктеді. Аталған элементтер 179 фотосуретте, 26 бейнематериалда және үш далалық зерттеу есебінде көрсетілген. Жобаға қатысушы 23 елдің өкілі жаңа құрылған ICHlinks тұрақты комитетінің тұңғыш төрағасы лауазымына Қазақстанды сайлады. 2020 жылдан бастап МЕММ ұлттық комитеті UNESCO–(ICHCAP) өткізетін көптеген семинар мен конференцияға белсенді қатысып келеді.

Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Ислам ұйымы (ICESCO) Ислам елдеріндегі студенттер Қазақстан университеттерінен білім алуы үшін және ғарыш кеңістігін, жаңа технологиялар мен жасанды интеллектіні зерттеуге шабыттандырып, ғылыми зерттеулерді дамыту, стипендия ұсынатын бағдарлама мен жобаларды жүзеге асыру арқылы Қазақстанмен ынтымақтастық орнатты. Қазақстан мен ICESCO арасындағы ынтымақтастық қазақстандық университеттерде құрылатын кафедралар, өткізілетін конференция мен семинарлар арқылы нығая береді.

Ұлттық Комитет Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымымен (TÜRKSOY) ынтымақтасып, түркі елдерінің TÜRKSOY және ЮНЕСКО ұлттық комиссияларының жыл сайынғы жиналысына қатысады. Анкарада орналасқан TÜRKSOY түркі тілдес және басқа елдер арасындағы мәдени ынтымақтастық пен тілектестікті нығайту үшін алтын көпір іспеттес. Оны «Түркітілдес ЮНЕСКО» деп жиі салыстырады. 30 жылдан астам уақыт TÜRKSOY ұйымға мүше елдер арасындағы ынтымақтастықты күшейтіп, халықаралық аренада өз орнын нығайтты. TÜRKSOY іс-шаралары даярлық, икемділік, бейімделу және өзгеру қабілеті сияқты төрт бағанға негізделген «Түркі әлемінің 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасы» атты стратегиялық құжатын енгізді.

6 монографияның 2023 жылы Қазақстан ұйымның 30 жылдығына орай Түркістанда "Этномода" фестивалін өткізді. Түркістанда өткен VI Халықаралық дәстүрлі және стильді этникалық киімдер апталығы бұған дейін Ферғана (Өзбекстан) қаласында өткен фестивальдің дәстүрлі жалғасы болды. Қазақстанның МЕММ жөніндегі ұлттық комитетінің сарапшылары - Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Түркиядағы петроглифтерді зерттеу және 6 монографияны шығару бойынша TÜRKSOY-дың жаңа жобасына қатысуда.

26-критерий. МЕММ қоры қорғау және халықаралық қатысуға тиімді қолдау көрсетеді

Конвенция қатысушы мемлекеттерге МЕММ қорғауға бағытталған қызметтеріне көмек ретінде МЕММ қорын құрып, мемлекеттерге жылдық жарнадан бөлек, жалпы және нақты мақсаттар үшін пайдаланатын (25.5-бап) қосымша жарна енгізуді ұсынады (27-бап). Басқарушы органдар осындай қосымша салымдардың негізгі бағыты ретінде әлеуетті күшейтуге ерекше ден қояды. Комитет «түрлі географиялық аймақтар комитетінде әділ өкілдікті қамтамасыз ету үшін» өз Ережелерінде МЕММ қатысушыларының, әсіресе дамушы елдердің санын аттыру мақсатында сессияларға

қатысуға жәрдемдесу үшін қаржылық көмек беруді қарастырады.

2024 жылы наурызда Конвенцияның Үкіметаралық комитетінің бюросы (2003) ЮНЕСКО-ның Қазақстанға материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізбесін жаңартуға және Қазақстандағы бес облыстың жергілікті қоғамдастықтарына 2003 жылғы Конвенцияны іске асыру әлеуетін күшейтуге техникалық көмек беру бағдарламасын бекітті. 22 күнтізбелік айға есептелген жобаны Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитет ҚР МАМ, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия Хатшылығымен, облыстық билік органдарымен (әкімдіктер) және таңдалған бес облыстағы жергілікті қоғамдастықпен бірлесіп орындайды.

2013 жылы құрылғаннан бері қайта қаралмаған, 2024 жылы мамырда тізімі 79 элементке дейін толықтырылған Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының қолданыстағы ұлттық тізбесін тексеру – жобаның басты мақсаты. Мақсат: биылғы инвентаризацияға енген элементтер туралы ақпаратты қайта қарап, жергілікті этномәдени қауымдастықтар деңгейінде түгендеу арқылы жанды мұраның қосымша элементтерін анықтау. Іс-шаралар қауымдастық мүшелері мен жергілікті басқару органдарының уәкілетті өкілдерін оқытуды, содан кейін ұлттық тізімнен бес облыста қолданылатын жанды мұраның кем дегенде елу элементін анықтап, тіркеу үшін техникалық инвентаризациялауды қамтиды. Оқыту материалдық емес мәдени мұраны, оның сақталуы мен тұтастай дамуы туралы хабардарлықты арттыруға мүмкіндік береді. Жобаны дәстүрлі білімді сақтауға, дамытуға қатысатын мемлекеттік ведомстволар мен мекемелер, жергілікті қоғамдастықтар, зерттеу құрылымдары мен қауымдастықтар, жанды мұраны қорғауға қатысатын мүдделі тараптар бірлесіп әзірледі. Жоба аясында тиісті нормативті-құқықтық актілер мен институционалдық ауқымды жоспарлау, күшейту жөніндегі ұлттық құжаттарға жанды мұраны қорғау мәселелерін енгізу қаралады. Сонымен қатар жоба жергілікті билік органдарының мәдени қауымдастық, университет, жергілікті мұражайлар мен кітапханалар және басқа да мәдени, білім беру және зерттеу мекемелерімен бірлесіп жұмыс істеу моделін пысықтауға мүмкіндік береді. Кейін мұндай модель материалдық емес мәдени мұраның белгілі элементтерін инвентаризациялау, Қазақстанның көшпелі және отырықшы мәдениетінің жаңа бірегей құбылыстарын анықтауға негіз болып, басқа аумақтық облыстарға енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Жоба барысында Ұлттық комиссия Қазақстандағы жанды мұраны қорғау үшін тұрақты негіз құруға және материалдық емес мәдени мұраның анықталған элементтерін ұлттық тізбеге біріктіруді жоспарлауда. Сонымен қатар бес пилоттық облыстағы әлеуетті арттыру семинарлары мен түгендеу шаралары қауымдастыққа, ҚР МАМ сарапшылары мен лауазымды тұлғаларына және облыс әкімдіктеріне жоба аяқталғаннан кейін өңірдегі жанды мұраны қорғауды жалғастыруға қажет әдістемелік құралдар мен дағдыларды ұсынуға бағытталған.

III. ЮНЕСКО-НЫҢ РЕПРЕЗЕНТАТИВТІК ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРА ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ МӘРТЕБЕСІ

Конвенцияны іске асыру жөніндегі мерзімді есепке қойылатын талаптар (2003) бұрын Дүниежүзілік тізімдерге енгізілген элементтердің статусын келесі жеті көрсеткіш бойынша сипаттайды:

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Қазір элементтің қауымдастық ішіндегі әлеуметтік және мәдени қызметі мен мағынасын, оған тасымалдаушы мен практиктер берген сипаттаманы және элементке қатысты ерекше міндеттері бар адамдардың нақты рөлін немесе санаттарын түсіндіріңіз. Элементтің өзгеруіне назар аударыңыз.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерін бағалау

Элемент өміршеңдігінің қазіргі деңгейі мен тұрақтылығын, соның ішінде оның

тәжірибесінің таралуын, дәстүрлі беру әдістерінің тұрақтылығын, тасымалдаушы, практик және көрермендердің демографиялық сипаттамаларын баяндаңыз.

Элементтің одан ары берілуіне төнетін қауіпті және осындай қауіп болған жағдайда оның қиындығы мен күтілетін қатерді анықтаңыз.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Элементті қосу материалдық емес мәдени мұраның көрнекілігіне және оның жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыруға қалай ықпал еткенін сипаттаңыз. Оның қосылуы мәдени әртүрлілік пен адам шығармашылығын ілгерілетуге, сондай-ақ қауымдастық, топ пен жеке адамдар арасындағы өзара сыйластыққа қалай ықпал еткенін түсіндіріңіз.

С.4. Элементті қолдау және дамытуға бағытталған әрекеттер

Осы элементті көтермелеу және нығайту үшін қабылданған шараларды сипаттаңыз, оны енгізудің қажетті салдары ретінде ұсынылған әрекеттерге мысалдар келтіріңіз.

С.5. Жергілікті қауымдастықтың қатысуы

Қауымдастық, топ және жеке тұлғалардың, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың элементті қорғауға қатысуын және оларды қорғауға деген бейілділігін растайтын мысалдарды сипаттаңыз.

С.6. Институционалдық контекст

Репрезентативтік тізімге енгізілген элементтің институционалдық контексі туралы хабарлаңыз, соның ішінде:

- оны басқару және/немесе қорғаумен айналысатын уәкілетті орган (органдар);
- элементке және оны қорғауға қатысты қауымдастық немесе топ ұйымы (ұйымдары).

С.7. Осы элемент бойынша мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтың қатысуы

Қауымдастық, топ және жеке тұлғалардың, сондай-ақ тиісті үкіметтік емес ұйымдардың оған барынша кең қатысуын қамтамасыз ету үшін осы баяндаманы дайындау процесінде қабылданған шараларды сипаттаңыз.

МЕММ элементінің болуы, қызметі мен мәртебесі және қауымдастықтың өзін онымен сәйкестендіру себептері туралы ақпаратты тек дәстүрді жеткізуші мен практикалық білдірушілердің мүдделі қауымдастығымен диалог арқылы алуға болады. Егер қауымдастық мұнымен келіссе, ол қандай аспектілермен бөліскісі келетінін немесе бөліскісі келмейтінін және ұқсас ақпаратты қалай ұсыну керектігін шеше алады. Бұл келісімді білдіру процесі тізімді құрудың ажырамас бөлігі және негізінен қауымдастықта жүреді, сондықтан ол қауымдастықтың белсенді қатысуын талап етеді. МЕММ-нің тиісті элементін қорғау туралы диалог құрғанда алғашқы қадам ретінде тізімге қажетті ақпаратты алу және ұсыну процесі бірінші кезекте тұруы және негізінен мүдделі қауымдастықты қамтуы қажет. Расымен де, мәдени сезімтал ақпаратты сыртта орынсыз пайдалану мен пайдаланудан қорғау және қорғау негіздерін құру дәстүрлі қамқоршыларға өзінің материалдық емес мәдени мұралары туралы ақпаратты қалай ұсыну керек, оған қолжетімділікті қалай ұйымдастыру керек және оны қалай пайдалануға болатындығы туралы өз пікірін білдіруге мүмкіндік беруден басталады.

ДОМБЫРАДА КҮЙ ТАРТУ ӨНЕРІ (2014)

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Қазақ домбыра күйі – төкпе (Батыс, Оңтүстік-Батыс Қазақстан) немесе шертпе (Шығыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық Қазақстан) қысқаша (2-ден 6 минутқа дейінгі) орындалатын аспаптық туынды. Бұл дәстүрдің айырмашылығы этнос қалыптасуының тарихи-генетикалық процестерімен байланысты болуы мүмкін. Қазақ күйінің түрі – көшпенділердің дүниетанымы мен философиясының үлгісі, сондықтан ерекше сокралды дыбыстық құрылым ретіндегі статусқа ие. 18 ғасырдың аяғынан бастап күйлердің төкпе күй дәстүрінде де, 19 ғасырдан бастап шертпе дәстүрінде де

күйшілердің қосқан үлесін жекелендіру күшейе түседі, бұл авторлық жеке стильдердің пайда болуына әкеледі. Домбыра күйінің классикалық музыкалық өнері дүниеге келген бұл үдеріс Құрманғазы, Дәулеткерей, Байжігіт, Қазанғап, Тәттімбет, Тоқ, Есбай, Есір, XX ғасырда Дина, Сүгір, Төлеген Момбековтің жаyһар туындыларымен ерекшеленді. Бұл Қазақстанда болып жатқан қоғамдық-тарихи өзгерістермен байланыста болғаны сөзсіз.

XX ғасырдың басына дейін қазақ домбыра күйінің әлеуметтік және мәдени қызметі дәстүрлі мәдениетте өзінің маңыздылығымен ерекшеленді. Күй қоғам өмірінің түбегейлі өзгерген әлеуметтік және мәдени жағдайларына қарамастан, қазіргі уақытта этнос үшін өзінің маңыздылығын сақтап қалды. Күй – қазақтардың руханилығы мен этникалық өзін-өзі сәйкестендіруінің «түйіні», оны көрсетуді шарықтау шегі, мәдениетке терең енген құбылыс. Қазақтардың күй жанры басқа түркі этностарының музыкалық дәстүрлерінен өзгеше болатынын атап өткен жөн. Күй жанрының қалыптасуы, тарихқа дейінгі, яғни түркі халықтарының тарихымен емес, қазақтардың тарихымен байланысты деп болжауға болады, бұл музыкаға байланысты этникалық өзін-өзі сәйкестендіру идеясын растайды.

Күй қашанда халықтың ақыл-ой әлемінің идеялық-дүниетанымдық құрылымын көрсетуге арналған. Күйдің әрбір орындалуы халықтың өзі үшін және әлем үшін маңыздылығын растайды. Шын мәнінде, күйдің рухани маңыздылығы дәстүрлі музыканың сокралдылығымен анықталады. Күй, әрине, көрінетін және көрінбейтін әлемнің байланысы, ата-бабалардың қазір өмір сүріп жатқан және жаңадан өмірге келетін ұрпақтармен байланыс құралы болатыны даусыз.

Қазақ домбыра күйі өнері – қазақ дәстүрлі музыкасының негізі, халықты сәйкестендіретін мәдениеттің негізгі элементі. Өткен ғасырдың атақты ақыны Қадыр Мырзалиевтің: «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп кездейсоқ айтқан емес. Бұрын белгілі неміс этномузыка танушысы Фриц Бозе дыбыстың этникалық идеалы (этникалық дыбыстық идеал) тұжырымдамасын енгізген болатын, артикуляция мен тембр, халық аспабының ерекше қоңыраулары, аспаптың бүкіл дыбыстық келбеті айрықша белгілерге ғана емес, сонымен бірге орасан зор мәдени құндылыққа айналады.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерін бағалау

Күй және күйші XXI ғасырда белгілі бір орындаушылық дәстүрдің өзіндік кеңістігіне сәйкес жаңа әлеуметтік шындықта өмір сүруде. Жалпы, қазақ күйінің қазіргі жағдайы өміршең әрі тұрақты. Оның үздіксіз табысталуына төнетін қауіптер жоқ. Күй аймақтық фестивальдер мен мәдени іс-шаралардың ажырамас бөлігі, мұнда тасымалдаушы мен тәжірибешілер дәстүрлі дағды мен орындаудың берілуін қамтамасыз етуге идеялармен алмасып, мүмкіндіктерді талқылау үшін кездесуі мүмкін.

2018 жылы Қазақстанда шілденің бірінші жексенбісі күйдің әлеуметтік және мәдени құндылығының тізбегін бекемдеп, сол арқылы домбыра күйінің әлеуметтік орны мен мәдени дәстүрін нығайта отырып, домбыра күні болып жарияланды. Сонымен қатар дәстүрлі домбыра күйінің жанды дыбысталуының өміршеңдігі оның тасымалдаушылары (жасына байланысты) және студенттер санының азаюына байланысты екені алаңдатады. Күйін аймаққа байланысты орындау тәсілінің өміршеңдігі (заманауи материалдарды қолдана отырып, нота мен домбыраны қолдана отырып) өте жоғары.

Бірақ әлеуметтік жағдайлардың әсерінен этносты айқындайтын құрал ретінде домбыра мен күй идеясы біртіндеп, әсіресе аймақтық дәстүрлерге байланысты өткенге айналатынын мойындауымыз керек. Дәстүрлі мәдениетте күй – күйші – тыңдаушылар (қауымдастық) – бір-біріне тәуелді динамикалық жүйе. Егер тыңдаушы болмаса, домбыра мен күйдің өмірі сүруі қиынға соғады. Күйді түсіну күйді орындаудың ауызша дәстүріне байланысты, домбыра күйі өнерінің заманауи музыкалық оқыту жүйесіне ауысуы оның табиғатына әрдайым жағымды әсер ете бермейді.

Ең алдымен айырмашылықтары, күйді ассимиляциялау және табыстау жүйесі бұзылғандығынан байқалады. Аспапшыларды оқытудың музыкалық жүйесінде ноталарды зерттеуге баса назар аударылады, бұл ауызша дәстүр музыканттары

үшін есту арқылы тасымалдауды тоқтатуды және осылайша күйді орындау тәсілін өзгертуді, оның дыбыстар «мәтінін» жеңілдетуді және «күшейтуді» білдіреді, өйткені ноталарда барлық дыбыстық байлықты жеткізу мүмкін емес (әртүрлі штрих-техникамен шартталған обертон, ырғақты/метрикалық). Күй дыбыстарының бұрмалануымен бірге оның мазмұны сөзсіз өзгереді, мағынасын қабылдау жиі өзгереді. Нотада жазу мүмкін емес нәрсе біртіндеп жойылады, күй мағынасының маңызды реңктерін өзімен бірге ала кетеді. Ноталардағы жазба арқылы бұл тұжырымдаманы, осы ерекше дыбыстық затты жеткізу мүмкін емес, бірақ ол жанды орындау арқылы керемет түрде беріледі. Сондықтан ауызша дәстүрлерді игеру кезінде аудио және бейне жазбаларды пайдалану өте маңызды (дәстүрдің тірі тасымалдаушылары болмаған жағдайда).

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Қазақ домбыра күйінің ЮНЕСКО Репрезентативтік тізіміне енгізілуі оның тағдырына оң әсер етті: ол дәстүрлі (халықтық) өнер мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынас парадигмасын өзгертті. Күйлерді Репрезентативтік тізімге енгізу осы көрнекті өнерді заманауи мәдениетке қайтаруға мүмкіндік берді, бұл өте маңызды. Мәдени әртүрлілік пен шығармашылық қолайлы ортада көрініс табады. Қауымдастық, топ және жеке адамдар арасындағы өзара құрмет дәстүрлі мәдени құндылықтарға негізделген. Дәстүрлі күй статусын насихаттау жұмысы әлі де күш-жігерді қажет етеді, бірақ оны әлемдік тізімге енгізу қажетті жұмыстардың бағыттарын көрсетті:

Жергілікті деңгейде:

- Орта мектептерге білім беру бағдарламасын енгізуді қоса алғанда, домбыра күйінің дәстүрлі мәдени элементтерін қорғау және дамыту;
- Жергілікті бірегейлікті нығайту, тұрақты орындаушылық мектептерін дамыту;
- Фестиваль іс-шаралары арқылы қоғамның ұйымдасуы.

Ұлттық деңгейде:

- Ұлттық мақтаныш, элемент ұлттық мәдениет үшін өзінің маңыздылығын көрсетеді;
- БАҚ және насихат: бейнефильм, қысқа деректі фильм және МЕММ тасымалдаушы және тәжірибешілермен сұхбаттарды трансляциялау;
- Белгілі тасымалдаушының домбыра күйін жанды орындаумен сапалы мұрағаттар қалдыру.

Күйді халықаралық деңгейде мойындағаннан кейін оны Репрезентативтік тізімге енгізудің арқасында Қазақстанда күйшілер одағы құрылды. Кейін Күйшілер одағының бөлімшелері барлық облыста ашылды. Қазіргі уақытта Қазақстанда одақтың 12 филиалы тіркелген, олардың екеуі (Қарағанды және Павлодар филиалдары) 2024 жылы тіркелген.

С.4. Элементті қолдау және дамытуға бағытталған шаралар

Шын мәнінде, домбыра күйінің аймақтық формаларының өміршеңдігіне күмән жоқ. Ол концерт пен мерекелік фестивальдер арқылы дамиды. Қызылордада (1989 жылдан бастап) тұрақты түрде көп жылдан бері түркі халықтарының дәстүрлі музыкасының Халықаралық фестивальдері өткізіліп келеді. Кейінірек, 2006 жылы ол жыл сайынғы «Қорқыт және Ұлы дала сазы» фестиваліне айналды[54] және TÜRKSOY халықаралық ұйымымен бірлесіп өткізіледі. 2019 жылғы халықаралық музыкалық форумға Түркия, Сербия, Грузия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан, Башқұртстан, Саха Республикасы (Ресей Федерациясы) және Қазақстанның барлық өңірінен келген фольклортанушы, өнертанушы, музыкатанушы, филолог, шебер-музыканттар қатысып, фестивальге үлкен қызығушылық танытты. Қазақстанда жарияланған Жастар жылы аясында алғаш рет түркітілдес елдердің

[54]Ли Юрий. (2019, 1 қазан). Қорқыт және Ұлы дала әуендері. Казахстанская правда. https://kazpravda.kz/n/korkyt–i–melodii–velikoy–stepi–8s/

жас музыканттары шақырылды. Қызылорда қаласындағы Достық Үйінің алаңында түрлі-түсті ұлттық костюмдер киген және театрландырылған қойылымы бар қатысушылардың әсерлі шеруімен музыкалық мерекенің салтанатты ашылуы өтті.

Жалпы алғанда, күйдің шығармашылық жағы жаңа әлеуметтік жағдайларда өзін бірнеше түрде/формада көрсетті:

- біздің заманымызға дейін жеткен байырғы дәстүр. Бұл әкімшілік бақылау мен көмекті қажет етпейтін ауызша-кәсіптік (яғни, мамандандырылған, мұғалім-оқушы жүйесін қолданатын) дәстүр;
- күй дәстүрі күйшінің балалары/ұрпақтары арқылы жалғасуы мүмкін;
- мәдениетті дамыту шеңберінде күй дәстүрін өзгерту/түрлендіру. Бұл негізінен халықтық аспаптарда оркестрлік орындау практикасына көшу және ноталық жазуға көшіп, еуропалық музыкалық білім беру жүйесін құру саласында жүзеге асады.

Қаратау шетпе күй дәстүрінің жарқын өкілдерінің бірі, Әлімхан Жүзбаевтың отбасы күй өнері мен дағдыларын атадан-балаға мұра етіп берудің мысалы бола алады. Оның ұлы Жанғали Жүзбай – домбырашы, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры (Астана). Оның тағы бір ұлы Сәрсенғали Жүзбай Шалқар радиосында жұмыс істейді. Ол қобызшы, радиобағдарламалар жүргізетін журналист, домбырада ойнайды. Жылдар бойы Жезқазғанда (музыка колледжі) жұмыс істеген Жанғали Жүзбаевтың мәліметінше, Қаратау дәстүрінің жалғасы – Созақта (Қаратау дәстүрінің өзегі) тұратын Әлімхан мақсаттың немересі. Отбасылық дәстүрді жалғастырушылар қатарында белгілі күйші Генерал Асқаровтың жақын туыстары – Табиғаттың қызы және немересі Назерке Асқаровамен Созақта тұратын туыстары болды.

Бір кездегі Арқа шертпесінің орындаушылық дәстүрі – күйші Әбді, Сембек, Қыздарбек, Дайрабай, Мақаш, Аққыз – қазір әбден жұтаңдаған. Бүгінгі күнге жеткеннен: дарынды шәкірті Дәулетбек Сәдуақасов пен оның ұлы Қайрулла Сәдуақасовтың желісі, ол Сәтқозы Мұхтардың күйлерімен ғана айналыспаған. Арқын дәстүрін, әрине, Дәулетбектің немересі Жүсіп Сәдуақасов жалғастырды[55].

Халық аспаптар оркестрінің дирижері, домбырашы Еркін Нұрымбетов «жанды мұра» күйдің дағдылары мен шеберлігін сақтау және тасымалдаудың үлгісі бола алады. Оның өзі Қызылорда өңірінен шыққан, Орал қаласында жұмыс істейді. Оның көмегімен 2023 жылғы қарашада Ермек Қазиев пен Едіге Нәбиевтің Батыс Қазақстан домбыра дәстүрінің ең көне өкілдері бейнежазбаға түсірілді. Бұл күйдің өміршең элементтерін анықтау және дамытумен жинақталған үлкен материалды жалпылау бойынша зерттеушілер үшін жаңа бағытты білдіреді.

С.5. Жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы

Күйді халықаралық деңгейде мойындап, Репрезентативтік тізімге енгізгеннен кейін Қазақстанда күйшілер одағы құрылды. Бүгінде Қазақстанның 12 облысында осы одақтың бөлімшелері ашылды. Бұл қоғамдық ұйымдар күйдің МЕММ элементі ретінде дамуына ықпал етті, бірақ тұрақты қолдаудың болмауы олардың күш-жігерін шектейді. Ассоциация, топ, жекелеген шығармашылық тұлғалардың күйді сақтау мен дамытуға қатысуы Қазақ ұлттық мәдениетінің тағы бір маңызды элементі – Айтысты сақтауда маңызды рөл атқарады.

Музыкалық мектептер желісін дамыту, домбыра күй өнері бойынша мектеп үйірмесі мен клубтар құру, музыкалық конкурстар мен концерттер өткізуді жергілікті қоғамдастықтарды тарту мысалдары деп атап өтуге болады. Мұндай қоғамдық бірлестіктер жергілікті деңгейде қолдау ала алады.

Түрлі отбасылық және әлеуметтік іс-шараларда қазақтың дәстүрлі домбыра күйін орындау адамдар арасындағы өзара іс-қимылға және мерекелік концерт пен қойылымдарға бірлесіп қатысуға алып келеді. Бұл іс-шараларда әртүрлі жастағы, әртүрлі этникалық және конфессиялық сенімдегі адамдар музыка тыңдау, қойылымдар

[55]Шеллер Вера. (2018, 22 қазан). Домбыра үнімен. Saryarqatv.kz. https://saryarqatv.kz/ru/news/10378

көру, ұлттық тағамдардан дәм тату үшін жиналады. Домбыра күйлерін орындау қала тұрғындарын, жас ұрпақты және басқа этнос өкілдерін дәстүрлі музыка мен қазақ халқының жан дүниесінің сұлулығын қабылдау мен түсінуге шабыттандырады.

C.6. Институционалдық контекст

Көбінесе Шығармашылық/концерттік, жеке шетелде гастрольдік сапарлар мен үлкен концерттерді ұйымдастыру үшін құрылған бірлестіктер болмаса, элементті тарату жолында ұйымдастыру мен қорғаумен айналысатын арнайы уәкілетті орган жоқ. Күйді қорғаумен және сақтаумен оның адамдар мен тарих алдындағы мұра үшін жауапкершілікті сезінетін қоғамның бір бөлігі ғана айналысады.

Күйдің институционалдық контекстегі жұмысының едәуір бөлігі ғылыми зерттеулермен байланысты (Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ ұлттық өнер институты (Астана), Т. Жүргенов атындағы өнер академиясы) республиканың жоғары оқу орындары жатқызылуы керек.

C.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

МЕММ ұлттық комитеті ҚР МАМ-мен бірлесіп материалдық емес мәдени мұраны қорғауға және ілгерілетуге тартылған топ пен қауымдастықтар үшін мерзімді есеп дайындау мәселесі бойынша 15 жұмыс семинарын ұйымдастырды және өткізді. Бұл семинарларды 2023 жылғы сәуір-мамыр айларында және 2024 жылғы қазан-қараша айларында ұлттық комитеттің сарапшылары мен фасилитаторлары өткізді. Конвенцияны (2003) талқылауға негізгі анықтамалары, мерзімді есептің құрылымы мен мазмұны және толтырылатын тақырыптық бағыттар туралы ақпарат енгізілді. Арнайы сауалнамалар әртүрлі медиа және тәжірибешілер топтарына арналған. Бейне және аудио материалдарды жүктеу үшін онлайн платформа құрылды.

Күйшілер одағы және оның облыстардағы бөлімшелерінде, сондай-ақ өнер университеттерінде домбыра күйінің мәртебесі, оның өміршеңдігі мен насихатталуы туралы сауалнама жүргізді. 20-ға жуық күйші зерттеуші, облыстық орындаушылардың сауалнамаларына қосымша ретінде сарапшыларға түсініктеме берді.

Осы баяндаманы дайындау процесіне жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы ең алдымен теледидар және әлеуметтік желілермен (Tik-Tok, Facebook, Instagram) байланысты. Желіде күйді насихаттаумен айналысатын, мұрағаттық жазба мен жаңа орындаушылық нұсқаларын көрсететін көптеген блогер мен музыкант пайда болды.

ҚАЗАҚТЫҢ КИІЗ ҮЙ ЖАСАУ ӨНЕРІ (2014)

C.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Киіз үй бұрынғы және қазіргі уақытта отбасы мен қонақжайлықтың символы болып қала береді, бұл оның ұлттық мерекелерде, салтанаттарда және туристік бизнес саласында қолданылуымен дәлелденеді. Киіз үйді көбінесе отбасы мерекелерінде (қыз ұзату, той) және басқа да шараларда орнатады. Киіз үйді көтеру көпшілік іс-шараларының – (Наурыз мерекесін, сабантойды атап өту), ат спорты жарыстарын және табиғаттағы ойындарды (салбурын, көкпар және басқа да) ұйымдастыру үшін міндетті шарт болып табылады, сондай-ақ Қазақстан тарихындағы белгілі тұлғалардың мерейтойларын ұйымдастыруда және көптеген басқа шараларда да қолданылады. Сонымен қатар, мұндай іс-шараларда киіз үйді құрастыру және ішкі тоқыма бұйымдарын жасау бойынша шеберлік сабақтары жиі ұйымдастырылады. Әдетте, Наурыздағы жалпыхалықтық мерекелерде әр ұйым немесе мекеме алаңға өз киіз үйін тігеді. Соңында, облыстың немесе ауданның үздік киіз үйіне конкурстар өткізіледі. Бұл фактіні әкімшілік бірліктер (әкімдіктер және басқа да билік органдары) тарапынан кең мағынада Қазақстанның өзін

бейнелейтін киіз үйді танымал етудің көрінісі деп атауға болады.

Киіз үй – «ғұндар» этно-ауылы (Алматы облысы), «Номад» этноорталығы (Алматы облысы), «Көгез» этно-ауылы (Маңғыстау облысы), этникалық саябақ (Түркістан қаласы), «Жайлау» этно-ауылы (Ақмола облысы), этно-ауыл (Шымкент қаласы) және тағы басқалар сияқты этнопарктердің құрылымындағы міндетті элемент. Бұл этнопарктерде туристер мен келушілер үшін түпнұсқаға ұқсайтын киіз үйлерде демалыс ұйымдастырылады, қолөнер саласындағы атақты шебер мен қолөнершілердің, сондай-ақ ұлттық тағам, дәстүрлі ойындар және т.б. бойынша шеберлік сабақтары көрсетіледі, бұл Қазақстанның мәдени мұрасын тұтастай дәріптеуге мүмкіндік береді.

Қазақтардың санасында киіз үй – бұл баспана ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымының материалдық көрінісі. Киіз үй тарихи түрде бүкіл әлем мен адам арасындағы байланыс іспеттес. Оның сындарлы элементтерінің бірі – шаңырақ – еліміздің киелі рәміздерінің бірі және Қазақстан Республикасының елтаңбасында қолданылады.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерін бағалау

Элементтің тұрақты дамуы мен ұзақ өмір сүруіне қауіп төндіретін басты себеп – дәстүрлі технологияларға сәйкес киіз үйді жасаудың еңбекті көп қажет етуі болып отыр. Қазіргі таңда киіз үйдің ағаш қаңқасын жасау қиын болғандықтан, оның орнына көбінесе металл пайдаланылады. Киіз үй жасаумен дәстүрлі әдіспен тек санаулы шеберлер ғана айналысады. Солардың бірі – Қарабай Құрбаев көмекшілерімен Түркістан облысында ағаштан киіз үй жасайтын цех ашты.

Осы есептің материалдарын дайындау барысында шеберлер қазіргі жағдайда киіз үйдің ағаш қаңқасын өңдеудің дәстүрлі технологияларының қолданылмайтынына алаңдаушылық білдірді. Дәстүрлі технологиялар бойынша киіз үй жасау процесін меңгерген шеберлердің аз ғана бөлігі қалды. Негізінен, бұл қандас шеберлер – Моңғолия, Қытай және Өзбекстаннан келген этникалық қазақтар, олардың жасы орта есеппен 60 жастан асады.

«Қазақ киіз үйін жасаудың дәстүрлі білімі мен дағдылары» элементін үздіксіз табыстауға төнетін қауіп – жас шеберлердің киіз үй мен оны дәстүрлі технологиялар бойынша безендіруге қызығушылығының төмен. Олар жеңілдетілген заманауи технологияларды жөн көреді, бұл болашақта элементті құрайтын көптеген дәстүрлі компоненттің жоғалуына әкелуі мүмкін.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

«Қазақ киіз үйін жасаудың дәстүрлі білімі мен дағдылары» элементін Репрезентативтік тізімге енгізу оның ұлттық бренд ретіндегі мәртебесін нығайтты. Барлық түркі халықтарының көктемгі мерекесі – Наурызға орай еліміздің барлық қаласы мен ауылының басты алаңдарында жыл сайын киіз үйлер орнатылады, шеберлік сабақтары мен түрлі іс-шара өткізіледі. Әдетте, әртүрлі ұйымнан Наурызға қойылған киіз үйлер «Үздік киіз үй» конкурсына қатысады, жеңімпаз ұйым бағалы сыйлықпен марапатталады.

Еліміздің әртүрлі аймағында киіз үй мен оны безендірудің дәстүрлі технологияларын сақтау мақсатында жобалар қолға алынды. Мысалы, 2019 жылы Маңғыстау облысында «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесі (ІӘК) бастамашы болған «Аңыз Тұлға» («Адам – аңыз») бағдарламасы іске қосылды. Жоба «Altyn oimaq» ұлттық дизайнерлер байқауымен бірлесіп жүзеге асырылып жатыр.

Жоба аясындағы басты мақсат – қазақ киіз үйін өндірудің барлық технологиясын сақтау. Жобаға қатысушылардың бірі «Алтын Алқа» атағының иегері Медина Ізбасарова болды, ол барлық ереже мен дәстүр бойынша киіз үйді безендіру өнерін сақтап қалған. Бүгінде оның қолымен жиналған киіз үй қазақ қолөнерінің бірегей туындысы және халық қазынасы ретінде ҚР Ұлттық музейінде (Астана) сақтаулы тұр.

С.4. Элементті қолдау және дамыту үшін жасалған шаралар

Қолөнершілердің түрлі фестивалі мен көрмесі өткізіледі, онда киіз үйдің ішкі безендірілуін (тоқу, киіз басу, кесте тігу, ағаш ыдыс-аяқ пен жиһаз жасау) жасау бойынша шеберлік сабақтары көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 860 Қаулысымен креативті индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді. Бұл құжатта креативті индустрияларды дамытудың негізгі бағыттары айқындалды. Қолөнерді дамытуға және елдің әртүрлі өңірінде орталық, бизнес-инкубаторлар ашуға ерекше мән беріледі.

Соңғы жылдары елдің әртүрлі қаласы мен ауданында қолөнершілер орталықтары ашыла бастады. Мысалы, 2021 жылы Ақтөбе қаласында (Ақтөбе облысы) «Alasha art» дәстүрлі өнер орталығы (жетекшісі шебер Б. Қапқызы) ашылды, 2022 жылы әкімдіктің қолдауымен Орал қаласында (Батыс Қазақстан облысы) қолөнершілер орталығы ашылды, 2023 жылы ҚР Ұлттық музейінде (Астана) қолөнершілер орталығы ашылды, 2023 жылдан бастап Түркістан қаласында (Түркістан облысы) сауда аймақтары, сондай-ақ шеберлік сабақтарын өткізуге арналған алаңдар қойылған қолөнершілер шеберханалары бар туристік кешен салынып жатыр. Онда ұлттық талғамға сай қолдан шыққан бұйымдар жасалатын ірі қолөнер шеберханасын ашу жоспарланып отыр. Нысанның жоспарланған ауданы 9 000 шаршы метрден асады.

Жалпы білім беретін мектептердегі тарих, өлкетану және еңбекке баулу сабақтарында киіз үй туралы білім мен мәліметтерді оқыту бағдарламаларына енгізу, сондай-ақ мақсатты оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу тағы бір оң мысал бола алады. Тарих және өлкетану сабақтарында оқушылар элемент туралы теориялық ақпарат алады, ал еңбекке баулу сабақтарында ағаш өңдеуде (ұлдар), дәстүрлі тоқыма бұйымдарын өңдеуде (қыздар) алғашқы практикалық дағдыларды игереді. 2022 жылы Солтүстік Қазақстан облысында 113 оқушының қатысуымен жүзеге асырылған «Киіз үй – жаһандану жағдайындағы қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің символы» жобасы сәтті мысалдардың бірі болды

С.5. Жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы

Қауымдастықтар арасындағы дәстүрлі киіз үй мен оның әшекейлерін қорғауға деген ұмтылысты ҚР Қолөнершілер одағы мен оның Қазақстан өңірлеріндегі филиалдарынан байқауға болады. ҚР Қолөнершілер одағының төрайымы – шеберлер және қолөнершілермен бірге элементті сақтауға көп күш жұмсаған этнодизайнер және киіз шебері А. А. Бекқұлова. Мысалы, Одақ киізден шеберлік сабақтарын өткізеді, сондай-ақ Смитсон институтымен (АҚШ) және Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайымен серіктестікте 2022 жылы шет елдердің киіз сарапшыларының қатысуымен «Киіз. Felt. Кеçе. Войлок.» халықаралық фестивалін ұйымдастырды.

Алматы қолөнер палатасы «Бақыт» сәндік-қолданбалы өнер орталығы» қоғамдық қорымен бірлесіп элементті сақтауға үлкен үлес қосып отыр, олар жылына кемінде екі рет Алматыда қолөнер бұйымдарының көрме-жәрмеңке ұйымдастырады. Qazaq – Oner қолөнершілер орталығы тұрақты түрде киіз басу бойынша бірнеше деңгейге бөлінген шеберлік сабақтарын (жаңадан бастаушы мен озық шеберлер үшін), сондай-ақ қазіргі шеберлер үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізеді.

Жеке тұлғалар арасында Астана оқушыларына киіз үй тігу және құрастыру бойынша шеберлік сабақтарын өткізетін этнограф Ақеділ Тойшанұлының қосқан үлесін атап өтуге болады[56], шебер әрі этнограф Бұлбұл Қапқызы киіз үйді дәстүрлі безендіру бойынша шеберлік сабақтарын өткізіп қана қоймай, 2024 жылы Атамұра баспасынан «Киіз үй» кітабын шығарды. Жалпы, «Ұлы дала фестивалі» сияқты мәдени фестивальдер мен көрмелер қазақ қолөнерін дәріптеуде шешуші рөл атқарады. Бұл іс-шаралар

[56]Informburo.kz. (2024, 17 наурыз). Астанада киіз үй тігудің шеберлік сыныбы өтті. https://informburo.kz/novosti/master–klass–po–posivu–yurt–proveli–v–astane

елдің түкпір-түкпірінен қолөнершілерді жинап, оларға өз жұмысын көрсетуге және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Осындай фестивальдер аясында қатысушылар дәстүрлі техниканы үйреніп, жаңа дағдыларды игере алатын шеберлік сыныптарын өткізеді.

Мемлекеттік гранттар мен субсидиялар қолөнершілерді қолдауда маңызды рөл атқарады. «Қолөнер шеберлері» бағдарламасы қолөнер кәсіпорындарын дамыту үшін қаржылық көмек пен қорлар ұсынады. Жеке компаниялар дәстүрлі өнерді насихаттауға бағытталған арнайы көрме мен конкурстар ұйымдастыру арқылы қолөнершілерді қолдауға қатысады.

С.6. Институционалдық контекст

Осы элементті қорғау және дамытумен ҚР МАМ уәкілетті органы айналысады. Бұл органның сәндік-қолданбалы өнер шеберлерін дайындайтын Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті секілді Қазақстанның барлық шығармашылық жоғары оқу орнына жетекшілік етуі элементті қолдауға мысал бола алады.

С.7. Осы элемент бойынша мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Жергілікті қоғамдастықтар 2022-2023 жылдар аралығында ҚР МАМ және Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының қолдауымен Қазақстан Республикасының МЕММ қорғау жөніндегі Ұлттық комитеті ұйымдастырған облыстық және өңірлік мәдениет мекемелерінде семинарларға қатысады. Мәселен, семинарлар Қызылорда, Алматы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Қарағанды, Ұлытау облыстарында өтті. Осы семинарлар аясында баяндаманың мақсаты мен ерекшеліктері түсіндіріліп, ҚР МЕММ қорғау жөніндегі ұлттық комитетінің мамандары арнайы сауалнамалар әзірлеп, оларды жергілікті мәдениет басқармаларының мамандары тасымалдаушылар, аталған жағдайда қолөнер шеберлерінің көмегімен толтырды.

АЙТЫС ӨНЕРІ (2015)

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Айтыс – екі ақын арасындағы сайыс, қазақ халқының ауызша-кәсіби, музыкалық-ән импровизациясының түрі, онда қарсыластар бір-біріне қарсы отырады және кезекпен сөз бере отырып, ән диалог-пікірталас ретінде жүргізіледі. Айтысты домбыра және қобыз аспаптарымен сүйемелдейді. XIX ғасырда айтыстың ауқымы кеңейіп, айтыстың дәстүрлі түрлері, оның ішінде қыз бен жігіт формалары тез дамыды. Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Мұрат, Сүгір, Бала Омар, Біржан сияқты әйгілі ақындар халық арасында танымал болды.

XIX ғасырда айтыс сайыстарына айтыскер ақын қыздар да қатысқан. М. Әуезов «айтыс» сөзінің «дау», «жарыс» сияқты кең ауқымды мағыналарды білдіретінін атап өткен[57].

Жаһандану мен Қазақстанның ірі қалаларында мәдениеттің шоғырлануы айтысқа әсер етті. Қазіргі уақытта айтыскерлер концерттік алаңдарда бір-біріне емес, көпшілікке қарай сөйлеп, өткір әлеуметтік және қоғамдық мәселелерге емес, әлеуметтік желілерде көтерілген резонансты тақырыптарға назар аударады. Айтыс белгілі бір қауымдастықтар ішінде, соның ішінде елдің шеткері аймақтарында да сақталып келеді.

Импровизатор-ақындардың қазіргі заманғы өнері ғалым мен этномузыка

[57]Әуезов, М. (1997). Әдебиет туралы. Алматы: Санат.

танушылар белсенді зерттеп жүрген Қазақстанның мәдени мұрасының маңызды бөлігіне айналды. Ақындардың дәстүрлері ауылдық ортада терең тамыр жайған және қазіргі заманғы ақындардың көпшілігі ауылдық жерлерден шыққандығы, Қазақстанның шет аймақтарының шығармашылық жолды қалыптастырудағы маңызды рөлін көрсетеді. Қазіргі ақындардың көпшілігі педагогтар немесе мәдениет саласының қайраткерлері, олар айтыс өнерін кеңінен насихаттауға маңызды үлес қосуда.

Айтыскерлер қазіргі айтысты «көстрөлдегі гүлге» теңейді, әдетте үш-төрт кезеңнен тұратын айтыста, ақын халыққа сәлем беріп, айтыс өтетін жерді атап өтіп, берілген тақырыпты дамытып, белгілі бір уақыт ішінде қарсыласына жауап қайтарып үлгеру қажет[58]. Айтыс ұйымдастырушысы Жүрсін Ерман айтыскерлер одағының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерді құрметтейтінін, бірақ айтыстар қазір теледидардан көрсетілетіндіктен жаңа өзгерістерден айналып өтуге болмайтынын айтады.

С.2. Оның өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерін бағалау

Қазақстан, Қырғызстан, сондай-ақ шетелдегі қазақ диаспораларында кең таралған айтыстың қазіргі жағдайы оның өміршеңдігіне күмән келтірмейді. Дегенмен, элемент тәжірибесінің одан ары таралуы бірқатар факторға байланысты.

Нағыз айтыскер өз сөзі мен импровизациясының тыңдаушыларға қаншалықты маңызды әрі қажетті екенін сезіне білуі керек. Айтыстың дамуының негізі – айтыскерлердің интеллектуалдық деңгейі, ол әрқашан терең көзқарас және еркіндікке деген сүйіспеншілігімен ерекшеленді. Бұл резонанстық импровизацияның бір түрі ретінде өтіп жатқан айтыс үшін маңызды болды. Егер бұрын айтыскердің есте сақтау қабілеті керемет болса және әйгілі импровизатор ақындардың немесе жыраудың сөздерінен метафора-салыстыруларды жиі қолданатын болса, қазіргі уақытта бұл тәжірибе мүлдем қолданылмайды. Айтыскерлердің барлық сөзі әзіл-қалжың арқылы ойлау мен тәрбиелеуде бағытталған. Бұрын айтыскерлер үшін жағымды дауыс пен әуенге үйлесімді музыкалық әрлеудің болуы маңызды еді. Ал қазір айтыскерлер бірнеше тақырыппен ғана шектеліп, орындау кезінде сол шеңберден шыға алмайды. Оған қоса, айтыстың теледидар мен әлеуметтік желілерде көрсетілуі ақындардың ойын еркін жеткізуіне кедергі келтіріп, кейде өз пікірін ашық айтуға мүмкіндік бермейді.

Айтыстың одан әрі дамуына қауіп төндіретін фактор – оның дәстүрлі әлеуметтік өнер ретінде өз маңызын жоғалтып, тыңдаушылар үшін тек мерекелік шараға айналуы. Айтыстың толыққанды өтуі үшін әрдайым арнайы алаң мен тыңдармандар қажет. Себебі айтыскердің басты міндеті – өз ойын терең ойланып, оны көпшілікке жеткізу. Сондай-ақ айтыскер сөзі қоғамның әртүрлі топтарының мүдделерін қозғап, өткірлігімен және импровизациясымен ерекшеленеді.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Айтыс ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілген элементтің әртүрлі халық арасында (Моңғолия, Қырғызстан, Башқұртстан) МЕММ элементінің бірігуінің айқын мысалы болды.

Өз шеңберін кеңейтуге мүмкіндік алған Айтыс МЕММ-ның танымал элементтерінің біріне айналды. Айтыстың мемлекеттік және өңірлік теледидардан көрсетілуі, халықтың әрдайым хабардар болуына мүмкіндік береді. Жастар арасында айтысқа қатысты ақпарат көбіне әлеуметтік желілер арқылы таралады.

Айтысты Репрезентативтік тізімге енгізудегі басты мақсат – болашақ ұрпақ үшін поэтикалық-музыкалық импровизацияның әсемдігін сақтап қалу. Айтыс ақындар үшін

---

[58]Данилин, Н., & Тұрғынбай, Д. (2020, 3 желтоқсан). Қазақтың жүрегі мен жаны. Ақындар айтысы – халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған талпыныс. Медиазона Орталық Азия. https://mediazona.ca/article/2020/12/03/dusha

негізгі жанр болып қалыптасқан және қазақтың поэтикалық әрі музыкалық дәстүрін қолдауда маңызды рөл атқарады. Айтыскер қолданатын әуезді сүйемелдеу поэтикалық мазмұнды тереңірек жеткізіп, көермендерге ерекше әсер етеді. Бұл әуендерді ақын өзі ойлап табуы мүмкін немесе олар халық әндерінен алынуы мүмкін. Әртүрлі жанрлардың осындай өзара ықпалдастығы дәстүрлердің дамып жатқанын көрсетеді. Ақындар өнері қазіргі заманның қиындықтарына қарамастан өз құндылығын сақтап, Қазақстан мәдениетінің дамуына айтарлықтай үлес қосуда.

Жергілікті деңгейде қажет:

- Дәстүрлі мәдени элементтерді қорғау және дамыту; орта мектептерге білім беру бағдарламасына енгізу;
- Жергілікті бірегейлікті нығайту;
- Фестиваль іс-шаралары арқылы әлеуметті біріктіру.

Ұлттық деңгейде:

- Ұлт мақтанышы: элемент ұлттық мәдениет үшін өзінің ерекше маңыздылығын көрсетеді;
- БАҚ пен насихат: бейнефильм, қысқа деректі фильмдерді, сондай-ақ МЕММ тасымалдаушысы және тәжірибешілерімен сұхбаттарды трансляциялау.

Халықаралық деңгейде:

- Мәдени дипломатия;
- ЮНЕСКО-ның қазақ мәдени мұрасын тануы;
- Мәдениетаралық алмасулар (сайыс пен семинарлар);
- Қауымдастық, топ және жеке адамдар арасындағы өзара құрмет.

C.4. Элементті қолдау және дамыту үшін жасалған шаралар

Айтыс ақындардың негізгі жанры болып қала отырып, қазақ поэзиясы мен музыкалық дәстүрін сақтауда маңызды рөл атқарып келеді. Зерттеу сонымен қатар айтыстармен бірге жүретін музыкалық әуендердің поэтикалық мазмұнды білдіру және тыңдаушыларға эмоционалды әсер ету үшін үлкен маңызы бар екенін анықтайды. Бұл әндер, жеке ақындардың өздері құрастырған немесе басқа орындаушылардан, немесе халық әндерінен алынған болуы мүмкін. Әртүрлі музыкалық жанр арасында белсенді өзара әрекеттесу бар, бұл дәстүрлердің жанды дамуын көрсетеді. Ақындар өнері қазіргі заманғы сын-тегеуріндерге қарамастан өзектілігін сақтайды және Қазақстанның мәдени дамуына елеулі ықпал етуді жалғастырады.

Мәдениет саласындағы саясат, құқықтық және әкімшілік шаралар МЕММ элементі ретінде айтыстың алуан түрлілігін және оларды іс жүзінде жүзеге асыруды толық көрсетеді. Айтысты қоғам барлық жерде қолдайды және ежелгі заманнан бері дәстүр бойынша ауызша білім беруді қамтамасыз етеді.

2019 жылғы 18 қыркүйекте Қарағанды қаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Ұлы ақын және жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған халықаралық айтыс өтті. 3 елден 18 айтыскер қатысты: Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан[59]. 2021 жылғы 21 қазанда Ақмола облысында Республика күніне және Ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат Абылай ханның 310 жылдығына арналған «Азат рухтың Абылай ханы» атты республикалық ақындар айтысы өтті. 2021 жылы Петропавлда Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік бабалары аманаты» халықаралық айтысы өтті, оған Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай және Қазақстанның басқа өңірлерінен 16 ақын қатысты. 2021 жылдың желтоқсан айында «Атамекен» өнер сарайында мемлекеттің тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Бөкей хандығының 220 жылдық мерейтойына орай «Тәуелсіздік толғауы» атты халықаралық ақындар айтысы өтті. Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан өңірлерінің ақындары шешендік пен тапқырлығын сынға салды.

---

[59]Асенова, Б. (2019, 18 қыркүйек). Қарағандыда халықаралық айтыс басталды. NewTimes.kz. https://newtimes.kz/regiony/97210-v-karagande-startoval-mezhdunarodnyj-ajtys

С.5. Жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы

Бұл элемент халық арасында кең танымал әрі «халықтықтың трибунасы» деп қабылданады. Элемент – жергілікті мерекелерден бастап ұлттық іс-шараларға дейін әртүрлі форматта қолданылады. Қауымдастық, топ, жеке тұлғалардың және ҮЕҰ-ның айтысты қорғауға және дамытуға қатысуы қазақ мәдени мұрасының осы маңызды элементін сақтау мен насихаттауда шешуші рөл атқарады.

Қазақстанның 15 өңіріндегі айтыс және термеші, жыршы ақындардың халықаралық одағы мен оның бөлімшелері Қазақстан облыстарында айтыс өткізу жөніндегі іс-шараларды қолдайды. ҚР МАМ және жергілікті мемлекеттік органдар осы НҚН элементінің дамуына қолдау көрсететін негізгі құрылымдардың қатарында қалады. Бизнес-сектор да айтыстарды өткізуге қатыса алады. Айтысты өткізу мен дамытуға жұртшылық пен жергілікті қоғамдастықтардың кеңінен қатысуы қазақ музыкалық мұрасының осы элементінің өміршеңдігін арттырады.

С.6. Институционалдық контекст

Қазақстанда МЕММ барлық элементінің дамуын ҚР МАМ жалпы қадағалайды. МЕММ-нің осы элементін дамытуға және қорғауға жауапты қауымдастық жоқ. Айтыс және термеші-жыршы ақындардың халықаралық одағы және оның 15 өңірдегі бөлімшелері элементті қорғауға және қолдауға қатысады..

Айтыскерлердің жеке орындаушылар екеніне қарамастан, концерт пен қойылымға дайындалуға көмектесетін шағын тобы болуы мүмкін.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың

Бұл блок халықаралық айтыс және термеші-жыршы ақындар одағының, олардың Қазақстан өңірлеріндегі бөлімшелерінің және оның төрағасы Жүрсін Ерманның, сауалнамаға қатысуға және айтыстың статусын талқылауға келіскен одақ мүшелерінің кең қолдауының арқасында дайындалды. Құнды ақпарат белгілі айтыскер Еркебұлан Қайназар (Астана) және Маңғыстау облысының жетекші айтыскерлері – Фархад Мусаев, Мэлс Қосымбаев пен Арғын Қалбаев тарапынан берілді.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ (2016)

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Ұлттық күрестің қашан пайда болғаны туралы нақты деректер жоқ, бірақ жекпе-жектің бұл түрінің ғасырлық тарихы бар деп айтуға болады. Қазіргі қазақ күресі XVII немесе XVIII ғасырларда дала тұрғындары қатысқан жарыстарға ұқсамайды. Алайда күрестің көптеген ерекшелігі мен ережесі бүгінгі күнге дейін сақталған. Қазақтар көшпелі халық ретінде күресті ойын-сауық үшін ғана емес, жауынгерлерді даярлау әдісі ретінде де пайдаланды. XX ғасырдың басына дейін күрестің бұл түрінде балуандарды салмақ бойынша бөлу ережесі болған жоқ. Сондықтан балуандар «Кім мықты, сол жеңімпаз» қағидаты бойынша бақ сынады.

Бұрын балуандар белге дейін жалаңаш болып жекпе-жекке шығатын. Алайда XX ғасырдың басында палуандар арнайы күртелер киюді бастады. Өткен ғасырдың соңында профессор Елемес Әлімханов қазіргі қабылданған күрес киімінің үлгісін жасап шығарды. Ол бұл форманы «балуан торғауыт» деп атады[60].

---

[60]Әлімханов, Е. (1996). Спорттық киім үлгісін өзгерту арқылы азақша күресті ұлттық күрес түрі ретінде жетілдіру (Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты) Алматы.

Күрестің әлеуметтік қызметі:

- тәрбие және даму: Күрес арқылы жастар тәртіпке үйреніп, үлкендер мен қарсыластарды құрметтеуді меңгереді, сондай-ақ дене күшін және психологиялық тұрақтылықты дамытады;
- әлеуметтік бірлік: Қазақ күресінің элементі қоғамда әлеуметтік байланыстарды нығайтады. Күрес жарыстары мен фестивальдері адамдарды біріктіріп, ортақ бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді;
- гендерлік теңдік: тарихи тұрғыдан қазақ күресі негізінен ерлер спорты болғанымен, бүгінде оған әйелдер көбірек қатысады, бұл гендерлік теңдікті ілгерілетуге ықпал етеді. Мысалы, Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының екі дүркін чемпионы Зарина Сарипова, күрестен екі дүркін Азия чемпионы, 2021 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері Жәмила Бақбергенова, күрестен Азия чемпионатының қола жүлдегері (2016), Мадина Бақбергенова әйелдер күресінен Азия чемпионатының алтын медалі (2022).

Бұл элементтің мәдени қызметі:

- ұлт мақтанышы: ұлттық-күрес мақтаныш пен өзін-өзі танудың символы. Көрнекті балуандар жас ұрпақ үшін ұлттық батырларға айналып, үлгі-өнеге болады (мысалы, Қажымұқан Мұнайтпасов, Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыханов және т.б.);
- мерекелік және салттық элементтер: қазақ күресі Наурыз сияқты ұлттық мереке мен фестивальдер бағдарламасына жиі енгізіледі, бұл оның мәдени өмірдегі маңыздылығын көрсетеді;
- медицина және денсаулық: күрестің осы түрімен байланысты дәстүрлі дайындық пен қалпына келтіру әдістері медицина мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

С.2. Оның өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерін бағалау

Соңғы уақытта қазақ күресі ұлттық спорт түрі ретінде кеңінен танымал бола бастады. Көптеген жастар бұл жекпе-жек өнерінің техникасын меңгеруге қызығушылық танытуда. Қазақ күресі тек спорттық сайыс қана емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани және мәдени мұрасының маңызды бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының барлық өңірінде тұрақты негізде түрлі іс-шара өткізіледі:

- жарыстар мен фестивальдер: қазақ күресі ұлттық және халықаралық жарыстарда үнемі өткізіліп тұрады. Жарыстың жалпы саны жылына 200-ден асады. Республикалық чемпионат және халықаралық турнирлер сияқты сайыстар көптеген қатысушы мен көрерменді тартады. Еліміз бойынша қазақ күресімен белсенді айналысатын адамдардың жалпы саны 173 084 адамды құрайды;
- мектеп және университет бағдарламалары: қазақ күресін Қазақстанның мектептері мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізу оны жастар арасында танымал етеді;
- спорт клубтары мен секциялар: Қазақстанның көптеген қаласы мен ауылында спорт клубы мен секциялар жұмыс істейді, онда жастар күреспен айналыса алады. Өңірлердің БмЖСМ-де қазақ күресі бағыты бойынша 4 451 бөлімше бар. Оның 3 099-ы ауылдық жерлерде орналасқан;
- бұл элементтің өміршеңдігіне қауіп жоқ, бірақ оған белгілі бір деңгейде назар аудару қажет. Әсіресе, этноспортты дамыту мәселелеріне және қазақ күресін мәдени мұра ретінде сақтауға қатысты кейбір тәуекелдерді ескеру маңызды:
- қазақ күресі қауымдастығы бұл күрес түрін Олимпиадалық спорт түрлерінің тізіміне енгізу бойынша жұмыс жүргізуді жоспарлап отыр, бұл өз кезегінде оны мәдени мұра ретінде ерекшелігін жоғалту қаупіне әкелуі мүмкін;
- мәдени мұра тасымалдаушылардың эмиграциясы және жойылуы;

- басқа олимпиадалық спорт түрлеріне спорттық эмиграция тәжірибешілер санының азаюына және қазақ күресі ерекшелігінің жоғалуына әкелуі мүмкін.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Қазақ күресін Қазақстанның мәдени және спорттық өміріне енгізу және оны халықаралық аренада ілгерілету материалдық емес мәдени мұраның өзектілігіне және оның әртүрлі деңгейдегі маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыруға айтарлықтай ықпал етті:

Жергілікті деңгей:

- қазақ күресін мектеп бағдарламалары мен мәдени іс-шараларға қосу дәстүрлерді жас ұрпаққа дәстүрлерді сақтауға және тасымалдауға ықпал етеді;
- қазақ күресі тәжірибесі жергілікті бірегейлікті және өзінің мәдени мұрасы үшін мақтаныш сезімін нығайтуға көмектеседі;
- күрестің осы түрін қамтитын жергілікті жарыстар мен фестивальдер түрлі жастағы және әлеуметтік топтағы адамдарды біріктіріп, олардың арасындағы әлеуметтік байланыстар мен қоғамдағы келісімді нығайтуға ықпал етеді.

Ұлттық деңгей:

- қазақ күресінің Ұлттық мерекелер мен ірі спорттық іс-шаралар бағдарламасына қосылуы оның ұлттық мәдениет үшін маңыздылығын көрсетеді және ұлттық мақтанштың өсуіне ықпал етеді;
- жарыстың ұлттық телеарналар мен әлеуметтік желілерде көрсетілуі оның көзге түсуін арттырады және кең аудиторияның назарын аударады;
- мемлекеттік деңгейде тану, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра объектілерінің тізіміне енгізу оның сақталуы мен дамуына ықпал етеді;
- мәдени әртүрлілік пен адам шығармашылығын насихаттау;
- қазақ күресі дәстүрлі костюм, салт-дәстүр мен музыка сияқты қазақ мәдениетінің бірегей элементтерін көрсетеді, бұл мәдени әртүрлілікті тануға және құрметтеуге ықпал етеді;
- қазақ күресі техникасын дамыту және жетілдіру дәстүрлі мәнмәтінде адам шығармашылығы мен инновацияларды ынталандырады;
- қазақ күресі бойынша жарыстарға басқа елдердің балуандары мен командаларының қатысуы мәдени алмасуға және өзара үйренуге ықпал етеді.
- қауымдастық, топ және жеке адамдар арасындағы өзара құрмет;
- қазақ күресінің түрлі мәдени және спорттық іс-шараларға қосылуы оны инклюзивтілік пен теңдікке ықпал ете отырып, халықтың әртүрлі тобына, соның ішінде әйелдер мен жастарға қолжетімді;
- әртүрлі мәдени ортадан келген көрермен мен қатысушылар күрестің осы түрімен танысып, Қазақстанның мәдени дәстүрлерін құрметтеп. бағалай бастайды;
- қазақ күресін қамтитын халықаралық жарыстар мен фестивальдер өзара сыйластық пен түсіністікке ықпал ете отырып, мәдениетаралық диалог пен ынтымақтастық үшін платформа құрады.

С.4. Элементті қолдау мен дамыту үшін жасалған шаралар

Ұлттық жекпе-жек түрі қазақ күресін көтермелеу және нығайту шаралары:

- қазақ күресі бойынша мамандандырылған спорт клубтары мен секциялары ашылып, жастар тәжірибелі жаттықтырушылардың жетекшілігімен осы спорт түрімен айналыса бастады. Бұл жастар арасындағы күрестің танымалдылығының артуына ықпал етті;
- ұлттық және халықаралық деңгейлерде қазақ күресі бойынша турнирлер мен чемпионаттар ұдайы өткізіле бастады. Маңызды оқиғалардың бірі – жыл

сайынғы Қазақстан чемпионаты, оған қатысушылар мен көрермендердің қызығушылығы жоғары;
- оқу орындарында (мектептер мен жоғары оқу орындарында) қазақ күресінің факультативтік сабақтары мен секциялары енгізілді, бұл дәстүрлі күрес туралы білімді таратуға, оған өскелең ұрпақты тартуға септігін тигізеді;
- МЕММ-ның бұл элементі теледидар, радио, интернет және түрлі мәдени іс-шаралар арқылы белсенді түрде насихатталып жатыр. Деректі фильмдер түсіру, бағдарламалар мен атақты палуандармен сұхбаттар осы спорт түріне деген қызығушылықты арттыруға септігін тигізеді.

Қазақ күресінің ірі кешенді ойындар мен мәдени фестивальдер бағдарламасына енуі қалың көрерменнің назарын дәстүрлі күреске және қазақ мәдениетінің басқа элементтеріне аударуға мүмкіндік берді. Бұл ұлттық бірегейлік пен мәдени мұраға деген мақтаныш сезімін нығайтуға ықпал етті. Қазақ күресінің ЮНЕСКО тізіміне енуі материалдық емес мәдени мұраны сақтау және танымал ету саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа мүмкіндіктер ашты. Қазақстан халықаралық форумдар мен алмасулардың қатысушысы болды, бұл оған тәжірибе алмасуға және басқа елдерден үйренуге мүмкіндік берді. Деректі фильмдер мен танымдық бейнероликтер жасалып, ел ішінде де, одан тыс жерлерде де таратылды. Бұл оқу-ағартушылық қызметке ықпал етіп, қазақ мәдениеті туралы хабардарлықты арттырады. Осы шаралардың барлығының нәтижесінде ұлттық күрес қазақ күресі мәдени мұраның маңызды элементі ретінде сақталып, дамуға жаңа серпін алып, танымал спорт түріне және Қазақстанның ұлттық болмысының елеулі бөлігіне айналды.

С.5. Жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы

Қазақстан мәдени мұрасының осы маңызды элементін сақтау мен дамытуда қазақ күресін қорғау мен насихаттауға қоғамдастық, топ, жеке тұлға және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы басты рөл атқарады. Қоғамның түрлі саласы мен ұйымының қатысу мысалдары олардың қазақ күресін одан ары қорғауға және кеңінен насихаттауға деген ұмтылысын көрсетеді. Соңғы жылдары жерлестердің ұлттық күреске деген қызығушылығы артып келеді.

Қазақстанның әртүрлі аймағында Қазақ күресі федерациясынан бөлек спорт клубтары мен секциялар жұмыс істейді, онда жаттықтырушылар мен қазақ күресіне әуесқойлар жастар мен ересектерге сабақ береді. Бұл клубтар көбінесе еріктілер басқарады және жергілікті қауымдастықтар тарапынан қолдау көрсетіледі, сондай-ақ күрестің жергілікті мәдениет үшін маңыздылығын көрсетеді. Дәстүрлі қазақ күресі жарыстары Қазақстанның ауылдары мен қалаларында мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге орайластырылған. Бұл іс-шаралар көптеген қатысушы мен көрерменнің назарын аударып, қоғамдастық байланыстарын нығайтуға және күресті танымал етуге көмектеседі.

Күрес бағдарламасына белгілі палуандар (Мұхит Тұрсынов, Айбек Нұғымаров, Ұлан Рысқұл, т.б.) және күрес ардагерлері (Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жәкіт Марат, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Диқанбай Биткөзов, профессор, ф.ғ.д., Серік Түкиев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы) спорттық іс-шаралар мен мәдени іс-шараларға белсенділік танытады. Олардың жеке шынығу үлгісі жастарды шабыттандырады. Зерттеуші мен тарихшылар кітап, мақала, зерттеулер шығару арқылы қазақ күресінің дәстүрін зерттеп, құжаттауға үлес қосуда. Олардың жұмысы күрес туралы білімді сақтауға және оны болашақ ұрпаққа табыстауға көмектеседі. Мысалы, мәдениеттанушы, тіл жанашыры Абылайхан Қалназаров екі томдық «Балуан тас. Қазақ күресі балуандарының аңыздары және күрес өнері (тарихи деректер)» кітабын жазды.

С.6. Институционалдық контекст

Қазақстанда спорт федерация мен оның бөлімшелерінің, спорт мектептері мен клубтарының қызметіне мониторингті ҚР МАМ және ҚР Туризм және спорт министрлігі жүзеге асырады.

Qazaq Kuresi қауымдастығы – бұл элементті дамытуға, танымал етуге және реттеуге жауапты негізгі спорттық ұйым. Федерация ұлттық және халықаралық жарыстар ұйымдастырады, жаттықтырушылар мен төрешілерге арналған оқыту бағдарламаларын жүргізеді, турнирлерді өткізу үшін ережелер мен стандарттарды әзірлейді, сондай-ақ жастарды дәстүрлі күрес сабақтарына тарту бойынша белсенді жұмыс істейді.

Жергілікті спорт клубтары мен секциялары барлық жастағы спортшылар үшін жаттығу процесі мен жарыстарға қатысуды қамтамасыз етеді, жастар мен ересектерге ұлттық күрес ережелерін үйретеді, жергілікті жарыстар ұйымдастырады және спортшылардың ұлттық және халықаралық турнирлерге қатысуын қолдайды.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Есепті дайындауға Қазақстан Qazaq Kuresi федерациясы мен оның Алматыдағы бөлімшесі көмек көрсетті.

ҚҰСБЕГІЛІК. ҚЫРАН ҚҰСТАРМЕН АҢ АУЛАУ ӨНЕРІ (2016)

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Қазақ халқының аңшы құстармен аң аулау өнері құсбегіліктің пайда болу тарихы – ежелден бастау алады. Бұл көшпенділер өмірінде маңызды орын алатын үлкен шеберлік. Құсбегілік білімі мен дағдылары атадан балаға берілді. Қазіргі Қазақстанда аң аулаудың құсбегілік өнері бірқатар әлеуметтік және мәдени функцияларды орындайды және қоғамдастық үшін ерекше маңызға ие. Ол әлеуметтік байланыстарды нығайтады, өскелең ұрпақты тәрбиелейді және Қазақстанның мәдени мұрасының маңызды элементі болып қала береді.

Элементтің әлеуметтік қызметтеріне мыналар жатады:

- мәдени мұраны сақтау: қазақтың аңшы құстармен аң аулау өнері дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды сақтауға және табыстауға ықпал етеді. Бұл ұлттық бірегейлікті нығайтуда, ересектер мен жастар арасындағы маңызды рөл атқарады;
- тәрбие және даму: аңшы құстармен аң аулау тәжірибесі арқылы ересектер мен жастар табиғатпен байланысқа түседі;
- әлеуметтік бірлік: қазақтың аң аулау дәстүрінің элементі қоғамдастық ішіндегі әлеуметтік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Салбұрын аясында өткізілетін жарыстар мен фестивальдер адамдардың өзара жақын араласуына және ұжымдық сәйкестендіруге ықпал етеді;
- гендерлік теңдік: тарихи тұрғыдан аңшы құстармен аң аулау негізінен ерлер спортына жатады, бірақ ежелде аңшылыққа әйелдер де шыққан

Элементтің мәдени қызметіне мыналар жатады:

- ұлттық мақтаныш: қазақтың аңшы құстармен аң аулау өнері – ұлттық мақтаныш пен өзін-өзі тануды, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты реттеудің бірегей жүйесі. Жалайыр, Шора, Тіней руларынан шыққан А.Тұрдыбаев, С. Шыныбаев, Ж. Сатылғанов, Д. Дүзелұлы, Ш. Ұзақов және т. б. аңшы құстары бар танымал аңшылар жас ұрпақ үшін үлгі бола алады. Бүгінгі таңда, Айшолпан Нұрғайып аңшы құстары бар аңшы әлемдік деңгейде

қазақ өнерін көрсете отырып, туризм мен спорттың табысты саласына әсер етіп, жастардың креативті үлгісі екенін көрсете алды;
- мерекелік және әдет-ғұрыптық элементтер: қазақтың аңшы құстармен аң аулау өнері көбінесе «Салбурын», Наурыз сияқты ұлттық мерекелер мен фестивальдер (аңшы құстарды аулауға арналған фестиваль
- және иттер тазы) бағдарламасына енгізіліп, оның тұрмыстағы маңыздылығын атап көрсетеді;
- медицина және денсаулық: қазақтың аңшы құстармен аң аулау өнерімен байланысты дәстүрлі дайындау және қалпына келтіру әдістері дәстүрлі медицинаның дамуына және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерін бағалау

Қазақстанда аңшы құстармен аң аулау өнері қазіргі уақытта өміршеңдік пен тұрақтылықтың жоғары деңгейінде тұр. Бұл келесі аспектілерде көрінеді:

- конкурс пен фестивальдер: «Құсбегілік» республикалық федерациясы қоғамдық бірлестігінің қолдауымен 15 жыл бойы жыл сайын жастар арасында құстармен аң аулау өнерінен ҚР чемпионаттары өткізіледі. Мысалы, 2024 жылғы 14-17 қарашада Қарағанды облысында жастар арасындағы ел чемпионатына еліміздің түкпір-түкпірінен 100-ге жуық жас аңшы қатысты. 2025 жылы қыздар арасында I республикалық турнир және жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионатын өткізу жоспарланып отыр;
- мектеп және университет бағдарламалары: барлық дерлік аймақта республикалық спорт мектептерінде аңшы құстармен аң аулау өнері бойынша бөлімшелер ашылды, бұл спортты жастар арасында танымал етуге ықпал етеді;
- ұрпақтан-ұрпаққа берілуі: Аң аулау өнеріне қатысты білім мен дағдыларды тәлімгерлік арқылы беру дәстүрлі әдіс ретінде әлі күнге дейін сақталып келеді. Бұл тәжірибеде аңшы құстармен аң аулайтын тәжірибелі шеберлер өз білімдері мен тәжірибесін жас буынға үйретеді;
- БАҚ және заманауи технологиялар: БАҚ пен интернет-ресурстарын аңшы құстармен аң аулау өнері туралы ақпарат тарату үшін пайдалану да оның танымалдығы мен ағартушылығына ықпал етеді, сонымен бірге https://qusbegilik.kz/ ресми интернет-ресурс, Instagram және facebook әлеуметтік желілеріндегі @qusbegilik.kz парақшалары жұмыс істейді.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Өміршеңдіктің жоғары деңгейіне қарамастан, аңшы құстармен аң аулау өнері ғылыми-этнографиялық зерттеулердің жетіспеушілігі, жарыстарды өткізу кезінде құстарды жаттықтыру және тасымалдау үшін жеткілікті қаржыландырудың болмауы әлі де кейбір қиындықтарды туғызуда.

Аңшы құстармен аң аулауды тұрақты дамыту және кеңінен насихаттау мақсатында бірқатар шараларды қабылдау ұсынылады. Біріншіден, бұл өнердің тарихы мен қазіргі жағдайына қатысты этнографиялық зерттеулер жүргізуге гранттар бөлу қажет. Екіншіден, теміржол және әуе компанияларымен бірлесе отырып, жарыстарға қатысатын құстарды тасымалдау мәселесін шешу маңызды. Үшіншіден, аңшы құстармен аң аулауды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттап, құстарды бақылауға қызығушылықты арттыру үшін заманауи интернет технологияларын пайдалану қажет. Жалпы алғанда, аңшы құстармен аң аулау өнері – өзіндік ерекшелігі мен мәдени маңызын сақтай отырып, қолдаудың күшеюі мен назардың артуы жағдайында одан әрі дамытудың

жоғары әлеуетіне ие.

С.4. Элементті қолдау және дамыту үшін жасалған шаралар

Аңшы құстармен аң аулау өнерін мәдени фестивальдер бағдарламасына енгізу кең аудиторияның назарын дәстүрлі өнер мен қазақ мәдениетінің элементтеріне аударуға мүмкіндік берді. Бұл ұлттық бірегейлік пен мәдени мұра мақтанышын нығайтуға ықпал етті. ЮНЕСКО тізіміне құс аулау өнерін енгізу материалдық емес мәдени мұраны сақтау және насихаттау бойынша халықаралық ынтымақтастыққа мүмкіндіктер ашты. Ел ішінде де, одан тыс жерлерде де тараған аңшы құстармен аң аулау өнері туралы деректі фильмдер мен нұсқаулық бейнематериалдар жасалды. Бұл білім беру қызметіне және қазақ мәдениеті туралы хабардарлықты арттыруға ықпал етеді. Осы іс-шаралардың нәтижесінде аңшы құстармен аң аулау өнері оны мәдени мұраның маңызды элементі ретінде сақтап қана қоймай, сонымен қатар танымал өнер түріне және Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің маңызды бөлігіне айналдыра отырып, дамуға жаңа серпін алды.

С.5. Жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы

Қауымдастық, топ, жеке тұлға және үкіметтік емес ұйымдардың аңшы құстармен аң аулау өнерін қорғауға және ілгерілетуге қатысуы Қазақстанның мәдени мұрасының осы маңызды элементін сақтау мен дамытуда шешуші рөл атқарады. Қоғамның әртүрлі тобы мен ұйымының қатысуының мысалдары олардың аңшы құстармен аң аулау өнерін одан ары қорғауға және насихаттауға бейімділігін көрсетеді. Соңғы жылдары отандастардың бұл өнерге деген қызығушылығы артып келеді.

Қазақстанның әртүрлі аймағында федерацияның бөлімшелері бар, онда олар аңшы құстармен аң аулау өнеріне жаттықтырушыларды және жастар мен ересектер арасынан қызығушылық танытқандарды оқытады. Жергілікті спорт клубтары мен бөлімдері көбінесе ерікті түрде ұйымдастырылады және оларға жергілікті қауымдастықтар демеу болады. Арман Қошқаров (Атырау), Тәттімбет Қапұлы (Шығыс Қазақстан), Күнтуған Серікбек (Астана), Қоқан Кенжетаев (Көкшетау), Аршабай Дәурен (Түркістан), Таңат Оспанқұлов (Қарағанды), Серікболсын Жалғасұлы (Жамбыл), Ерзат Байқадамов сияқты елімізге белгілі аңшылар білім беру, спорттық және мәдени бағдарламаларға, іс-шараларға қатысып, аңшы құстармен аң аулауды таратумен белсенді түрде айналысады. Қазақстанның ауылдары мен қалаларында ұлттық мерекелерге, мерейтойлық даталарға орайластырылған дәстүрлі жарыстар өткізіледі. Бұл іс-шаралар көптеген қатысушы мен көрерменді тартып, қоғаммен байланысты нығайтуға және аңшы құстармен аң аулау өнерін насихаттауға ықпал етеді.

С.6. Институционалдық контекст

Уәкілетті орган ретінде материалдық емес мәдени мұра элементінің жай-күйіне жалпы мониторингті ҚР МАМ жүзеге асырады.

Аңшы құстармен аң аулауды қорғау және дамыту, ұлттық дәстүрді танымал етуге бағытталған бағдарлама мен іс-шараларды үйлестіру, аңшы құстармен аң аулау өнерін сақтау және дамыту жөніндегі бастамаларды қаржыландыруды, қолдауды қамтамасыз ету мәселелерімен ҚР ТжСМ айналысады.

«Республикалық аңшы құстармен аң аулау федерациясы» қоғамдық бірлестігі ұлттық және халықаралық жарыстар ұйымдастырады, жаттықтырушылар мен төрешілерді оқыту бағдарламаларын, турнирлерді өткізу ережелері мен стандарттарын әзірлейді, жастарды орнитологияға қызықтыруға белсенді түрде ат салысады. Жергілікті аң аулау федерациялары елдің 14 аймағында жұмыс істейді және барлық жастағы аң аулау әуесқойлары үшін жаттығулар мен жарыстар өткізеді, жастар мен ересектерді аң аулау өнерімен таныстырады, құстарды үйретеді, жергілікті жарыстар ұйымдастырады және спортшылардың ұлттық және халықаралық турнирлерге қатысуын қолдайды.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Қазақстандағы аңшы құстарға қатысты есепті дайындау барысында қауымдастық, топтар, жеке тұлғалар және тиісті үкіметтік емес ұйымдардың барынша қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылды. Бұл шаралар барлық мүдделі тараптардың пікірлері мен тәжірибелерін қамтитын жан-жақты ақпарат жинауға мүмкіндік берді. Есепті дайындау кезінде заманауи коммуникациялық технологиялар, онлайн-платформалар мен әлеуметтік желілер кеңінен қолданылды. Аудиторияны тарту үшін ресми сайт (https://qusbegilik.kz/) және Instagram парақшасы (@qusbegilik.kz) пайдаланылды.

ҚАТЫРМА ДАЙЫНДАУ (2016)

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Қатырма нан рәсімі оны дайындау, қолдану және әртүрлі аймақтарда ауылдарда, кенттерде және аудандық орталықтарда тарату дәстүрі кең таралған. Бұл дәстүр, негізінен, үлкен буын өкілдерінің міндетіне жатады, өйткені олар дәстүрлі және діни шараларды өткізу барысында басты назарға алады. Сонымен қатар бұл рәсім бірнеше әлеуметтік функцияларды атқара отырып, терең символдық мәнге ие. Шелпек – ас пен өмірдің символы, сондай-ақ үйлену тойларында, діни жоралғыларда, ас беру рәсімдерінде ортақ дастархан арқылы туыстар мен қауымдастықты біріктірудің, көршілер арасындағы әлеуметтік байланысты нығайтады. Бұл дәстүр – осы элементке қатысты білім мен дағдыларды жеткізудің бір түрі. Қазақта нанның қадір-қасиетін, нанға деген құрметті білдіретін көптеген мақал-мәтелдер бар.

Қазақ даласына ислам діні келгенге дейін қазақтарда асқа деген ерекше, киелі көзқарас қалыптасқан. Шелпек – үлкендерге, туған-туыстарға деген құрметтің белгісі болып табылатын киелі ас. Осының арқасында қазақтың өзара көмек көрсету мәдениеті «Сыбаға беру»[61] дәстүрі қалыптасты. Әлеуметтік қызметтері нан үзіп, қасында отырған адамға ас беру рәсімімен, «Бисмилләһ, Қабыл болсын» - марқұмның игілігі үшін асы қабыл болсын, «Аруақ қолдасын» - аруақтан қолдау болсын деп бата айтумен байланысты.

Өз кезегінде шелпектен ұсынылған бөлікті қабылдап, дәм татқан адам: әумин, айтқаның қабыл болсын деген мағынаны білдіретін «Әумин, айтсын/айтқаның келсін» – деп жауап береді. Бұл шелпек дайындау рәсімінің міндеті көбінесе әйел адамға, анаға немесе келінге жүктеледі. Олар марқұм туысқандарын еске алу үшін шелпек пісіру арқылы, аруақтардан қолдау алады.

Жалпы жаһандану процесіне, халықтың өзара ықпалы мен миграциясына, ұлтаралық некелерге тікелей қатысатын жекелеген топтар мен мүдделі қауымдастықтар өзгерістерге ұшырауды және осыған байланысты рәсімді нанды бөлу дәстүрінің мәдени функциясы мен мағынасы да өзгеруде. Ас беру рәсімдерінде, әдетте, шелпек бірнеше бөлікке бөлініп, шеңбер бойымен таратылып беріледі, алайда кейде оны бір адам өзі бөліп, жанында отырғандарға үлестіруі де мүмкін.

С.2. Элементтің өміршеңдігі және ықтимал тәуекелдерін бағалау

Ас беру дәстүрі қазіргі қазақтардың мәдениетіндегі ең тұрақты дәстүрлердің бірі болып қала береді. Туған-туыс, ру қауымының, бүгінде, жетісі– жеті күндік ас, қырқы – қырық күндік ас, кей жерлерде жүзі – жүз күндік ас және ең соңында, жылы

[61]Оспан, Б. (2018, 7 қыркүйек). Қазақтың өзара көмек көрсету дәстүрі — Сыбаға беру. 365info.kz. https://365info.kz/2018/09/traditsiya-kazahskoj-vzaimopomoshhi-sybaga-beru

– қайтыс болған адамның жылдық асын беру сияқты дәстүрлі ас беру дәртүрлері сақталған. Орта және аға буын өкілдері арасында бұл дәстүрлі нанның орны ерекше, өйткені ол 7, 40, 100-і және жылы сияқты ас беру күндерінде тұрақты түрде дайындалып келеді.

Қазіргі уақытта бұл дәстүрдің өміршеңдігі және оның тұрақтылығы оны елдің әртүрлі аймақтарындағы көптеген адамдар арасында күнделікті өмірде қолданылуына тікелей байланысты. Ерекше маңызды болып табылатын дөңгелек пішінді жеті шелпек/жеті нан/қырық шелпек/қаттама/қатырманы дайындау және оны пайдаланудағы білім мен дағдыны берудің дәстүрлі тәсілі тасымалдаушылардың ұсынылған сұхбаттары мен материалдарында рәсімдерді дайындау және сақтау тәжірибесінің жиілігі,тәжірибелердің таралуы атап өтіледі.

Аға буын өкілдерінің, яғни нанды рәсімдік түрде дайындау мен қолдану дәстүрін жақсы білетін жандардың өмірден өтуі бұл дәстүрдің әлсіреуіне әсер етеді. Олар осы элементтің діни тәжірибедегі бастапқы мағынасын терең түсінетіндіктен, олардың кетуімен дәстүр біртіндеп өзгеріске ұшырап, қарапайым әдетке айналуы мүмкін. Сонымен қатар қазіргі заманғы талғам мен өмір салтына бейімделу барысында бұл рәсімнің бастапқы мәні өзгеріске түсуі ықтимал. Бұл дәстүрдің әрі қарай тасымалдануы мен жүзеге асу қаупінің себептерінің бірі дайын/зауыттық нанның басқа түрлерінің алуан түрлілігінде, шетелдік өндірушілердің өнімдерін кеңінен таратуда және «шетелдік» трендтер/сәнге ұмтылудан көрінеді. Бұл дәстүрдің әлсіреуіне әсер ететін тағы бір маңызды фактор – елдің үлкен аумағының урбанизациялауында және көші-қон дәстүрін ұстанатын халықтың дәстүрлі қоныстардан алыс орналасуында. Аруақтардың қолдауын сұрап, көші-қонның сәтті өтуін тілеу мақсатында көшпелі өмір салтын ұстанған немесе жазғы жайылымдарға көшіп-қону дәстүрін жалғастырған қауымдастықтар рәсімдік нан пісіру әдетін қалыптастырған.

С.3. Элементтің Репрезентативтік тізім мақсаттарына сәйкестігі

Элементтің қосылуы символдық функцияның пайда болуын зерттеуге және халық арасында, әсіресе ауылдарда хабардарлықты арттыруға ықпал етті, өйткені дайындыққа бір отбасының мүшелері, туыстары және/немесе көршілері қатысады. Үлкен мерекелерде, туған күндер мен үйлену тойларында, ас беру сияқты шараларда бұл дәстүрлі нанды бөлісу рәсімі арнайы атап өтілмесе де, ол өзінен-өзі орындалатын үйреншікті дәстүр ретінде қабылданады. Бір дастархан басында нанды бөлісу дәстүрі қатысушыларды ерекше рухани байланысқа тартып, нанды бөлісу арқылы ізгі тілектер мен игі ниеттерді білдіру мәдениетін сіңіруге ықпал етеді. Бұл үрдіс адамдар арасында ынтымақ пен өзара көмектесу сезімін нығайтып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін маңызды әлеуметтік және рухани құндылықтарды сақтауға көмектеседі.

Элементтің көпұлтты номинациялар қатарына қосылуы қазақтардың, көршілес Қырғыздардың, Әзербайжандардың, Түріктердің және т.б. жергілікті халықтың салт-дәстүрінде кең таралған салт-дәстүр нанының дайындалуы мен қолданылуының әртүрлілігін көрсетті. Мысалы, қаттама – танымал қатпарлы нан – алғаш рет Қытайда 13 ғасырда жасалып, кейін түркі халықтарына өтіп, олардан кейін парсыларға және одан әрі қарай басқа халықтарға таралды.

С.4. Элементті қолдау және дамыту бойынша атқарылып жатқан шаралар

Элементті насихаттау және ілгерілету мақсатында әртүрлі шаралар жүзеге асырылды, атап айтқанда, ғалымдар тарапынан зерттеулер жүргізілді. Экспедициялар ұйымдастырылды. Бұл сапарлар барысында дәстүрді сақтаушылар оның дайындалу процесін әңгімелеп, іс жүзінде көрсетіп, осылайша элементті келешек ұрпаққа жеткізу мен сақтау ісіне тікелей атсалысты. Бұған дейін этнограф ғалымдардың қазақтың дәстүрлі тағамы бойынша жүргізген зерттеулері салт-дәстүрлік нанды, оның ингредиенттерін дайындаудағы және қолданудағы ерекшеліктерін, функционалдық

мақсатын (қайтыс болған туыстарын еске алу, 7-ші ұрпаққа дейін ата-бабалар рухын тыныштандыру, түрлі іс-шараларда, соның ішінде асарларда және т.б.) зерттеу қажеттілігін көрсетті.

Қазақстан үшін 2019 жылы маңызды оқиғалардың бірі – Үкімет қаулысымен 16 қазанның «Нан күні» ретінде республикалық мерекелік күндер тізіміне енгізілуі болды. Бұл шешім нан түрлерін, оның ішінде рәсімдік нанды дайындау дәстүрін насихаттауға және қолдауға ықпал етеді.

С.5. Жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы

Қазақстан қолөнершілер одағы ел өңірлеріндегі өкілдіктерімен бірге бұл элементті насихаттау, сақтау және қорғау ісінде тікелей қатысушы болып табылады. Қазақ халқының материалдық және материалдық емес мәдениетінің шеберлері, білімі мен дағдыларының жеткізушілері, дәстүрлі қолөнер түрлерін сақтаушылар бола отырып, олар элемент туралы білімді ұрпақтан-ұрпаққа сақтау және жеткізу мақсатын көздейді.

Мегаполистерде халық дәстүрлері мен рәсімдері туралы білім мен дағдыларды әртүрлі жастағы топтар арасында көрсету және таратуға бағытталған түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үрдісі байқалуда.

Өзіндік болмысты тану үдерісінің артуы ұмыт қалған дәстүрлерді жаңғыртуға деген қызығушылықты оятты. Әр өңірде бұл бастаманы көбінесе жасы үлкен әйелдер көтеріп, олар ішінара рәсімді ұйымдастырушылардың функцияларын өз мойнына алды және қоғамдастық оларды қолдады. Бүгінде дәстүрлерді жақсы білетін әйелдер – жеңгелер мен әулеттің үлкендері өз білімдерімен жас келіндермен бөліседі. Өз кезегінде, жас әйелдер олардың ақыл-кеңестеріне құлақ түріп, үйренуге тырысады. Бұл үдеріс мәдени мұраға деген құрмет пен мойындауды арттырады. Дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, сақталуына ықпал етеді.

С.6. Институционалдық контекст

ҚР МАМ материалдық емес мәдени мұра элементінің жалпы мониторингін жүргізетін уәкілетті орган ретінде қызмет атқарады. Ғылыми зерттеулер Ұлттық музей, Тағамтану академиясы және еліміздің университеттері арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар үкіметтік емес ұйымдар – «Бабалар аманаты» (Астана), «Салт-дәстүр» (Шымкент) және Қазақстан наубайшылар қауымдастығы (Түркістан облысы) бұл рәсімді сақтап, қолдауға белсенді түрде атсалысуда.

С.7. Жергілікті қауымдастықтардың осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға қатысуы

Осы баяндаманы дайындау барысында әлеуметтік желілерде шелпектің салт-дәстүрлік іс-шараларда қолдану мәселесі бойынша мониторинг жүргізілді, мүдделі респонденттердің максималды санын санау және анықтау мақсатында Қазақстан Қолөнершілер одағы үкіметтік емес ұйымының өкілдерімен сұхбат өткізілді.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН АТАП ӨТУ ДӘСТҮРІ (2016)

Қазақтарда көктемдегі күн мен түннің теңелуін дәстүрлі түрде атап өтуіді «Жыл басы», «Ұлыстың Ұлы күні» және «Наурыз» деп атайды. 1926 жылы бұл мерекеге діни ескілік ретінде тыйым салынды. Этнографтардың зерттеуіне сәйкес, 1960-1975 жылдары бұл элемент Жетісу, Жамбыл, Ақтөбе, Қостанай және Қарағанды облысының жергілікті тұрғындары арасында атап өтілді. 1988 жылы жергілікті қауымдастық пен Қазақстанның зиялы қауымының күш-жігерінің арқасында, Наурыз мерекесі ұлттық деңгейде қайта оралып, оның маңыздылығы мойындалды. 1991 жылы элемент

заңнамалық тұрғыда ресми мәртебеге ие болды. 2001 жылы оған мемлекеттік мереке мәртебесі беріліп, наурыздың 21-23 аралығында 3 күн атап өтілетіні бекітілді.

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Көктемгі күн мен түннің теңесу күні мерекесі күнтізбедегі басты орынға және жалпыхалықтық сипатқа ие. Түпнұсқа атауында көрініс тапқан мереке, халық пен елдің, халық пен табиғаттың бірлігі мен теңдігін бейнелейді. Наурыз қазақстандықтарды жынысы мен жасына қарамастан бірлікке, бірегейлікті сақтауға, мұраларға құрметті қалыптастыруға, мәдени әралуандыққа, креативтілік пен шығармашылыққа септігін тигізетін кешенді қызметтерге ие.

Наурыз қызметінің реттеуші кешені оның аксиологиялық маңыздылығынан көрінеді. Элементтің құндылығы оған мемлекеттік мәртебе беруге нормативті негіз болды. Мемлекет басшысының жыл сайынғы құттықтаулары, БАҚ-тағы бағдарламалар мен мақалалар, еңбек ұжымдарында, білім беру және мәдени мекемелерде тойлануы элементтің символикалық маңыздылығына дәлел болады.

Дәстүрді сақтаушылар мен ғалымдардың ұсыныстары негізінде, 2019-2024 жылдары ҚР МАМ қолдауымен мерекені 14-23 наурыз күндері аралығында тойлау көзделген «Наурыз шуағы» тұжырымдамасы әзірленді. Тұжырымдамада әрбір күн белгілі бір әлеуметтік және мәдени міндетке арналған. Элемент қызметінің танымдық кешені халық ілімдеріне құрмет көрсетуде, оның сабақтастығына мүмкіндік беретін ғалымдардың зерттеулерінде, ғылыми және мәдени-білім беру іс-шараларында, БАҚ-та көрініс тапқан. Қалаларды, ауылдарды, мерекелік сәндеу, киіз үй тұрғызу, ұлттық киім кию материалдық қызмет рөлін атқарады. 2023-2024 жылдары мерекенің 5-ші күні Ұлттық киім күні ретінде атап өтілді. Кейінгі онжылдықта қазақстандықтар этникалық тиістілігіне қарамастан, Наурызды қазақтың дәстүрлі киімімен қарсы алып, мәдени индустрияның, сәндік-қолданбалы өнердің, қолөнердің дамуына ықпал етеді.

Мереке бағдарламасы көптеген іс-шараға толы. Оларға кәсіби, әуесқой ұжымдар мен орындаушылар, ересектер мен балалар қатысып, мерекенің креативті қызметін айқындайды. Барлық телеарна эфир тәртібін өзгертіп, Наурыздың мерекелік контентіне басымдық береді. Наурыз көже, наурыздық, жылкөже, уызкөже, көпкөже деп өңірлік тұрғыдан түрлі атауға ие дәстүрлі жаңажылдық көже мерекелік дастарханға сән береді. Халық арасында көжені ішкен адам жыл бойы тоқ болады деген сенім бар. Құрамы жеті дәмнен тұратын және көпшілікке арнап әзірленетін тағам - Наурыз көженің басты ерекшелігі болып саналады. Асық ату, қазақ күресі, айтыс, тоғызқұмалақ, ортеке күйі тәрізді мұра элементтері – мерекенің ойын қызметін көрсететін ажырамас бөлігі. Рекреативті қызметі Наурыз мерекесінің бес күндік демалысында көрініс табады. Бұл күндері қазақстандықтар өзінің жақын туыстарына уақытын арнап, бір-біріне сыйлық сыйлайды. Отбасылық ортада мерекенің дәстүрлерін сақтау маңызды рөл атқарады. Балалар мейрам кезінде үй-үйді аралап, ауылдастарын құттықтап, алғыс ретінде тәтті сыйлар алады.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерін бағалау

Наурызды тойлау республиканың барлық аумағын қамтиды және жыл сайын өткізіледі. Ол отбасылар мен жергілікті қауым арасында, еңбек ұжымдары, білім беру және мәдени мекемелердегі рәсім түрінде сабақтастықтың дәстүрлі тәсілдерінің жоғары деңгейдегі тұрақтылығына ие. Заңдық тұрғыда елде 21-23 наурыз демалыс күндері саналады. 2018-2024 жылдары Наурыз мерекесі 21 наурыздан бастап 5 күн бойы аталып өтілуі дәстүрлердің жергілікті және өңірлік деңгейде толыққанды сақталуына және берілуіне ықпал етеді.

Наурыз бата дәстүрі полиэтникалық қоғамдастықты қоса алғанда жергілікті тұрғындар арасында орын алады. Ақсақалдар, Ардагерлер кеңесінің, Қоғамдық келісім

және Аналар кеңесінің төрағалары өскелең ұрпаққа батасын береді[62]. Ақсақалдар арасында үздік бата сайыстары өткізіледі: «Баталы ер арымас» (Ақтөбе қ.), ал балалар мен жастар арасында ең үздік «Жарапазан» жырын айтудан «Жә-Рамазан» сайысы өтеді (Ақтөбе қ.).

Мереке кезінде өмірге келген балаларға есім беру жақсы дәстүрге айналды. Қыздарға: Наурыз, Наурызгүл, Наурызжан, ұлдарға: Наурызбек, Наурызәли, Наурызбай, Наурызхан деп ат қояды.

Наурыз – жарқын отбасылық мереке. 5 демалыс күні ішінде отбасы мүшелері қара шаңырақ (ата-анасының үйіне) жиналып, туыстық пен бірегейлікті сезінуге, бір-бірімен көрісіп, сөйлесуге, бір-бірін құттықтауға, тілек айтуға және сыйлық беруге мүмкіндік алады. Қазақстанның солтүстігінде Наурызды тойлау аясында жайылған мерекелік дастарханда өз ғашығына құда түсіп, оның ата-анасының келісімін сұрау жастардың арасында жақсылықтың белгісі саналады.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Элементтің Репрезентативтік тізімге қосылуы арқасында жергілікті қауымдастық тарапынан МЕММ-ге деген түсінік пен құрмет арта түсті. Мерекенің айтарлықтай позитивті және ынталандыру әлеуетін айқындайтын Наурыз бата – жақсылық тілеу рәсімі түріндегі дәстүрлі компоненттер қайта жаңғырып келеді. Мерекелеу барысында айтыс элементінің енгізілуі – дәстүрлі іс-шаралар кешенін қалпына келтіруге қызмет етеді.

Наурыз рәсімі мен мифологиясы ежелгі және ортағасырлық Орталық Еуразия мен Азия халықтарының мәдениетіне жататын көп компоненттігі, мәдени әралуандықтың маңызын түсіну мен құрметтеуге көмектеседі. Жалпы еуразиялық және жалпы түркі халықтарының мәдени контексінен шыққан Наурыз рәсімі мен мифологиясының тұрақтылығы олардың заманауи тәжірибемен табысты жарасымы мен үйлесімін көрсетеді. Наурызды сақтау мен тәжірибеде қолдануда Қазақстандықтардың едәуір бөлігін сақтаушылар ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар интеллигенция өкілдері, шығармашылық элита, өлкетанушылар, композиторлар, жазушылар, зерттеушілер және т.б. гносеология мен мерекенің жаңашылдығына айтарлықтай үлес қосады.

Осылайша, элементтің енгізілуі материалдық емес мәдени мұраны айқындауға ықпал етіп, оған деген құрметті жаңғыртады, сондай-ақ әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттердің құрамдас бөліктерін қамтитын тарихи кешеннің өзектілігін арттырады. Сонымен қатар, бұл мәдениеттердің диахрондық дамуы, таралу географиясы, табиғатпен және киелі ландшафттармен байланысы туралы түсінікті кеңейтіп, мәдениеттер арасындағы жақындасу мен диалогты нығайтуға септігін тигізеді.

С.4. Элементті қолдау мен дамыту мақсатында қабылданған шаралар

Дәстүрге сәйкес, Наурыздың іс-шаралар кешені мынадай үш негізгі әлеуметтік-мәдени ұстанымға сүйенеді: табиғат пен қоғамдағы тепе-теңдік, игілік, қайырымдылық – көмек қолын созу, жаңару – адамның және оның айналасы мен қоршаған ортасының жаңаруы.

Ұлттық деңгейде элементті ынталандыру және нығайту үшін, соңғы онжылдықта әртүрлі алаңдарда элементтің дәстүрлі іс-шаралар кешенін қалпына келтіру және оның қазіргі жағдайлар мен талаптарға сәйкестігі мәселесі талқыланды. Ұзақ мерзімді қоғамдық жұмыстар мен ғылыми пікірталастар, элементті шығармашылық тұрғыдан қайта мазмұндау, оның заманауи тәжірибелері мен компоненттерін жергілікті және ұлттық деңгейде зерттеуді күшейту нәтижесінде, 2020-2021 жылдары Наурыз мейрамын

[62]Түркістан облысында «Наурыз бата» дәстүрі қолдау табуда. (2022, 21 наурыз). DKNews.kz. https://dknews.kz/ru/v-strane/226259-v-turkestanskoy-oblasti-podderzhivaetsya-tradiciya

тойлаудың жалпыұлттық тұжырымдамасын[63] әзірлеу амалдары жасалды. 2020 жылы «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ (бұдан әрі – ҚҚДИ) ұйымдастырған, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен өткен пікірталас аясында, 14-22 наурыз күндерін қамтитын жаңа регламентті Наурыз мемлекеттік мерекесін тойлаудың жаңа тәсілдері ұсынылды. 2021 жылы ҚҚДИ 14-23 наурыз күндері аралығын қамтитын 10 күндік тойлау қарастырылған «Наурыз шуағы» тұжырымдамасын әзірледі. Басты идеясы ретінде отбасы дәстүрлері мен ұлттық бірлікті нығайту ұсынылды. Тұжырымдама алғаш рет Батыс Қазақстанның жергілікті қауымдастықтарының, дәстүрді ұстанушылар мен ғалымдардың ұсыныстары негізінде, жергілікті қауымдастықтар үшін жаңа күнтізбелік жылдың бастамасы және Наурызды тойлаудың ажырамас бөлігі болып саналатын «Амал мерекесі» немесе «Көрісу күні» сияқты мерекелік дәстүрлерді қамтыды. Мұндай түсінік дала мәдениетінің мұрасы саналады.

Тұжырымдаманың сәтті сынақтан өтуі оның 2024 жылы түпкілікті бекітілуіне негіз болды. Осы жылы ұлттық деңгейде ҚР МАМ қолдауымен әзірленген «Наурызнама» тұжырымдамасы қабылданды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, Наурыз мерекесі кезеңіндегі әр күн белгілі бір тақырыпқа және құндылыққа арналды. Олар қайырымдылық пен мәдени шаралардан бастап ұлттық дәстүрлер мен экологиялық акцияларға дейінгі Қазақстан мәдениеті мен қоғамының бай және алуан түрлілігін бейнелейді.

С.5. Жергілікті қауымдастықтың қатысуы

Бірқатар облыста мерекені жергілікті қауымдастықтар билік өкілдерінің қолдауымен қасиетті нысандарға жақын аймақтарда атап өтеді. Мәселен, 14-ші наурыз күні киелі Отпантау тауында (Маңғыстау облысы) және Дәдем ата кесенесіне жақын жерде (Батыс Қазақстан облысы) Амал Көрісу және Көрісу айт іс-шаралары өтеді. Петропавл қаласында (Солтүстік Қазақстан облысы) Наурыз мерекесі киелі нысан ретінде мойындалған «Абылай хан резиденциясы» музей кешенінің аумағында тойланады. 2019 жылы Наурыз Түркістан облысында жергілікті халық қасиетті санайтын Қазығұрт ауданындағы Кемекалған тауының етегінде тойланды.

Іс-шаралар қатысушылар санына қарай көпшілікке немесе аз топқа бағытталуымен ерекшеленеді. Көпшілік іс-шаралар – театрландырылған қойылымдар, шерулер, халықтық шаралар, концерттер, айтыстар, спорттық сайыстар, жәрмеңкелермен ерекшеленеді. 2024 жылғы 21-22 наурыз күндері Ұлытау облысы Жезқазған қаласының «Алаш» орталық алаңында мерекелік шеру, кейін эстрада орындаушыларының қатысуымен концерт ұйымдастырылды. Мерекелік бағдарлама «Қазағымның киіз үйі», «Қазағымның дәстүрлері-ай», дәстүрлі спорт түрлері бойынша сайыстарды және «Тазалық эстафетасы» экологиялық акциясын қамтыды.

С.6. Институционалды контекст

Уәкілетті орган – ҚР МАМ, оған қарасты Мәдениет комитеті және облыстық мәдениет басқармалары. Институционалды түрде элементтің қорғалуына және дамуына ҚР ОАМ және ҒжЖБМ қарасты барлық білім беру ұйымдары, сондай-ақ дәстүрлі спорт түрлерінің қауымдастықтары ықпал етеді.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімдік есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтың қатысуы

Бұл элементтің республикада кеңінен таралғанын ескере отырып, осы есепті дайындау процесіне Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының элементтің

---

[63]Түкпиев, Ж. (2020, 28 ақпан). Қазақстанда Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасы енгізілуі мүмкін. Казахстанская правда. https://kazpravda.kz/n/novuyu-kontseptsiyu-prazdnovaniya-nauryz-meyramy-mogut-vvesti-v-kazahstane

өзіндік көрініс формаларын дамытуға ықпал ететін ең белсенді жергілікті қоғамдастық мүшелері тартылған.

«АСЫҚ АТУ» ОЙЫНЫ (2017)

С.1.Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Асық ату ойыны – әмбебап құндылыққа ие ең көне ұлттық ойындардың бірі, оны кез келген уақытта өткізуге болады. Асық ату ойыны бала кезінен бастап баланың жүйке жүйесін нығайтып, ойлау қабілетін дамытады, сондай-ақ қырағылыққа, ептілікке, тапқырлыққа, сабырлылыққа баулиды, шыдамдылық пен дәлдікті үйретеді. Қазақтың дәстүрлі асық ату ойыны маңызды әлеуметтік және мәдени рөл атқарады, оның өзектілігі бүгінге дейін сақталып келеді. Ол қазіргі кезде бірқатар қызметті қамтиды, атап айтқанда:

Әлеуметтік қызметі:

- асық ату әлеуметтік байланыстарды нығайтады, адамдарды сайыстар мен фестивальдарда біріктіреді;
- ойын түрлі жастағы адамдарды, әсіресе ауылдық жерлерде, балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді;
- ойын қарсыласқа құрмет, командалық рух, дәлдік, икемділік, тапқырлық, сабырлылық және шыдамдылық сияқты қасиеттерді дамытады;
- ойын арқылы ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер үлкендерден жастарға беріледі;
- асық ату – ерлер мен әйелдер тең жағдайда қатысатын ойыны.

Ойынның мәдени қызметі:

- ойын дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды сақтауға және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді, ұлттық бірегейлікті нығайтады;
- асық ату әділдік, адалдық және жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастырады;
- ойын қазақ мәдениетінің ерекше сипатын бейнелеп, ұлттық брендті ілгерілету үшін пайдаланылуы мүмкін.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерді бағалау

Асық ату материалдық емес мәдени мұраның бірегей элементі ретінде ерекшеленеді. Оның өміршеңдігі мен маңызы ойынның мәдени, тәрбиелік және әлеуметтік құндылықтарымен тығыз байланысты. Ойын өзінің өміршеңдігін сақтау үшін ерекше қасиеттерге ие, мысалы, Наурыз мерекесі аясында ұлттық ойындар бойынша түрлі сайыстар өткізіледі, соның ішінде асық ату да бар. Білім мен дағдыларды берудің дәстүрлі әдістері, мысалы, тәлімгерлік, тұрақты болып қалуда, өйткені тәжірибелі ойыншылар өз білімдерін жас оқушыларға жеткізеді. Медиа және интернет арқылы ойын туралы ақпаратты тарату оның танымалдылығын арттыруға және жас ұрпақты оқытуға ықпал етеді. Қазіргі уақытта http://ultsport.kz/asykatukz секілді ресми интернет-ресурстар және Instagram әлеуметтік желісінде https://www.instagram.com/asyq_int_federation парақшасы бар.

Жоғары өміршеңдігіне қарамастан, асық ату ойынына қатысты бірқатар әлеуметтік-мәдени және экономикалық тәуекелдер бар:

- жастар арасындағы қызығушылықтың төмендеуі: Қазіргі уақытта жастардың заманауи технологиялар мен цифрлық ойындарға көбірек қызығушылық танытады, сондықтан асық ату ойынының дәстүрі көптеген жастарға қызықсыз болып көрінуі мүмкін;
- ұлттық мәдениетке қызығушылықтың төмендеуі: ұлттық ойындар мен дәстүрлерге жеткілікті назар аударылмауы мүмкін.
- асық ату ойынының негізін құрайтын асықтарды табудың қиындауы: Мал

шаруашылығымен айналысатын отбасылардың санының азаюына байланысты асық жинау қиындай түсті;
- мәдени іс-шаралар мен жарыстарға қаржыландырудың жеткіліксіздігі: Мәдени іс-шаралар мен жарыстарға қажетті қаржыландырудың жетіспеуі қоғамда ойынға қызығушылықты төмендетуі мүмкін.

Бүтіндей алғанда тәуекел үлкен емес, алайда ойыншылар мен мәдени мұра өкілдерін сақтауға назар салуды, шаралар қолдануды талап етеді.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Қазақстанның мәдени және спорттық өміріне осы ойынды енгізу және халықаралық аренада насихаттау, материалдық емес мәдени мұраны танымал етуге және оның маңыздылығы туралы хабардарлықты жергілікті және ұлттық деңгейде арттыруға айтарлықтай ықпал етті.

- асық ату ойынын мектеп бағдарламалары мен мәдени іс-шараларға енгізу дәстүрлерді сақтауға және оларды өскелең ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді;
- Асық ату ойынын ойнау тәжірибесі ұлттық мұраны сақтап, өз мәдени мұрамызға деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға көмектеседі;
- асық ату ойынын қамтитын жергілікті жарыстар мен фестивальдар әртүрлі жастағы және әлеуметтік топтағы адамдарды жинап, әлеуметтік байланыстар мен бірлікті нығайтады;
- асық ату ойынын ұлттық іс-шаралар мен ірі спорттық жарыстарға енгізу оның ұлттық мәдениет үшін маңыздылығын көрсетіп, ұлттық мақтаныш сезімін арттырады;
- асық ату бойынша жарыстардың ұлттық телеарналарда және әлеуметтік желілерде көрсетілуі ойынды насихаттауға және жұртшылықтың назарын аударуға ықпал етеді;
- ойынды мәдени мұраның бір бөлігі ретінде мемлекеттік деңгейде мойындау және ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне қосу оның сақталуына және дамуына көмектеседі;
- халықаралық жарыстар мен мәдени алмасуларға қатысу Қазақстан мәдениетін шетелде насихаттауға ықпал етеді;
- ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне қосылуы ойынды халықаралық деңгейде танытып, Қазақстанның бай мәдени дәстүрлеріне қызығушылықты арттырады;
- әлемдік медиа арқылы асық ату жарыстарының халықаралық трансляциялары мен жарияланымдары Қазақстан мәдениетіне деген ақпараттық танымалдылықты арттырады;
- ойын дәстүрлі киімдер, әдет-ғұрыптар мен музыка сияқты қазақ мәдениетінің ерекше элементтерін көрсетуге көмектесіп, мәдени әртүрлілікке деген құрмет пен мойындауды ынталандырады;
- ойынды ойнау техникасын дамыту және жетілдіру адамның шығармашылығын және инновацияларды дәстүрлі контексте ынталандырады.
- басқа елдерден келген ойыншылар мен командалардың асық ату жарыстарына қатысуы мәдени алмасуды және өзара оқытуды қолдайды;
- ойынды әртүрлі мәдени және спорттық іс-шараларға енгізу оны әртүрлі халық топтары, соның ішінде әйелдер мен жастар үшін қолжетімді етеді, инклюзивтілік пен теңдікті арттырады.

С.4. Элементті қолдау мен дамыту мақсатында қабылданған шаралар.

Қазақстанда МЕММ элементтерін насихаттауға ерекше назар аударылады, оның ішінде асық ату ойыны да бар. Бұл мақсатта «Qazsport» және «Sport+» телеарналарында әлем чемпионаттары мен Азия чемпионаттары, Дүниежүзілік

көшпенділер ойындары, Қазақстан Республикасының чемпионаттары, «Алаш сақасы», «Respublica» турнирлері және басқа да республикалық деңгейдегі жарыстар көрсетіледі.

Жүйелі негізде түрлі іс-шаралар өткізіліп келеді. 2011 жылдан бастап асық ату жарыстары республикалық турнирлер бағдарламасына енгізілген, әртүрлі маңызды күндер мен мерекелер асық ату жарыстарынсыз өтпейді. Еуразия елдерінің спортшыларымен бірге «Алаш сақасы» республикалық турнирі өткізіледі. Асық ату элементі Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының спорттық бағдарламасына енгізілген. Елдің барлық аймақтарында ұлттық спорт мектептерінде асық ату бойынша секциялар ашылған, бұл жастар арасында осы ойынды насихаттауға ықпал етеді. 2022 жылдың 1-4 желтоқсанында Астанада асық ату бойынша алғашқы Азия чемпионаты өтті, ал 2022 және 2024 жылдың қыркүйек айларында Румынияның Констанца қаласында әлем кубогы ұйымдастырылды, 2024 жылдың қыркүйегінде Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары және Әлем чемпионаты өтті. Сондай-ақ барлық аймақтарда Қазақстан Республикасының чемпионаттары алты жас санаты бойынша ұйымдастырылды.

Асық ойынының мәдени фестиваль бағдарламаларына енгізілуі дәстүрлі ойынға және басқа да қазақ мәдениетінің элементтеріне кең аудиторияның назарын аударуға көмектесті, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етті.

Ойынды ЮНЕСКО тізіміне енгізу материалдық емес мәдени мұраны сақтау және танымал ету саласында халықаралық ынтымақтастық үшін мүмкіндіктер ашты.

Ойын туралы деректі фильмдер мен оқу бейнематериалдарын тарату білім беру ісіне және қазақ мәдениеті туралы хабардарлықты арттыруға ықпал етеді.

Жоғарыда аталған іс-шараларды өткізудің нәтижесінде ойын тек мәдени мұраның маңызды элементі ретінде сақталып қана қоймай, жаңа даму бағытын анықтап, ұлттық бірегейліктің маңызды бөлігіне айналды.

С.5. Жергілікті қауымдастықтың қатысуы

Ойынды насихаттауда маңызды рөл атқаратындар – жергілікті қауымдастықтар, топтар мен жеке тұлғалар, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар. Әртүрлі топтар мен ұйымдардың қатысу мысалдары олардың асық ату ойынын қорғауға және насихаттауға деген нық көзқарасы мен әрі жан-жақты дайындықтарын көрсетеді. Соңғы жылдары біздің отандастарымыз арасында ойынның таралуы артып келеді. Ойынды сақтау мен қорғаудағы маңызды қауымдастықтар қатарында Көшпенділердің асық спорты халықаралық федерациясы, Республикалық және облыстық «Асық ату» федерациялары бар, мұнда кәсіби жаттықтырушылар мен басқа да ынталы азаматтар білім береді. Көп жағдайда мұндай клубтар ерікті негізде ашылып, жергілікті қауымдастықтардың қолдауын ие. Бұл асық ату ойынының жергілікті мәдениет үшін маңызды екенін көрсетеді. Қазақстанның қалалары мен ауылдарында ұлттық мерекелер, мерейтойлар аясында асық ату бойынша көптеген сайыстар өткізіледі. Мұндай іс-шаралар қоғамдық байланыстарды нығайтуға және ұлттық ойынды таратуға ықпал етеді, көптеген қатысушылар мен көермендерді тартады. Жастарды шабыттандырып, асық ату ойынына назар аудартатын белгілі спортшылар мен жаттықтырушылар арасында Асық ату бойынша мемлекеттік жаттықтырушы Жомарт Оразовты, Жастар және жасөспірімдер арасында асық атудан ҚР ұлттық құрамасының аға жаттықтырушысы Қожамжар Дүйсенбайды, Жастар және жасөспірімдер арасында асық атудан ҚР ұлттық құрамасының аға жаттықтырушылары Перизат Елемес пен Жомарт Сабыржановты, Ақмола облысы спорт басқармасы жанындағы Ұлттық спорт түрлері жоғары мектебінің жаттықтырушысы, дәстүрлі спорт түрлері бойынша ұлттық санаттағы төреші Әукенов Самат Базарбекұлын атап өтуге болады.

Асық ату ойынын зерттеуге педагогтар, магистранттар мен докоранттар қызығушылық танытуда. Әсіресе, жас археологтардың ғылыми зерттеулерін атап өткен жөн. Мысалы, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының кіші ғылыми

қызметкері Шағырбаев Мәмбет Сапарбекұлы «Асықтарды пайдалану тарихына шолу»[64] атты мақаласын жариялады.

Бұл элементтің ұлттық және халықаралық деңгейде сақталуы мен насихатталуында ҚР ТжСМ-нің рөлі зор. Асық ату ойынын қолдайтын басқа маңызды ұйымдар қатарында түрлі мәдени және спорттық үкіметтік емес ұйымдар бар. Бұл ұйымдар ойынның сақталуы мен насихатталуына бағытталған іс-шаралар өткізіп, оның дамуына ықпал ететін фестивальдер мен сайыстар ұйымдастырады.

Ойын БАҚ арқылы кеңінен таралуда, атап айтқанда «Хабар», «Абай», «Qazsport» телеарналарында, Қазақ радиосында, интернет-платформаларда және әртүрлі мәдени іс-шараларда насихатталуда. Деректі фильмдер, бағдарламалар түсіру, сондай-ақ спортшылармен сұхбаттар ойынға деген қызығушылықты арттырады.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлеуметтік ғылымдар факультетінің Дене шынықтыру және спорт кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы асық ату ойынында жетістікке жеткен студенттерге дәрістер өткізеді.

С.6. Институционалды контекст

Асық ату ойынын қорғау және дамыту, осы ойынға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды үйлестіру, сондай-ақ оның сақталуы мен дамуына қолдау көрсету және қаржыландырумен ҚР ТжСМ айналысады. Дүниежүзілік деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыру және ережелерді стандарттау мәселесінде маңызды рөл атқаратын ұйым – Көшпенділердің асық спорты халықаралық федерациясы. Бұл ұйым әртүрлі елдердегі асық ату федерациялары арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз етуге көмектеседі. Сонымен қатар халықаралық жарыстар ұйымдастырып, әлемдік деңгейдегі чемпионаттар мен Азия немесе өңірлік ауқымдағы турнирлер өткізеді, дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында осы ойынды насихаттайды.

Асық ату ойынын сақтау мен қорғауға қатысатын қауымдастықтар арасында Республикалық және облыстық «Асық ату» федерацияларын да атап өтуге болады. Олар қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін осы спорт арқылы насихаттайды. Федерациялар турнирлер өткізеді, өңірлік және республикалық жарыстарға дайындықты үйлестіреді, сондай-ақ тәжірибелі жаттықтырушыларды даярлау және сертификаттаумен айналысады. Олар жергілікті деңгейде алаңдар мен спорттық жабдықтармен қамтамасыз етеді.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімдік есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтың қатысуы

Асық ату ойынынан есеп дайындау барысы бірнеше маңызды шараларды қамтыды, олардың мақсаты – қауымдастықтардың, топтардың, жеке тұлғалардың және сәйкес келетін үкіметтік емес ұйымдардың кеңінен қатысуын қамтамасыз ету. Бұл шаралар барлық мүдделі тараптардың пікірлері мен тәжірибесін көрсететін әртүрлі және толық ақпаратты жинауға ықпал етті. Әлеуметтік желілер мен http://ultsport.kz/asykatukz ресми сайтын, сондай-ақ Instagram https://www.instagram.com/asyq_int_federation парақшасы арқылы кең аудиторияны тарту жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Бұл жеке кездесулерге қатыса алмаған адамдардан кері байланыс алу мүмкіндігін берді.

[64]Шағырбаев, М. С. (2019, 30 қазан). Асықты пайдалану тарихына шолу. Адырна. https://adyrna.kz/post/25568

ЖЫЛҚЫШЫЛАРДЫҢ КӨКТЕМГІ ҒҰРЫПТАРЫ / ҚЫМЫЗМҰРАНДЫҚ (2018)

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Бұл элемент көктем-жаз маусымындағы бие сүтінен қымыз жасаудың өндірістік тәжірибелермен тікелей байланысты. Қазақстанда жылқы шаруашылығы беделді әрі экономикалық жағынан тиімді кәсіп түрі. Жылқы етінің, бие сүтінің және қымыздың нарықта жоғары сұранысқа ие болуы элементті сақтаушылардың экономикалық тұрғыдан табысты болуға мүмкіндік береді. Қазақстанда жылқы етін қыста сүрлеу мәдениеті жақсы дамыған және той, жаназа және ас беру рәсімдеріне қымызды көп мөлшерде пайдаланады. Пандемия кезінде қымыз өндірушілер COVID-19 дертімен ауырған науқастарды ауруханаларда емдік сусынмен қамтамасыз етті[65].

Бұл элементтің көрінісі негізінен Қазақстанның дала аймағымен – Сарыарқамен байланыстырылада. Алайда, басқа өңірлерде де кездеседі. Элемент жергілікті қауымдастықтың қоршаған ландшафтқа бейімделу стратегияларын, материалдық емес мәдени және әлеуметтік мұраны сақтауды көрсетеді.

Элемент қазіргі қазақ жылқышыларының тәжірибесіне, қазақ жылқышыларының ұрпақтарының мәдени жадына негізделген. Элемент жергілікті және аймақтық деңгейде дәстүрлі табынды жылқы шаруашылығы таралған өңірлерде көрініс табады. Оның тұрақты көріністері биелерді сауууды бастауға қатысты рәсімдік іс-шаралар арқылы байқалады – Бие байлау – бие сауу уақытының басталуымен – және алғашқы қымыз мерекесі – Қымызмұрындық түрінде сақталған. Жергілікті қауымдастықтар арасындағы құндылықтық бағдарлар дәстүрлі нормалар жүйесімен анықталады. Бұл өзкезегінде ата-бабадан қалған төл кәсіп – жылқышылықты әрі қарай дамытуға бағытталған.

Элементтің жүзеге асуы барысында малдың сүт өнімділігін арттыруға бағытталған ерекше әдет-ғұрыптық тәжірибелерге негізделген ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылады. Оған ұлттық ат ойындары (асау үйрету, көкпар), жарыстар (аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу) және бәйге, қалжыңды сайыстарға жататын – қымыз ішуден жарыс, ет жеуден – мешкейлер жарысы, әйелдер күресі – қатын күрес, сондай-ақ ортақ ас ішу дәстүрі кіреді.

Элементті сақтаушылар мен практиктерінің гендерлік рөлдік ерекшеліктері бар. Дәстүрлі тәжірибелерде «ерлер» мен «әйелдер» рөлдерінің өз орындары сақталған. Ерлердің рөлі бие байлау үшін жерді таңдау мен дайындап, құрал-жабдықтарды әзірлеуде көрініс табады: желі байлау, қазық қағу, және қазық қағуға арналған ағаш балғаны дайындау, құлындарды жақындату және сауу кезінде оларды ұстап тұру. Бұл жұмыстармен негізінен ересек ер адамдар айналысады, сондай-ақ кейде жас жігіттер мен жасөспірімдер айналысады. Әйелдердің міндеттері сүт өнімдерін, май немесе қаймақ дайындау, қымыз ашытқысы мен биені сауууға және қымыз әзірлеуге арналған ыдысты дайындау, бие сауу, сондай-ақ дастарханды әзірлеуден тұрады. Қазақтарда сиыр сауудың бие сауудан айырмашылығы, ер адамға лайықсыз іс ретінде қарастырылмайды.

Элементтің ойындық қызметі жылқы ойындары мен түрлі көңіл көтеру шараларында көрініс табады. Элементтің материалдық жағы дәстүрлі қымыз құятын ыдыстар мен ұлттық киім түрлерін сақтауға ықпал етеді, олар көбінесе көрмелерде көрсетіледі.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерді бағалау

Элементтің жарқын көріністерінің бірі – Терісаққан ғұрыптық кешені. Ұлытау

[65]Қарағанды облысының әкімдігі. (2021, 24 мамыр). Жайремдік еріктілер онкологиямен ауыратын науқастарға 200 литр қымыз берді. https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news/details/206066

облысының Ұлытау ауданына қарасты Терісаққан, Амангелді, Шеңбер және Қаракеңгір ауылдық округтерінің қауымдастықтары элементті сақтау мен дамыту мақсатында оның таралу аймағын кеңейтуге күш салуда. Бұған Ұлытау облысындағы «Ұлы Тағзым» қоғамдық қоры да өз үлесін қосуда. Аталған қор 2020 жылдан бастап Қазақстаннан ЮНЕСКО-да аккредитациядан өткен жалғыз үкіметтік емес ұйым.

2019 жылдан бері бұл элемент Ұлытау облысында ұйымдастырылатын «Терісаққан көктемі», «Ұлытау қымызы», «Көкмайса» сынды іс-шараларда толық көлемде өткізіліп келеді. Элементтің тұрақтылығы, таралуы және жиілігі оның түрлі аймақтарда 2012-2024 жылдар аралығында өткізілген мерекелік іс-шараларымен дәлелденеді. Олар: Ақсу (2015, 2018), Алматы (2021), Астана (2015), Павлодар (2023), Тараз (2015), сондай-ақ Ақмола (2022), Ақтөбе (2019) облыстары. Сонымен қатар 2 іс-шара Алматы облысындағы «Мыңжылқы» және «Қарқара» жайлауларында (2012, 2023, 2024), Жамбыл облысының Талас және Жамбыл аудандарында (2018, 2022, 2023) арнайы 2 іс-шара өтті. Элемент сондай-ақ Шығыс Қазақстан (2017, 2018), Батыс Қазақстан (2018, 2019, 2022-2023), Қарағанды (2024), Қостанай (2018, 2020-2021), Павлодар (2015), Түркістан (2017) облыстарында және Ұлытау облысында (2012-2024) ұйымдастырылған іс- шараларда көрініс тапты.

C.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің қолдауымен «Ұлы Тағзым» қоғамдық қоры 2023 жылдың мамырында Түркиядағы қымыз өндірумен айналысатын қазақ диаспорасы өкілдерінің көмегімен «Kazak obası»[66] аймағында «Қымыз Fest»[67] мерекесін өткізді. Мерекеде бие сауу рәсімі көрсетіліп, қатысушылар қымыз дайындау барысы таныстырылды. Қымыз фестиваліне жергілікті тұрғындар, Түркияның саясаткерлері мен мәдениет қайраткерлері қатысты. Түркияның жоғары оқу орындарында білім алып жатқан Қазақстандық студенттер қонақтарға қазақтың ұлттық тағамдарын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын таныстырды.

ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне элементтің енгізілуі материалдық емес мәдени мұраның айқындылығы мен маңыздылығын түсінуге, жергілікті және ұлттық деңгейде хабардарлықты арттыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл әсіресе элементті қайта жаңғырту іс-шараларының статистикасы арқылы айқын көрінеді.

Батыс Қазақстан облысындағы жергілікті қауымдастық өкілдері элементтің ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілгені туралы хабардар болған соң, келесі жылдың маусым айында Теректі ауданында «Қымызмұрындық-2019» этнофестивалін ұйымдастырды. Фестиваль элементтің тізімге енуі материалдық емес мәдени мұраны насихаттауға және оның жергілікті деңгейдегі маңыздылығы туралы ақпаратты арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Жалпы, бұл өңірде қымыз мерекесін атап өту тәжірибесі 2018, 2022, 2023 жылдары кездеседі.

C.4. Элементті қолдау және дамыту үшін жасалып жатқан шаралар

Бір ғана адамның элемент туралы насихаттауы оның маңыздылығын жергілікті және ұлттық деңгейде ақпараттың артуына ықпал ете алады. 2022 жылғы 31 наурызда басталған «Сіз Ұлытаумен таныссыз ба?» атты жаяу марафоны Жаңаарқа ауданының тумасы, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорығының

---

[66]Малгаждарова, И. (2022, 3 апреля). (2022, 3 сәуір). 72 жастағы ақсақал Қазақстан бойынша жаяу марафонға аттанды. NewTimes.kz. https://newtimes.kz/obshchestvo/147511-72-letnij-aksakal-otpravilsya-v-peshij-marafon-po-kazahstanu

[67]Чукубаев, А. (2023, 24 сәуір). «Қымыз Fest» фестивалі алғаш рет Түркияда өтті. Казинформ. https://www.inform.kz/ru/festival-kymyz-fest-vpervye-proshel-v-turcii_a4070193

бұрынғы қызметкері, еңбек ардагері, 72 жастағы Сәрсенбай Қотырашовтың бастамасымен ұйымдастырылып, элемент туралы ұлттық деңгейде ақпараттың артуына ықпал етті. Марафоншының басты мақсаты өз саяхатында кездескен ауылдар мен қалалардың тұрғындарына элементті таныстыру арқылы насихаттау. Оның жолы Ұлытаудан басталып, Қызылорда, Түркістан, Шымкент, Тараз, Алматы, Талдықорған, Аякөз, Семей, Павлодар, Астана, Көкшетау, Петропавл, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Атырау, Бейнеу арқылы өтіп, 2022 жылдың қазан айының ортасында Ақтауда мәресіне жетті. 181 күн ішінде марафоншы 8 мың шақырым жолды еңсерді, сапар барысында қымыздың шипалы қасиеттері мен оның қазіргі адамдар үшін маңыздылығы туралы үнемі айтып отырды. Марафоншыға ақпараттық қолдауды ЮНИСЕФ қоры көрсетті.

Элементті зерттеп, оны насихаттауға қызығушылық танытатын зерттеушілердің саны артып келеді, сондай-ақ оны тәжірибеде қолданатын жергілікті қауымдастықтар мен сақтаушылардың қатары кеңеюде. Тек 2022-2023 жылдар аралығында Қазақстанда А. Тоқтабайдың «Конный мир казахов»[68] және З.К. Сураганова, Е.Н. Романова, З.Ж. Наурызбаева авторлығымен жарық көрген «Кумысный праздник степного мира Евразии: лейтмотив, память и идентичность»[69] атты еңбектер басылып шықты. Бұл кітаптар энциклопедиялық сипатқа ие болып, жылқы мәдениетінің бірегейлігін айқындап, элементтің қазақ және жалпы еуразиялық мәдениеттегі орнын сипаттайды.

С.5. Жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Қауымдастықтар, топтар мен жеке тұлғалардың, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың ықпалын растайтын мысалдардың бірі – элементтің қатысуымен өткізілген 40-қа жуық мерекелік шара мысал бола алады. Бұл 2012-2024 жылдар аралығын қамтиды. Олардың ішінде қалалық форматтағы Астанада өткен Халықаралық «Қымызмұрындық» мерекесі, Ақсу қаласындағы «Қымызмұрындық» этнофестивалі, Алматы, Павлодар, Тараз қалаларында ұйымдастырылған «Дүниежүзілік қымызмұрындық», сондай-ақ 11 облыста ауылдық жерлерде мерекелік іс-шаралар өткізілді.

Аталған аймақтарда элементтің маңызды құрамдас бөліктері – «бие байлау» рәсімі мен көпшілікке арналған «Қымызмұрындық» мерекесінің өзектілігі артуда. Ұлытау өңірінде осы элементті дәріптейтін түрлі мерекелік іс-шаралар өткізіледі, олардың қатарында «Терісаққан көктемі», «Ұлытау қымызы»[70] (2017-2018) және «Көкмайса» фестивалі ерекше орын алады. Элементтің өзектілігін арттыруға бағытталған маңызды іс-шаралар – Астанадағы Халықаралық «Қымызмұрындық» мерекесі, Таразда өткен «Дүниежүзілік қымызмұрындық» және Түркияда ұйымдастырылған «Қымыз Fest» тек қазақстандықтарды ғана емес, сонымен қатар Ресей Федерациясының Саха Республикасынан (Якутия), Қырғызстаннан және алыс шетелден келген қонақтардың қызығушылықтарын оятты.

С.6. Институционалдық контекст

Элементтің дамуы мен оны қорғау бойынша жалпы мониторингті Қазақстан Республикасының МАМ жүзеге асырады. Элементпен тікелей байланысты және оны қорғауға, әрі дамытуға ықпал ететін ұйым – «Ұлы Тағзым» қоғамдық қоры. Оның өкілдері Б.У. Салықова мен Б.С. Қожахметов жергілікті қауымдастықтардың, атап

---

[68]Токтабай, А. (2022). Конный мир казахов. Алматы: Алматы Кітап Баспасы.

[69]Сураганова, З. К., Романова, Е. Н., & Наурзбаева, З. Ж. (2023). Кумысный праздник степного мира Евразии: лейтмотив, память и идентичность. Астана: Алтын Кітап.

[70]Нұрланұлы, Р. (2017, 3 июля). Қарағанды облысында «Ұлытау қымызы» этнофестивалі өтті. Qazaqstan TV. https://qazaqstan.tv/news/77820/

айтқанда, Ұлытау облысының Терісаққан, Амангелді, Шеңбер және Қаракенгір ауылдық округтерінің қолдауымен көптеген жылдар бойы элементтің жандануына және сақталуына үлес қосып келеді.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Бұл есепті дайындау барысында Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Ұлттық комитеттің материалдары пайдаланылды. Сондай-ақ оларды «Ұлы Тағзым» қоғамдық қорының негізін қалаушысы Б.С. Қожахметов, аталмыш қордың басшысы Б.У. Салықова, ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы МЕММ қорғау жөніндегі ұлттық комитеттің мүшесі В.В. Шахгулари, «Заң» ЖШС құрылтайшысы, «Қазақ қымызы» қымыз өндірушілер қауымдастығының төрағасы, 2015 жылы Тараз қаласында өткен «Дүниежүзілік қымызмұрындық» аясында Жамбыл облысында элементтің дамуына ықпал еткен іс-шаралардың бастамашысы және Алматы, Астана және Тараз қалаларында қымыз өндіру мен оның танымалдығын арттыруға арналған ғылыми-тәжірибелік конференциялардың ұйымдастырушысы Дүйсенбек Ыбыналиевтің (1946-2024) қызы Э.Д. Ыбыналиева ұсынды.

ҚОРҚЫТ АТА МҰРАСЫ (2018) / ХАЛЫҚ АҢЫЗДАРЫ ЖӘНЕ МУЗЫКА

Қорқыт ата – түркі әлемінің ұлы тұлғаларының бірі, түркі халқына баға жетпес әрі бірегей мәдени-философиялық және әдеби-музыкалық мұра қалдырған қайраткер. Ол қазақ даласында дүниеге келіп, өмір сүріп, осы жерде көз жұмған. Оның әдеби-философиялық көзқарастары, музыкалық шығармалары, шешендік өнері мен өмірлік өсиеттері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, тек түркі халықтары арасында ғана емес, бүкіл әлемде жоғары бағаланады. Қорқыт ғасырлар бойы қоғам қайраткері, музыкант, шаман, бірнеше күйлердің авторы және орындаушысы, қобызды алғаш жасаушы, көріпкел, ойшыл әрі жырау ретінде танылып, шешендік өнер мен даналықтың үздік үлгілерін кейінгі ұрпаққа мирас етті.

Қазіргі түркі халықтары Қорқыттың біртұтас бейнесін сақтаған, дегенмен оған әр халық өздерінің мәдени-тарихи ерекшеліктерін де қосады. Дәстүрлі дала интерпретациясында Қорқыт шамандық көзқарастың тасымалдаушысы, жыршы және күй орындаушысы ретінде көрініс тапса, Оғыздардың (түрік) тарихи деректерінде исламдық дүниетаным элементтерімен түсіндіреді.

Бүгінгі күні Қорқыттың «Қорқыт», «Башпай», «Аққу», «Күй Тәңірі», «Желмая», «Елім-ай», «Ауппай», «Ұшардың ұлуы», «Қорқыт сарыны-1», «Қорқыт сарыны-2» күйлері сақталған. Қорқыт күйлері өз мазмұны бойынша тағдырдың бұлтартпастығын ашып көрсетеді, өмірдің өтпелілігі мен өзгермелілігін суреттейді, адам жанының мұңды әрі қайғылы иірімдерін бейнелейді.

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Элемент әлеуметтік, мәдени және моральдық құндылықтарды қамтиды, олар: ерлік, диалогқа ашықтық, физикалық және рухани әл-ауқат пен бірлік, сондай-ақ табиғатқа деген құрмет, түркітілдес қауымдастықтардың тарихы мен мәдениеті туралы терең білімді қамтиды.

Элементтің негізгі сақтаушылары мен практиктері – қобыз және домбыра сияқты дәстүрлі музыкалық аспаптарда күй орындайтын музыканттар, сондай-ақ Қорқыт туралы эпостың аңыздық эпизодтарын баяндайтын жыршылар. Олар элементті жас ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Қорқыт ата эпосы – ежелгі

түркі тайпаларының өмір салты туралы баға жетпес білім көзі, ол ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан құндылықтарды әлеуметтік және мәдени жадының ажырамас бөлігі ретінде сақтайды. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметін бейнелейтін негізгі қағидаттарға мыналар жатады: отбасы институтын нығайту және отбасындағы әйелдің рөлін құрметтеу, ортақтық пен ынтымақтастық сезімін дамыту, қонақ жайлылық, әділеттілік пен адалдықты дәріптеу, әртүрлі әлеуметтік және мәдени ортадан шыққан адамдарға құрмет көрсету.

Элементке байланысты мерекелік іс-шаралар Түркі әлемі қауымдастықтарының қатысуымен көптеген қалаларда өткізіледі. Іс-шаралар негізінен әртүрлі мәдени орта мен әлеуметтік топтардан шыққан, әр жастағы және жыныстағы адамдарды біріктіріп, олардың әлеуметтік және мәдени байланыстарын нығайтады. Сонымен қатар элемент туралы ақпараттарды арттырып, қауымдастықтардың ұлттық және мәдени бірегейлігін қамтамасыз етеді.

C.2. Оның өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерді бағалау

Қорқыт ата эпосының өміршеңдік деңгейі Қызылорда облысында айқын көрінеді. Элемент ресми және бейресми жолдармен ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Эпопеяны баяндаушылар мен музыкалық орындаушылар өз білімдері мен шеберліктерін шәкірттеріне үйретуде. Қорқыт ата эпосында айтылатын аңыздар, тарихи оқиғалар, әлеуметтік және діни құндылықтар ауыз әдебиетінде маңызды орын алып, мәдени жадының ажырамас бөлігіне айналған.

Қызылорда және Алматы облыстарындағы қауымдастықтар Қорқыт эпосынан мақал-мәтелдер мен даналық сөздерді жинақтап келер ұрпаққа жеткізуде. Қорқыт ата эпосына қатысты ғылыми зерттеулер мен жарияланымдар да элементтің өміршеңдігін сақтаудың маңызды рөлін атқарып, жазбаша және ауызша ақпарат тасымалдаудың негізгі ресурстары болып қала береді. Тағы бір ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаудың маңыздылығы – ғалымдар, зерттеушілер мен мұғалімдердің қатысуымен қатысты ресми білім беру жүйесінің болуы.

C.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

1989 жылдан бастау алған Қызылордадағы түркі халықтарының дәстүрлі музыкасына арналған халықаралық фестиваль өткізу дәстүрі 2006 жылы «Қорқыт және Ұлы Дала музыкасы»[71] атауымен қайта жаңғыртылып, жыл сайын халықаралық TÜRKSOY ұйымымен бірлесіп фестиваль ұйымдастырылуда.

2019 жылы халықаралық музыкалық форумға Түркия, Сербия, Грузия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан, Башқұртстан, Саха Республикасы (Ресей Федерациясы) және Қазақстанның барлық өңірлерінен келген фольклортанушылар, өнертанушылар, музыка танушылар, филологтар мен музыка шеберлері қатысып, фестивальға деген зор қызығушылық білдірді. Қазақстанда жастар жылы жариялануына байланысты бұл форумға алғаш рет түркітілдес елдердің жас музыканттары да шақырылды. Музыкалық мерекенің салтанатты ашылуы Достық үйі алаңында қатысушылардың ұлттық киімде театрландырылған қойылымдар көрсетуімен өтті.

Фестиваль аясында «Қорқыт мұрасының түркі әлеміндегі рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Оған Ресей, Түркия, Әзербайжан, Иран, Грузия, Сербия, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстаннан келген ғалымдар мен өнер шеберлері қатысты.

Қорқыт ата мұрасының ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілуімен оның шығармашылығын насихаттау және зерттеу мақсатында «Жыр мұра» жобасы

---

[71]Ли Юрий. (2019, 1 қазан). Қорқыт және Ұлы дала әуендері. Казахстанская правда. https://kazpravda.kz/n/korkyt-i-melodii-velikoy-stepi-8s/

(2018 жылдан бастап) жүзеге асырылуда. Осы жоба аясында облыс аудандарында қобызбен сүйемелденетін күй орындаушыларына арналған 14 үйірме ашылды, ал 4 аудандық орталықта Жыршылар мектептері құрылды. Сонымен қатар облыстық филармония жанынан жас орындаушылардан құралған «Қорқыт сазы» ансамблі құрылды, оның жетекшісі – Айнуза Берікболқызы. «Қорқыт сазы» ансамблі – аймақта ғана емес, бүкіл республикада теңдесі жоқ музыкалық ұжым. Бұл ансамбльде көне ысқыш аспабының барлық түрлері қамтылған, ансамбль дәстүрлі қылқобыздан бастап нарқобыз және сымқобызға дейін ойнайды.

С.4. Элементті қолдау және дамыту үшін жасалған шаралар

Қорқыттану тек түркологияның ғана емес, сонымен қатар әлемдік мәдениеттану, философия тарихы, шешендік өнер, музыка және әдебиеттің маңызды әрі ажырамас бөлігі. Түркі халықтарының рухани қазынасында Қорқыттың екі үлкен шығармалар түрі сақталған. Бірінші түрі – Қорқыттың философиялық дүниетанымын баяндайтын күйлері мен аңыздары. Екінші түрі – «Қорқыт Ата» кітабы.

Қорқыт зерттеу орталығы мен Қызылорда университеті Қорқыт шығармашылығын қазіргі заманғы түсінік тұрғысынан зерттеумен айналысады. Зерттеу орталығы университетпен бірлесіп, жаңа ғылыми нәтижелерді таныстыру мақсатында тұрақты түрде ғылыми конференциялар өткізеді.

С.5. Жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Қорқыт ата мұрасы күрделі болып келеді сондықтан үйлестірілген академиялық көзқарасты қажет етеді. Сондықтан ғылыми қауымдастықтар фольклорлық зерттеулерге, философиялық және этикалық тұжырымдарға, сондай-ақ этномузыкатану тұрғысынан қарастырылады. Қобызда ойнау техникасымен өзін байланыстыратын (орындаушылар) күйшілер элементтің практикасын дамытуға, білім мен дағдыларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді.

Қауымдастықтардың, топтардың, жеке тұлғалардың және үкіметтік емес ұйымдардың қобыз тарту өнерін қорғау мен ілгерілетуге қатысуы қазақ мәдени мұрасын сақтау мен дамытуда айрықша рөл атқарады.

С.6. Институционалдық контекст

ҚР МАМ жалпы мониторингі нәтижиесінде бұл элемент бойынша жеке қауымдастықтар ұсынылмаған. Қорқыт зерттеу орталығы мен Қызылорда университеті ғылыми зерттеулермен айналысады. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Қорқыт Ата» эпосы мен оған қатысты фольклорлық компоненттер бойынша зерттеуді жүзеге асырады.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

«Қорқыт Ата» эпосы мен байланысты мәдени дәстүрлердің әртүрлі аспектілерін зерттеу мақсатында дайындалған мерзімдік есеп аясында қауымдастықтың жекелеген мүшелерімен (зерттеушілер, практиктер, сақтаушылар) сұхбат өткізілді. Атап айтқанда, жыршы-жыраулар эпикалық жыршылар мен күйші) – Әбіш Әділбек, Серік Сүйіндік, сондай-ақ «Қобыз Сарыны» фольклорлық ансамблінің жетекшісі Бекназар Қақалеев (Алматы облысы), «Қобыз Сазы» фольклорлық ансамблінің жетекшісі (Қызылорда облысы) Айнуза Берікболқызы қатысты.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ (2021)

Қазақтың ежелгі ұлттық ойындарының бірі – тоғызқұмалақ. Бұл – логика мен тапқырлыққа негізделген үстел ойыны, математикалық ойлау қабілетін және төзімділікті дамытуға арналған. Ойынның негізі тоғыз санына (9x9=81 және 2x9x9=162) сүйенеді, бұл сан ежелгі түркілер мен моңғолдар үшін қасиетті болып саналған. Ғалымдар бұл ойынды «Шопандар алгебрасы» деп атаған, себебі ойын барысында қарсыластар төрт негізгі математикалық амалды қолданады. Тоғызқұмалақ тек есептеу жылдамдығына ғана емес, сонымен қатар дағдыларды, төзімділікті дамытады, ал балалар үшін ұсақ моториканы жетілдіруге пайдалы.

Тоғызқұмалақ ойынының қазақ мәдениетінің бір бөлігі ретінде танылуының өзіндік күрделі тарихы бар. Тоғызқұмалақ туралы орыс тіліндегі алғашқы мақаланы 1906 жылы Қазанда этнограф Н. Пантусов жариялаған. 1936 жылы түркітанушы С. Аманжолов толықтай тоғызқұмалақ ойынына арналған алғашқы кітапты жазды. 1974 жылы әріптік белгілеуді сандық жүйеге ауыстырылды, бұл жаңашылықтың авторы С. Тлеубаев. Осы жылы Қазақ КСР-нің Тоғызқұмалақ федерациясы құрылды.

Тоғызқұмалақ тарихта алғаш рет 2006 жылы Лондонда өткен зияткерлік ойындар олимпиадасының бағдарламасына енгізілді, кейін 2008 және 2009 жылдары Чехияда өткен Дүниежүзілік зияткерлік ойындар олимпиадасының бағдарламасына қосылды.

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

200 мыңнан астам тоғызқұмалақпен ресми түрде айналысатын спортшылардың басым бөлігі 10-30 жас аралығындағы жастар. Сонымен қатар егде жастағы ойыншылар да кем емес. Бастауыш сынып оқушыларының нақты санын анықтау қиын, өйткені еліміздің көптеген мектептерінде тоғызқұмалақ бірінші сыныптан бастап факультативтік пән ретінде енгізілген.

Қазіргі уақытта тоғызқұмалақтан 20-дан астам елдің спортшыларының қатысуымен 6 әлем чемпионаты, сондай-ақ 6 Азия чемпионаты және 5 Еуропа чемпионаты өткізілді. Ұлттық федерацияның http://9kumalak.com/ сайтында әр алты ай сайын спортшылардың рейтингі жаңартылып отырады. Сонымен қатар YouTube арналары соңғы он жылдағы жетекші спортшылардың рейтингтерінің визуализациясын ұсынады.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерді бағалау

Элемент жоғары өміршеңдікке ие және мәдени алмасуды қамтамасыз ете отырып, әртүрлі жастағы ойыншылардың өзара әлеуметтенуі мен мәдени байланысты нығайтуға мүмкіндік жасайды. Осылайша, тоғызқұмалақтың тұрақтылығы, ұрпақтар арасындағы дағдылар мен шеберлікті таратып, мәдени бірегейлікті күшейтеді. Элементтің сақтаушылары мен практиктері – қауымдастықтар, топтар, сондай-ақ өзін-өзі дамыту мақсатында ойнайтын жеке тұлғалар.

Қазіргі уақытта елімізде тоғызқұмалақ ойынымен айналысатындардың саны 200 мыңнан асады. Шетелде тоғызқұмалақ ойнайтындардың қатарына этникалық қазақтармен қатар, Ұлыбритания, Швейцария, Франция, Германия, Испания, Түркия, Чехия, Ресей, Украина, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан, Колумбия, Антигуа және Барбуда сияқты елдердің жергілікті тұрғындары да кіреді.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Қазақстанда тоғызқұмалақ өте танымал. Әр облыста Ұлттық федерация құрамына кіретін және ауылдар мен аудандарда спорт клубтарын, орталықтар

немесе секцияларын біріктіретін федерациялар жұмыс істейді. Тоғызқұмалақ ойыны Қазақстанның мәдени және спорттық өміріне енуі оның халықаралық деңгейде насихатталуы материалдық емес мәдени мұраны кеңінен танытуға және оның маңыздылығы туралы ақпараттарды арттыруға айтарлықтай ықпал етті. Жергілікті деңгейде дәстүрлерді сақтау мен оларды кейінгі ұрпаққа жеткізу мәдени бірегейлікті нығайтып, әлеуметтік тұтастықты күшейтеді. Элементтің БАҚ-та кеңінен насихатталуы мен мемлекеттік қолдау арқасында ұлттық деңгейде ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастырып, дәстүрге деген құрметті арттыруда. Халықаралық деңгейде Қазақстанның бай мәдени дәстүрлеріне назар аудару арқылы оның әлемдік деңгейде мойындалуына ықпал етіп, қазақ мәдениеті туралы ақпаратты арттырады.

С.4. Элементті қолдау және дамыту үшін жасалып жатқан шаралар

Әр облыста Ұлттық федерация құрамын кіретін тоғызқұмалақ федерациялары жұмыс істеді. Онда әртүрлі ауылдар мен өңірлердегі спорттық клубтар, орталықтар мен секциялар біріктірілген.

Жарыстар облыстық федерациялар тарапынан облыстық туризм және спорт басқармаларының ұлттық спорт түрлері бөлімдерімен бірлесіп, ҚР ТжСМ жарыстарының күнтізбелік жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Мұндай жарыстарға аудандық деңгейдегі сайыстардың жеңімпаздары қатысады.

Елімізде көптеген турнирлер өткізіледі, олардың ішінде ең беделдісі – Қазақстан чемпионаты. Қазіргі күні тоғызқұмалақтан 150 спорт шебері, 40 халықаралық дәрежедегі шебер және еңбек сіңірген спорт шеберлері бар.

Әдетте, ең төменгі деңгейдегі жарыстарға (клубтар, секциялар) жаттықтырушы шақырылады, бұл оның спорттық-педагогикалық қызметінің бір бөлігі болып табады. Одан кейін федерация регламенттері мен жарыс ережелеріне сәйкес келесі деңгейдегі сайыстарға іріктеу жүргізеді. Бұл мәселелер төрешілер мен апелляциялық комиссиялардың құзыретіне кіреді, олардың құрамына ең беделді жаттықтырушылар мен спорт ардагерлері таңдалып, тағайындалады.

Тоғызқұмалақ ойынын дамытудағы негіздер жалпы білім беру және спорт мектептерінде орналасқан. Бұл ретте мектеп оқушылары мен ересектер үшін ережелерде түбегейлі айырмашылық жоқ, бәрі ойыншының спорттық жетістіктеріне байланысты анықталады. Бастапқы дайындық кезеңінде жаңадан үйренушілер үшін тоғыз емес, бес немесе жеті ұялы ойын алаңы қолданылады. Көптеген жалпы білім беретін мектептерде тоғызқұмалақ факультатив ретінде оқу бағдарламасына енгізілуі, ойыншылар қатарын айтарлықтай кеңейтті.

С.5. Жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Тоғызқұмалақ бойынша Ұлттық федерация осы МЕММ элементі туралы ақпарат жинауға арналған сауалнамаларды толтыруға қатысты.

С.6. Институционалдық контекст

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі элементтің жағдайына жалпы мониторинг жүргізетін уәкілетті орган.

ҚР ТжСМ тоғызқұмалақ ойынын қорғау және дамыту жөніндегі уәкілетті орган болып табылады, оның сақталуы мен дамуына бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды үйлестіреді, сондай-ақ бастамаларға қаржыландыру мен қолдау көрсетеді.

«Тоғызқұмалақ федерациясы» қоғамдық бірлестігі ұлттық және халықаралық жарыстарды ұйымдастырады, жаттықтырушылар мен төрешілерді оқыту бағдарламаларын әзірлейді, турнирлерді өткізу ережелері мен стандарттарын жасайды, сондай-ақ жастарды спортқа баулу бағытында белсенді жұмыстар жүргізеді.

Жергілікті федерациялар барлық жастағы әуесқой ойыншылар үшін оқу-жаттығулар мен жарыстар өткізеді, жастар мен ересектерді ойын өнеріне баулиды,

жергілікті жарыстар ұйымдастырып, спортшылардың ұлттық және халықаралық турнирлерге қатысуына қолдау көрсетеді.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Ақпарат жинау аясында Мақсат Сатаев – тоғызқұмалақ ұлттық федерациясының атқарушы директоры және баспасөз хатшысы, Алмас Елеуов – Маңғыстау облысының ұлттық спорт түрлері орталығының әдіскері, сондай-ақ Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Таушық ауылының спорт мектебінің жаттықтырушы-оқытушылары Мөлдір Мұратова мен Дәулетбек Табылғанұлы қатысты.

«ОРТЕКЕ» ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕР: БИ, ҚУЫРШАҚ ЖӘНЕ МУЗЫКА (2022)

«Ортеке» қазақ дәстүрлі өнерінің ежелгі жанрының негізі дауылпазға (барабанға) орнатылған және домбырада ойнайтын әртістің саусақтарына жіппен бекітілген Тау ешкісінің икемді ағаш мүсіні. Фигура музыканың ырғағымен көңілді, би қимылдарын жасап, барабанның созылған терісіне аяқтарын тигізеді. Қозғалыс қарқынын домбырашы белгілейді, ол музыканы орындай отырып, бір уақытта барлық әрекеттерді өзі ойнайды. Қазақ Ортекесінде өнердің кем дегенде бірнеше түрі – фольклорлық, музыкалық-аспаптық, би мен ойын, театрлық-ойын-сауық және сәндік-қолданбалы элементтері көрініс табады.

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Ортеке - театрды, музыканы және қуыршақ қойылымын біріктіретін қазақтың ерекше орындаушылық өнер түрі. Халық өнері домбырамен, дәстүрлі екі ішекті аспаппен және ағаш қуыршақ орындайтын бимен музыкалық қойылымды қамтиды. Дәстүрлі барабанның бетіне металл шыбықпен бекітілген тау ешкі тәрізді ағаш қуыршақ музыканттың саусақтарымен бір немесе бірнеше ішекпен байланады. Музыкант саусақтарын домбыра ішектеріне игізгеннен кейін, барабан соққыларымен нақты түрде берілген музыкалық ырғаққа сәйкес секіру арқылы «қуыршақ жан біткендей қозғала бастайды». Кейбір орындаушылар бір уақытта үш немесе одан да көп қуыршақтарды ойнап, басқара алады.

Қойылым өзінің қарапайымдылығымен балаларды, ересектерді таң қалдырады. Халықтық мұра мен аймақтық бірегейліктің маңызды бөлігі ретінде Ортеке ұрпақтар арасындағы байланыс құралы ретінде де қызмет етеді. Ол қауымдастықтарда оқыту арқылы беріледі. Қуыршақ театрларының халықаралық фестивальдер мен өңірлік көркемсурет байқаулары Қазақстан мен көрші елдердің орындаушылары арасында дағдылар мен тәжірибе алмасуға арналған платформаға жатады.

Ортеке ата-аналар мен балалар арасындағы байланыс құралы ретінде қызмет етеді. Осылайша, әртүрлі ұрпақтар арасындағы байланысты көрсетеді. Бұл элеметтің білім беру қызметі бар, ол ересектердің жастарға Ортеке ойнаудың немесе құрудың негізгі әдістерін үйретуі. Сондықтан бұл музыкалық қойылым немесе театр өнері ғана емес, сонымен қатар білім беру компоненті.

С.2. Оның өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерді бағалау

Кеңес дәуірінде элемент әртүрлі саяси және идеологиялық себептермен ұмытылды, бірақ жекелеген сақтаушылар елдің барлық дерлік аймақтарында өмір сүрді. Ортекенің қайта өрлеуі XX ғасырдың бірінші жартысында басталды. Алайда, көптеген

жылдар бойы Ортеке ғалымдардың, мемлекеттік органдардың және жұртшылықтың назарынан тыс қалды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Ортекені және басқа да қауіп төніп тұрған МЕММ элементтерін қалпына келтіруге және қорғауға тиісті назар аударылды.

Ортеке фольклор мен музыкалық аспаптар, би мен ойын, театр және жаппай қойылым, сәндік-қолданбалы өнер сияқты бірнеше өнер түрлерін біріктіреді. Бұл синкритинизмге толы қойылымды тыңдап, назар аударған кезде оңай сезіледі. Элемент қазақтардың қоршаған ортаны ерекше қабылдауын және олардың көркемдік мәдени тәжірибелерінің байлығын көрсетуге мүмкіндік берді. Репрезентативтік тізімге енгізу осы элементті игерген өнерпаздардың шығармашылығын құрметтеуге және сақтаушылар қауымдастығына мәдени нысандарды құруға, көркемдік элемент жайлы адамдарды көбірек хабардар етуге көмектесті.

Қазіргі уақытта аталған білім мен дағдыларды беру элементпен байланысты қауымдастықтар мен сақтаушылар арқылы жүргізіледі, ол ұстаз-шәкірт өнерін оқытудың дәстүрлі жүйесі арқылы сақталады. Ортеке орындаушылары кәсіптік оқыту үшін мақсатты студенттік топтарды құрады. Алматыдағы «Kokil» музыкалық колледжі Ортеке өнерін зерттеу және тәжірибеден өткізу үшін зерттеу тобын құрды. Шеберлер дәстүрлі ұстаз-шәкірт жүйесін қолдана отырып, семинарлар мен шеберханаларда студенттерге дағдылар мен білім береді. Ортеке музыкалық қойылымы мен қуыршақ жасау өнері Қазақстандағы көркемдік білім беру жүйесінің оқу бағдарламалары мен жоспарларына енгізу ұсынылды. Халықаралық Ортеке фестиваль-биенналесі мен аймақтық қуыршақ байқаулары Қазақстан, Башқұртстан, Қырғызстан, Түркия, Тәжікстан, Әзербайжан және Беларусь шеберлері мен қуыршақ әртістері арасында оқыту мен дағдылармен алмасу үшін жақсы платформа ұсынады.

С.3. Элемент өкілдік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Ортеке - театрды, музыканы және қуыршақ қойылымын біріктіретін ерекше қазақ орындаушылық өнер түрі. Кейбіреулер ортекені көше театры дейді, басқалары оны музыкалық аспап деп айтуы мүмкін, ал енді бірі оны сәндік өнер деп санаса, балалар оны ойыншық ретінде қабылдайды және ойын-сауық үшін пайдаланады.

Ортеке - бұл аймақтық халықтың мұрасы мен ұлттық сананың маңызды бөлігі. Ол ежелгі көшпенділердің дәстүрлі мәдениетін қоғамдық қабылдау мен түсінудегі олқылықтарды толтырады және жас ұрпақтың ұлттық-мәдени ерекшелігін қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда, бұл орындаушылық өнер түрі қазақтың материалдық емес мұрасының байлығын бейнелейтін мәдени көрініс екендігіне ортақ келісім бар.

Ортеке әлі де жаңғыруды және одан әрі насихаттауды талап ететін жұмбақ өнер болып қала береді, өйткені бұл элемент қазақтардың жаны мен Орталық Азияның көшпелі өнерінің синкретизмін түсінуге болатын дәстүрлі қазақ мәдениеті үшін кең платформаны білдіреді. Оның философиясының табиғаты қазақ және әлемдік шеберлік пен музыкалық қойылым дәстүрлерін байытады әрі қазіргі Қазақстанның ұлттық символы мен сауда белгісінің рөлін атқарады.

Ортеке фестиваль-биенналесі Қазақстанның барлық облыстары мен шекаралас елдердің қауымдастықтары мен топтарын, суретшілерді, шебер қолөнершілерді, зерттеушілерді, ғалымдарды және жалпы жұртшылықты қамтиды. Бұл мәдени оқиғалар идея, пікір алмасуға және Ортеке мұрасы және онымен байланысты білімге қатысты диалогты ілгерілетуге мүмкіндік береді.

С.4. Элементті қолдау және дамыту үшін жасалып жатқан шаралар

Осы элементті ілгерілету шеңберінде өткізілетін іс-шаралар шартты түрде мынадай санаттарға бөлінуі мүмкін:

(1) ғылыми жобалар;

(2) әлеуетті нығайту;
(3) білім беру іс-шаралары;
(4) ақпараттық әрекеттер.

ҚР МАМ жергілікті басқару органдарымен ынтымақтастықта ұлттық, облыстық және жергілікті деңгейлерде ұсынылатын шараларды қолдауды жүзеге асырады.

Аймақтық конкурстар мұра иелері арасындағы байланыстарды қалпына келтіруге және халықтың әртүрлі топтары арасында диалогты қамтамасыз етуге бағытталған.

Көрермендер Ортекені ерекше музыкалық сүйемелдеуімен, қызықты ойынымен және қуыршақ биімен ғана емес, сонымен қатар аспапта ойнауды, қуыршақты басқаруды және қуыршақтың күрделі құрылымын біріктіретін орындаушының үш өлшемді техникасымен де жылы қабылдайды.

2022-2023 жылдары бірнеше музыкалық топтар, атап айтқанда Қорқыт этнотобы, Ортеке Ор-Алтай, Серпер халық ансамблі өз репертуарына ортекенің түрлі пьесаларын енгізді[72].

Бұл шаралар жұртшылықтың элементке, әсіресе жас ұрпақтың қызығушылығын арттыруға бағытталған. Ортеке қауымдастықтарының өкілдері «Тұран» қазақ дәстүрлі және халық музыкасының ансамблі, «Көкіл» музыкалық колледжі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы қолөнершілердің білім беру орталығы, Ұлттық қуыршақ театры, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, ҚР МАМ, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссия, МЕММ Ұлттық комитеті, элементтің сақтаушылары мен практиктерін қорғау жөніндегі шараларды іске асыруға тартылды.

С.5. Жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Ортеке өнерін дәріптеуші қауымдастық мүшелері белгілі бір функциялар мен міндеттерді атқаратын тұлғалардан тұрады. Олардың қатарында кәсіби орындаушылар мен әуесқой музыканттар, дәстүрлі музыкалық және халықтық ансамбльдер/топтар, ағаш мүсіншілер мен музыкалық аспаптар жасайтын шеберлер, зерттеушілер, фольклортанушылар және этномузыкатану саласындағы ғалымдар. Орындаушы әртістер элементтің сақтаушысы ретінде оның тұрақтылығы мен маңыздылығын қамтамасыз етеді. Ортекені жеке музыканттар да, музыкалық топтар немесе ансамбльдер де орындайды.

Ортеке үшін барлық дәстүрлі күйлер қолданылмайды. Музыканттар динамикалық күйлерді таңдап, ағаш қуыршақ қозғалысына қажетті серпін беру үшін қолдарын шапшаң әрі нақты қимылдатуы қажет. Әуендер кейде би ырғағын ұсынады, бұл жағдайда Ортекенің қозғалысын дәстүрлі бишілердің өнері толықтырады.

С.6. Институционалдық контекст

Осы элемент бойынша жалпы мониторингті ҚР МАМ жүзеге асырады, жеке жауапты қауымдастық жоқ.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Баяндаманы дайындау барысында ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ұлттық және халықаралық дәстүрлі музыкалық өнер байқауларының лауреаты, «Көкіл» музыкалық колледжінің (Алматы) директоры Райымбергенов Абдулхамит

[72]Е. Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония. (2022). Этно-ансамбль «Қорқыт». https://asta-na-filarmonia.kz/ru/collective-inner.php?id=6

Ермақұлынан, Қазақстан Жастар сыйлығының лауреаты, «Мәдениет қайраткері», Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының доценті Басықара Ерсайын Бақытұлынан, музыкалық аспаптар жасау шебері, халықаралық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты, «Алтын қобыз» ұлттық сыйлығының алғашқы иегері, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Қолданбалы өнер кафедрасының оқытушысы Тұрдығұлов Жолаушы Абылғазыұлы, мультиинструменталист-музыкант, «Тұран» тобының бұрынғы жетекшісі, «Арқайым» дуэтінің жетекшісі Абзал Артықбаев, сондай-ақ музыкант, аспап жасаушы шебер, мультиинструменталист Азамат Бакиядан мәліметтер алынды.

ҚОЖАНАСЫРДЫҢ АУЫЗША ДӘСТҮРЛЕРІ (2022)

С.1. Элементтің әлеуметтік және мәдени қызметі

Қожанасыр тарихы - халықтың сарқылмас рухани қазынасы. Олар ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, зерттеушілер арқылы жинақталып, шығармашылық адамдардың назарынан ешқашан тыс қалмаған. Күлкілі әзілдердің негізі - адамдар және олардың қарапайым күнделікті оқиғалары. Филология ғылымдарының кандидаты Балтабай Адамбаевтың «Тарихи аңыздар» атты зерттеу жұмысында қазақ Қожанасыры туралы бірнеше пікірлер бар. Негізінен қазақ, өзбек, түрікмен, ұйғыр тілдерінде Қожанасыр туралы әңгімелер кеңінен танылған. Қожанасыр тек түркі халықтары арасында ғана кеңінен таралмаған, ол парсы, қытай, тәжік, араб тілдерінде де «сөйлейді». Қожанасырдың кез-келген халық арасында айтылатын әңгімелері өз аңыздары, шытырман оқиғалары, сатиралық әңгімелер түріндегі әзілдер ретінде баяндалады. Қазақ халық әдебиетінде Қожанасырдың шытырман оқиғалары ауызекі тілде ғана емес, өлеңдерде де сипатталған.

Қазақстанда элемент орта ғасырлардан бері қолданылып келеді. Бүгінде дәстүрлі мәдени іс-шаралар мен жергілікті фестивальдар аясында еліміздің барлық өңірлерінде сақталып отыр. Қожанасырдың өткен заманнан жеткен әңгімелері мен әзілдері өзгеріп, жаңа шындыққа бейімделді. Қазіргі уақытта кең таралған қарым-қатынас әдістерінің біріне айналған элемент күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылады. Ол күлдіре отырып адамдарға әсер ету әдісі, ал олар болып жатқан оқиғаларды сыни тұрғыдан қайта қарауға және сайып келгенде, ортақ пікірге келуге жол ашады. Сонымен қатар, бұл құбылыс қатысушыларға ортақ болмыс пен бірегейлік сезімін береді.

С.2. Элементтің өміршеңдігі мен ықтимал тәуекелдерді бағалау

Элемент әлеуметтік жадыны білдіру әдісі ретінде маңызды. Адамдар жаңа туған нәрестелерді Қожанасыр есімімен атайды, оның құрметіне саябақтар мен қоғамдық орындарда ескерткіштер салынады, жас жұбайлар оның болжамды жерленген жерлеріне барады, жұртшылық оның құрметіне түрлі фестивальдар ұйымдастырады. Мұның бәрі элементтің айқын өміршеңдігін көрсетеді. Алайда, элементтің тәжірибесі көбінесе мерекелік іс-шаралармен және бірге тамақтанумен байланысты. Қожанасырдың ауызша шығармашылығы театрлардың репертуарында кеңінен ұсынылған және наурыз бен басқа да халықтық мерекелерді өткізуде белсенді қолданылады.

Дегенмен, архивтік этнографиялық жазбалар мен саяхатшылардың далалық күнделіктерін ғылыми тұрғыда қайта зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Бұл зерттеулер Қожанасырдың орта ғасырларда көтерген әлеуметтік тақырыптарын қазіргі заманғы мәселелермен салыстыруға мүмкіндік береді. Мұның айқын мысалы ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Оңтүстік Қазақстан университетінің ғалымдары (Кенжекожаева А., Мадалиев Я., Ахметбекова А. және т.б.) жүргізген 2020–2023 жылдардағы зерттеулерді атауға болады. Алайда, бұл жұмыстар тек жекелеген ғылыми мақалалармен шектеледі.

Жұртшылықтың қазақ ертегілері мен аңыздарына, Жиренше шешен, Алдар көсе, Қожанасыр, Аяз би, Асан-қайғы сияқты тарихи тұлғаларға байланысты халық арасында кең таралған әңгімелерге, әзілдер мен нақыл сөздерге деген қоғамдық қызығушылық айқын байқалады. Алайда, осы бай фольклорды жинау және ғылыми очерктер шығару академиялық басымдыққа ие болған жоқ. Дегенмен, ғалымдар элементтен ұлттық сипатты, әлеуметтік сатира мен әзілді, Қожанасыр бейнесін ел ішінде және шетелде креативті бірегейлік ретінде ілгерілету қажеттілігін түсінуі тиіс. Қожанасырдың ерекше тұлғасын ұлттық бірегейлік контекстінде қарау ғылыми-фольклорлық зерттеулердің нысанасына айналуы қажет.

С.3. Элемент Репрезентативтік тізімнің мақсаттарына қаншалықты сай келеді

Элементтің Репрезентативтік тізімге енгізілуі ғалымдардың түркі және қазақ ауыз әдебиеті мұраларына деген қызығушылығының жандануына ықпал етті. Қожанасыр тарихы қазіргі қазақ әдебиетінде кеңінен көрініс тапқан, ол халықтың рухани мұрасы және ата-баба даналығының қазынасы болып қала береді.

Элемент ұрпақтар арасындағы мәдени байланысты нығайтады және қазіргі әлеуметтік және мәдени өмірді сыйымды әзіл ретінде сипаттайтын айна болып қала береді. Парасаттылық, шынайылық, құрмет, шыдамдылық, түсіністік және оптимизм – оның әңгімелері мен әзілдерінің басты ерекшеліктері. Қожанасырдың тапқырлығы мен әзілдері адамдарды күлдіріп қана қоймай ойландырады да. Әңгімелердегі жеке сөздер кейінірек идиомалар мен мақал-мәтелдерге ұласады және мәдени жадтың бір бөлігіне айналады. Оның әңгімелері көптеген ғасырлар бойы адамдарға тәлім беріп, моральдық сабақ болады.

С.4. Элементті қолдау және дамыту үшін жасалып жатқан шаралар

Қожанасырдың әңгімелері қазіргі қазақ әдебиетінің шежіресінде сақталып, халықтың рухани мұрасы бола отырып, мұрағаттық қазынаға айналды. «Қожанасыр қоржыны», «халық арасындағы әңгімелер», «әзіл бұрышы» сияқты айдарлар, «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», «Балдырған» газеттерінде және «Ара», «Зерде», «Парасат», «Жалын» журналдарында Қожанасырдың әңгімелері бар. Бұған дейін Қ.Қ. Әбдіқадыровтың «Алдаркөсе туралы әңгімелер», профессор Б. Кенжебаевтың «Тимпи», Көбей Сейдехановтың «Өлі октябрь», «Халық мұрасы», «Шешендік сөз», Балтабай Адамбаев пен Төлеухан Жарқынбековтың «Поэтикалық ойлар, аңыздар», Ф.Юлдашеваның «Көңілді әңгімелер» (2015) және басқа да еңбектер жарық көрді.

Қазақ аңыздары, оның ішінде Жиренше шешен, Алдар көсе, Қожанасыр, Аяз-би, Асан қайғы және басқа да тарихи аңыздар туралы кеңінен тараған әңгімелер, ертегілер, тарихи оқиғалар, күлкілі әңгімелер, әзіл-сықақтар мен олардың жинақтары, баспа басылымдарындағы жарияланымдар қазіргі зерттеу бағыттарына сәйкес келмейді.

Қожанасырдың ұлттық болмысы, күлкі мәдениеті және оның халықаралық бейнесі қазақтың ауыз әдебиетінде ерекше орын алады. Сатирикалық шығармалардың жинақталуы, олардың баспасөздің басты беттерінде жарық көруі, сын мақалалардың зерттелуі, сондай-ақ Қожанасырға тән қазақы ерекшеліктердің ашылуы мен оның халық әдебиетіне қосқан үлесін бағалау – осының барлығы ғалымдардың зерттеу күн тәртібіне енгізілуі қажет.

С.5. Жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы

Қазақстанның барлық аумағындағы қауымдастықтар Қожанасыр шын мәнінде өмір сүргенін және қоғамның түрлі топтарының өмірін жақсы білетін дана адам болғанын мойындайды. Ол адамдардың жалпы даналығын, ойлары мен өмірлік тәжірибесін сіңірді. Қауымдастықтар қазіргі уақытта болған оқиғаларды атап өту үшін анекдоттар, әңгімелермен бөліседі. Олар әдетте: «Бірде Қожанасыр кездесіп...» немесе

«Қожанасыр айтады...» немесе «бір кезде Қожанасыр...» деп басталады.

Алайда, қатысушы қауымдастықтар әңгімелерден немесе театрландырылған қойылымдар мен әзіл-оспақ жинақтарынан өзге білімді берудің басқа тетіктерін есіне түсіре алмады. Соған қарамастан, Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы МЕММ сақтаушылары Мирас Рамазанов, Зәуре Аттибай, Елдос Есенжанұлы және Асылжан Дәулет Қожанасыр әңгімелерін әуесқойлық қойылымдар арқылы жеткізумен айналысады. Маңғыстау облысының МЕММ-ның екі сақтаушысы Қауберді Олжабай мен Амангелді Жүнбасов жергілікті мерекелік іс-шараларда Қожанасыр әңгімелерін айтып, бұл тәжірибелерді өздерінің мәдени мұрасы ретінде таниды.

Әңгімелер адамдардың жағымсыз қасиеттерін көрсету үшін әзіл, сатира, сарказм және цинизмді қолданады. Алайда, әңгімелер - бұл тәрбиелік қызметі бар қызықты жанр, оның терең мағынасы моральдық, интеллектуалдық және логикалық түйінмен аяқталады. Қожанасыр тарихы әртүрлі адамдардың қарым-қатынасын және олардың әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлқын сипаттайды. Әзілдер арқылы жағымсыз мінез-құлықтың барлық түрлері әзіл-оспақ тұрғысынан сынға алынады әрі айыпталады.

С.6. Институционалдық контекст

Бұл элемент бойынша жеке жауапты қауымдастық жоқ. Дәстүрдің сақталуына жалпы мониторингті ҚР МАМ атқарса, ал М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қожанасыр туралы әңгімелер жайлы және басқа да фольклорлық зерттеулер жүргізеді.

С.7. Осы элемент бойынша Мерзімді есепті дайындауға жергілікті қауымдастықтардың қатысуы

Қазіргі уақытта элементтің сақтаушылары мен практиктері анекдоттар мен әңгіме айтушылар, халық театрлары мен клубтарының әртістері. Олар бұл өнерді жас ұрпаққа жеткізіп, әдеби тілдің байлығын, көркемдік бейнелеу құралдарын сақтауға өз үлестерін қосады. Сонымен қатар шағын театр әртістері, әзіл-сықақ және сатиралық шығармаларды орындаушылар элементтің көрнекілігі мен сақталуына ықпал етеді. Бұл сақтаушылар мен практиктер Қожанасыр мұрасын жеткізудегі негізгі ұстаздар. Сақтаушылар мен практиктер өз қауымдастықтарында танымал әрі құрметке ие, тұрақты көермендері мен ізбасарлары бар. Дәстүрлі түрде, олар бұл өнерге қызығушылық танытқан жастарды оқытып, өздері қалыптастырған нормалар мен ережелер негізінде жинақталған білімі мен дағдыларын үйретуге жауапты.

Баяндаманы дайындау барысында МЕММ анықтау және бағалау мақсатында сұхбаттасқан сақтаушылары мен практиктер: Мирас Рамазанов, Заур Аттибай, Елдос Есенжанұлы, Асылжан Дәулет (ШҚО, Ұлан ауданы), Қаберді Олжабай (Маңғыстау облысы, Жыңғылды ауылы) және Амангелді Жүнбасов (Маңғыстау облысы. Таушық ауылы).

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасы – ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі, ұлттық сана-сезімнің негізі. Бұл мұра ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайтып, Қазақстанның мәдени дамуында шешуші рөл атқарады. 2003 жылғы Конвенцияны жүзеге асыру мәселелері Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» және «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңдарында, материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту тұжырымдамасында қарастырылған.

Ұлттық заңнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасының Мәденниет және ақпарат министрлігі мәдени мұраны қорғау мен насихаттауды үйлестіруші орган ретінде белгіленген. Бұл жұмыстар ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан

Республикасының Ұлттық комиссиясымен, Материалды емес мәдени мұра жөніндегі Ұлттық комитетпен бірлесіп атқарылуда.

2003 жылғы қабылданған Конвенцияға сәйкес қатысушы мемлекеттер «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау бойынша қабылданған заңнамалық, нормативтік және өзге де шаралар жөнінде Комитетке есеп беруі қажет». Ұсынылған есептерді Үкіметаралық комитет қарастырып, кейін Бас Ассамблеяның қарауына жібереді.

Мерзімдік есепке қатысушы мемлекеттерге Конвенцияны іске асыру бойынша ұлттық деңгейде атқарылған жұмыстарды бағалауға, олардың мәдени мұраны қорғаудағы тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл механизмдер Конвенция (2003) аясындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі құралы. Ол мемлекеттер мен қауымдастықтар арасында материалдық емес мәдени мұраны қорғаудың тиімді шаралары мен стратегиялары туралы пайдалы тәжірибе мен ақпарат алмасуға жол ашады.

Аталған есепте 2017-2023 жылдар аралығында мәдени мұраны қорғау бойынша мемлекет, жекелеген ұйымдар және қоғамдастықтар бірлесіп атқарған жұмыстарға талдау жасалынды. 2016 жылғы есептен бергі қоғамдық басқару органдары мен ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның бастамасымен қолға алынған және қолдау тапқан шараларды, қауымдастықтар, топтар мен жекелеген тұлғалар жүзеге асырған МЕММ қорғау жұмыстарын қамтиды.

Қорытындылар

2012-2017 жылдардағы есептік кезеңмен салыстырғанда, соңғы жылдары институционалдық даму, білім беру, ақпараттандыру саласында және МЕММ қорғау қауымдастықтарына, топтар мен жеке тасымалдаушыларына қолдау көрсету жұмыстарында айтарлықтай ілгерілеу байқалды.

Алдыңғы есепті ұсынғаннан бері Қазақстанның тағы алты элементі ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілді. Қазіргі таңда үш номинация қарастырылу үстінде (соның ішінде 2020 жылы ұсынылған «Беташар» рәсімі 2024 жылдың соңында тізімге енгізілді).

Ұлттық тізімді тексеру нәтижелері бойынша 2023 жылғы желтоқсан айында ҚР МАМ мәдениет мекемелері мен облыстық әкімдіктерден материалдық емес мәдени мұраның 130 элементі бойынша ұсыныстар түсті. Аталған ұсыныстар Мәдениет комитетінің жанындағы сарапшылар тобының қарауына ұсынылып, нәтижесінде 2024 жылдың мамыр айында 79 элементтен тұратын жаңартылған Ұлттық тізім бекітілді (Министрдің 2024 жылғы 28 мамырдағы №211 бұйрығы).

Қазіргі уақытта Ұлттық тізімді жүргізу қағидаларын қайта қарау, сондай-ақ Конвенцияның (2003 ж.) регламенттеріне сәйкес материалдық емес мәдени мұра элементтерін нақты жергілікті қауымдастықтарға бекіту мәселелері бойынша жұмыс жүргізілуде.

Далалық зерттеулер нәтижесінде, халықтың тарихқа деген қызығушылығы мен материалдық емес мәдени мұраның қазіргі заманғы дамуына оң динамика тән екендігі анықталды. Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының жекелеген элементтеріне арналған жарияланымдар саны артты. Орындаушылық өнер (Солтүстік өңірлердегі музыкалық мұраны зерделеу), салт-дәстүрлер (Батыс Қазақстандағы отбасылық салт-дәстүрлер, Орталық және Батыс Қазақстандағы мерекелік салт-дәстүрлер), сондай-ақ Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс өңірлеріндегі дәстүрлі қолөнердің жай-күйі секілді 2003 жылғы Конвенцияның негізгі домендерін зерделеуге және ілгерілетуге бағытталған ғылыми-этнографиялық зерттеулер аталып өтті.

ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның қолдауымен 2022-2023 жылдары Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында мәдени мұраның жай-күйіне қатысты пилоттық зерттеулер жүргізілді.

Нәтижесінде, өңірлік деңгейде материалдық емес мәдени мұраны қорғау бойынша үйлестіру механизмдерін жетілдіру қажеттілігі анықталды. Жоғарыда аталған екі облыс 2024-2026 жылдарға жоспарланған ЮНЕСКО-ның Техникалық гранты тізіміне енді.

Ұсынымдар

- Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және насихаттау бойынша тестілік механизмдерді әзірлеу мен іске асыруда орталық және жергілікті басқару органдарының үйлесімді әрекетін қамтамасыз ету мақсатында, Мемлекеттік кеңесші – ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның төрағасы жанындағы Мерзімдік есепті дайындау жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның өкілеттігін 2025-2026 жылдарға ұзарту және Комиссияға Есептегі ұсыныстардың орындалуын бақылау функциясын беру ұсынылады.
- 2003 жылғы Конвенцияны жүзеге асыруға құзыретті орган ретінде ҚР МАМ-ның күш-жігерін қолдау мақсатында, ЮНЕСКО-ның Техникалық гранты бағдарламасына енгізілген пилоттық облыстардың әкімдіктеріне Министрлікпен келісімшарттар жасау ұсынылады. Келісімшартта тараптардың ниеттері мен қатысу формалары нақты көрсетілуі тиіс.

Институционалдық және адами әлеует

- ҚР ҒжЖБМ, ҚР МАМ және ҚР ТжСМ бірлесіп, мемлекеттік басқару органдарының мамандары үшін «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау» туралы жаңа білім беру бағдарламасын ашу мүмкіндігін қарастырып, оны 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап университеттердің оқу бағдарламаларына енгізу ұсынылады.
- ҚР ҒжЖБМ-ға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2025 жылы облыстық әкімдіктер мен орталық мемлекеттік органдардың 30 маманына арналған төрт айлық курстар өткізу туралы ұсынысына қолдау ұсынылады. Сондай-ақ облыстық әкімдіктерге бұл курстардан өткен мамандарды аймақтардағы материалдық емес мәдени мұра элементтерін қорғау және дамыту бойынша тікелей жұмысқа тартуды қарастыру ұсынылады.
- Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі Ұлттық комитетке ҚР МАМ-мен бірлесе пилоттық аймақтардың әкімдіктерімен кеңесе отырып, 2025-2026 жылдарға арналған оқыту және білім беру іс-шараларының жоспарын әзірлеу тапсырылды. Бұл жоспар облыстық және жергілікті басқару органдарының қызметкерлеріне, шығармашылық бірлестіктерге, мәдениет және спорт ұйымдарына, қауымдастықтарға және материалдық емес мәдени мұра практиктеріне 2003 жылғы Конвенцияны іске асырудың практикалық мәселелері бойынша білім беру және кеңес беру жұмыстарын қамтуы тиіс.

Жеткізу және білім беру

- ҚР ҒжЖБМ, ҚР МАМ, ҚР ТжСМ және жетекші ЖООмен бірлесе отырып, Материалдық емес мәдени мұраға қатысты қолданыстағы білім беру стандарттары мен бағдарламаларын қайта қарап, оларды ағымдағы Ұлттық есепті дайындау барысында алынған ақпарат негізінде жаңарту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.
- ҚР МАМ және ҚР ТжСМ Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі Ұлттық комитетімен, Қолөнершілер одағы және Ұлттық спорт түрлері қауымдастығымен бірлесіп, дәстүрлі білімді сақтауға бағытталған «ұстаз-шәкірт» жүйесінің жұмыс істеу мәселелері бойынша оқыту ұйымдастыру ұсынылады.

Түгендеу және зерттеулер

- ҚР ҒжЖБМ, ҚР МАМ және ҚР ТжСМ-ге Ұлттық тізімге енгізілген материалды емес мәдени мұра элементтерін зерттеу және насихаттау мақсатында жыл сайын арнайы гранттар қарастыр.
- Облыстардың, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктеріне өз аймағындағы материалды емес мәдени мұра элементтерін 2003 жылғы Конвенция талаптарына сәйкес инвентаризациялау жұмыстарын жүргізу.
- Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі Ұлттық комитетке 2025 жылы пилоттық аймақтардағы әкімдіктеріне тіркелген мәдени мұра элементтерін инвентаризациялау бойынша кеңестік және практикалық қолдау көрсету, сондай-ақ 2026 жылы 12 облыс пен Астана, Алматы және Шымкент агломерацияларын қамту жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

Саясат, құқықтық және әкімшілік шаралар

- ҚР МАМ материалды емес мәдени мұраны қорғау, насихаттау және дамыту саласындағы заңнамалық және нормативтік қолдау бойынша халықаралық тәжірибені талқылау үшін дөңгелек үстел ұйымдастыру ұсынылады.
- ҚР МАМ-ға Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі Ұлттық комитетімен бірлесіп және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволармен кеңесе отырып, Ұлттық тізімге материалдық емес мәдени мұра элементтерін енгізудің жаңартылған тәртібін әзірлеп, бекітуге ұсыну тапсырылады.

Материалдық емес мәдени мұраның қоғамдағы рөлі және оны қорғау

- ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның Хатшылығымен, мүдделі мемлекеттік органдар және ведомстволармен, TÜRKSOY ұйымымен 2025-2026 жылдарға арналған жұмыс жоспарына түркі халықтарына ортақ материалдық емес мәдени мұра элементтерінің тарихы мен қазіргі жағдайына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияны енгізді.

Хабардарлықты арттыру

- ҚР МАМ «Qazaqstan» телеарнасымен бірлесіп, Қазақстанның жанды мұрасына арналған бейнефильмдер түсіруді қайта жандандырып, оларды үш тілде тұрақты түрде эфирге шығаруды ұсыну. Аталған жоба 2016 жылы басталып, 2021 жылға дейін жалғасты және көермендер тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болды.
- ҚР МАМ «Qazaqstan» телеарнасымен бірлесіп, «Abay TV» арнасында Қазақстанның ең танымал материалдық емес мәдени мұра элементтерін және олардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени рөлін насихаттайтын тұрақты телебағдарламаны шығару мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.
- Қауымдастықтардың, топтардың, жекелеген тұлғалардың және басқа да мүдделі тараптардың қатысуы

Қауымдастықтардың, топтардың, жекелеген адамдардың және басқа да мүдделі тараптардың қатысуы

- ҚР МАМ және ҚР ТжСМ бірлесіп, Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі Ұлттық комитеттің кеңесшілік қолдауымен, әрбір мәдени мұра элементін қорғау және насихаттау жұмыстарымен айналысатын қауымдастықтарды бекітілді.

- Ұлттық комитетке мәдени мұра қауымдастықтарының міндеттері, құқықтары мен функцияларын, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың рөлін айқындайтын әдістемелік ұсыныстар (әдістемелер) әзірлеу тапсырылады.
- ҚР МАМ, ҚР ТжСМ және ҚР ҒжЖБМ бірлесіп, Материалдық емес мәдени мұра Ұлттық комитетімен кеңесе отырып, 2025-2026 жылдарға материалдық емес мәдени мұра қауымдастықтарының Ұлттық форумын ұйымдастыру және өткізу тапсырылады. Бұл форум ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілген немесе қаралу үстіндегі мәдени мұра элементтерін сақтау және дамыту бойынша үздік тәжірибелермен алмасу алаңы ретінде қызмет етуі тиіс.

Халықаралық ынтымақтастық

- ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның Хатшылығына 2003 жылғы Конвенцияны іске асырудың практикалық мәселелері бойынша, әсіресе жергілікті деңгейдегі инвентаризация, номинацияларды сапалы дайындау және үкіметтік емес ұйымдардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында тәжірибелі шетелдік сарапшыларды тарта отырып, тренингтер мен семинарлар өткізуді жұмыс жоспарына енгізу ұсынылады. Сондай-ақ бұл жұмыстарға Оңтүстік Кореядағы ICHCAP және Қытайдағы CRIHAP сынды ЮНЕСКО-ның 2-санаттағы орталықтарын тарту бойынша Хатшылықтың бастамаларын қолдау қажет.
- ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның Хатшылығына Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілдігімен бірлесіп, 2025 жылы «Алпамыс» эпосы бойынша көпұлтты номинацияны дайындау жұмысын жалғастыру, ЮНЕСКО-ға ұсынылған «Киіз басу» және «Кесте тігу» дәстүрлі кестелеу бойынша көпұлтты номинацияларды ілгерілету тапсырылсын.

Бұл баяндамада ұсынылған материалдар жалпы таныстыру мақсатында берілген және тек ақпараттық сипатқа ие.

Баяндамада ұсынылған ақпараттың мазмұны мен дәлдігіне толық жауапкершілік авторлық ұжымға жүктеледі.

Баяндамада қарастырылған мәліметтер мен сұрақтар сараптамалық топтың көзқарасын білдіреді.

Дизайнерлер:
Билялова Дарина
Женісова Айдана

«JSD.KZ» баспаханасында басылып шықты
Тираж 200 дана

KAZAKHSTAN NATIONAL COMMITTEE FOR THE PROTECTION OF INTANGIBLE CULTURAL HERITAGE

unesco Kazakhstan National Commission

MINISTRY OF CULTURE AND INFORMATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

KAZAKHSTAN INSTITUTE OF PUBLIC DEVELOPMENT

LIVING HERITAGE OF KAZAKHSTAN – 2024

